

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚБ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ**



**«ТІЛ САҚШЫСЫ» –
НАМЫС ҚАМШЫСЫ**

ТАҢДАМАЛЫ МАҚАЛАЛАР

2017 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ

1-КІТАП

~ 1 ~

ӘОЖ 070

ҚБЖ 76.02

A52

Кітап Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының тапсырысымен шығарылды

Қаржылай демеушілері:

«Бақ-береке» ЖШС-нің директоры Қайрат Ерназаров,
«Жолаушылар вагон жөндеу – 1» филиалының директоры
Алтынбек Әбдіреев,
«ҚызылордаЖоба-Құрылыс» ЖШС-нің директоры Данияр
Сұлтанбеков,
«Темірхан» ЖШС-нің директоры Александр Цой.

Жалпы редакциясын басқарған төраға
Сәдуақас Әбдіқадырұлы АҢСАТ

Құрастырған Жалғасбек Аманов

«Тіл сақшысы» – Намыс қамшысы

Қызылорда, 2017, 296 бет

ISBN 978-601-229-674-7

Республикалық «Тіл сақшысы» газетінің таңдамалы мақалаларынан құралған «Тіл сақшысы» – Намыс қамшысы» жинағының бірінші кітабына 2017 жылдың қаңтар-маусым айларында басылым бетінде жарық көрген экономика, мәдениет, таным, қоғам мен заман, мемлекеттік тіл мәселесі жайлы мақалалар топтастырылған.

ЖҮЗІНШІ РЕТ ЖҮЗДЕСІП ОТЫРМЫЗ

Сәдуақас АҢСАТ,
*республикалық «Тіл сақшысы»
газетінің Бас редакторы*

Құрметті оқырман! Міне, төрт жылдан сәл асатын уақытта біз сіздермен жүзінші рет жүздесіп отырмыз. 2012 жылдың 22 қарашасында алғашқы саны 500 данамен шыққан «Тіл сақшысы» газеті қазір 9-10 мың данамен таралып отыр.

Газетке «Тіл сақшысы» атауын беріп, қалың жұртшылықтың алдына шығудағы мақсат-мүддеміз не еді? Ол жөнінде біз алғашқы санындағы бас мақалада «Биыл тәуелсіздігіміздің 21 жылын артқа тастап отырсақ та толғауы тоқсан қызыл тіліміздің жыры бітпегендіктен, оның Конституцияда бекітілген мемлекеттік мәртебесіне көтеріле алмай жүргеніне төзбегендіктен, бұған тікелей сын семсерімен атсалысу мақсатында қолыңызға тиіп отырған «Тіл сақшысы» атты жаңа газетті шығаруды қолға алдық. «Тіл сақшысы» – намыс қамшысы болса дейміз» деп жазған едік. Мақсат, міне – осы, бұдан басқа мүдде жоқ.

Тіл үшін күрес – ел үшін күрес, яғни, ол – қарапайым адамның құқы мен әлеуметтік әділеттіліктен бастап ұлт үшін, халық үшін, қоғам үшін күрес. Басқаларын айтпағанда, соңғы кездері ел арасында дүрбелең туғызған жер реформасы кезінде халықтың сөзін сөйлеген, ғылымға негізделмеген үштілділікке қарсы мақалаларды үнемі жариялап жүрген осы өңірде «Тіл сақшысы» газеті ғана.

Ұлттық құндылық та, қоғамның келешегі де, қазақы қалпымызды сақтау да – бәрі де ана тілімізді құрметтеуден, соған қызмет жасаудан, сол үшін тер төгуден басталады. Қытай ойшылы Конфуций: «Егер маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасында

бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деген. Бабаларымыз армандап, қолы жетпей кеткен тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғау әрі тұғырлы ету біздің ұрпаққа үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Оны әрбіріміз санамызбен саралап, жүрегімізбен сезініп, алға басар әр қадамымызды әділетті шешіп, үнемі ақиқатқа жүгінуіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде бұқаралық ақпарат құралының атқаратын рөлі өте зор. Ол үшін газет өз оқырмандарына шынайы ақпарат жеткізуі, жазып отырған оқиғаны қисынды баяндауы бірінші кезекте тұруы тиіс. Оны біз айтпасақ, кім айтады? Ал ақиқат – адам санасында тура жолды бейнелейтін таным. Сол жолда кейбір қызметтегілер жақтыра бермегенімен, жұрттың көңілінен шығатын мақалаларымызбен қоғамды сауықтыру, тыныштық пен ішкі тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік келісімді нығайту, мемлекеттілікті күшейту жолында жұмыс жасауға тырысудамыз. Мүлдем кемшіліксіз іс болмайды, ал оны сылап-сипағаннан іс оңбайды. Сондықтан оны көрсеткенге ренжуге де болмайды.

Қандай болмасын басылымның салмағы ондағы мақаланың мазмұндылығында. Бұл ретте біз философия ғылымының докторы Амангелді АЙТАЛЫ, саяси ғылымының докторы Әбдіжәлел БӘКІР, филология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Шерубай Құрманбайұлы, экономика ғылымының докторы Мырзагелді КЕМЕЛ, саясаткер Дос Көшім, басқа да елімізге танымал адамдармен тығыз байланыста жұмыс жасаудамыз. Бұл кісілердің ұлтқа, қоғамға жасап жатқан қызметінің біз бір тетігіміз. Сондай-ақ, өмірден көргені де, түйгені де көп, уақыттан қалыспайтын еңбек ардагерлері Әбжәлел Жанаев, Камаладдин Наурызбаев, Біржан Көштаев, Жақай Бодықбаев, Жақсыбек Егізбаев, Тобаш Ембергенұлы, Жәниса Жаппасбаева, Рысбай Кәрімов, Мұзарап Махмұтұлы газет бетінде үнемі елдік мәселені қозғап, қалың жұртшылыққа ой тастап отырады. Жастар арасында да белсенді тілшілеріміз бар.

Газеттің басты салмағы мен жауапкершілігі негізінен редакция ұжымына түсетіні белгілі. Және ондағы журналистердің кәсіби сауаттылығы мен беделіне көп байланысты. Ал сол газет шығару мен облыстық «Қазақ тілі» қоғамының Жарғыға сәйкес жұмысын

қатар алып жүрген ұжымымыздың саны небәрі 6 адам. Штатта Қоғамның төрағасы әрі редакторы менен басқа, Жалғасбек Аманов – Қоғамның да, газеттің де жауапты хатшысы, Жанар Тұрдыбекқызы – Бас маман-тілші, Бақыт Бектібайқызы – жетекші маман-менеджер, Шынәлі Солтыбеков – жетекші маман, Әлия Абылайқызы – дизайнерлік қызметте.

Біз «Тіл сақшысы» арқылы жаңалық пен жақсы істі таратумен, іргелі де өзекті мәселелерге көптің көңілін аударуымызбен қоғамға да, оның мүшесі болып табылатын Сіздерге де қызмет етудеміз. Бұл орайда өз көзқарасымыз бен бағамдауымыз, ұстанымымыз бар. Ол – қоғамды ұлттық құндылықтарға жұмылдыра отырып, ортақ көзқарас қалыптастыру.

№3 (100) 1-15 ақпан

«ТІЛ САҚШЫСЫ» № 100

газет оқырмандарының конференциясы

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада республикалық «Тіл сақшысы» газетінің 100-санының шығуына орай осы басылымның оқырмандар конференциясы болып өтті. Жиын алдында газеттің Бас редакторы Сәдуақас АҢСАТ келушілерді арнайы дайындалған көрмемен таныстырып, редакция жұмысынан мағлұмат берді.

Сәдуақас АҢСАТ:

- Құрметті қауым! «Тіл сақшысы» газетінің тұрақты оқырмандары!

«Тіл сақшысының» алғашқы саны 2012 жылдың 22 қарашасында 500 данамен шықты, содан жылдың соңына дейін мен өзім газетке жаздыру науқанына араласып, бұрын соңды айналыспаған жұмыспен айналысып кеттім. Газет шығаруда тәжірибеміз жоқ еді. Ең бастысы ынта мен ықылас бар. Содан 2013 жылы бірінші жартыжылдығында 2200 дана, екінші жартыжылдығында 2900 дана, 2014 жылы тиісінше 4400-8000 дана, 2015 жылы 8000-8300 дана, 2016 жылы 9600-10300 данамен оқырманның қолына тиді.

Осыдан екі жыл бұрын біз осы кітапхананың үлкен залында қала жұртшылығымен жүздескен едік, ал өткен жылы Қазалы, Жаңақорған және Жалағашта сырдариялықтардың қатысуымен газет оқырмандары конференциясын өткіздік. Сөйтіп осындай екіжақты байланыстың, көзбе көз отырып сөйлесудің пайдалы екеніне көзіміз жетті.

Әрине, газеттің ең бірінші насихатшысы – сол газеттің өзі, ондағы мақаланың мазмұндылығы, оқырманның рухани қажеттілігін, бүгінгі күннің өзекті мәселесін дөп басуы, қашанда өмірдің шындығын, мәселенің әділеттілігін айтуы екені рас. Сол бағытта көптің көңілінен шығу үшін жұмыс жасап та жатқандаймыз. Оның бағасын беретін сіздер – оқырмандар. Баспасөзге қойылатын талап үнемі жаңаруды, жаңғыруды, сапалық жағынан өсуді, газеттің көркем болуын да қажет етеді.

Сонымен сіздермен жүздесудегі мақсатымыз, қандай кемшілігіміз бар, жетістігіміз неде, не нәрсеге назар аудармай отырмыз. Осыларды бір бағамдап алу.

Енді осы газетті шығара бастағаннан бізге бірінші оқырман, бірінші сыншы болған, өзі де құнды мақалалар жазатын облыстық

«Қазақ тілі» қоғамының Төралқа мүшесі Наурызбаев Камаладдин ағамызға сөз берейік. Бұл кісіні біздің сарапшымыз десек те болады.

Камаладдин НАУРЫЗБАЕВ, білім саласының ардагері:

-Төртінші билік, яғни бұқаралық ақпарат құралы қоғамдық сананың қозғаушы күші. Ол қоғамдағы өзекті мәселені дер кезінде көтеріп, билік назарын аудартамын, даулы мәселе туындағанда ақ пен қараны ажыратып, жақсы мен жаманды өз қалпында жеткізуді ардың ісі санайтын, жылағанды жұбатып, сүрінгенді демейтін, әділдік іздеп әкімшілік, құзырлы орындардың есігін қағатын ақиқат іздеуші, бар ынта-ықыласын, ниет-жігерін халыққа қызмет етуге арнаған сондай бір қадірлі сала. Міне, сондай қасиеттің көбі осы «Тіл сақшысы» газетінің ұжымында бар. Нан адамға қаншалықты қажет болса, ақпарат та соншалықты қажет. Әлемдік медиада өзіндік қолтаңбасын әлдеқашан қалдырып үлгерген британиялық Би-Би-Си арнасын атап айтар едім. Ол арна ешкімнің айтқанына көніп, айдауына жүрмейді, халыққа шынайы ақпарат жеткізуді, оқиганы қисынды баяндауды мақсат тұтқан. Ертеректе «Сельская жизнь» деген газет болды. Ондағы журналистер әр саланың маманы болатын, сондықтан өз саласына сай мақалалары да сауатты жазылатын. Міне, «Тіл сақшысы» да сондай белсенділігімен өз оқырманын жинап отыр. Сын айтады, сыннан нәтиже шығарады. Бүгінде саны бар да сапасы жоқ басылымдар көп. Телеарналар да солай. Көрсетуге тұрарлық дүниелердің орнына үнді телехикаяларын береді. Кезінде «Известия», «Правда» газеттерін оқыдым. Қазіргі газеттің ішіндегі мақалалар оқуға да келмейді. Ал, жарық көргеніне небәрі 5 жылға жуықтап қалған «Тіл сақшысы» газетін мен бүгінде әр санын асыға күтіп оқимын. Бағыты мен бағдары айқын редакция ұжымына табыс тілеймін.

Сәдуақас АҢСАТ:

-82 жастағы Әбжәлел Жанаев ағамыз біздің оқырманымыз ғана емес, мықты тілшіміз. Жақында бұл кісінің «Ауданның құрметті азаматы атағы не үшін беріледі?» атты мақаласы «Тіл сақшысына» шығып, көп адамның ойында жүрген жайды жеткізді. Біз бүгінгі жиынға Әбжәми ақсақалды Қазалыдан арнайы шақырып едік, енді осы кісіге сөз берсек.

Әбжәлел ЖАНАЕВ, еңбек ардагері:

-«Тіл сақшысы» газетінің ұжымы шағын болғанымен, олардың көтеріп жүрген жүгі ауыр. Газеттің әрбір бетінің өзіндік айтар ойы бар. Өзім әрбір нәрсеге сын көзбен қарайтын адаммын. Сондықтан мен осы газеттің бағытын қолдаймын. Шыншыл. Сыншыл. Әділ. Осындай қасиеттерімен басылым бүгінгі күні 10000 оқырманын тауып отыр. Қолдаушылар бар жерде газет өміршең болатынына сенімдімін.

Ел ішінде болып жатқан жақсы жаңалықтарды, сан түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтеру өз алдына, ал ұлттық мүдде, тарихтың алтын тамыры іспеттес естеліктермен лайықты үн қосып, газеттің тұрақты оқырманы болып жүрген кісілер де өз кезегінде ойларын ортаға салды.

Мырзабек ЖӨНБАЙ, көз мүгедегі, Махамбет ауылының тұрғыны:

-Мен сауда саласының ардагерімін. Бала күнімнен газет оқуға әуеспін. Қолым қалт етсе айналамдағы болып жатқан жайларды қағаз бетіне түсіремін. «Тіл сақшысы» газетін алып оқи бастағаннан-ақ, оның бағытының дұрыстығына риза болып, мен де мақаламды бере бастадым. Кішкентай ғана ұжымның осындай салмақты да ойлы шығармашылығына тәнтімін. Газет – халық айнасы. 100-ші нөмір құтты болсын! Халық ықыласына бөлене беріңіздер!

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, ҚМУ профессоры:

-Елгезек, қарапайым, ерінбейтін еңбекшіл, ұстамды, ұйымшыл қасиеттерімен танымал болған шығармашылық ұжымның жұмысын көріп жүрміз. Шығармашылық еркін болған сайын оның мүмкіндіктері де мол болады. Осы ретте айтатыным газет бетінде алдағы уақытта отбасының тәрбиесіне байланысты мақалалар көптеп беріліп тұрса, ал біз өз кезегімізде штаттан тыс тілші ретінде атсалыса береміз.

Сәдуақас АҢСАТ:

- Қандай да болмасын газеттің көтерер салмағы ондағы мақаланың мазмұндылығына байланысты. Бүгінгі күні газетімізге белгілі тұлғалармен қоса, жастар да өз үлестерін қосып жүр. Оқырманына мәнді де мағыналы ой салатын жастар арасында белсенді тілшілеріміз бар. Енді жастар пікіріне кезек берейік.

Меруерт МАРАТҚЫЗЫ, №23 мектеп мұғалімі:

-Былтар да осындай жиынға қатысып, өз ойымды білдірген едім. Бүгін де аға ұрпақ өкілдерінің лебіздерін тыңдап, олардың сөздерінен нәр алып отырмын. Газет ұжымының тіл саптауы, қазақ тілін дәріптеуі, сөйлеу мәдениеті адамды қызықтырады. Өз оқырмандарына тартымды да қажетті дүниелерді жеткізіп отырғанына мың алғыс.

Алтынай БЕРІК, №267 мектептің 5 сынып оқушысы:

-«Тіл сақшысы» газетінің Бас редакторы Сәдуақас АҢСАТ ағайға рахметімді айтамын. Жас болсам да мені елеп, жас тілші деп марапаттап, сый көрсетіп отыр.

*«Үш тілде білім алуға,
Жете ме күшім, жетпей ме?
Жетпесе күшім үкімет,
Бұл талабын шектей ме?
Өз тілім тұрса бірінші
Өзге тілді көрер ем,
Басым боп кетсе өзге тіл,*

Мен Қазақ қалай көгерем», деп Қымбат Әбілдақызы айтқандай, мен бірінші өз ана тілімде жақсы сөйлеп, балаларға арнап қазақ тілінде ертегі, әңгіме, өлеңдерімді жаза беремін.

Шара соңында газетке үнемі мақала жазып жүрген белсенді азаматтарға «Штаттан тыс тілші» куәлігі, ал қоғамдық жаздырушыларға «Алғыс хат» беріліп, сый-сыяпат жасалды.

Алаш көсемсөзінің марғасқаларының бірі Міржақып Дулатов: «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, сөзсіз оның баспасөзі күшті болатыны айдай анық»,-деп, баспасөз қадірін бір ғасыр бұрын дәріптеген. Айтарымыз көп, жазарымыз анық, бізбен бірге болыңыздар, құрметті қалайық!

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

№3 (100) 1-15 ақпан

КИЕЛІ ТІЛІМІЗДІҢ ҚЫЗМЕТШІСІ

Ең алғашқы санына өзім ақжолтай тілек білдірген «Тіл сақшысы» газетінің жүзінші нөмірінің оқырманның қолына тиюін мен рухани жетістікке балар едім. Газет шығарумен ешкімді таңғалта алмайтын қазіргі уақытта басылымның таралымын бастағым 3-4 жылда он мыңға жеткізіп, республика аумағына дейін қамтамасыз ету, бұл – редакция ұжымының ұлтжандылығының көрінісі.

Екіншіден, газет ұстанымының «Қазақ тілі» қоғамының мақсат-мүддесімен жымдасып отырғанын айтқанымыз абзал. Мақалаларының көбі руханият пен идеологияның ең басты бағыты – тәрбиеге арналған, ал тәрбие басы – тіл. Тіл туралы заң да бар, қаулы-қарар да көп. Бүгінгі күні жетістікті айтқаннан гөрі жоғымды түгендеуіміз керек. «Тіл сақшысының» ерекшелігі де, міне, осында.

Газет жетекшілері мен тілшілеріне киелі тіліміздің қызметшісі бола беріңіздер деген тілек білдіремін.

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ,

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик

№3 (100) 1-15 ақпан

ОҚЫРМАНДЫ ОЙЛАНДЫРАТЫН БАСЫЛЫМ

Бұл басылым бүгін республикалық мәртебеге ие болып, елдің көңілін өзіне аударып отыр. Автор, газеттің оқырманы ретінде айтарым бар. Ең бастысы – өткір, ұлттың бүгінгі мен ертеңіне байланысты проблемаларды, әсіресе, тіл, ұлт, мәдениет, әлеуметтік мәселелерді көтереді. Мысалы, айтыс, пікір-таластар тудырған латын алфавитіне көшу газет бетінде сараланды, қарама-қарсы пікірлерді келтіріп, оқырмандарды ойландырды. Осындай ой тастайтын демократиялық стиль – баспасөздің ең бір тартымды қыры. Қандай мәселені көтерсе де оқырманды ойландыратын бұл басылымды халық күтеді, оқиды.

Редакция алқасына табыс тілеп, оқырмандарын өткір мақала–лармен сусындата берсін деймін.

Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымының докторы, профессор, Ақтөбе қаласы
№23 (100) 1-15 ақпан

ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҰРАНШЫСЫ

Сыр өңірінің ақпарат кеңістігінде қанат қағып, мерзімді баспасөздің қатарын қалыңдатқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының «Тіл сақшысы» газетіне биыл бес жыл толғалы отыр. Оң қолдың саласындай мерзім ішінде берісі аймақ, әрісі республика көлеміне таралып жатқан басылымды он мыңнан астам оқырман екі апта сайын асыға күтеді. Деректі он мың адамның отбасының орта көрсеткішіне шақсақ, «шерімбет шамамен» 30-40 мың оқырманның ынтасы «Тіл сақшысына» ауып тұр. Ә дегеннен сандық өлшемдерге жүгінудіміздің өзіндік себебі бар. Қай кезеңде де газеттердің таралымы қоғамдық сұраныспен реттеледі. Жазылушылардың ықыласынан бөлек, қалтасының жағдайын да жоққа шығаруға болмайды. Оның үстіне нарықтық замандағы материалдық тұтынудың рухани құндылықтарды аңартпай ысырып бара жатқаны тағы рас. Электронды ақпарат құралдары мен ғаламтор жүйесінің белсенділігі де «динозаврларды» мұздаққа қарай ығыстырып тастағысы келеді. Бірақ техногендік ғасырдағы іштей ырғасқан бәсекеге қарамастан, құдайға шүкір, оқырмандар рухани тілектеріне адал болып қалып отыр. Соның айғағы – «Тіл сақшысы» газеті. Он мыңдық меже де тәуелсіз, өздігінен күн кешіп жатқан басылым үшін жұқана көрсеткіш емес. Баспасөз базары әлдеқашан орнығып алған тұста ойып орнын табу – тіпті де толағай шаруа.

Бұл ретте «Қазақ тілі» қоғамы филиалының төрағасы, басқару ісінде мол тәжірибесі бар, аймаққа беделді азамат, ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» Сәдуақас Әбдіқадірұлы АҢСАТтың, шығармашылық ұжымның жанкештілік еңбегі мен менеджерлік қызметтің жүйелі жолға қойылғанын айтсақ та жеткілікті. Ол қоғамның жұмысын ілгері жүргізудің, мемлекеттік тілді дамытудың бірден-бір тетігі – «насихатшы ғана емес, қоғамдық ұйымдастырушы да» болатын баспасөз екенін бірден түсінді. Және де сол жолда барынша ізденді. Нәтижесінде «Тіл сақшысы» жазылушылардың, азды-көпті демеушілердің қолдауымен аймақтағы өзіндік бет-бейнесі,

қарымды қолтаңбасы бар ақпарат құралына айналды. Міне, жүзінші саны да қолымызға тиіп отыр.

Мемлекеттік тілді құрметтеп қана қоймай, оның барлық саладағы қолданыстық ауқымын кеңейтуге үлес қосу отансүйгіш әрбір азаматтың парасатты парызы болып қала бермек. Осы ретте біздің «Абзал және компания» ұжымы да жыл сайын «Тіл сақшысы» газетінің 100 данасына жазылып, қолымыздан келгенше демеушілік көмек көрсетіп келеміз. Әрбір санындағы тұшымды мақалаларды оқып, талқылап, пікірлесеміз.

Енді басылымның мазмұны, бағыты туралы бірер сөз. Бұл орайда, ең бастысы, мемлекеттік тіл мерейін өсіру міндетіне қарамастан, сан қилы тақырыптар аясында әлеуметтік-тарихи, рухани мәселелер жиі қамтылады. Баспасөз жанрларының әдіпті өрнектері көзге ғана емес, санада атойлап көрініп тұрады. Қысқа ақпараттық хабарлардан бастап, оқиғаны қаз-қалпында жеткізетін репортаж, сұхбаттар, кең көлемді саяси, тарихи-танымдық мақалалар шоғырында бабалар шежіресі, бүгінгі күннің тыныс-тіршілігі, болашақтың болжалды бағдарлары айқын байқалып тұрады. Тіпті шетел басылымдарынан аударылып басылған дайджест-материалдардың өзінде қазақтың өткен-кеткен тарихының сілемдері сайрап жатыр. Шығармашылық ұжымның ізденісімен қатар, оқырмандардың белсенділігі «Тіл сақшысының» әрбір санында қолтаңбасын көрсетіп отыр. Пікірталас, оқшау көзқарастар мен зиялы қауым өкілдерінің сәулелі ойлары оқырманды ойландырады, намысын оятады, қоғамдық ой-сана қонысына жетелейді. Әрине, басты тақырып – мемлекеттік тілдің тағдыры екені рас. Алайда, облысымыздағы әр түрлі саладағы өзекті мәселелер, кемшіліктер, олардың шешілу жолдары назардан тыс қалып көрген емес. Сондықтан болар, жазылған жайдың жаңғырығындай жауап хаттар жиі жарияланады. Бұл екі тараптың пікіріне құлақ асқан демократиялық сипатты көрсетеді.

Бес жылдың бедерінде отандық мерзімді баспасөз қатарында алтын қазығын қағып, ақпараттық өрісте ат байлаған «Тіл сақшысы» газеті өңіріміздің рухани құндылықтарының бірі іспетті. Қандай қиын кезде де тоқырамай, тарықпай, қайта жігерлене алға талпынған, тіл мен ділдің ұраншысы болған шығармашылық ұжымға, оның белсенді авторлары мен оқырмандарына риясыз ризашылығымызды білдіреміз. Еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға үлес қосып, «мың өліп, мың тірілген қазақтың» мұң-мұқтажын, рухани құндылықтарын түгендеу жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Абзал ЕРАЛИЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты
№3 (100) 1-15 ақпан

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ЖАРШЫСЫ

*Тілің, дінің, дәстүр салтың болмаса,
Тәуелсіздік дегенің құр далбаса!*

Мұхтар Шаханов

Айналадағы қоршаған ортаның сенің санаңа тигізетін әсері ол – идеология. Мақсатты тұрақты түрде идеологияны басқарып, жүргізіп отыратын, ол – мемлекет. Ширек ғасырда елімізде экономика саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жетті. Алайда шетелдік ақпарат тасқынының толастамауынан ұлттық санаға жат дүниелер руханиятымызға зиянын тигізуде.

Ал осылардың бірнеше ғасыр бойы есесі кеткен ана тілімізге тигізетін зияны ұшан-теңіз. Қазақ тілінің қазіргі жайы мәз емес. Өткен ғасырдың 90-жылдары барлық жерде «Қазақ тілі» қоғамы құрылып жұмысқа кірісті. Мен Қызылорда қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып қызмет атқардым. Алғашқы күннен-ақ қаладағы мекемелер мен оқу орындарында қоғамның бастауыш ұйымдары құрылып, онда түнімен қазақ тілінің әр түрлі мәселелерін талқылайтынбыз. Ертеңіне бөлініп, үйлерді аралап, көшелердегі жарнамалар мен маңдайшалардағы мекеме аттарын қазақ тіліне аударып жаздыруға күш салатынбыз. Бұл жұмыстарға қоғам белсенділері, тіл жанашырлары, студенттер мен мұғалімдер өз ұсыныстарын айту үшін апта сайын бас қосатынбыз. Бас аяғы екі жылда қалада 150-ге жуық қазақ тілі үйірмелері ашылып, 300-дей бастауыш ұйымы құрылды.

Қазір Алматыда тұрғаныммен Сыр бойындағы қазақ тілінің жай-күйінен біраз хабардармын. Оны республикалық «Тіл сақшысы» басылымынан оқып, танысып келеміз. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының жанынан шығып жатқан газетті жаздырып алып, ай сайын басылымның әрбір санын қалдырмай оқуды әдетке айналдырдық. Оқып отырып ұлтқа, тілге деген жанашырлық қызмет осындай-ақ болар деген ризашылық сезімде боламыз. Газет бетіндегі «Ұйқыдан оян, ойлан, қазақ!» айдарымен 2016 жылдың 1-15 тамыз айында шыққан №15 (88) санында «Жеті жұрттың тілін біл, өз тіліңде өмір сүр!», 15-31 қазан айындағы №20 (93) санында

жарық көрген «Сәті түскен сұхбат», 1-15 қараша №21 (94) санында шыққан Үш тұғырлы тілге байланысты үндеу мемлекеттік тілдің қазіргі мүшкіл халінің жай-жапсарынан жан-жақты хабардар еткен. Ана тіліміз жөнінде келелі ой, маңызды ұсыныстар айтып жүрген қоғам қайраткерлері Мұхтар Шаханов, Шерубай Құрманбайұлы, Әбдіжәлел Бәкір, Мекемтас Мырзахметов, Қабдеш Жұмаділов, Дос Көшім тағы басқа ұлт жанашырларының жоғарыдағы материалдардағы айтқан сөздері кім-кімді де бей-жай қалдырмайды.

Әңгіме басында сөз еткен бізді өзге тілде сөйлеуге мәжбүрлеп жатқан идеологияға қарсы тұратын ұлттық идеология керек. Оны биліктен күтіп отыра бермей намысымызды оятып, әркім өзінен, отбасынан бастап, ұжым, қоғам болып ұйысуымыз қажет. Соңғы екі жылда республикаға танымал бола бастаған «Тіл сақшысы» газеті сөз жоқ осы олқылықты сәл де болса толтыруға жан-жақты үлес қосып келе жатқан басылым. Сондықтан редакция алқасын газеттің бүгінгі жүзінші санының шығуымен құттықтай отырып, келешекте мыңыншы нөмерінің де жарық көріп, оқырмандарын қуанта беруіне тілектестік білдіремін.

Ол үшін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының республикалық басшылығы газет таралымының артуына атсалысып, республикалық деңгейдегі мемлекеттік органдарға, басқа да ұлттық компаниялар мен қоғамдық ұйымдарға, қала берді өңірлердегі филиалдарына ықпал еткені дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Сәбит ИМАНҒАЛИЕВ,
ардагер ұстаз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының құметті азаматы
№3 (100) 1-15 ақпан

«ТІЛ САҚШЫСЫ» ҮЛГІ КӨРСЕТУДЕ

Елімізде болып жатқан жақсылықтың бәрі Тәуелсіздіктің арқасында. Егемендік алғаннан бері жеткен жетістігіміз ауыз толтырып айтарлықтай. Өз алдымызға жеке шаңырақ көтеріп отырғанымыздың өзі қандай бақыт! Еліміздің басқа жетістіктерін айтпағанның өзінде Қазақстан дербес ел ретінде бүкіл әлемге танылды. Мақтанатын да, масаттанатын да жөніміз бар.

Өзімнің бүкіл өмір бойы жеткен жетістігімді осы ана тіліммен байланыстырып келемін. Кіндік қаным тамған жер Бөгенбай батырдың туған жері Ерейментау аймағы. Бұл мекен бұрынғы Ақмола облысындағы қазақи қаймағы бұзылмаған аймақ болып саналатын. Марқұм әкем Жаппар заң қызметінде жүрсе де балаларының бәрін ана тілін құрметтеуді, тіл мәдениетіне сақ болуды баршамызға бала кезден санамызға берік құйды. Есейе келе әке өсиетінің қаншалықты пайдалы екендігіне көзім анық жетті. Кезінде біздің Целиноград облысы орыстанып кеткен бола-тын, қазақ тілінің қолданыс шеңбері тарылды, тіптен қоғамдық жерде қазақша сөйлегендерге сес көрсету, ұрысып, жеку белең алды. Соған қарамастан аз болсақ та өз ана тіліміздің қадір-қасиетін сақтай білдік. Еліміз егемендікке ие болысымен тіл майданындағы олқылықтарды жөнге келтіруді қолға алдық. Елорданың біздің аймаққа көшуі біздің жігерімізді жанып, қанатымызды кеңге жайғандай болды. Бүгінде өз балаларым Асқар (қазір ол ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары) мен Марат және сегіз немерелеріме ана тілінде сөйлеулеріне бас-көз болудамын.

Қол жеткен жетістіктерге тоқмейілсуге әлі ерте дер едім. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы әлі де болса ойдағыдай емес. Бұл бағытта насихат құралдары белсенділік танытуы тиіс. «Тіл сақшысы» газеті осы тұрғыда тамаша үлгі көрсетуде. Республикалық газет дәрежесіне ие болған газетке толағай табыс тілеймін, еңбектеріңнің жемісін баршамыз бірге көретін болайық.

Ұзақбай МАМИН,
Қазақстанның құрметті құрылысшысы
№3 (100) 1-15 ақпан

НАМЫСТЫ ҚАМШЫЛАЙТЫН ГАЗЕТ

«Тіл сақшысы» газетінің тұрақты оқырманының бірімін. Бұл жерде айтайын дегенім бойында қазақтың қаны, рухы бар әрбір азамат ана тілі үшін күрескер болуы керек, себебі «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ» (Ш.Айтматов).

Қандай бір дамыған өркениетті елдер мемлекеттің діңгегі мен тірегі өз тілдері екенін талай ғасырдан бері дәлелдеп келеді. Ол елдер үшін бұл қағида бұлжымай орындалатын аксиомаға айналды. Басқа елдерден қоныс аударған азаматтар үшін Батыс Еуропа елдерінің азаматтығын алу үшін сол тұрақтайтын елдің тілін жете білуің қажет. Яғни, Еуропа елдері өз елдерінің азаматы болам деушілерден өз тілдерін құрметтетуден бастаған.

Алысқа бармай-ақ, көрші Ресейдің өзі еңбек мигранттарына жұмыс беруден бұрын, орыс тілінен емтихан алуды тәжірибеге енгізген. Ал бізде осы елдердегі тәжірибені қашан енгізер екен? Жоқ әлде, Қазақстан шет елдерден келушілер үшін «проходной дворға» айнала ма?

Тәуелсіздік алғаннан бері ширек ғасыр уақыт өтті. Осы жылдар ішінде мемлекеттің діңгегі болып табылатын қазақ тілі, қазақы ділі мен рухы жаңғырды ма? Әрбір азамат тәуелсіздіктің қадірі мен игілігін толық сезіне алды ма? Бұл сауалдар кеудесінде намысы бар барша қазақты толғандырса керек.

Осы сауалдарға жауап іздеуді мақсат етіп, тіл майданында табандылық танытып, қазақтың намысын қамшылап келе жатқан «Тіл сақшысы» газетінің ұжымына тек қана шығармашылық табыс тілеймін, алар асуларың мен абыройларың асқақтай берсін дегім келеді. Түптің түбінде сендерді қолдайтын да, тілеулес болатын да қазағымыздың намысы ұштала берсін!

Мейрам БАЙҒАЗИН,

КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі,
Астана қалалық ардагерлер Кеңесінің мүшесі

№3 (100) 1-15 ақпан

ГАЗЕТ АТЫНА САЙ

«Тіл сақшысы» газеті мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жолында үлкен қызмет атқарып отырғанын ашық айту керек. Сыр бойынан шығып отырған республикалық газет тіл мен діл, білім мен тәрбие, мәдениет пен руханият мәселелерін орталық газеттерден гөрі батылырақ көтереді.

Әсіресе ұлттық құндылықтары-мызды жоғалтпау оны қадірлеу жөніндегі мақалалары қызыға оқылады және ойға жетелейді. Сондай-ақ «Қазақ тойларындағы жағымсыз жайттар», «Әдепсіздікті кім бақылайды», «Салт-дәстүріміз – қазақы бет-бейнеміз», «Күйзелістен бе әлде көргенсіздіктен бе?» деген мақалалар дер кезінде жарияланған деген ойдамын. «Тіл сақшысында» тарихи оқиғалар мен салт-дәстүр, экономика, әлеуметтік жағдай жайлы беріліп отыруы құптарлық және бұл материалдар сауатты әрі терең зерттеліп жазылған.

Әлі де бізде орыс тілі басым екенін жасыра алмаймыз. Парламентте Мәжіліс, Сенат депутаттары заң жобасын әуелі орысша қабылдайды содан соң барып қазақшаға аударады. Енді әуелі заңды мемлекеттік тілде қабылдап, керек болса содан кейін барып, басқа тілге аударылатын мезгіл жетті. Осы жайды көтерсеңіздер, қолдаушыларыңыз көп болар еді, сонымен бірге қазақ тілін төрге шығарудың жолдарын жазсаңыздар деймін. Болар іс басынан-ақ нәтиже береді, бұл орайда айтарым қазірдің өзінде сіздер көп іс тындырдыңыздар. Өркендеп, өсе беріңіздер!

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ,

Маңғыстау облыстық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма төрағасы, Маңғыстау облысының құрметті азаматы

№3 (100) 1-15 ақпан

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАН



ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК БІР-БІРІНЕ ҚАРАЙ ҚАДАМ БАСҚАН ЖЫЛ БОЛДЫ

2016 жыл оқиғаларға толы болды. Наурыз айында облыс әкімі әлеуметтік желі пайдаланушылармен кездескен кезде басқа елдердегі жағдайларды мысалға келтіре отырып, «Қазақ халқы қай уақытта да мәселені көшеде айқай-шумен емес, жүйелі сөзбен, шаңырақ басында дөңгеленіп отырып шешкен» деп осындай кездесулердің өте қажет екендігін, диалог алаңдарын құрып, бірлесе, ақылдаса шешу керектігі жөнінде айтты. Біз де осыған келіскен едік.

Кейіннен мамыр айында сол ұсыныстарды орындаймыз деп жүргенде жер дауы «гу» ете қалды. Әлеуметтік желіде «көшеге шығуға шақырылып жатыр» дегенді ішкі істер бөліміне ескерту беруге шақырылғанда естідім. «Ал енді осының неге алдын алмасқа, бір-бірінің уәжін неге тыңдамасқа» деп әлеуметтік желіде жаздым. Аяғында облыс әкімімен кездесу ұйымдастырылып, оған «айтамын деген ойы бар кез-келген адамды шақырыңыз, еш шектеу жоқ» деген ұсыныс алдым. Уақыт тығыз болғандықтан, 15-20 адаммен бардық. Көбі жастар, орта буын өкілдері. Сол жиында жер дауы неден көтерілгені, халықтың неден қорқатыны айтылып, құзырлы органдардың қауқарсыздығы, билік бір бөлек, халық бір бөлек өмір сүріп жатқандығы, халықтың пікірін білдіретін депутаттардың, зиялылардың, ақсақалдардың, сол үшін құрылған Қоғамдық кеңестердің бұндай елді толғандырған мәселеде қалыс қалғандығы әңгіме болды. Соңында жұрттың көшеге шығып, тікелей ойын білдіргені, елімізде қандай да бір реформаның халықтың қатысуынсыз мүмкін еместігі ашық айтылып, бұл жайлы Президент Әкімшілігіне ұсыныс хат жолданды. Кейіннен Нағи Ильясов ауылындағы мемлекеттік комиссия мүшелерімен кездесуде де осы мәселелер көтеріліп, аяғы Жер Кодексіне өзгерістер енгізуге мораторий жариялауға апарды. Онда Қызылорда халқының зор үлесі бар деп ойлаймын. Сол мораторийды жариялағанда да осындай «диалог алаңдарын көптеп құру» туралы айтылды.

Соған сәйкес тамыз айында Облыстық қоғамдық кеңес құрамына өзгеріс енгізіліп, оған еркін ойлы азаматтар ішінара кірді. Құзырлы

орындар халықпен кездесіп, мұң-мұқтажын тыңдай бастады. Әлеуметтік желіде жария болған сындарға жауап ала бастадық. Қазіргі таңда Бас прокуратура өкілімен екі рет, жергілікті полиция, мемлекеттік қызмет істері, ЖКХ, кәсіпкерлік және туризм, денсаулық сақтау басқармасы басшыларымен, қала әкімімен кездесулер өтті. Ол диалог алаңдарында жемқорлықтың, халық мүддесінен жеке мүддені артық қоюдың, дөрекіліктің аяғы текетіреске соқтыратыны әңгіме болып, оны шешу жолдары, өзара түсіністікке келу үшін мәселені құр айқайшылыққа салынбай, халық игілігіне, қақтығыстардың алдын алу мақсатында көтеру екендігі айтылды. Екі жақты түсіністік орнағандай болды. Барлығында да сол салаға пайдасы бар нақты ұсыныстар айтылды десем болады. Арамыздан пайдалы ұсыныс айтатын жастар да шығып жатыр. Мысалы, мемлекеттік комиссия отырысында бір кәсіпкер жігіт «Мен кәсіпкер есебінде жердің сатылуын қолдауым керек еді, бірақ маған азаматтық ұстанымым қымбат болғандықтан, елдің тағдыры үшін оған қарсымын» дегені есімде.

Сіздердің «Тіл сақшысы» газетінде банктердегі кезек қағазын беретін қондырғылардың басты бетінде дайын орысша нұсқасы тұрғаны, қаншама қаракөзді «физ. лицті басыңыз», «кассовое обслуживание басыңыз» деп орысшалаңдырып жатқаны туралы мақала да жарық көрген. Жаңа жыл қарсаңында барлық банктер әлгі қондырғыларды қазақшаға аударғанын көрдік. Әрине, бәрі бір күнде жіптіктей болып кете қоймас. Бірақ екі жақтан да бастама бар. «Тіл сақшысы» газетінде көтерілген, ғалымдардың сөзімен негізделіп айтылған, 12 жылдан бері халықтың көкейінде жүрген, Парламент депутаттарымен бірнеше рет көтеріліп, шешімін таппай жүрген, Қызылорда облысының декреттік сағаттық белдеуін өзгерту туралы ұсынысты мен де жасадым. Қазір барлық департаменттер өз ұсыныстарын берді, сауалнама нәтижелері де соған сай болып отыр. Бүкіл облыстың сағатын ауыстырып жіберу оңай шаруа емес шығар, бірақ кезінде кеткен қателікті мойындап, түзеу керек екендігін бәрі біліп отыр. Қазір біз соған неғұрлым жақын тұрмыз. Биылғы Тауық жылы ол шешім қабыл болып, үкімет халықты қуантар деген үміттемін.

Қазір маған әлеуметтік желі арқылы елдегі шын ұлтжанды адамдар танылып, кімнің кім екені анықталып жатқан сияқты болып көрінеді. Біреулер әшкереленіп жатыр, біреулер масқараланып жатыр. «Әлеуметтік желінің әлеуетін қалай пайдаланып жүрміз?» деген сұрақ

қойғанмын. Шынымен оны елдің, халықтың игілігіне, пікірталас алаңы арқылы күрделі мәселелерді шешуге неге пайдаланбасқа? Оны жастар мен лауазым иелерін бір-бірінің пікірлерін тыңдай білуге, пікірталас мәдениетін қалыптастыруға айналдыруға болар еді.

Быттыр көктемде қаладағы көпқабатты үш үйдің ауласындағы қыруар қаржы бөлініп салынған, бірақ үш жылдан бері бір тамшы су жүрмеген арықтарды әлеуметтік желі белсенділерінің бастамасымен сол үйлердің тұрғындары мен коммуналдық шаруашылық мекемелері қызметкерлері бірігіп тазартып, жарты сағатта суға толды, тал егілді. Көктемде әр ұлттан біріккен қоғамдық ұйым құрылып, қайырымдылық істер жасалды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға шырша ұйымдастырылды. Бұның бәрін қарапайым адамдар өз еріктерімен ұйымдастырды. Қоғамдық ұйымдар облысымызда 800-ден асады екен. Бірақ солардың жұмыс жасап жүргендері саусақпен санарлық қана. Ал осы жұмыстарға шын ниетпен атсалысам, өз үлесімді қосам деушілерге қазір есік ашық.

2016 жыл халық пен билік арасында бір-біріне қарай қадам басқан, оң өзгерістер кезеңінің бастама жылы болған сияқты. Мынау алмағайып, аумалы төкпелі, өзгерісті заманда лайым солай болғай!

Болат НҮРҒОЖАЕВ,
облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, кәсіпкер
№1(98) 1-15 қаңтар

ЕЛБАСЫ ҚОҒАМ ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ. ҮКІМЕТТЕ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Тәуелсіздік мерекесі тұсында, яғни өткен жылдың желтоқсан айында Елбасы академик, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбайұлын қабылдап, мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты әңгімелесті. Ал 23 желтоқсанда Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ» комиссияның кезекті отырысы өткізілді. Онда «Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру және бағалау жүйесі туралы» ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев баяндама жасап, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының орындалу барысы туралы министрлер А.Мұхамедіұлы, Б.Сұлтанов және Павлодар облысының әкімі Б.Бақауов хабарлама жасады. Комиссия отырысында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті қоғамдық ұйым атынан өзекті мәселелерді ортаға салды.

Өмірзақ АЙТБАЙ:

– Бабалар арманы болған азаттыққа қол жетіп, қазақ тілі – мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тілді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда. Десек те мәртебе бар да, сол мәртебесіне сәйкес тілдің тиісті де міндетті қолданысы бар. Осы жағынан келгенде ширек ғасыр өткеніне қарамастан, тілімізге қатысты әлі де шешімін күткен мәселелер көп. Бүгінгі басқосуымыз да осынау өзекті мәселелерді талқылауға, оларды тиісінше оң шешуге ықпалын тигізеді ғой деп ойлаймын.

Осының алдындағы жиындарда да үнемі көтеріп, бірақ кейінге ысырылып келе жатқан көптеген күрмеулі мәселелер бар. Солардың бірқатарын тағы да қайта жаңғыртуға тура келеді.

Өздеріңіз тарихтан жақсы білесіздер, патшалық Ресей кезеңінде қазақтарды отарлау, орыстандыру бағытында пайдаланылған мынадай тәсілдер болды. Олардың біріншісі – орыс-түзем мектептерін ашу және тәржімашылар институтын енгізу.

...Бір қызығы, қызық емес ең бір өкініштісі, осы бір кепті тап қазір тәуелсіздігіне 25 жыл болып отырған Қазақстан жағдайынан ұшыратамыз деп кім ойлапты?! Амал нешік, ақиқат солай болып тұр. Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстанда осы аралас мектептер ашылып, қазақ тілінің аудармашылары пайда болды. Бұл өзі уақытша құбылыс болар, 4-5 жылда жойылатын шығар деп едік, жоқ, қателесіппіз, олар сол қалпы, әлі күнге мұрты бұзылмай сақталып келеді. Осындайда жаңағы патша заманындағы аралас мектеп пен аудармашылар институтының жаны неткен сірі еді деп ойлаймын. Осында айтылған бұл екеуі де қазақ тілінің қолданысына өте үлкен кедергі болып отырғанын ашып айтуымыз керек. Сондықтан **біз Қазақстанда бүкіл аралас мектептердің барлығын қазақ тілінде білім беретін мектептерге ауыстыруды, ал бүкіл мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің аудармашыларының барлығын таратуды**, оларды басқа қызметпен қамтамасыз етуді тағы да қайталап ұсынамыз. Егер осылай жалғаса беретін болса, қазақ тілі ешқандай да мемлекеттік мәртебесіне сай қызмет ете алатын дәрежеге жете қоймайды.

Осы кезге дейін қазақ тілінде бірде-бір заң дайындалмаса, бүкіл іс қағаздары тек орыс тілінде жүргізіліп, оларды әлгі айтқан аудармашылар арқылы қазақ тілінде аудартып қойсақ, онда шын мәнінде Қазақстанда мемлекеттік тіл ешқандай қызмет етпеген болып шықпай ма?! Егерде **қазақ тілді мамандардың қазақша қызмет етулеріне мүмкіндік бермейтін болсақ, жоғары оқу орындарында несіне қазақ бөлімдерінде мамандар дайындап жүрміз**. Тек аудармашылар ғана дайындасақ жетпей ме?! Осының салдарынан бүгінде ресми қазақ тілі аударма тілге айналды. Аударма қанша жатық болса да түпнұсқаға жетпейді. Осындай шала аударманың салдарынан заңдардың, басқа да ресми

құжаттардың қазақшасын оқып түсіне алмайтын, содан соң оны еріксіз орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып оқып, ұғынатын жағдайға жеттік. Сондықтан **Үкіметтен ендігі кезекте ресми құжаттардың барлығының түпнұсқасын алдымен қазақша дайындау туралы қаулы қабылдауын талап етеміз.** Егер, қажет болған жағдайда ғана, оны орыс тіліне аудартуға болады. Бұл норма Тіл туралы заңда да көрініс тапқан. Аталған Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі» деп, тайға таңба басқандай анық көрсетілген. **Заңның осы талабын атқарушы орган тұрмақ, заң шығарушы орган – Парламенттің өзі осы уақытқа дейін орындамай, өрескел бұзып келеді. «Ет сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеді» дегенді данышпан қазақ осындайда айтса керек.** Қазіргі кезде іс қағаздарын толықтай қазақша жүргізіп кетуге маман-қызметкерлер толықтай жеткілікті. Тек саяси ерік-жігер ғана жетпей тұр.

Қадірлі Бақытжан Әбдірұлы! Өзіңіздің пәрменіңізбен осы мәселе оң шешіледі ғой деп сенеміз. Өйткені өзіңіздің қоғамдық жер комиссиясы отырыстарын да, Үкімет жиындарын да негізінен қазақша өткізіп жүргеніңізді көріп, сүйсініп жүрміз. Осы толғақты жайтты соңына жеткізеді деп үміттенеміз. Елбасының осы кезге дейін айтып келе жатқаны да, қалауы да осы емес пе?

Қазіргі кезде ресми мәлімет бойынша, қазақтың үлес салмағы 67 пайыз болды, орыстардың үлес салмағы 20 пайыз. 7 жасқа дейінгі қазақ балаларының үлесі 90 пайыз, ал орыс балаларының үлес салмағы – 7 пайыз ғана. Демек, он-он бес жылда елдегі орыстардың үлес салмағы 10 пайызға жетер-жетпес қана шамада болады. Сондықтан біз орыстарды қазақша оқытамыз, оларға қазақша үйретеміз деп тырыспай-ақ қояйық. Үлкен диаспора ретінде орыс мектептерінде оқи берсін, қазақша үйренеміз десе, қарсылық жоқ. Мемлекет тек мемлекеттік тілде оқитындарға ғана, сондай-ақ ірі диаспора өкілдеріне ғана өз тілдеріндегі мектептерде тегін білім алуларына жағдай туғызуы керек. Ал **қазақ ата-аналары балаларын орыс тілінде не басқа да тілдерде**

оқытамын десе, өз қаражаты есебінен тек ақылы мектептерге оқытсын. Ал мемлекет есебінен, салық төлеушілер қаражатынан қазақ баласын өзге мемлекеттің мемлекеттік тілінде (орыс тілді) тегін оқыту ешқандай ақылға сыймайтын құбылыс. Бұл жерде ешқандай адам құқығын шектеу деген мәселе жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тіл – біреу. Мемлекеттің міндеті – барша азаматына мемлекеттік тілде тегін білім алуын қамтамасыз ету. Сол секілді осы елде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің де ана тілдерінде белгілі деңгейде білім алуларына, ұлттық мәдениетін сақтауына қолдау көрсету. Сондықтан мемлекет 25 жыл болса да балаларын қазақ тіліндегі мектептерге бермеу арқылы Қазақстанның болашағына сенімсіздікпен қарайтын, қазақ тіліне, елдің дамуына тежеу, біртұтастығына сына қағып отырған бірқатар қазақ ата-аналарға осындай шара қолдануы керек пе деймін.

Қолдан жасалып отырған және шешілуі оп-оңай мәселенің бірі – мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді жетік білетін азаматтарды ғана сынақтан өткізіп жұмысқа қабылдау. Бұл талап, әсіресе, басшылық лауазымдарға міндеттелуі керек. Себебі бірінші басшының қазақша білмеуі салдарынан сол мекемедегі, соған бағынышты мекемелер желісіндегі бүкіл іс қағаздары орыс тілінде жүргізілуде. Қазақстанда жоғары лауазымды қызметте отырған мемлекеттік тілді білмейтін басшы азаматтар ұзаса 150-200-дің ар жақ, бер жағы ғана болар. Сол екі жүз шақты адамға бола бүкіл қазақ халқы орысша іс жүргізуге мәжбүр болып отыр. Қазіргі кезде қазақ-орыс тілдерінен бөлек тағы да бірнеше шет тілін еркін білетін білікті, қабілетті, іскер азаматтар толып жатыр. Сондықтан аталған екі жүз лауазымды қызметкерді сол азаматтармен жедел ауыстыру керек. Және бұл ешқандай қиын да шаруа емес. Өйткені осы мәселе бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына азаматтар жиі жүгінеді. Көбінің айтатын мәселесі осыған келіп саяды.

Астанаға арагідік ат ізін салып тұрамын. Әр келгенде қаланың көркіне қарап, ажарлана түскенін көріп сүйсінемін. Қара көздеріміздің де қарасы қалың. Алайда бір қынжылтатыны Астананың барған сайын орыстанып бара жатқандығы. Қарапайым халық қазақша сөйлесең, бәрі қазақша біледі. Алайда

шенеуніктерге қарап, атқамінер төрелерге қарап, еріксіз солардың ығына жығылуға, солардың ыңғайына қарай орысшаға қарай ауып бара жатқанын көріп, ішің ашиды. **Өзіңді еріксіз Қазақтың астанасы емес, бурят не якут, чукша секілді туысқан халықтардың бір қаласында жүргендей сезінесің. Өйткені ол бейбақ бауырлас халықтарымыз да өз тілдерінен ажырап, орыстанып кеткен еді. Біздің ел аман, жұрт тынышта, тәуелсіз елде тұрып, бұлайша өзімізді өзіміз тұқыртатындай не басымызға күн туды.** Халықта ешқандай кінә жоқ. Мәселе жоғарыда айтқан іс басында отырған екі жүз шақты мемлекеттік тілді білмейтін азаматта болып тұр. **Іс насырға шаппай тұрғанда өз елінде қазақтың қазақша сөйлеуіне, қазақша іс жүргізуіне, қазақша қызмет атқаруына жол ашу керек деп санаймыз.** Міне, осындай шараларды батыл қолға алсақ қана, Елбасымыз ұсынған Мәңгілік Ел мұратын іске асыра аламыз.

Мемлекет басшысының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президентін қабылдағанын, Үкімет арнайы комиссияда мемлекеттік тіл мәселесі қарағанын жақсылыққа балап отырмыз. «Сөз түзеледі, тыңдаушым, сен де түзел» демекші, енді жоғарыдан нұсқау күтетін шенеуніктер де, солардың қатарын толтырып отырған, тіпті алғы шебіндегі «шала қазақтар» да ана тілімізге бет бұратын болар?!

№2(99) 16-31 қаңтар

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕГІ ШҚІРЛЕСУ

Облыс әкімінің орынбасары Руслан РҮСТЕМҰЛЫ – аудан, қала әкімінің орынбасары, облыстық тілдерді дамыту және облыстық ішкі саясат басқармаларының басшысы Жанақорған ауданының әкімі қызметтерінде болып, мемлекеттік қызметтің ұстаханасынан өтіп төселген кадрлардың бірі. Әрине, мәселе басшының қандай қызметтерді атқарғанында емес, сол жерде отырып не тындырғанында. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы қызметінде Қызылордада 2012 жылы «Қазақ тілі» қоғамының республикалық семинарын жоғары деңгейде өткізу кезінде облыстық филиалмен тығыз байланыста болып, ішкі саясат басшысы кезінде филиал мен газет жұмысына жан-жақты қолдау жасаған еді. Жанақорған ауданының әкімі қызметінде де баспасөзге, қоғамдық серіктестіктерге мән беріп, олардың өз жұмысын жақсартуына атсалысқан болатын. Осынау игілікті істі аймақ басшысының орынбасары ретінде де жалғастырып келе жатқан Руслан РҮСТЕМҰЛЫ жақында Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас АҢСАТТы қабылдады.

Әңгіме негізінен бұқаралық ақпарат құралындағы тіл мәдениеті жайлы болып, журналистің жазу өнері, этикасы, оның жергілікті атқарушы билік органдары, қоғамдық ұйымдар және мекемелермен байланысы төңірегінде өрбіді. Жазу жеке шығармашылық адамының ғана емес, бүкіл халықтың рухани деңгейі мен мәдениетін көрсетеді. Қазақ қашаннан шебер тілді, шешен де ақын халық, демек тіліміз бай, оның үстіне қоғамда болып жатқан жағдайға, оқиғаларға байланысты тіл үнемі дамып, толығып отыруы тиіс.

Қазір облыста түрлі меншіктегі ақпарат құралы көп, журналистер де жетерлік, солай бола тұра стилистикалық заңдылықты, тіл тазалығын сақтауда кемшілік те аз емес. Кей әріптестеріміз сөзге жауапсыз қарайды, тілі қарабайыр. Мағыналас, мәнделес сөздерді қолданып, ойды әсерлі, шұрайлы берудің орнына сөйлемде бір сөзді бірнеше рет қайталайды, синоним, омоним сөздерді талғампаздықпен қолданбайды.

Облыс әкімінің орынбасары тілшілердің жазу ғана емес, сөйлеу мәдениетінің төмендеп кеткеніне тоқталып, бұл қолайсыздық көбіне орыс тіліндегі мәтіндерді тікелей аударудан, сөз тіркесін дұрыс қолданбаудан, екпінді дұрыс қоймаудан және тілдің шұрайсыздығынан туындайтынын, сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап, ерін үндестігінің заңына басымдық беру керек екенін айтты. Өз кезегінде қоғам төрағасы «мұнан құтылудың жолы орыс тіліне негізделген кириллицадан өз ұлттық әліпбиімізге көшу керек шығар» деп өз ойын білдірді.

Осыған байланысты «Тіл сақшысы» газетінде арнайы айдар ашып, тілші-ғалымдардың мақалаларын жариялап отыруды ұсынған Руслан РҮСТЕМҰЛЫ қазір бұл басылымның дизайны да, мазмұны да жақсарып келе жатқанын атап өтті. «Орталық басылымдарда шыққан аса қажетті мақалаларды жариялап тұрғандарыңыз да құптарлық», -деп «Ана тіліндегі» «Тіл инспекциясы қажет пе?» деген мақаланы мысалға келтірді.

Облыс әкімінің орынбасары баспасөз құралындағы журналистік жауапкершілікті айта келе: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында классик жазушы Әбіш Кекілбаев «Бүгінгі отаншылдық – төзім, бүгінгі ерлік – сабыр, бүгінгі елдік – тыныштық» деген ұстанымын әрбіріміздің ескергеніміз дұрыс болар еді», -деді.

Өз кезегінде газет редакторы «Тіл мәселесін ащылау айтатынымыздың себебі: біздің халықтың жәйбасарлығы басым, биліктегілер де талапшыл емес. Соның нәтижесінде тәуелсіздіктің 25 жылында 70 пайызға жуық қазағымыздың өз ана тілін білуі 50 пайызға жетпей тұр, ал Үкімет пен Парламенттегілер мемлекеттік тілге толық көшкен жоқ. Газеттің атын осылай қоюымыздың мәнісі «Тіл сақшысы» намыс қамшысы болсын дегендіктен. Оның үстіне басылым «Қазақ тілі» қоғамының жанынан шығатын болғандықтан, қоғамдық пікірді білдіріп тұру біздің ұйымның да, газетіміздің де негізгі міндеті деп түсінеміз. Әрине, редакция осы кездесуде айтылған ұсыныстарды ескеріп, жұртшылық талабынан шығуға тырысамыз», -деді.

Жалғасбек АМАНОВ
№2(99) 16-31 қаңтар

АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫНА – ТАҒЗЫМ

Газетіміз көбірек жазып жүрген ұлттық құндылық тақырыбына қазір тарихи оқиғаға айналып кеткен кезеңдердегі тәуелсіздік үшін күрес жолындағы толғамды ойлар мен идеяларды қосуға болады десек, соның бастауында Алаш мұрасы тұрады. Жыл көлемінде еліміз бойынша тойланатын «Алаш қозғалысының 100 жылдығы» аясында Қызылорда қаласында «Алаш мұрасы және тәуелсіз Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Алқалы жиын алдында Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың әруағына ас беріліп, қаланың орталығына оның тұғырын қосқанда 12 метрлік алып ескерткішінің ашылу салтанаты болды. Осы шарада орындалған Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» спектакілінен үзіндідегі: *«Сендердің бірліктерің, сендердің бір-бірлеріңе күш қосуларың, еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз – Түркістан болмақ. Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек»* деген үндеуі ұлы тұлғаның ұстанымын көрсетеді. Оны ескерткіштің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев нақтылай түсіп: *«... Ол сол замандағы аса күрделі ғаламдық тарихи процестің бел ортасында, эпицентрінде жүріп, Түркі әлемінің, өз ұлтының мүддесін қорғауға тырысты. Сондықтан Мұстафа Шоқай «ақ пен қызылға немесе қоңырға жақ, я қарсы болды» деген қарабайыр түсінікке сыймайды. Ол өзінің бүкіл ғұмырын, күллі қажыр-қайраты мен ақыл-ойын туған халқының, түбі бір тұтас түркі жұртының бірігіп өркендеуіне арнады»,* - деді.

Облыс әкімінің алғысөзімен ашылған конференцияда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, профессор Хангелді Әбжанов, Түркі академиясы халықаралық ұйымының президенті, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті»

АҚ Басқарма төрағасы, тарих ғылымдарының докторы Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, Парламент Сенатының депутаты, профессор Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Түркияның Гази университетінің профессоры Гүлжанат Құрманғалиева – Ержиласун, Мирзо Улукбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің профессоры Кахрамон Раджабов, Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері Күлпаш Ілиясова, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің доценті Ғабит Тұяқбаев баяндама жасады.

Алаш ардақтыларының 100 жылдығын атап өту алдағы уақытта жалғасын табады.

**«ТС» ақпарат
№7(104) 1-15 сәуір**

ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ, ЖҰРТШЫЛЫҚ?

Мақаланың тақырыбын жағдай сұраудан бастап, оған өзім «шүкір» деп жауап қайтара отырып, аудан азаматтарының қоғамдық қабылдау кезінде айтқан әлеуметтік ахуалының алақұлалығы жайлы әңгіме еткелі отырмын.

Тәубе дейтінім, тәуелсіздіктің 25 жылын артқа тастадық. Ғасырлар бойы аңсаған арманымыз орындалып, демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құрып жатқандаймыз. Бұрындары шетел мен Мәскеуге барғанымызда көше толы көлік суша ағып жатқанына таңғалатын едік. Құдайға шүкір, қазір үлкен қалаларды айтпағанда аудан орталығында да көліктер жыртылып-айырылып жатыр.

Бірақ бұл жетіскеніміздің көрінісі емес екен. Қаладағы тойхана, сауналарды, базарларды, хан сарайындай коттедждерді көріп «ойпырмай, бұлар қандай қаржыға салды екен» деген ойға қалам. Ал осындай дүниеге иелер саны Қазақстанда көп болса бір-екі миллион шығар?

Қытайдың бір қаласында тұратындай ғана 17 миллион халқы бар Қазақстанның 6-7 миллионы бай, орташа болса, ар жағындағы он шақты миллионы кедей ғой. Оның жартысы жұмыссыз тақыр кедейлер емес пе? Олар байлар мен орташалардың тасасында қалып жүр.

«Ұлан байтақ жері мен байлығы бар Қазақстандағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қалай жоюға болады?» деген сұрақ ел арасында жиі көтерілуде.

Көп азаматтар «Қандай жолмен болса да байиық» деп өлермендікпен күнә-сауапқа, адал-арамдыққа қарамай баю үстінде. Бұның ақыры не болады? Елдің абыройын асқақтатуға, бірлікті сақтауға ұйытқы болатын қандай ұйым, қандай күш бар?

Осындай теңсіздіктердің себеп-салдарын іздестірсек, оның **біріншісі**, жұмыссыздық. Жұмыссыз жастар, дипломды жастар, жесір әйелдер, отбасында ешкімі айлық алмайтындар, кәсіп істеу қолдарынан келмейтіндер т.б. Кедейлік, жұмыссыздықтың салдары отбасының жанжалына, бара-бара ажырасуына ұласады, содан жесір әйел, жетім бала пайда болады.

Екінші, миллиондап айлық алатындар, құл, күң ұстайтындар. Миллионерлер жұмыссыздар мен кедейлердің жағдайын бір сәт болса

да еске алмайды. Оларға миллион да аздық етеді. Тойымсыз топтар көбейді. Ай сайын миллиондаған айлықтың сыртында жылжымайтын дүниелерден қаншама кіріс кіріп жатыр.

Үшінші, бағаның тұрақсыздығы. Жанар-жағармайдың қымбаттауы барлық тауар мен қызмет түрлерінің бағаларын шарықтатып, дүкендер мен базардағылардың, дәріханадағылардың бағаны өз қалауларында ұстауына әкеп соғуда. Бұның соңы теңгені құнсыздандырып, азын-аулақ зейнетақы мен жәрдемақыны тиімсіз етуде.

Төртінші, алдына келген істі өз қалауына қарай бейімдеп, толып жатқан заңның толып жатқан тармақтарын қолданып, болмашы қылмысы, қателігі үшін түрмені толтырып отырған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің айлықтары шарықтап өсуде. Осы есіктеріне күзет қойып, салқын кабинетте мемлекет бағымында отырғандар халыққа не беріп жатыр? Соттардың тілін тапқандар ақталады. Кедейлер ең ауыр жазаға кесіледі. Қоғамға ештеңе бермейтін олар енді түрмеге сыймай жатыр.

Бесінші, мемлекеттен алынатын қаржының көзі болып табылатын тендер белгілі бір топтарға қолайлы болып отыр. Аудан басшылары дәрменсіз. Бірақ көлем қарауылы болып қалды. Тендерді жоғары жақтағы белділер, дәрежелілер ұтады. Жоба-құны жасалған құрылысты «арзандатып істеп беремін» деп тендерді жеңеді. Күнде өзгеріп, қымбаттап жатқанда сапалы құрылыс бола ма? «Тендердегі қаржы бірнеше шенеунікке бөлініп, таланады. Оның айғағы біздің ауданда орталық аурухана, емханадан шыққан ылас суды жинап залалсыздандыратын екі жүз миллиондай теңгеге, құрылыс салынып, толық аяқталмаған, қазір ешнәрсесі қалмады», - дейді сол төңіректегі мамандар.

Алтыншы. Біз намысқой халық едік. Қазіргі жағдай намыссыздыққа әкелуде. Мектептерде мұқтаж отбасының балаларын сыныптастарынан бөліп, бір мезгіл тамақтандыру деген жоба іске асуда. Сонда қатарының алдында «әлсіз бала деген кемсіту» олардың көңіл күйлеріне әсер етпей ме?

«Кедей отбасыларына жәрдемдесейік» деген намысқа тиетін сөз үйреншікті жағдайға айналып барады. Кедейшілік төменгілерді жоғарыдағылардың уәкілдеріне телміртіп, оларды жағымпаз, жәдігөйге айналдыруда. Үйсіздер, әркімнің жазғы бөлмелері мен сарайларын паналап жүргендер, отынсыз суық үйде отырғандар

балаларын қатарынан кем етіп өсіруде. Қара халықтың «жеке мәселелерін шешуі, дегеніне жетуі мүмкін болмай қалды. Осыдан 20-25 жылдай бұрын ел құрметтісі, жарықтық Қонекен (Қазантаев Қонысбек) зейнетке шыққан соң денсаулығы нашарлап, сырқаттын зарын тартып ұйықтай алмаған соң, түн ортасы ауа жазуға отырып, тәуелсіздік толғауын бастап заманның өзгергенімен, қоғам мен адамның өзгерісі күрт күрделеніп кеткеніне, жеке баюдың жолына түскен жастардан тітіркеніп жазған ой-толғамдарынан ол кісінің ерекше таза, халық қамын ойлайтыны көрініп тұрды.

Мемлекет қызметкерлерінің, соттардың айлығын өсірген сайын құнығып, пара алу өршіп барады. Жұмыссыздар, қабілетсіздер, сауаты төмендер, ішімдікке әуестер күннен күнге көбейіп барады. Әлділерге әлсіздердің ащы даусы жете ме? Адамдардың жеке басын ойлауы, дәрежеге, дүние атаққа құмарлығы, соның жолында имандылықты жиып қойып ардан, азаматтықтан ажырауы байқалуда. Жақында «Тіл сақшысы» газетінде «Құрметті атақ арзандап кетті ме?» деген мақала жарияланды. Ондағы жазылғанның бәрі шындық. «Құрметті азамат» атағында да, көшеге берген атаулардың да беделі кеміп барады.

Біздің қазақтың құдай жаратқан адами ерекшелігіне, салтына, дәстүріне, бітім-болмысына сай келетін ұрпақтың жетілуіне кедергі келтіретін сырттың әрекеттері кең етек алуда. Әсіресе өмірге еніп жатқан жаңа технологиялар қаншама пайда келтіргенмен, кері әсері де болып жатыр. Интернеттің де пайда-зияны бірдей болып барады. «Оған да тосқауыл қойылса» дейді халық.

Ипотекалық үйлерден бірнешедеген пәтерді қаржылылар сатып алған. Ол үйлерді, жалға беріп, байлықтарына байлық қосуда. Жерді алатындар да, түрлі құрылыс салатындар да байлар. Қолдары ұзын. Қаншама бейнетті жұмыста жүрген медбикелер мен хат-газет тасушылар табиғаттың қытымыр қысы мен аптап ыстығына қарамай көше жағалап, үй аралап жүргенде ауыз жарымас айлық алады екен. Аузымен орақ орып, астында сәнді көлік, алды-арты дүние-байлық иелерінің айлығы жыл сайын өсуде. «Бұл теңсіздік қашанға созылады» дейді көпшілік.

Бұл айтып отырғаным көреалмаушылық емес. Көптің қоғамдық қабылдауға келіп айтқандары. Байысын. Сол байлар әлсіздерді қолдап, жұмыс орындарын ашып, дұрыс айлық төлесе, өз ұлттым, өз туысым деген мейірімділіктері, молайып жатса кедей топтар мен ренжулі отбастары азаяды. Олардың төмендегі топқа жәрдемі тисін

десек «Әлеуметтік қор» әділдік қауымдастығын құру керек. Оған байлығының көлеміне қарай аударылатын жарна көлемі белгіленуі тиіс. Одан тыс қаржы көздері қарастырылса, елімізде жүдеулер болмайды. Жұмыссыздыққа екі айға тіркеп, 20 мыңның үстінде берген жәрдемақы не құрайды? Өлмешінің күні. Сондықтан мерзімін 10-12 айға ұзарту 30-35 мың теңге айлық беріп, қоғамдық жұмысқа тартса бұл үлкен демеу болары сөзсіз.

Халықтың әлеуметтік топтарға бөлінуі, теңсіздік соңы қолайсыздыққа апарары сөзсіз. Капиталистік қоғамда төменгі таптың топтасып бас көтеруі жиі болған. Талай қан төгілген. Ақыры социалистік революцияға әкелген. Теңдік орнаған. Бірақ бізде социализмнің өмірі қысқа болды. Өйткені ол қоғамның соңғы басқарушылары о бастағы ұрандатқан әлеуметтік, құқықтық теңдік идеяларынан ауытқып, әлеуметтік жағдайды ұшықтырып, әр ұлттың өздеріне тән құндылықтарын ескермеді. Сөйтіп елді саяси, экономикалық тұрғыдан тоқыратты, ақыры таратып тынды. Ол көп ұлтты ұлы мемлекет еді. Ал Қазақстан біреу. Қазақ біреу. Бізге қазір жікке, топқа бөлінуге жол бермей, теңдіктің жолын табу керек. Кейін кеш болады.

Біржан КӨШТАЕВ,

Жалағаш кенті

ардагерлер кеңесінің төрағасы

№7(104) 1-15 сәуір

ӘКІМІ БАСТАП, АҚСАҚАЛЫ ҚОСТАҒАН АУЫЛ ӨРКЕНДЕЙДІ

Қазіргі Жақыпбек Махамбетов ауылы қоныстанған «Ойшеңгел» өңірі, көпті көрген көненің көзі Лияс Сәрсенов ағамыздың айтуынша, он тоғызыншы ғасырда қамыс пен жиде ағашы өскен, атты адамның өзінің жүруі қиын қалың тоғайлы, нулы жер болған. Жыртқыш аңдардан қасқыр мен қабылан болған, жолбарыс та мекендеген деген сөз бар. Беріде аң біткен азайып, тіпті құрып кетті. Содан күре жолдың бойына мүсінін салып, «осындай аңдар болған» деп жазып қоятын, ал қазір жазуы түгілі ол мүсіннің өзі де қалмаған.

Ұжымдық шаруашылық болып негізі 28-30-жылдары қаланған, бір-бірінен 10-15 шақырым қашықтықта орналасқан «Жаңа тұрмыс», «Жаңа қайрат», «Қызыл орақ», «Киров» шағын шаруашылықтары 1950 жылдары Киров колхозына бірікті. Негізінен ауылшаруашылығымен айналысты, көкөніс екті.

Ең алғаш майда шаруашылыққа біріккен кездің өзінде мал басын құрау қиынға соғыпты. Қолдағы жекеменшік малды жинаған. Қазақстанның аймақтары былай тұрсын, Ресей, Моңғолия елдеріндегі шаруашылық, өнеркәсіп орындарымен келісімшартқа отырып, күріш, бидай, жүгері, қауын мен қарбыз және оның өнімдерін малға айырбастаған. Колхозшылар канал, арықтарды қолмен қазып, суармалы егістік алқабын да күрек, кетпен сияқты қарапайым құралдармен дайындаған. Бұл өте ауыр, өнімсіз жұмыс, бірақ адамдардың еңбекке деген ықыласы өте зор болатын. Соның нәтижесінде ашыққан қарын тойынып, артық өнімдерді мемлекетке өткізе бастаған. Ауыл тұрғындарының көңілі көтеріңкі жүретін. Жеңгелеріміз ауыр жұмыстан шаршағанын білдірмей, есектің үстінде екі аяғы тепендеп ән айтып келе жататын. Бала кезімізде соны қызық көруші едік.

Сол кездегі колхоз басшылары Төлеген Дәуітбаев, Жалмахан Құндызбаев, Сыздық Төлеков және Қалдыбаев секілді азаматтар елді жақсы басқарды. Халықтың әлеуметтік жағдайы бірте-бірте көтерілді. Сол кездері қоғамда келеңсіздіктерге жол берілмейтін еді, тәртіп

бұзушылық деген сирек кездесетін және ол қатаң айыпталып отыратын. Топырағы торқа болғыр ағаларымыз Нұрсейіт, Остай, Тәуірбай, Табынбай, Әбу, Мырзаш, Шобдар, Ешпан, Мәдібайлар шаруашылықтың түрлі салаларына басшылық жасады. Елге еңбекте де, тұрмыста да үлгі болды. Сол кездері шаруашылықтағы көлік ат арба, өгіз арбамен барлық жұмыс атқарылатын. Ауылшаруашылық техникалары мен жүк көліктері кейіннен келді.

Кейін колхоз совхозға айналды. Егін, оның ішінде көкөніс, мал өсіру, оның ішінде ет, әсіресе сүт өндіруде жақсы нәтижеге жетіп, озат шаруашылық атандық, аудан, облыс чемпиондары шыға бастады. Олардың кеуделерінде орден, медальдар жарқырап, адал еңбек иесі марапатталып жатты. Мүйізді ірі қара өсіруші Сейітқали Байқадамов, Қайырбек Тілекбаев «100 сиырдан 100 бұзау аламыз» деп облыстағы мал өсірушілерге үндеу тастады. Сол сияқты сауыншы Манабаева сүт бұлағын ағызса, дихан Құрымбек Жөнбаев күріштен мол өнім алды. Ол кезде еңбек адамы қатты бағаланатын, жолдамамен Еуропа елдерін аралады, елдің алды болып жеңіл көлік мінді.

1963 жылы «Ойшеңгелге» ірі құрылыстар салынып, шашырап жатқан ауылдар бір орталыққа қоныстанып, ірі елдімекенге айналды. Шаруашылық нығайып, адамдардың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Қазір «тоқырау кезеңі» деп аталып жүрген 90-жылдары көп қиындық болды. Бірақ өмір өзгеріп отырады екен. Қазір ауыл келбегіне қарап отырам да ойланам, «Елу жылда ел жаңа» деген осы ғой, тіпті адам танымастай өзгеріп кеткен. Көшелер асфальттанған, төрттен үшіне тас төселген, түн ішінде шамы жарқырап тұр.

Махамбет Жақыпбеков ауылында 7000-ға жуық адам тұрады, осынша халықты ұйымдастырып, жақсы іске бастау оңай шаруа емес екені бесенеден белгілі. Осыдан 4 жыл бұрын Ақарыс Нұрсейітов ауылға әкім болып келді. Алғашында «бұрын басшылық жұмыста болмаған, тәжірибесі аздау екен» дегендер болды. Бірақ Ақарыстың ұйымдастыру қабілеті мықты, қабілетіне қасиеті сай екен. Ол халықты ортақ іске ұйыстыра білді. Көзге көрінетін көше тазалығынан бастап, сырттағыларға біліне бермейтін тұрмысы төмен адамдарға көмектесу, аяғын шалыс басқан жастарды жолға қою сияқты сан-салалы істі қолға алды. Ауылдағы клуб 15 жылдан бері жабылып қалған, құлау қаупінде тұрған ғимарат еді. Ақарыс қызметке кіріскеннен кейін бір жылдың ішінде 150 орындық, екі қабатты Мәдениет үйі салынды.

Қазір ауыл адамдары осы жерде бас қосады. Бұрынғы Отан соғысы ардагерлеріне арналған жұпыны ескерткіштің орнына бақ ішіне жаңа ескерткіш орнатылды. Кеңейіп келе жатқан ауылымыздағы жаңа көшелерге соғыс және еңбек ардагерлерінің аты беріліп, ескерткіш-тақта орнатылды. Ауылда 2 мектеп, 6 балабақша, емхана, бірнеше монша, 30-дан аса дүкен мен қызмет көрсету орындары бар. Қалаішілік екі бағыттағы көше көлігі осы жерден шығады.

Көпке сөзі өтетін, ықпалды басшымыз ауыл ақсақалдарын ортақ істің бастауына айналдырған. Бізде мынадай бір жақсы әдет-ғұрып қалыптасқан. Қыста соғым сойылып, ауыл үлкендері туған-туыс, көрші көлем арнаулы ас-шекеге шақырылады. Ата-баба әруағына құран оқылып, кейінгіге үлгі болар әдемі де әсерлі әңгіме айтылады. Әрине, әрбір істің бастаушысы болады, бүкіл қазаққа аты мәлім адамдар шыққан ауылда абыз қарттарымыз да аз емес. Әмзенің Қадыры, Остайдың Батырханы, Төлегеннің Сайлауы кезінде еңбегімен елге белгілі болса, бұл күндері жарасқан ынтымағымыздың ұйытқысы болып отыр. Осылайша әкіміміз бастап, ардагерлеріміз қостап, тату-тәтті тірлік құрып жатқан жайымыз бар.

Мырзабек ЖӨНБАЙ,
еңбек ардагері
№2(99) 16-31 қаңтар

ШКІРЛЕРДІҢ ҮНДЕСПЕГЕН ДЕ ЖЕРІ БОЛДЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың Үндеуі мен Жолдауын насихаттайтын Парламент депутаттарынан жасақталған топ облыс, аудан орталықтарында халықпен кездесуде.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Парламент депутаттары М.Бақтиярұлы, А.Ералиев, Н.Жұмаділдаева, М.Айсина, М.Махамбетов, А.Смағұлов мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері және студенттермен жүздесті. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов ашып, жүргізіп отырды.

Сенатор Мұрат Бақтиярұлы 25 жыл ішіндегі Қазақстанның екі жаңғыруын түсіндіре келіп, үшінші жаңғыртудағы еліміздің дамуын айқындайтын бес басымдылығына тоқталды. Басқа депутаттар да Үндеу мен Жолдаудың ерекшеліктері жайлы айтты. Жиында облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы С.АҢСАТ сөз алып, депутаттар сөзінен туындайтын мәселелер жайлы өз ойын ортаға салып:

– Құрметті депутаттар, алыстан ат арытып келіп, Елбасының Үндеуі мен Жолдауын түсіндіріп бергендеріңізге рахмет! Бұл екі арнау да халықтың көкейінде көптен бері жүрген мәселелер еді.

Мұрат Бақтиярұлы, сіз биылғы жылдың басты құжатындағы стратегиялық, сондай-ақ көкейтесті мәселелерді жақсы талдап бердіңіз. Маған мемлекеттік тіл мәселесі жөніндегі айтқаныңыз ұнады. Әсіресе «Үш тұғырлы тіл» жайлы бізге бір-ақ тіл тұғыр болатынын, ол қазақ тілі екенін жақсы айттыңыз.

Біз кейбір мемлекеттік қызметте жүрген азаматтарға осыны түсіндіре алмай жүрміз. Біз жастардың басқа тілдерді меңгергеніне қарсы емеспіз. Біз «бала алдымен ана тілінен нәр алсын, одан кейін өзге тілдерді меңгерсін. Қалада да, ауылда да мектепте жаратылыстану, информатика пәндерін ағылшынша, тарих пәнін орысша оқыту қазақ тілінің келешек ғылым тіліне айналуына қатты нұқсан келтіреді» дейміз. Қазақ тілі кеңсе тілі,

ғылым тілі, қала тілі болмаса, мемлекеттік мәртебеде жұмыс жасай алмайтынын айтудамыз.

Сіз «Тіл мен дін өте нәзік болғандықтан, оларға абай болу керек» дедіңіз. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болғандықтан және қазақ тілінің бүгінгі ахуалы жанымды ауыртатындықтан, осы «абай болу керек» дегенге байланысты көкейде жүрген ойларымды айтпай отыра алмаймын.

1989 жылы қазақ тілі жеке-дара мемлекеттік тіл болып заң қабылданғанда Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы 40% еді. Бар билік Мәскеуде болатын, Коммунистік партияның өз саясатын жүргізіп тұрған кезі. Қазіргі психология бойынша нағыз абай болу сол кезде керек еді. Керісінше, Мұхтар Шаханов ағамыз батылдық жасап, Нұрсұлтан Әбішұлы оны қолдағанының арқасында қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Ал қазір тәуелсіз елде жүргенімізге ширек ғасырдан асты, қазақтың үлесі 70%-ға жетіп қалған бүгінгі күні тіл мәселесінде неге абай болу керек екенін түсінбеймін.

2015 жылы ҚР Президенті жанындағы Ш.Шаяхметов атындағы республикалық үйлестіру-әдістемелік тілдер орталығы қазақстандықтардың тек қана 40%-ы мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, жаза алатынын жария етті. Ал Елбасының қазақ тілін үздіксіз және жүйелі оқыту арқылы 2025 жылға дейін ел азаматтарының қазақ тілін меңгеру көрсеткішін 100%-ға жеткізуді тапсырғаны белгілі. Сонда қалған оншақты жылда 60%-мыз қалайша қазақша сайрап кетпек? Ана тіміздің ахуалы осындай болып тұрғанда не үшін абай болып, неден қауіптенуіміз керек?

Біз басқа ұлт өкілдерін мәжбүрлеп тілімізді үйрен деп жатқан жоқпыз. Мәселе өз қазағмыздың өз ана тілін білуін талап етсек дейміз. Осы 25 жылда Парламент мемлекеттік тілде екі-ақ заң қабылдаған, сіз өзіңіз айтқандай, бұл дәрменсіздігімізге қырғыз депутаттары күліп жүр екен. Кеше ғана қызметке келген ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов «6 жыл Ресейде болғандықтан қазақ тілін ұмытып қалыппын» дейді, осыған депутаттардың жайбарақат қарауын қалай түсінеміз?

Жаңа Майра Айсина ханым өз сөзінде Қорқыт ата ескерткішінің амфитеатрына түсіп, акустикасын тексеру үшін: «Менің отаным – Қазақстан, партиям – Нұр Отан, президентім – Нұрсұлтан,-деп дауыстағанын айтты, кей оқушының «Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген» дегені сияқты мен де сол сөздерді шын жүректен айттым»,-деді. Осыған байланысты әрі сөзімді қорытындылай келе айтарым: Майра ханым, Қорқыт бабадай киелі жерде және халық өкілі болып сайланған Парламент атты жерде (оны да киелі жер деп есептеймін) отырғанда, амфитеатрдағы айтқан сөзіңізді мектеп оқушысына қалдырып, оның орнына сол оқушының айтқан Жұбан ағамыздың «Мен – қазақтың!»-деген поэмасындағы:

Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген,- дегенін айтқаныңыз жарасар еді. Осы өлең жолдарындағы ұстаным бар депутаттардың, Үкімет мүшелерінің жүректерінде болса, тіліміз де, діліміз де өз деңгейіне көтерілер еді. Осы ағалық тілегімді қабыл алыңыздар», - деді.

Бұл ойды жалғыз біздің қоғамдық ұйым емес, ұлтжанды азаматтардың бәрі де айтуда. Осы қазақ халқының жанайқайын жоғарғы жақтағылар қашан естіп, іске асырар екен?

Жалғасбек АМАНОВ

№3 (100) 1-15 ақпан

АУДАН ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРДІ

Жылдағы дәстүр бойынша үстіміздегі жылдың 31 қаңтарынан бастап аудан (қала) әкімдерінің халық алдындағы есеп беру жиналыстары өтті. Онда жыл ішінде жасалған жұмыстар қорытылып, алдағы міндеттер айқындалды, тұрғындардың ұсыныс-тілектері ескерілді. Редакцияның мүмкіндігіне орай тілшілеріміз облыс орталығына жақын аудандардағы әкімдердің есеп беру жиналыстарына қатысып, өз ойларын төмендегідей түйіндеген еді.

ТІЗБЕКТЕЛГЕН ЦИФРЛАР ЖҰМЫСТЫҢ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІН БІЛДІРЕ АЛМАЙДЫ

ЖАЛАҒАШ. Жылдық қорытынды есепті Жалағаш ауданының әкімі Т.Дүйсебаев бастады. Кездесуге ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Н.Тілешов, облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов, аудан тұрғындары, жастар және БАҚ өкілдері қатысты.

Аудан әкімі өткен жылы экономика, әлеуметтік салада атқарылған істерге тоқталып, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында 2016 жылы 17 жоба жүзеге асырылып, 141 адам жұмыспен қамтылғанын, барлығы 85 жобаны қаржыландыруға 304,7 млн. теңге қаржы бөлінгенін мәлімдеді. Сонымен бірге аудан басшысы өңірдің экономикалық салаларына ықпал жасайтын бірқатар мемлекеттік бағдарламалар бойынша атқарылып жатқан істер бойынша көптеген цифрларды баяндады. Мал шаруашылығындағы төрт түліктің, өнеркәсіп өнімдерінің өсімі болғанын баяндалды. Біз кәдуілгі журналистік жолдан біршама шығып, олардың барлығын тізбектеп жатуды жөн көрмедік. Айналып келгенде, олардың барлығын соңғы түйінді пікір айтуға қалдырдық.

Әрине, әкімнің есебі болған соң аудан тұрғындары көптеп шақырылатыны белгілі. Олар өз ұсыныстарын білдіріп, әрқайсысы өз қонысындағы әлеуметтік түйткілдерді тілге тиек етті. Көшелердегі жаяу жүргіншілердің жолының болмауы, жолға жарық орнату мәселесі, тіпті облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамовқа вокзал ғимаратының орналасқан жерін өзгерту туралы да өтініштерін айтты. Ол қаншалықты ақылға қонымды ұсыныс? Бұл айтылған ұсыныстар күнделікті ағымдағы жұмыстардың қатарына кіреді. Осы орайда

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиевтің тұрғын үй салу үшін жер бөлуге, ауысудың қысымына қатысты мәселеде көңілге орнықты ұсыныстар айтқанын атап өткіміз келеді.

Аудан әкімінің есебінен көңілге түйгеніміз – бізде әдетте цифрлар көптеп айтылады. Рас, атқарылған жұмыстар бар, бірақ олар Елбасының, облыс әкімінің берген тапсырмаларына сәйкес атқарылып жатқан тірліктер емес пе? Айталық, бизнеске қатысты несие, халықты жұмыспен қамту, мал шаруашылығын өркендетуге байланысты бағдарламалар бойынша халыққа несие беру туралы және басқа деректерді соншалықты қозы көгендегендей тізбектеп, белгілі мәселелерді қайталай берудің қажеті қанша? Оның орнына сауатты талдауға негізделген есеп нәліктен дайындалмаған?

Біз аудан әкімінің есебі қарсаңында облыстық басқарма басшыларына, тікелей аудан әкіміне ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысына қатысты сауалдар жолдаған едік. Облыстық қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Е.Шаврованың жолдаған жауабында Жалағаш ауданының 2017 жылдың 1 қаңтарына өз кірістері 1,3 млрд. теңгеге орындалғаны, жоғарыдағы бюджеттерден трансферттер 2,6 млрд. теңге, субвенциялар 2,5 млрд. теңге болғаны айтылды. Аудан әкімінің соңғы үш жылды қамтыған деректеріне сүйенсек, біз өңірде көп жұмыс тындырылмағанын аңғарамыз. Ауданның өз кірістерінің көлемі жалпы бюджетте бар болғаны 20 пайызды төңіректейді. Сондай-ақ, бізге жіберілген есептегі аудан көлемінде жергілікті бюджет көлемін ұлғайту барысындағы қадамдар еш нәтижеге жеткізбей отыр. Әрине, талпыныс бар. Бірақ ол талпыныс нақты іс-қимылға сүйенгенде ғана нәтижеге жеткізбей ме? Мысалы, ауданда көкөніс, бақша өнімдерін өндіруге бағытталған инвестициядан кейін Ресейге жіберілген 400 тонна, Қазақстанның бірнеше облысына жөнелтілген бір-бір «Камазға» жүк болатын қауын жөніндегі келтірілген деректер мақтаныш туғыза ма?

Ауданда 2016 жылы негізгі қорға 2 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылыпты. Ауданнан келген мәліметте негізгі қорға тартылған инвестицияның орындалмау себебі 2013 жылы жеке қаражат есебінен «Бейнеу – Шымкент» газ құбырына тартылған 5,3 млрд. теңге және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы құрылыс жұмыстарына жұмсалған қаржылардың бағалау көлеміне әсерін тигізіп отыр делінген.

Аудан әкімінің үлкен жобаларға қатысты қаржыларды «меншіктеп», өзінің үлесіне жатқызуға қандай құқы бар? Олардың барлығы жалпы халықаралық қаржы ұйымдарының, сондай-ақ республиканың қаражаты. Ал шындығына жүгінсек, бұл тұрғыда аудан өзі бірдеңе тындыруы керек емес пе? Ауданға өткен жылы бар болғаны 2 млрд. теңге инвестиция тартылған. Бүгінгі таңда Жалағаш ауданы инвестиция тарту бойынша облыста ең соңғы сатыда тұр. Егер аудан жергілікті бюджет көлемін ұлғайтып, инвестиция тартуда дәрменсіз болса, оның экономикалық ахуалы ешқашан оңға баспайды. Бұл – облыс әкімінің аудан басшыларына қойып отырған басты талабы. Егер олай болмаған жағдайда өңір құлдыраған үстіне құлдырай береді.

Ауданның бізге берген мәліметіне жүгінсек, 2016 жылы кәсіпкерлік саласынан бюджетке 183 млн. теңге түсіпті. Бұл ненің есебінен? Қай саладан? Ашып көрсетілуі керек еді. Егер күріш өндірісінен түскен қаржы болса, біз көп мәселенің аражігін айқындап алуға тиіспіз. Себебі ауданда күріш пен азын-аулақ малдан басқа кәсіптің түрі байқалмайды. Өйткені біздің ауданға индустриалдық жобалар жөнінде жолдаған сауалымызға нақты жауап берілмеді. Бұл аталған саладағы тірліктің мүлдем ақсап жатқанын білдіреді. Сонда маңызды мемлекеттік бағдарламаға осыншама немқұрайлық көзқарастың сыры неде? Аудан кәсіпкерлері күріштен, ет өнімдерінен қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға неге құлықсыз? Аудан қашанға дейін жоғарының бюджетіне алаңдап отыра береді?

ИНВЕСТИЦИЯ – ХАЛЫҚ НЕСІБЕСІ

СЫРДАРИЯ. Тереңөзек кентінде өткен Сырдария ауданының әкімі Ғанибек Қазантаевтың халық алдында есеп беру жиынына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев және ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Нұрлан Тілешов қатысты.

Сырдария ауданы – аймақтағы алдыңғы қатарлы аудандардың бірі, соның арқасында жыл сайын ауылшаруашылығы саласындағы жетістіктері үшін марапатталып келеді. 2016 жылдың қорытындысы бойынша аудан ауылшаруашылығы өнімдерінің көлемі жағынан да аймақта көш басында тұр. Ауданның бюджеті 7 млрд. 354,6 млн. теңге, соның ішінде ауданның өз кірісі 4 млрд. 328,6 теңгені құрады.

Аудандағы жақсы, татымды тірлік ретінде бір мәселені айрықша атап өтуге болады. 2016 жылы ауданға 17 млрд.теңгеден астам

инвестиция тартылды. Біз инвестиция жөнінде неге көбірек айтамыз? Бұл ауданның жергілікті кіріс көзі, себебі әрбір тартылған инвестицияның үштен бірінен астамы бюджетке салық ретінде түседі. Соның есебінен болса керек, аудандық бюджет есебінен өткен 26 млн.теңгеге көпқабатты үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауданда қаржының барлығынан көптеген инфрақұрылымдар салынған.

Есептік кездесу барысында аудан тұрғындарын қауынның «Торпеда» сортын Ресейге экспорттау мәселесі қызықтырды. Шындығын айтқанда, бұл халықты жұмыспен қамтудың ең өзекті мәселесі. Мұнан бөлек, олар тұрғынүй құрылысы, елдімекендерді дамыту, Тереңөзек кентіндегі орталық стадионның жөндеу жұмыстары сияқты бірқатар өзекті мәселелерге қатысты сауалдарын жолдады. Олардың барлығына аудан басшысы тұшымды жауаптар қайтарды.

Енді біздің қысқаша түйіндемемізді оқырмандарға ұсына кетуді жөн көрдік. Соңғы жылдары ауданға инвестиция тарту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Бұл сөз жоқ, облыс басшысының мәселені орнықты қоя білу нәтижесінде аудан әкімінің атқарған жемісті жұмыстарының қатарына жатады. Күріштен тәуір өнім алынды. Аудан бюджетінің өз түсімдері жалпы бюджеттің 58 пайызынан астамын құрайды. Аудан әкімі салық базасын ұлғайту мақсатында 2016 жылдың қорытындысы бойынша аудан аумағында жұмыс жасап жатқан мұнай компанияларынан 5 млрд. теңге мүлік салығын түсірген. Бұл аудан кірісінің 97 пайызын құрайды.

Бірақ біз бұл мәселеде біршама айқындық керек екенін айтқымыз келеді. Мұнайдан, әсіресе, қара алтын өндіруші компаниялардан түскен мүлік салығы ауданның тікелей еңбегі болып есептелмейді. Бұл қазақша айтқанда, «құдайдың берген несібесі». Олардан тартылған инвестиция да елдің ырзық несібесі үшін берілген «сый» десе болады. Демек аудандағы жақсы жұмыстармен қатар осынау түйткілді мәселелерді де атап өткіміз келген еді.

МАДАҚТАУ ЕМЕС, МӘСЕЛЕ ҚОЮ КЕРЕК ЕДІ

ШИЕЛІ. Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев өткен жылдың қорытындысы бойынша халық алдында берген есебінде айтылғандай, ауданның 10 млрд. 552 млн. теңге болып бекітілген 2016 жылға арналған бюджеті 14 млрд. 948 млн. теңге болып (несиелерді қосып

есептегенде), 42%-ға артқан. Сол секілді аудандық бюджеттің жалпы кірісі 100,7%-ға, өз кірісі 104,3%-ға орындалып, бюджет шығысы 99,8%-ға игерілген. Экономика саласын жақсы білетін Қ.Сәрсенбаев қаржы мәселесіне көбірек тоқталып, атқарылған жұмыстарды сала бойынша тарқатып талдады. Шиелі ауданында кәсіпкерліктің 4265 нысаны тіркеліп, 7000-нан аса адамды жұмыспен қамтыған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 15,1 млн. теңге болатын үш жоба субсидиаландырылған. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы арқылы «DANAKE» Корпорациясы» ЖШС-нің жобалық құны 64 млрд. теңге тұратын цемент зауытының іргетасы қаланған. Ауданда мал басы, сондай-ақ, егін өнімі көбейген. Баяндамада білім, денсаулық, мәдениет салаларына арнайы тоқтаған аудан әкімі алда атқарылар жұмыстарды айқындап, кейбір сала басшыларына сын айтты.

Аудан әкімінің есебіне, сол арқылы жыл ішінде жасалған жұмыстарға тұрғындардың қанағаттанғанын білдірген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов, Тартоғай ауылында Мәдениет үйі салынып, оған Шахмардан Есеновтің атын беруді, №45 «Ақорда» мектеп-гимназиясына қосымша ғимарат салуды ұсынса, көше комитетінің төрайымы В.Кияева кенттегі кәріз жүйесінің қиындықтарына тоқталып, әкімге деген ризашылығын білдіре «5» деген баға қойды. Ақмая ауылдық кеңесінің төрағасы К.Палмағанбетов те ризашылығын білдіріп, ыза судың көтерілгенін, көлденең дренаждарды іске қосу керектігін айтты. Кәсіпкер Айткүл Әбдіқадырова да әкімнің есебіне жақсы баға бере келіп, кентте теміржол астынан өткел салу керектігін еске салды.

Бір айта кететін жай әрбір сауалға әкім нақты жауап берді. Әрине, Қайратбек Әубәкірұлының іскерлігіне, аудандағы іргелі мәселелерді жақсы білетініне күмән келтірмейміз, бірақ «Осының бәрі күні бұрын дайындалған емес пе?» деген күдік те бар. Шиелі кентіндегі, оған іргелес ауылдардағы жерасты суының көтерілуі, теміржол өткелі – бұрыннан келе жатқан іргелі мәселе, оны шешу үшін күрделі қаржы керек және ол жоғарыдан шешіледі.

Жастар атынан сөйлеген Ә.Ибрагимовты қосқанда шығып сөйлегендердің барлығы аудандық әкімдікпен байланысы бар қызметте не қоғамдық жұмыста отырғандар, кәсіпкер А.Әбдіқадірованың өзі аудандық мәслихаттың депутаты. Демек олар аудан әкіміне еркін кіре алады. Айтып отырған өзекті мәселелерін

бұдан бұрын да айтқан болар, ең болмағанда қай жерде де айтуға мүмкіндігі бар. Жиында мұндай мүмкіндігі жоқ қарапайым адамдар неге сөйлемеді? 400 адам отырған залдан неге бір де бір сұрақ қойылмады? Шиеліден (сондай-ақ Жаңақорған ауданынан) қиыршық тас өндірілетінін білеміз, өнімнің осы тастан басқа түрлерін неге шығармасақ? Аудан халқы арзан балық пен құс өнімдерімен қашан қамтамасыз етіледі? Қашан сыртқа өз өнімін шығарады?

Келер жылы өз өнімін беруге тиіс Шиелі цемент зауыты, (сондай-ақ Жаңақорған томат пастасы зауыты) облыс әкімінің тікелей бақылауында. Оны жергілікті жерде көп айта берудің, аудан әкімінің еңбегіне жатқызудың керегі жоқ.

Сауалдың көбейіп кеткен себебі көңілде күдік те бар. Облыста тәуелсіздік алған 25 жылдың ішінде қаншама өндіріс орны ашылды, бірақ көрсетерлік өнім жоқ. Аудандағы 2008 жылы жеке кәсіпкер инвестиция салған «Алтын бала» ЖШС-і қамыстан ДСП, басқа да өнім шығарған еді. Жергілікті жерде шикізаты көп, сапалы өніміне сұранысы мол осы өндіріс орны неге жабылып қалды? Жаңа жұмыс орнын ашудан гөрі қаржы салып, несие беріп, басқа көмек көрсетсе де бұрыннан бар кәсіпорынды сақтап қалғанымыз тиімді емес пе?

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі идеологиялық актив жиынында облыс әкімі Қ.Көшербаев бәсекеге қабілетсіз 30 жобаның индустриаландыру картасынан алынып тастағанын айтты. Демек еліміздің ең басты жұмыстарында егжей-тегжейлі тексеріп, саралап, салмақтап алудан гөрі ұрандату басым болған сияқты.

Кадр жөнінде де аудан әкіміне көп сауал қоюға болар еді. Өткен жылдың күзінде Телікөл, Ақтоған, Бестам, Ақмая, Қарғалы ауылдық округтерінің әкімдері, бірқатар мекеме басшыларының ауысуының астарында не бар? Көрдiңiз бе, сырттан келген бiздiң өзiмiздiң де әкiмге сауал қойғымыз келiп отыр, ал есеп беруге келген 400 адамда еш сауал жоқ.

Есеп беру жиналысына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким бүгінгі күнгі Сыр еліндегі күрделі мәселелерді қадап-қадап айтып, оны шешу жолдары жайлы өз ойын да ортаға салды.

Аудан әкімдерінің есеп беру жиналыстарында жетістіктер асыра айтылып, жергілікті жердегі жақсы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан экономикасы дамып келе жатқандай әсер қалдырады. Рас, инвестиция тартылып жатыр, бірақ оны әкелген

кім? Бюджет көбейіп келеді, бірақ ондағы ауданның тапқаны қанша? Зауыттар салынып жатыр, бірақ өнім қайда? Әлеуметтік жағдайға көп көңіл бөлінеді дейміз, бірақ адамдар неге кедей тұрады? Сауал көп, нақты жауап жоқ.

Сырдария ауданының әкімінің есеп беру жиналысына қатысқан облыс әкімі Ғанибек Қазантаевтың жұмысына жақсы баға берді. Осы жерде облыс әкімі жұмысы жақсы ауданға емес, шешілмеген мәселесі көп ауданға неге бармады екен? Сонда сол аудандағы орын алған кемшіліктерді көрсетіп, аудан әкімінің қолынан келмейтін шараларға өзі ықпал етер еді.

Кеңестік кезеңде осындай жиындарды «Ашық есік күні» деп атап, оған қатысуға жұрттың бәрінің мүмкіндігі болушы еді. Жаз айларында мектеп ауласында, басқа да ашық алаңдарда өтетін, қыста да оған мүмкіндік жасалатын. Оған бұрын аудан (қала) басшысына кіре алмай жүрген қарапайым адам өз сұрағын сол жерде қоя алатын. Ал қазіргі әкімдердің есеп беруіне қатысқандардың көбісі бюджеттік мекемелерден келген үндемейтіндер болса, ал Жалағашта сұрақ қойғысы келген біздің тілшімізді әкімшілік аппараты қызметкерлері микрофонға жақындатпады.

Жалғасбек АМАНОВ,
Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ
№3 (100) 1-15 ақпан

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫНДА КЕЗЕК ТИМЕЙ, АЙТЫЛМАЙ ҚАЛҒАН СӨЗ

2017 жылдың 15 ақпанында Қызылорда қаласындағы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі болып өтті. Кездесуде аймақ басшысы өткен жылы жасалған жұмыстарды баяндап, алда атқарылар міндеттерді айтты. Есеп беру жиынына қатысқан қала тұрғындарымен қатар оны аудан жұртшылығы онлайн режимі арқылы қатысып, сауалдарын қойды. Сондай-ақ СаП орталығына түскен ұсыныс-пікірлер тыңдалып, телефон арқылы да сұрақтар қойылды.

Жиынға ҚР Энергетика министрі Қ.Бозымбаев, «Қазақ-атомөнеркәсіп» ҰАК АҚ басқарма төрағасы А.Жұмағұлов қатысты.

Облыс әкімінің есебі көптің көңілінен шықты, ең бастысы Қырымбек Көшербаев облысқа әкім болып келгелі қай салада болмасын жұмыс жүруде, соған орай нәтиже де, табыс та бар. Дегенмен өмір болған соң шешімін таппаған жайлар кездеседі. Сондықтан жылында бір рет өтетін осындай есеп беруді пайдаланып, көпшілік жеке, елдік мәселелерді айтып қалғысы келеді. Бірақ аппарат қызметкерлерінің микрофонды қатты қадағалауының салдарынан біраз кісіге сөз тимей қалды. Соның бірі облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Сәдуақас АҢСАТқа жолығып, не жайлы айтпак болғанын сұраған едік. Ол кісі өз пікірін былайша жеткізбекші болған екен.

- Әкімнің есебіне баға беру мақсатында: Қырымбек Елеуұлы, Сіз елге қызметке келгеніңізде көпшілігіміз қуанғанымызбен, көңілімізде ағайын-туғанның ортасында жұмыс істеу қиындау болатын шығар деп күдіктенген де едік. Ол күдіктің де үйлесімін келтіріп, Елге еңбек етудің үлгісін көрсетіп келесіз. Қайта ел адамдарын жете танытыныңыздан марқұм болғандарды өз дәрежесінде ұлықтап, тірі жүрген ардагерлерге лайықты қамқор жасап келесіз. Биыл келгеніңізге, міне, төрт жыл болды. Сізді көптен бері білетін қызметтестеріңізден: «Ол кісі Оралда да, Маңғыстауда да тынбай

еңбек етті, бірақ қазіргі қарқынына біз ілесе алар емеспіз», - дегенді естуші едік Оған өзіміз де куә болудамыз. Арасы 800-900 шақырым аудандарды былай қойғанда, бұрынғы әкімдердің аяғы жете қоймаған облыстағы 260 елді мекеннің бәрін бірнеше рет аралап, жоқ-жітігін түгендеп көп іс тындырдыңыз. Қызылорда қаласы да тазарып, оннан аса шағын аудандар салынып, көркейіп келеді. Экономикамыздың мұнайға байланып қалмайтын жолдарын қарастырып, ірі-ірі өндіріс ошақтары қолға алынып жатыр. Орта және шағын кәсіпке де жол ашылуда. Руханиятқа байланысты да көп іс-шара іске асты. Бір сөзбен айтқанда, Сыр елінің ауылдары мен қаласының еңсесі көтеріліп қалды. Мұның бәрін өзім бұрын облыстық, қалалық деңгейде басшылық қызметте болғандықтан әрі жақсыға да, жаманға да баға беріп жүретіндігімнен айтып отырмын.

Ендігі айтпағым Облыстық ішкі саясат басқармасының жұмыс тәсілі жайлы. Елбасы бұдан оншақты жыл бұрын «Азаматтық альянс» қоғамдастығын, ал былтыр Дін істері және азаматтық қоғам министрлігін құрды. Ондағы мақсаты ҰЕҰ-дардың белсенділігін арттырып, олардың ұсыныс-пікірлерімен санаса отырып, елімізде толыққанды азаматтық қоғамды қалыптастыру. Осыған орай, Сіз де алғашқы күннен қоғамдық ұйымдарға қамқор болып келесіз. Солардың бірі қазақ тілінің тілеуінде жүрген біздің «Қазақ тілі» қоғамын үнемі қолдап жүрсіз. Ана тіліміздің ахуалын алқада қарап, «Сыр – Алаштың анасы» деген атымызға сай қазақ тілі мен ұлттық құндылықтарды насихаттау біздің өңірден бастау алуы керек» дедіңіз. Соған сәйкес біз Қоғам жанынан «Тіл сақшысы» атты газет шығарып, оны республика аумағына таратып жатырмыз. Бізге Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінен екі бөлме бердіңіз. Бұны біз Сіздің еліміздің қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген ұйымдарға деген шынайы жанашырлығыңыз деп қабылдадық. Бірақ облыстық ішкі саясат басқармасы Елбасы мен Сіздің ұстанымдарыңызға сай бізді қолдап, санасудың орнына біздің ішкі жұмысымызға араласады. Газет жұмысына да осындай көзқарас ұстанған. Сіз «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданы ұстансаңыз, басқарма газеттің таралымын, сақшылық қызметін әлсіретуге әрекет етуде. Біз тіл жанашырларының қолдауына сүйеніп, Қоғамның Жарғысына сәйкес өз күнімізді өзіміз көріп жүрген ұйымбыз. Газетіміз ана тіліне немқұрайлы қарайтын

өз қазағымызды қамшылаушы басылым. Сондай мақсатта жүрген біздің жұмысымызға басқарма солақай саясат жүргізіп, астыртын іс-қимылдарға барғасын, мен амал жоқ осындай ашық айтуға мәжбүр болып отырмын. Жай-жапсарын қабылдаған кезіңізде айтармын.

Біз бүгін «Тіл сақшысы» газетінің 100-і нөмірін шығардық. Оған Өмірзақ Айтбайұлы мен Руслан Рүстемұлы және басқа республикаға белгілі кісілер пікірлер жазып, бізді құттықтады. Сізге осы газеттің 100-і нөмірі мен Баукеңнің 33 жасында қан майданда жүріп «Тексіздік тілсіздіктен басталады» деген тақырыппен Үкімет басшыларына жазған хаты басылған 2017 жылдың күнтізбесін сыйлаймын. Қабыл алыңыз,— деп айтқым келген. Сөз тимеген соң, қолымдағы тартуымды көмекшісіне беріп жібердім.

Әрине, көпшілік жиналған жерде тәртіп пен реттілік болуы керек, бірақ аппарат қызметкерлерінің билік пен көпшілік арасындағы ең басты жиынын өздері дайындаған қалыпта өтуін қатты бақылауы, басқа адамдарды микрофонға жолатпауға тырысуы есеп беру жиынын өткізудегі бірден-бір кемшілік болды.

Облыстағы жақсы жұмыстарды халық көріп те бағалап отыр. Астана, Павлодар және басқа өңірлердің әкімдерінің есеп беру жиынындағыдай азды-көпті өзгеше пікір мен өтініш, сын айтылса, ол жиынның құндылығын онан сайын асыра түсірер еді және әкімнің де беделін өсіре түсер еді дейміз.

Шаттық ТӘЖЕН
№4(101) 16-28 ақпан

ЖАСТАРДЫҢ БҮГІНГІ БЕТ-БЕЙНЕСІ

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» демекші, бүгінде осындай нақыл сөздерін біз жастар қауымына арнап, келешектің кілтін соларға табыстамақпыз. Ал, сол біз сенім артып отырған жастарымыз қазіргі таңда болашақтың тұтқасынан ұстап, өзіміз жиі айтатын бәсекеге қабілетті азамат ретінде қалыптасып келе ме? Кезінде «білектің күші, найзаның ұшымен» жауымен шайқасып елін, жерін сақтап қалған батыр бабалардың ұрпақтары қазіргі тәуелсіз еліміздің әрі қарай дамуы үшін қандай қадамдарға бармақ? Осы тектес сұрақтар исі қазақ азаматтарын талай рет ойландырып, бүгінде ұлттық мәселе күн тәртібінде тұрса да, өзіндік нақты жауабын таба алмай келе жатқаны рас. Бұл тақырыпқа келгенде әркім әртүрлі пікір білдіріп, өзінше баға береді. Кейде үлкен кісілерімізден «кезінде біз мынанша іс атқарғанбыз», «үлкендерге сый-құрметті былай көрсететінбіз» деген сөздерді де жиі естиміз. Алысқа бармай-ақ күнделікті өмірде қоғамдық көліктерде көз алдымызда жиі көрініс алатын жағдайлардың куәгері де болып жүрміз. Үлкен кісі мінгенде орын берер жастарымыз да кездеседі. Кейбірі орын бермек түгілі басын көтеруге де жарамайды, себебі әлеуметтік желінің жетегіне кеткенін байқаймыз. Сол әлеуметтік желінің жетегінде жүріп талай олқылықтарға, орны толмас өкініштерге ұшырап жүрген жастарымыз қаншама?! Ол ол ма, етек-жеңін ашып жүрген қыз-келіншектеріміз де көбейіп барады. Жастардың табиғатын түсініп болмайсың. Бірге-бірте ардың ала жібінен аттап бара жатқандаймыз. Ата-ана айтқан ақылын тыңдамақ түгілі ұрсыса кететіндеріміз де жетерлік. Қазақ қыздарының етегі мен белдігі сантиметрлеп қысқаруы өте мұнды. Тіпті мұндай тәсілмен киінген қыздарға қараудың өзі жиіркенішті. Бұлай киінуіміздің себебі Еуропаға еліктеу болса, Еуропа қыздары бір қабат сымды беліне орап көшеге шыкса, біздің аруларымыз да кет әрі болмағаны ма дейсің. Ал бұл біздің ұлттық дәстүрімізге, мұсылмандық парызымызға қайшы емес пе? Мұсылмандық демекші қазіргі таңда

жастарымыз мешітке барып, дін жолына түсушілер көбеюде. Құптарлық нәрсе, бірақ, бір-екі күннен соң түрлі бұзақылықтарға барып, кафе маңын жағалап, шарап ішіп жүргендерін де көреміз. Әрине, өкінішті. Сонда олар өздерін алдай ма? Әлде Аллаһ жолы оларға мазақ болғаны ма? Кезіндегі Қыз Жібек пен Баян сұлудың сіңілілерінің осылай жүрегінi өте ұят қылық.

Біз жастар өзіміздің ар-намысымызды, дінімізді, тілімізді ұмытпай, ата-анамыздың айтқан ақылын тыңдап, киім алғанда дұрыс таңдап, етегіміз бен белдігімізді ұзартып, қазақ қызына тән киім таңдай білейік. Ұлы ақын Абай айтпақшы осы бес күндік өмірде әркім кірпіш сықылды өз кетігін тауып қаланып, бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық жүріп қазақ атына кір келтірмей ұлтымызға тән қасиетімізді жоғалтпайық. Мемлекетіміздің абыройын асқақтатуға тырысайық, жастар!

Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ
№7(104) 1-15 сәуір

«БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» ЖОБАСЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне жасаған іс сапары барысында өзара бірігіп Жібек жолының экономикалық белдеуімен Жібек жолының ХХІ ғасырдағы теңіз жолын жасау жөніндегі ұсынысын жариялаған болатын. Ол бұл идеясын алғаш Қазақстанда ортаға салып, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев тарапынан қолдау тапқан еді. Одан бері «Бір белдеу – бір жол» идеясы кең етек алып, оны 100 ел қуаттап, 40-тан астамы Қытаймен ынтымақтастыққа қол қойды», -деп мәлімдеді жуырда ҚХР мемлекеттік кеңесінің мүшесі Ян Цзечи.

2017 жылғы 17 қаңтарда Давоста өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумда ҚХР Төрағасы СИ Цзиньпин өзінің бағдарлы сөзінде көпшілікті 2017 жыл 14-15 мамырда Пекинде өтетін «Бір белдеу – бір жол» атты Халықаралық ынтымақтастық форумына (BRF) қатынасуға шақырды. «Форумның мақсаты халықаралық ынтымақтастықты тереңдету үшін өзара қарым-қатынастарды реттеу, жеткен жетістіктерді қорытындылап, Жібек жолы бойы елдерінің әрекеттерінің жоспары мен стандарттарын бір жүйеге келтіру болып табылады», - деген еді.

Форум қарсаңында газет тілшісі еліміздің белгілі экономист-сарапшысы ЖАНГЕЛДІ ШЫМШЫҚОВпен хабарласып, халықаралық жобаның көздейтін мақсаты, оның Қазақстан экономикасына ықпалы туралы әңгімелеп беруін өтінген болатын.

«Ең бірінші кезекте «Жібек жолының» құрлықпен өтетін Батыс Қытай мен Батыс Еуропаны Ресей арқылы жалғайтын көлік-өтпелі дәліз рөлін атап өту керек, деді бізбен әңгімесінде Ж.Шымшықов. – Бұдан 2000 жыл бұрын Ұлы Дала арқылы өтетін Жібек жолының осы тұсы қауіп-қатерсіз болмағаны тарихтан белгілі. Жібек, форфор ыдыс, қағаз, бағалы зергерлік бұйымдар артқан сауда

керуендерін қай жерде қай тонаушы – қарақшылауын топшылау оңайға түспейтін...»

Бүгін Ұлы Даланың бұл тұсындағы теміржол, автокөлік өтетін ХХІ ғасырдағы Жібек жолы ең қауіпсіз ғана емес, ең ыңғайлы да тиімді болып табылады.

Жібек жолы Қазақстан үшін мұнай-газ құбыр көлігінің дәлізі ғана емес, Батыс Қытайға осы құбыр арқылы тасымалданатын энергетикалық ресурстарды жеткізуші ел. Бұл, әрине, ұтымды рөл емес, өйткені, ол біздің елімізді Қытайдың шикізат алатын базасына айналдырады. Әрине, егер Қазақстан өз экономикасын «Бір белдеу – бір жол» жобасы толық жүзеге асқанға дейін 3-і жаңғыртудан өткізсе, сонда құбыр көлігімен дайын өнім: жанар-жағар май айдаса онда шикізат базасы емес, толыққанды серіктес, ынтымақтас тең дәрежедегі ел болар едік. Бұл біздің үкіметтің осы бағыттағы экономикалық саясатының басты шарты болмақ.

Қазақстанның үшінші рөлі экологиялық зардаптардан әбден титықтаған Қытай өнеркәсібі мен химиялық және дамылсыз қолданудан қаусаған ауыл шаруашылығы үшін тыныстауға қажет табиғаты бұзылмаған таза өкпедей өңір. ҚХР-ның ҚР-ғы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Ханьуэй Қытайдан көшірілетін 51 кәсіпорын жайлы ағынан жарылды: «Бұл ешқандай көшіру емес, барлық кәсіпорындар жаңа, оларда ешқандай ескірген қондырғылар мен технологиялар болмайды. Бірінші кезекте мұнай-химия, тау-кен, тамақты қайта өңдеу, автоқұрастыру т.б. салаларына мән беріледі». Жақсы сөз, бірақ оны біздің тарапымыздан бақылаудың жолдары қалай болар екен? Қазіргі қазақ қауымын ойландырып отырған да осы мәселе...

Қытай органикалық табиғи таза азық-түлік өнім өндіретін, ауылшаруашылығының мүмкіндігі 1 млрд. адамды асырауға қабілетті ел. Бұл біз үшін өте тиімді. Мәселен, АҚШ азық-түлік өндірісі мен экспортын экономиканың сыртқы саясаттағы стратегиялық саласы деп танып, шетелдегі тұтынушыларына алыпсатарлық – саяси қысым жасауға ешбір тартынбай келеді.

Егер ҚХР жауапты қызметкерлерінің тең мүдделі, өзара келісім, өзара тиімділік, ынтымақтастық пен достық және БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесінің т.б. халықаралық ұйымдардың қолдауын

тапқан, өз билігіміздің ымырашылдықтан аулақ, ұлтжанды, қауқарлы, табанды әрекеттіне сүйенсе, әрине, онда Қазақстанға оң әсер ететін жоба екені сөзсіз.

Әсіресе, ішкі тар шеңберлі нарық қысып отырған ауылшаруашылығында ұзақ мерзімдік ауқымды сыртқы нарықтық сұраныс орын алса, бізден органикалық өнімді қымбатқа алмақшы болып отырса, әрине, қуанбасқа шара жоқ. Жоғарыда атап өткен ҚХР-дың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі: «Сіздердің азық-түліктерің: бидай, ұн, бал, өсімдік майы, әсіресе, ет Қытайда өте тапшы, сондықтан оған сұраныс зор. Еске салып өтейік: 2010 жылы Ресеймен кедендік одаққа мүшелікке өткенде сыртқы нарық 150 млн. адамға өседі деп бәркімізді аспанға аттық. Алайда Ресей экономикасымен біз бәсекелес екенімізді әдейі ойлағымыз келмеді. Өткен алты жылдың нәтижесі мардымсыз. Ал Қытайдың ауыл шаруашылығы бізбен мүлдем бәсекелес емес, сондықтан ауылшаруашылығы үшін жобаның пайдасы мол», - деді.

Еуразия өңіріне бұл жоба толық құрылып іске асырылған жағдайда орасан зор өзгерістер орын алуы мүмкін. Инфрақұрылымның өзгеруі Еуропа мен Азия арасындағы қатынастар мерзімін мейлінше қысқартып, шығындарды азайтары сөзсіз. Соңғы кезде саясатта орын алып отырған санкция соқтығыстары, оқшаулану (изоляциянистік) саясаттың орнын шынайы жаһандану үдерістері жеңсе, өзара тиімді халықаралық еңбек бөлісі негізінде әр ел өз экономикасының абсолюттік, салыстырмалы және бәсекелестік артықшылықтарын толық пайдаланар болса, онда саясатта өктемдік, таптаурындылық, заңсыздық жойылары хақ. Көбінесе экономикалық қанағат таппаған мүдде саяси қақтығыс тудыратыны белгілі.

«Жібек жолы» экономикалық белдеу бойында жаңа елдімекендер бой көтеріп, қосымша жұмыс орындары ашылады, әртүрлі мекемелер жұмыс істеп әлеуметтік мәселелер шешімін табады. Геосаяси арасалмақ АҚШ, Еуропа құрлығынан Еуразия құрлығына ойысады. «Бір белдеу – бір жол» жобасына топтасқан елдер Еуразия өңірінің саяси, әлеуметтік геосаясатын өздері өзара кеңес, өзара татулық, түсіністік пен теңқабырғалы қатынас арқылы шешетін болады.

«Бір белдеу – бір жол» атты «Жібек жолы», экономикалық белдеу бірлесе жасау жобасын Ресей де қолдап отыр. Әрине, РФ әрқашанда КСРО кезінде уысында болған елдердің сыртқы «тартылыстарына» қызғанышпен алаңдаушылық танытып отыратыны белгілі. Алайда бұл жолы бұл жобаға бірлесе кіріп отырмыз ғой. Бұған дейінгі ШНОС, ОДКБ, ВТО сияқты бірге мүше болып келеміз. Оның үстіне «Бір белдеу – бір жол» ХХІ ғасырдағы Жібек жолының экономикалық нәтижелері ЕЭО мүдделерін жоққа шығарып жатқан жоқ. Олардың мақсаттары мен міндеттері бірін-бірі толықтырып АҚШ, ЕО-ның және басқа да саяси шиеленіс тудыратын бірлестіктер мен блоктардың саяси ұстанымдарынан мүлдем аулақ екенін атап өткім келеді.

№9(106) 1-15 мамыр

17 МИЛЛИОНДЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ БАСҚАРЫП ОТЫР?

Стамбулдың 17 миллиондай халқы бар. Бір мэр, бір бас хатшы мен жеті орынбасары 26 департамент директорын жұмсап, еркін басқарып отыр. Мэр қаланың аузы дуалы ақсақалдарынан бастап, еті тірі кәсіпкерлеріне дейінгі көзі қарақты жәмиғатын жақсы таниды. Жөнделіп жатқан жолдың, салынып жатқан үйдің есебін біледі. Қай мешітте қандай уағыз айтылатынынан, қай театрда қандай спектакль қойылатынынан қал-қадырынша хабардар. Назарына ілінбей қалған жайттарды әр сала бойынша орынбасарлары екібастан жетік біледі дегендей. Әлемдік ірі туризм орталығы саналатын, күн сайын ондаған мың саяхатшы қабылдайтын қаладағы динамикалық даму мен экономикалық өсу туралы айтпай-ақ қояйын.

Енді 17 миллиондай халқы (бір ғана Стамбулдағыдай – ред.) бар кейбір мемлекетті президент пен оның тұтас бір әкімшілігі, әкімшілік жетекшісі мен әлгінің сүрініп-қабынып жүрген орынбасарлары, премьер мен оның алып үкіметі һәм канцеляриясы, вице-премьерлер мен министрлер һәм олардың шұбырған орынбасарлары, ондаған облыс әкімі мен олардың жүздеген орынбасары һәм аппарат жетекшісі, жүздеген қала мен аудан әкімі және олардың өздерінен бірнеше есе көп орынбасарлары, мыңдаған көмекшісі, қисабына қиял жетпейтін департамент директорлары, олардың шопырсыз жүре алмайтын орынбасарлары, осыншама адам бір-біріне сілтей, қол қойып төменге сырғытатын халықтың арыз-өтінішіне калька тілінде түсініксіз жауап хат жазумен айналысатын қарасы қалың бас мамандар және осынау алып маховикті айналдыруға өзінше үлес қосып, әкімнің баяндамасын жазып жүрген кеңесшілер мен шай тасып жүрген сансыз секретарьшалар армиясы «басқарып» отыр.

Бұл биліктің орталық тармағы тұрмақ, облыстық деңгейдегі басшылары мен орынбасарлары ел ішіндегі бір мәсемен танысуға сау етіп келе қалғанда, соңындағы нөкерлерінің шаңы бір аптаға дейін тарамай тұрады. Әлгі облыстық әкім-қара (президент

былай қалсын) жылына жүздеген мың литр бензин жағып, джиптерімен құйындата құйғытып жүргенде, қарамағындағы әр ауылдан бір-бір белсендінің болсын атын жаттап та үлгермей қызметтен кетіп жатады.

Осы бір шабармандар шапқыншылығына ұшыраған елге қарап отырып, «қанша дегенмен, мемлекеттің территориясы қаладан үлкен болады, басқарушыға да барыпкел-шауыпкелсіз қиын ғой» деп, іштей уәж тапқансымын. Бірақ атқарушы биліктің территорияға емес, нақты адамға қызмет ететіні ойымнан шықпайды. «Айналып келгенде, алдарындағы адам саны 17-ақ миллион ғой?» дейді ішкі дауысым. Ал енді ол қисынды ары кетсе жарты-ақ миллион халқы бар облысты басқарып отырса да, ат үстінде шіренгенде үзеңгі шыдатпайтын «қайраткерлерге» хәм олардың нөпір нөкерлеріне ұқтырып көріңіз.

Ғалым БОҚАШ,
«Общественная позиция»
№10 (107) 16-31 мамыр

АРАЛ МӘСЕЛЕСІ: шешімін таппаған жай жетерлік

Мамыр айының соңғы күндері Қызылордада бірінші Арал халықаралық даму форумы болып өтті. Оның жұмысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова, парламент депутаттары, Қазақстан мен Орта Азия елдерінің мемлекеттік органдары басшылары, дипломаттар, халықаралық ұйымдар өкілдері, ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Форумды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ашып, Арал өңірінің экологиялық жағдайына тереңірек тоқталып, оны жақсарту мақсатында жасалып жатқан жұмыстарды баяндады. Рас, Қазақстан үкіметінің қолдауымен «Кіші теңіз» Арал қаласына жақындап келеді, бірақ басты мәселе шешімін тапқан жоқ. САРАТС жобасы бойынша су Арал қаласына дейін келу керек еді, бұл жүзеге аспай тұр, себебі жасанды теңіз жасау оңай шаруа емес. Оның үстіне «Үлкен теңізде» шешімін таппаған мәселелер шығып тұр. Осы жиында Тәжікстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Ализода Назирмад айтқандай, Арал теңізінен алыс жатқан аймақтардың өзі экологиялық қауіпке ұшырауда. Арал теңізінің бос табанынан ұшқан тұздың әсерінен Памир тауындағы 14 мұздақ жойылып кеткен.

Қырғыз ҰҒА-ның ғалым-хатшысы Қалнұр Ормушев: «Арал проблемасы көп жылдардан бері экологиялық, экономикалық, әлеуметтік, ең соңында адами, яғни гуманитарлық зардаптарымен белгілі», - деді. Демек тартылған Арал теңізі – Қызылорданың немесе Қазақстанның ғана қиындығы емес, ол – Орта Азия мемлекеттерінің, керек десеніз жер шарының бітеу жарасы. Бір ұрпақтың көз алдында бүтін теңіз жоғалып кететіндей халге жеткен еді. Жарты ғасырға жетпейтін уақыт ішінде Арал теңізінің айдыны 4 есеге, су көлемі 10 есеге кеміп, тереңдігі 22 метрге төмендеген. 6 млн. гектардан астам жер тұзды шөлге айналды, теңіз табанынан ұшқан ондаған млн. тонна тұзды шаң планетаға жайылуда.

Еліміздегі жетекші ғылыми-зерттеу институттардың мәліметі бойынша соның зардабынан 1996-2005 жылдар аралығында тексеруден өткен 6 мың балада жетілудің аз аномалиясы, иммун тапшылығы, басқа да патологиялар байқалған. Балалардың жүрек-қан тамырлар ауруы 1,6, қант диабеті 3, сал ауруы 2,7 есе көбейген, сондай-ақ орталық нерв, дәрет шығару жүйелерінің ауруы көбейген. Туабітті аномалия салдарынан сәбилердің өлі туылуы көрсеткіші соңғы 10 жылда 2 есе көбейген.

Осыдан ширек ғасыр бұрын Орта Азия мемлекеттері басшылары Қызылорда қаласында кездесіп, ортақ шешімге келіп, Аралды құтқару қоры құрылды. ПРООН, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, ЮСАИД, СИДА, Джайка, ТИКА, МАШАВ, Кувейт қоры және басқа да халықаралық ұйымдардың қолдауымен жалпы құны 6 млн. доллар болатын 70-тен аса жоба жүзеге асырылды. Алда «Жасыл белдеу» жобасы жүзеге асырылса, микроклимат жақсарады деп күтілуде.

Бұның бәрі жақсы-ау, бірақ үлкен теңізден ұшқан шаңды дауылдың зардабы тым ауыр болмай ма? Үлкен теңізді сақтап қалу туралы әңгіме жоқ. Ал «кіші теңіз» бүгінгі жағдайды жақсартуға ғана қызмет етеді.

Табиғаттың үйлесімі бұзылған жерде экономика қалыпты дами алмайды. Кезінде Арал теңізінде 200 түрлі балық болып, осы өндірісте 60 мың адам жұмыс жасаған. Аралдағы бүгінгі күнгі ең басты мәселе – жұмыссыздық. Балық зауыттары салынып жатыр, бірақ ол көп адамды жұмыспен қамти алмай отыр.

Жақсы істің бастамасын бітер жұмыстың жартысы деуге болады. Бұл жиын нақты нәтиже берсе екен деп тілейік.

Жалғасбек АМАНОВ
№11 (108) 1-15 маусым

АЗАЛЫ ТАРИХ ЕЛ ЖАДЫНДА САҚТАЛАДЫ

«Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деп зар жылаған халқымыз талай зұлматты бастан кешті. Соның бірі өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ұлттық трагедиямызға айналған ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіреті еді. «Кіші Октябрь» аталған күштеп ұжымдастыру, тәркілеу, қудалау салдарынан Сыр елінен де төрт жарым мың адам жазықсыз жапа шегіп, 1153 адам ату үкіміне іліккен. Қазіргі таңда қуғын-сүргін құрбанына айналған 100 мыңнан астам адам туралы ақпарат қамтылған мемориал вебпорталы іске қосылып, әрбір облыста «Аза» кітабы шығарылды.

Қызылордада саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты халықаралық форум ұйымдастырылып, оған ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова, КХА төрағасының орынбасары Д.Мыңбай, облыс әкімі Қ.Көшербаев, сонымен қатар бірқатар зиялы қауым өкілдері мен Оңтүстік Корея, Түркия елдерінен және республика өңірлерінен келген ғалымдар мен форум делегаттары қатысты.

Форум делегаттары ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған, қайта жаңартылған мемориалдық ескерткіш жанында өткен «Азалы тарихқа тағзым» атты митингіге қатысты. Алаш арыстары – Әлихан Бөкейханов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов болып саңқылдай сөйлеген Жастар театры ойыншыларының сахналық көрінісі зауалды заманды шынайы да әсерлі көрсете білді.

Сұлтанбек:

Мен Сұлтанмын, Сұлтанмын,

Өз еліме ұлтанмын.

Әуелден-ақ білгенмін,

Ататынын бір таңның.

Шешен десең шешенің,

Көсем десең көсемің.

*Кесіп тастай алмады,
Замананың кеселін.*

Сәкен:

*Мен – Сәкенмін! Сейфолланың баласы,
Жазылмаған жүрегiнiң жарасы.
Мен құдайдың ажалынан өлгем жоқ,
Мені өлтірген адамдардың наласы.
Қызыл туды жырлап едім армансыз,
Ақырында қызыл қанға боялдым...
Мен атқандардан қорықпаймын,
Елін сатқандардан қорқамын!*

Міржақып:

*Барлық қазақ қаз басқан бір атаның баласы.
Аз өмірде әуре боп, көп тартқанмен азапты.
Санасына сәуле боп, «Оятып» ем қазақты.
Кем кетігі толды ма, Болса әлде де керегім,
«Оян, қазақ» орнына, «Ойлан, қазақ!» дер едім!*

Әлихан:

*Қазағымның әр үйін
Қуат беріп қолдаған.
Әли десең - Әлиің,
Хан десеңіз – Хан болам.
Ұлдар туар ержүрек,
Атар әлі таң - нұрың.
Бөлінсеңдер бөрі жеп,
Тәлкек болар тағдырың.*

Тұрар:

*Мен Тұрармын, Тұрармын,
Қос қанатты қыранмын.
Қайырмасы секілді
Айтылмаған бір әннің.
Азып-тозып аз күнде-ақ,
Елім кетті азғындап.
Қамын ойлап халқымның,
Сталинге жаздым хат.
Сол хат менің арым да,*

Сол хат менің ажалым!

Ахмет:

*Түбім – түрік,
Мен өзім Ахметпін – қазақпын.
Ұйықтап жатқан ұлтыма
Ызыңдадым маса боп.
Жұрт бүгiнiн ойласа,
Менің ісім – ертеңде.
Белдi бекем бұған соң,
Бар азапты көрдiм мен.
Қазақ болып туған соң,
Қазақ болып өлдiм мен!*

Абыз:

*Мен - жазықсыздар жерленген Жермін!
Талай-талай құрбандардың
Жанбас мекені болдым.
Олар менің қойнымда
Мен осылардың бәріне куәмін!
Омырауымды қайғы-шермен жуамын.
Бұл жер қуғын-сүргін айлағы.
Енді шүкір-шүкір деймін!
Желбірейді төбеде
Тәуелсіз елдің байрағы.*

Әсерлі қойылымнан соң құрбандарды еске алуға арналған бір минөттік үнсіздік жарияланып, Сыр халқының және мәртебелі қонақтардың атынан тағзым гүлдері қойылды.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

№11 (108) 1-15 маусым

ҒИБРАТ АЛЫҢЫЗ

Экономика ғылымының докторы, Лев Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің профессоры, жазушы – КЕМЕЛ Мырзагелдінің «АҚЫЛ-ҚАЛТА» деп аталатын кітабын оқып, риза болғандығымнан ол кісіні Астанаға барғанда іздеп тауып, дастархан басында кездесіп, тереңірек танысуға мүмкіндік туды. Мен де «Болмыс» деп аталатын шағын кітабымды сыйладым.

Кітап атына сай нағыз ақыл қалта екен. Оқығанда Конфуцийден бастап әлемдегі ірі ойшылдардың түйін-тұжырымдарымен сусындайсың, ұлылармен үндесесің, өмірлік ұстанымыңда ұрпақ тәрбиесінде қажетіңе жарарлық ғибратты әпсаналар мен мысалдарға толы әлемге енесің. Автордың ішкі мәдениетін, сыпайылығы мен сырбаздығын сезініп отырасың. Қазіргі ең көп оқылатын шығармалар, ең көп оқырманы бар жазушы Мырзагелді КЕМЕЛ екені даусыз.

Жақында Мырзагелдінің «КЕМЕЛ» деп аталатын бес томдығы 1000 дана таралыммен жарық көрді. Әр томына: «Ойтұмар», «Ойдана», «Ойсана», «Ойтаным», «Ой-дәптер» деген атаулар берген. Осы бестомдыққа «Ақыл қалта», «Өзіме сабақ», «Өмірге көзқарас», «Өзіңді таны» деп аталатын кітаптары енген. Оқығанда өзіме ұнаған, қызыққан шығармаларды насихаттап, ой бөлісіп, ғибратты мысалдар мен аңыз, әпсаналарды зердеме тоқып, жадымнан өшіріліп қалмас үшін көпшілік ортасында айтып жүретінім бар. Оған қоса тәрбиелік мәні мен мағынасы бар ұрпақ үшін рухани азық боларлық дүниелерді басқалар да қажетіне жаратсын, білім-білігін дамытсын, жетілдірсін деген ниетпен аталған бестомдықтарды Қызылордаға алдыртып, таратуға кірістім. Алғашында 60-70 комплектісін тарататын шығармын деп ойлағанмын. Болжамымнан асып, алушыларым көбейіп, бір алған адам екінші, үшінші қайтара сатып алып таратылғаны 150 комплектіден асып кетті.

Енді осы «КЕМЕЛ» кітабынан бір мысалға назар аударыңыздар.

ТҮЙЕНІҢ МҰҢЫ

Бұрынғы бір кездері Жібек жолының Қызылқұмды жағалап өтетін бір тармағында құмдағы сексеуілдің ескіргендерін күйдіріп көмір етіп, соны түйемен өзбектің қалаларына апарып мата-мүлікке

айырбастап күн көретін, әркімнің жүктерін бір бекеттен бір бекетке түйесімен тасымалдап ризығын айырып жүретін бір түйекештің ажалы айдалада құм ішінде келіпті. Жалған дүниенің таусылып бара жатқанын сезген ол өз өмірі туралы сырын айтар, ризаласар адам таппай, түйесіне тіл қатыпты:

- Түке, айналайын, мен сенімен жиырма бес жылдай жолдас болдым, екеуіміз ұдайы бірге жүрдік, ыстықты да, суықты да, аштықты да, шөлді де бірге көрдік. Сенің маған серік болғандағы еңбегіңе, төзімділігіңе, адалдығыңа ризамын. Қанишама қиын болғанымен, қандай ауыртпалықтар болса да ешқашан менің айтқаныма қарсылық білдіріп, мінез көрсеткен жоқсың. Енді мәңгіге айрылысар сәтте мен саған ризалық беріп, сенің еңбегіңе, адалдығыңа толық қанағаттанғанымды айтқым келеді. Риза болсаң, мен о дүниеге аттанғалы жатқанда ризалығыңды бер. Сонымен бірге саған қояр бір сауалым бар: менен кеткен кемшілік, көңіліңе тиген қандай жағдайлар болды, осыны айтышы, біліп кетейін,-депті. Сонда түйе тілге келіп, былай деген екен:

- Айналайын ием менің, алдымен сізден қиянат көрмегенімді, ыстық-суықты, аштық пен шөлді, ауыртпалықты бірге көтергенімді, тағдырымда белгіленген жолымда сіз секілді қайырымды, адал адамды кездестіргеніме сізге де, құдайыма да риза екенімді айтайын. Осыны айтып сізге ризалығымды беремін. Бірақ бір рет көңіліме тиген бір жағдай бар еді, рұқсат етсеңіз соны айтайын...

- Айта ғой.

- Айтсам, осы бірге жүрген өмірімде сізден бір рет көңілім қалған оқиға бар еді...

- Ол қалай болып еді?

- Екеуіміз әдеттегідей ұзақ жолдан Қызылқұмның етегінде бірге келе жаттық. Жолда есекке мінген, екі жағына екі көзені теңдеп артып алған, суға бара жатқан бір жас әйелге кездестік. Олармен қатарласып біраз жүрдік, сіз екеуіңіз әңгімелестіңіздер, біраздан соң екеуіңіз де түсіп, қол ұстасып жаяу жүрдіңіздер. Біраз жүргеннен соң тоқтап, есектің қазығын жерге қадап, менің бұйдамды есектің құйрығына байластырып, бізді қалдырып, екеуіңіз құм асып кеттіңіздер. Шәй пісірім уақыт өтті, келмедіңіздер. Мен зерігіп, есекпен сөйлеспекке жақындап едім, ол артын беріп, мені теппекке ыңғайланды. Аулағырақ кетейін десем, жібім есекке байлаулы. Сонда:

«Есектің құйрығына байланған тағдырым-ай», - деп өмірі басқа бір жануарға тәуелді болмаған басым тағдырыма бір рет налып едім. Сіздер біраз уақыттан кейін белден түсіп, қайта оралдыңыздар, біздердің жолымыз екі айырылды, бірақ түйе басыммен сол жолғы есектің құйрығына байланғаныма қорланғаным осы күнге дейін есімнен кетпей, көңілімнің бір бұрышында жатыр еді. Сіз сұраған соң есіме түсіп, айтып жатқаным ғой, - деген екен.

Шымкент қаласында Базарбаев Марат есімді інім бар. Сол Мараттың азаматтарға беретін өзіндік бағасы бар. - *«Базар нарқы сияқты әрбір азаматтың нарқы болады. Қарапайым тілмен айтқанда әрбір азаматтың немесе қайбір саланың басшысының сол қатарлы қызмет атқарып жүргендер ортасында салмағы болады. Бір азаматқа көңілі толса, «ол 1 кило ғой» дейді. Көңілден шықпаса, «100» немесе, «200 грамм ғой» дейтіні бар. Мараттың осы тұжырымының қисынды екенінін тарқатайын. Толыққанды азамат - 1 кг., содан төмен қарай 700, 500, 300 немесе 100 грамм тартатыны болады. Рейтинг сияқты ғой. 200-100 грамм тартатын басшының карамағында білім-білігі, ұйымдастыру қабілеті, азаматтық ұстанымы – 1 кг., 800 гр., 700 гр. тартатын қызметкерлер отырады. Осы 1 кг. немесе 800-700 грамдық маман 200-100 грамдық басшыға бағынышты. Одан күнделікті тапсырма алады, парқы шамалы, салмағы жеңіл басшының тапсырмасының салмағы ауыр болғанымен, сөйлеген сөзі түйеден түскендей дөрекі келеді және көбіне қисынсыз болады. Осы қисынсыз бұйрықты білікті маман орындауға мәжбүр. Орындай алмағаны үшін сөз естиді, қысым көреді. Жұмыстан шығып кетейін десе, жаңа жұмыс табу қиын. Бала-шағасын асырау үшін амалсыз есектің құйрығына байланған түйенің тағдырын кешеді.*

Осыдан кейін біздің елде түйе сияқты есектің құйрығына байланғандай хал кешкендерден жағдай сұрайтын кез қашан туар екен деп ойға қалдым.

АҢСАТ Сәби Әбдіқадырұлы,
Темірбек Жүргенов қоғамдық қорының төрағасы
№11 (108) 1-15 маусым

ТУЛГА



ЕЛДІҢ КӨРКІ, ЖЕРДІҢ КӨРКІ – ЕР АҒА

*Дүниенің байтағы – дала дер ем,
Даладай кең адамдар болмаса егер.*

Қ.Мырзалиев

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасы, «УАЗ-469» автокөлігімен жүйткіп келеміз. Қармақшы ауданының бұрынғы Чапаев колхозы, қазіргі «Ақтөбе» ауылынан таң атысымен шыққанбыз. Жаңақорғанға құдалық кешірімге бара жатырмыз. Машинада-жүргізуші, мен және Ерекең ағам, Ерназар Сексенбаев. Ол кісінің Чапаев колхозын 22 жыл басқарып, зейнеткерлікке шыққан кезі.

– *Ереке, жол қысқарсын, әңгіме айта отырыңыз,*- деймін. Бұған дейін Ерекең өзінше Сыр бойы мақамының бір әуеніне түсіп, ыңылдап келе жатқан.

– *Сөйле десең, сөйлейін,*

Сөзбенен кеулің делбейін.

Жез бұйдалы мен наршаң,

Қолыңды арт та, жетеле,

Елпеңдеп неге ермейін,- деп Балқы Базардан шұбырта жөнелді.

– *Балқы Базардың Пішанның Төребайына кеуіл қосын айтсаңыз дұрыс болар еді, Базекең жырларының ішіндегі шоқтығы биігі зой, бұл толғауға Мағжан Жұмабаев жоғары баға берген.*

– *Өзің білесің бе оны, білсең, маған несіне айт деп отырсың?*

– *Мен әр жерінен, шала білемін. Осы толғауды, сөз қадірін білетін тыңдаушысы келісті болса, бір жақсы отырыстарда менің нағашым Қарекең Керейтбаев домбырасыз-ақ ұғынықты етіп айтып жүр. Ол кісі айтып отырғанда айызым қанып тыңдап, іштей қосылып отырамын, рахат табамын.*

– *Иә, айтушыдан тыңдаушың мықты болсын деген зой,- деп алгі толғауды, оған қоса Балқы Базардың «Өзімдей-ақ ұл туарын» ыңылдап отырып айтты.*

– *Әй, енді өзің де айт білетініңді, тегін жырауды таптың зой сен,-* деп маған тиіскен болады.

Тұрмағанбеттің «Ой терең, ойлар нәһан теңізден де», «Күн туса нұр қашады айдандағысын» айтып бердім.

– *«Ой тереңді...» толық айтқан жоқсың.*

Тұрекеңнің «Назым» атты кітабындағы нұсқасын толық айттым, Ереке.

– *«Назымға» енген Тұрекеңнің көп өлеңдерінің «құдай», «алла», «жаратқан ием», яғни діни танымдарға қатыстыларын қысқартқан, өздерінше «түзеген» зой. Тұрекең – тұңғыш теңіз зой, 30 мың жолдық шығарма «Шаһнаменің» қазақша жазылуы ол кісінің білім деңгейінің шығыс жұлдызы Фирдоусимен шамалас екендігін көрсетіп тұр.*

Сонымен, Жаңақорғанға да жақындадық, Ерекең маған жолшыбай әлденеше рет шаруа жайларымен қоныстанып отырған киіз үйлерге қарай машинаны бұр, барып ағарған, сусын сұрап ішейік дейді. Танымайтын, білмейтін үйден сусын сұрап ішуді ерсілік көріп, жүргізушіге бұрылмай тура жүре бер деп ишарат етем. Сөйтсем, менің ерсі көруім, қалада тұрғандықтан, қазақилығымның кемдігі, ол кісінің «тауға барса ақ бұлтпенен, шет елге барса жат жұртпенен» (Қ.Мырзалиев) етене, ішек-қарындай араласа беретін қазақилығы екен ғой. Жаңақорғанға кірген соң көздеген үйге бірден бармай, шай-су ішіп, шаршағанымызды басып алу үшін сол кезде ауданның атқару комитетінің төрағасы қызметін атқаратын Қоянбай Қалмырзаев досымыздың үйіне аттың басын тіредік. Келсек, Қонекен де, зайыбы Үржан да үйде жоқ екен. 16-17 жасар қыз бала төсек жайып, бірден шай дайындау қамына кірісті. Ерекең мұздатқышты, шкафтарды ашып, «бұл үйде жейтін не бар екен» деп қарап жүр. Дастархан жайылды, қыз бала көргенді, тәрбиелі екен. Қаймақ құйылған шайға, дастархан мәзіріне риза болған Ерекең әрбір кесе шайды ішкен сайын «мынау бір қойлық шай болды-ау» деп қояды.

Ерекең ағаммен қала мен ауылда тұрып, туыстық қатынаспен араласқаным болмаса, жақын сұхбаттасуыма, әр түрлі «әңгіме-дүкен» құруыма осы жолы ғана мүмкіндік туды. «Әңгіме-дүкен» демекші, сөз арасында Ерекең «Шораяқтың Омарының» «Алдарыңа ұсындым, жас қозыдай пісіріп» деген тіркесі бар өлеңін талдап, жас қозының еті жұмсақ, балбырап піседі, оны жас та, кәрі

де, ауру-сырқау да жей береді, табылса қалжаға да жас қозының етін жеп, сорпасын ішкенге не жетсін дейді. «Әңгіме-дүкенде» үй тола сөз қадірін білетін кісілер отырып, кезектесіп ой толғап, арғы-бергі өткен билердің бір дастанға бергісіз байламдары мен ел қорғаны болған батырлардың ерліктері жайлы шежіре сыр шертілсе, дүкеннің ішіне кіріп, небір тәтті жеміс-жидектердің дәмін татқандай әсерде боласың, тынысың ашылады ғой» деген-ді.

Иә, Ерекең әңгіме-дүкеннің шебері еді ғой. «Ақтөбе» ауылында, марқұм Жантақбай ағаның отбасындағы құдалықтың тәтті шайында нағыз әңгіме-дүкен болды. Құдалар Жаңақорғаннан, қожалар әулеті – Үсейінов Әләудин мен ақын, ұстаз жетісайлық Баязитов Байқожа, құдағиымыз – сол ауданның ел қадірлеген ұлағатты ұстазы, бибі Фатима атанған ақын Баязитова Қадиша. Құда Баязитов Байқожа адам болмысы, ұлағат, жастар келешегі жайындағы әңгімелерін өзінің шымыр ойларымен, тас түйін тұжырымдарға құрылған төртаған өлеңдерімен тұздықтап отырды. Өз кезегінде Ерекең де қожалар шежіресін, оның ішінде Ер Сейтпембет Әулие, жеті өлікке жан берген Мүсірәлі сопы тарихын жеріне жеткізе иландыра айтып, айналасындағыларды еліттірді. Шіркін, сол кездегі құда сыйлау ретімен берілетін шайлардың «тәтті» аталуы да тегін емес қой.

Ерекең Чапаев колхозына төраға болып сайланған 1961 жылға дейін сол шаруашылыққа басшы тұрақтамаған. Сол кездегі коммунистік партияның кадр таңдау, орналастыру және дайындау саясатының дұрыстығынан облыста атақ-даңқы жалаң, құрғақ көрсеткіш арқылы емес, азаматтығымен, қазақшылығымен ел ағасы бола білген, ірі астық өндірісі командирлері – Алдаберген Бисенов, Жаңабай Азаматов, Ұзақ Еспанов, Мөрәлі Шәменов, Өмірзақ Тұңғышбаев, Ерназар Сексенбаев сияқтылар елдің нанын емес, қамын жеген, елді ел қылған, жерді жер қылған, елмен қуанышы да, қайғысы да бір болған, өмір бойы қара жермен тілдесіп, елдің ырызғы-несібесін молайту жолында қыруар еңбек еткен, тер төккен, бір жылдық еңбек демалысының өзін қара жерді қар жапқанда алған, аттары аңызға айналған тұлғалар болды.

Атамыз қазақтың дарқандығы мен мейірбандылығы Ерекеңнің бойынан көрініп тұратын еді, даладай кеңдік ол кісінің кере қарыс

маңдайы, шамшырақтай жанған сәулелі көзінің нұры, палуан денелі бітім-болмысымен үйлесім тауып, жан жомарттығы сезілетін. Өзі басшылық жасап отырған ауылдың жоқ-жітік, кем-кетік отбасыларының отын-суын, пішен-шөбін бірінші кезекте жеткізіп беруі колхоз басшысы Ерекеңнің мойнында. Мұқтаж отбасылардың әлеуметтік қорғалуы мықты болған сол кезенді жамандаушылар «коммунизм құрамын деп әлек болғандар» деп өздерінше білгішсініп жүр.

«Коммунизм өтіп кетті ғой» деушілер жаңағы «білгіштерден» анағұрлым көп. Реті келген соң айта кетейін. Қармақшыда Еламановтар әулеті Қорқыт стансасының бастығы болған, Ленин орденді, құрметті теміржолшы атанған әкесі Қайып, анасы Зағидың әруақтарына арнап дастархан жайып, құдайы ас беріп, құран бағыштады. Сонда айтылған мына мысал кім-кімді де бейжай қалдырмас деп ойлаймын. Қорқыт теміржол стансасындағы 60-70 шақты үйдің, азын-аулақ малдары бар, станса тақыр жерге орналасқан, көкорай шалғын шөп жоқтың қасы, тек көктемде дария тасығанда, су жайылған шамалы жерге пішен шөп шығады. Сол ауылдан арнайы бірнеше адам бөлініп, шабындықты шаршылап өлшеп, әр үйдің мал басына шақтап бөліп, сосын ортадан шөп оратын орақшылар шығарылып, бірінші кезекте азаматы жоқ, кемтар отбасыларының шөбі дайындалып, мал қораларына тасылып беріледі екен. Осыны коммунизм емес деп көрші, кәнекей. Бұдан асқан әділдік, бұдан асқан мейірбандылық болуы мүмкін бе? Осындай мейірбандылықтың азаюы, тіпті жоғалуы, Мұхтар Шахановша айтсақ, «қалайы қасықпенен сорпа ұрттаймыз, жер бетінде күмістің аздығынан» дегендей, елдің егесі болған Ерекеңдер мен Қайып ағалардың аздығынан немесе жоқтығынан. Жатқан жерлері жарық болғай жарықтықтардың!

Отанның отбасынан басталатынын, әр отбасының тату-тәтті, шырқы бұзылмай, нәресте жетімдік, әйел жесірлік көрмеу керектігін өз дәрежесінде түсіне білген де Ерекең шығар. Тек түсініп қою аз. Ерекең жарастығы бұзылған жұбайларға дәнекер болып, кетіп қалған келіннің артынан ағайынның бас білер адамын жіберіп, араға бітімгершілік сөз салып, өзі сан мың жұмыс арасында уақыт тауып қадағалап, тіпті өзі де барын салып,

қаншама жанұяның жарасып кетуіне себепкер болып, сауапқа қалғанын көз көрген, куә болғандар әлі де еске алып, айтып жүр.

Аты-жөнін атап айтпай-ақ қояйын, жақын ағайынның келіні екі баласымен еліне (көрші облыс) кетіп қалып, қайтып оралмайды. Күйеуінің, ата-анасының әрекеттері оң нәтиже бере қоймаған соң, Ерекең жолға шығады, жанында кетіп қалған келіннің күйеуі. Поезбен, одан автокөлікпен, жер шалғайлығына байланысты көптеген қиындықтар көріп, арып-ашып, шаршап жетеді ғой. Барған бойдан, келіннің шешесі – құдағи мінезі шайпау тілді, ақылын ашуға жеңдірген, аталы сөзге құлақ аса қоймайтын кісі екен, Ерекеңді де сыбайды ғой былапыт сөздермен. Сонда Ерекең: *«Тәйт! Сен өзің не қылған кемпірсің, мұсылмансың ба? Біз құдайы қонақпыз, саған әлі шаруа да айтқан жоқпыз, біз шөлден қаталап, осы ауылға әрең жеттік, шайыңды қой, оған дейін бізге сусын бер, шөліміз қанған соң, саған «алла разы болсын» айтамыз, сәлем берген кісінің сәлемін алғанда, сауап алады ғой, соны білмейтін бе едің?! Екеуіміз де жасасымыз келген кісіміз, бізге керегі сауап емес пе? Бас салып дәретіңді менің аузыма сие бердің. Менде нең бар, дәретің қысып бара жатса, әжетханаға бар, болмаса, мына баланың (қасындағы келіннің күйеуі) танауы үңірейіп тұр ғой, сенің әжетіңе жарарағандай, сен сияқты бірнеше кемпірдің дәреті сияды»*, - деп ашуға басады.

Кейде «ашудың ағат болмай, сауап болатыны» да осы сәтте орынды болғаны ғой, құдағи тынышталыпты. Өңгіме үстінде даладан екі бала үйге кіріп «папалап» әкесінің мойнына асылған, осы сәтті пайдаланған Ерекең: *«Мына балалар «папалап» әкесіне жармасып тұрғанда, сенің кедергі болатын ретің жоқ, балалардың өмірлерін өксітіп, қандай опа таппақсың»*, - деген.

Сонымен Ерекеңнің барған мақсатты шаруасы орындалып, ауылға көңілденіп, жеңілденіп қайтқан. Мұндай мысалдарды айта берсе, жетіп артылады.

Ерекең 1917 жылы дүниеге келіп, 1937 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің жұмысшы факультетін бітіріп, ағарту саласында қызмет етеді. 1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынып, Финляндия соғысына қатысады. Ұлы Отан соғысында Екі мәрте Кеңестер Одағының Батыры, генерал майор

А.Ф.Федоровтың партизан құрамасында атқыштар взводының командирі болған. Майдандағы ерліктерін, Чапаев колхозындағы мыңғырған мал өсіріп, мыңдаған гектар жерге күріш егіп еткен ерен еңбегін жазу менің қолымнан келетін шаруа емес, оны сол Қармақшы ауданында қызметтес болған, Ерекеңді жақсы білетін ізбасар інілерінің еншісіне қалдырдым. Майдандағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбектеріне сай Ерекең І дәрежелі Отан соғысы, екі рет Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы ордендерімен марапатталған, Қазақстан коммунистік партиясы XIV съезінің делегаты болып сайланған. 2005 жылы 87 жасында өмірден озды.

Ерекеңнің қонақасы дастарханынан кейін, ол кісіні қадірлеп, қасиет тұтатын замандастары, інілері түннің біраз уақытына дейін әңгіме-дүкен құрдық. Әңгіме-дүкеннің көрігін ақжарлық Әубәкір (Телеу руынан) ақсақал қыздырды. Ол кісі де марқұм болды, жатқан жерің жайлы болғай. Әуекең тірі тарих, тұнып тұрған шежіре екен, әңгімелердің небір түрін қозғады. Не деген зерде, не деген терең білімділік деп мен таң қалдым. Әңгіме желісі 1925-1940 жылдарғы оқиғалар, сол кездегі жер, су, құдық, төбе, арық атаулары – бәрі-бәрі Әуекеңнің жадында екен. Диктофон болып жазып алынса, сол айтылған күйінде әдеби, тарихи татымды, шағын-шағын шығармалар болары анық еді. Ел іші тұнып тұрған зерделі, ойлы әңгімелерге толы ғой жарықтық. Көп қонақасыларда келісті әңгімелер бола бермейді, Ерекеңнің қонақасысы өзінің тірідегі болмысына сәйкес болды деп ойлаймын.

Ерекеңнің жаназа намазына, соңғы сапарға шығарып салуға кезінде облысты басқарған, қазір көбісінің көзі жоқ, Ә.Әлжанов, Ғ.Мұхаметжановтар бастаған елдің абыз ақсақалдары қатысты. Мен митингіде ағайын-туыстар атынан айтқан қоштасу сөзімде: *«Қармақшы топырағында тамырын тереңге жайған, көлеңкесінен талайлар сая тапқан мәуелі бәйтерек құлады – Ерекең ағам – елдің үлкен жүректі Ерекесі өмірден озды. Ерекең елге сөзімен де, ісімен де қорған болған. Қадыр Мырзалиевше айтсам, Ерекеңнің жұдырықпен бір қойып жілікті сындыратын жігіт шағы майданда өтіп, жаудан талай тіл әкелген, талай фашисті жер жастандырған, жеңіс күнін жақындатқан, бейбіт күнде күнге қақталып, пісіп, нан қадірін білген, қолда кетпен*

ойнатқан, жерге соқа бойлатқан, қу далада қой бағып, нулы көлде шөп шапқан, еңбектің, ащы тердің дәмін татқан, жердің көркі, елдің көркі болған ағамыздан айрылды. Жердің киесін қасиет тұтқан, елдің иесі болған, көсіліп сөйлегенде көсем, шешіліп сөйлегенде шешен, бір ауыз сөзбен асқақтағанды тоқтатқан, өзі де бір ауыз аталы сөзге тоқтаған, артында Ерекең айтыпты деген сөз қалған, ауылымыздың да, ауданымыздың да ажары мен айбаты болған азаматымыздан айрылды. Ағайын, нанды қадірлейік, нанға асылық жасағандар біздің Ерекең сияқтылардан кешірім сұрауы тиіс. Ем қонбайтын дерт – кәрілік Ерекеңді де қажытты, еңсесін түсірді, біздің есімізде Ерекеңнің қартайған, қайғы ойлаған, қажыған түрі емес, ол кісінің «әй!» деп ажа, «қой!» деп қожжа болған абыз қалпы, жарқын мейірбанды бейнесі сақталады», -дедім.

Иә, маңдай тіреп іздеп баратын Қармақшыда Ерекең жоқ, Қызылордада Қара (Керейтбаев), Алматыда Елеусін (Қайназаров) ағаларым жоқ. Жақсы аға, жақсы адам ауа сияқты, олар азайған сайын тынысың тарылады. Алдыңда ағаң болған қандай жақсы!

Аңсатов Сәпен (Сәби) Әбдіқадырұлы,
Қармақшы ауданының құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері
№8(105) 16-30 сәуір

ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ

Ұлы Отан соғысы. Қазір бұрынғы Кеңес Одағының құрамына енген республикаларда бұл соғысқа қатысты көзқарас өзгере бастады. Ал бізде ше? Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн. 200 мың адам шақырылып, олардың тең жарымы майдан даласынан оралмады. Осы деректің өзі бұл соғыстың қазақстандықтар үшін қастерлі де қасіретті екенін аңғартады. Соғыс тарихында алтын әріптермен жазылып, халық жадында мәңгі сақталып қалатын ерліктер болады. Солардың бірі өртенген ұшағын жаудың техникаларына бағыттап, мерт болған Кеңес ұшқышы Николай Гастелло мен немістің оқ шашқан дзотын кеудесімен жапқан Александр Матросовтардың есімдері күні кеше кеңестік мектеп оқулықтарына енгенін аға ұрпақ өкілдері жақсы біледі. Алайда соғыстағы аласапыран сәтте жоғарыдағы ерліктерді жасап, ұзақ уақыт белгісіз қалған боздақтардың есімдері кейін халқына мәлім бола бастағанын көпшілік біле бермейтіні анық. Біздің бүгінгі әңгімеміз олардың қатарында болған екі қазақ жігіті туралы.

БЕЛАРУССИЯ АСПАНЫНДАҒЫ АЙҚАС

Жиырма бір жасында теңдесі жоқ ерлік жасаған жас қаһарман Бақтыораз Бейсекбаевтың есімі кешегі күнге дейін беймәлім болып келген еді.

1941 жылдың 26 маусымында Смоленск маңындағы Боровское аэродромының 42-ші алыстан бомбалаушы әуе дивизиясының 207-ші полкінің ұшақтары аспанға көтеріледі. Оларға Минскіден батысқа қарай 40 шақырым жердегі Радошковичи поселкесінің аймағында немістің танк колоннасын аяусыз бомбалау жүктеледі. Көктегі гүріл мен жердегі дүрілден құлақ тұнған шақта екі топқа бөлінген ұшақтарды капитан Александр Спридонович Маслов пен Николай Францевич Гастелло экипаждары бастады. Жаудың танк колонналарына шүйілген ұшақтар тобының алдыңғы қатарында

Масловтың экипажы бар еді. Жерде қоңыздай жорғалаған құрыш сауытты танкілерге олар ойдағыдай ойран салып қайта бергенде жау жақтан атылған оқ алдыңғы екі экипажды отқа орады. Штурвалына зақым келді ме, басқадай себеп болды ма Гастеллоның ұшағы әлдеқайда алысқа құлаған. Әйтеуір бір өлім барын тез ұққан Масловтың экипажы ұшақты тура танкілердің колоннасына бұрады. Ішінде атқыш Бактыораз бар экипаж түгелдей опат болса да, бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген ерлік жасаған еді. Бұл оқиғаны көрген басқа ұшақтардағы экипаж мүшелері танкілердің үстіне түсіп өртенген экипаж Гастеллоныкі шығар деп топшылаған. Аға лейтенант Воробьев пен лейтенант Рыбастың сырттай болжауымен Масловтың экипажы елеусіз қалғанда, Гастеллоның даңқы дүние жүзіне тарап кетті. Тарамағанда қайтсін, Ұлы Отан соғысындағы ең алғашқы Батыр!

Арада он жыл өтеді. 1951 жылы 12 мамырда Беларуссия мемлекеттік әскери мұражайының директоры Щучкий Молодечненский облыстық атқару комитеті төрағасының атына «күпия» деген белгімен хат жазып, Родошковици поселкесінің маңына құлаған Гастелло басқарған ұшақ экипажының мүшелерін орталық зиратқа әкеліп қайта жерлеу жөнінде ұсыныс жасайды. Мектеп оқушылары, әскери адамдар, зиялы қауым қатысқан осынау жиынның көзінше Гастеллоның қабірі қазылады.

Қабір ішінен Гастеллоның емес, Масловтың мәйіті шыққанда таңғалмаған адам болмайды. Қап-қара боп күйген қаңқа сүйекте қол мен аяқ жоқ еді. Есесіне жанған мәйіт бойынан көзәйнек, пәтердің кілті, Масловқа тиесілі тағы басқа заттар табылады. Қабір ішінен бір медальон көзге түседі. Ол аздай Маслов экипажының атқыш-радиси, аға сержант Г.И.Реутовтың құжаттары салынған жеке футляр да бұзылмай сақталған екен. Естерінен тана жаздаған жұрт, іштерінде басшы қызметкерлер де бар, бұл шындықты айтып, ресми орындарға қатынас қағаз жаза бастайды. Бірақ олар Жоғарғы Кеңестің Жарлығымен шыққан Указды бұзуға болмайтынын ескермесе керек. СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Қорғаныс министрілігіндегілер бұл шындықты білсе де, кеңес өкіметінің тастай қатқан идеологиясына зақым келмеу үшін «жабулы қазанды жабулы» күйінде қалдырған. Дегенмен,

пластмасса футлярындағы құжатта көрсетілген И.Реутовтың 1918 жылы Чкалов облысындағы Кулагино деревнясында туғаны, 42-ші әуе дивизиясының 207-ші полкінің атқыш-радисті қызметінде болғаны және Кеңес Армиясының есепке тіркеу мәліметі бойынша 1941 жылғы 26 маусымда хабар-ошарсыз кеткені толық анықталған еді.

Осы дерек басқа да ақиқаттың бетін ашты: бұл экипажда онымен бірге капитан Маслов Мәскеу облысы, Коломенск ауданының тұрғыны, лейтенант Балашов Горький қаласының тұрғыны және кіші сержант Бейсекбаев Бахтурас Алматы облысы, Іле ауданының тұрғыны – бәрі бір сапта болып, 1941 жылы 26 маусымда ДБ-3Ф бомбалаушы ұшағымен әскери тапсырманы орындаудан полкқа қайта оралмаған.

Бұл ақиқатты мойындату үшін талай адамдар тер төкті. Масловтың жесірі Софья Евграфовнаға күтпеген жерден мынадай хат келді: «1941жылы 26 маусымда ерлікпен қаза тапқан экипаж қалдығы табылды. Олардың арасында Александр Спиридонович Маслов та бар... Ержүрек экипаж қалдықтары Радошвичи орталығына ауыстырылып, көмілді». Күйеуі Отан соғысының құрбаны болғаны анықталып, өзі де, қызы да мемлекеттен жәрдем ала бастағанына қарамастан, елеусіз қалған ерінің намысы үшін С.Е.Маслова ашық айқасқа шығады. Бұл күреске 30 жыл өмірін арнаған прокуратура тергеушісі Василий Харитонов деген азамат өзі дүниеден өтерінде Жуковский атындағы әскери академияны тәмамдаған ұлы Эдуардқа осы істі аяғына дейін жеткізуді аманат етіп тапсырған еді. Әскери шені майор, мамандығы инженер Эдуард Харитонов, құдай сәтін салғанда, 1991 жылы Коломна қалалық кеңесінің депутаты, КСРО халық депутаты, Қауіпсіздік жөніндегі комитеттің төрағасы Владимир Яковлевич Стадникке көмекші болып тағайындалады. Бұл кезде С.Е.Маслова да, өз әкесі В.Харитонов та шындықтың түбіне жете алмай, дүниеден арманда кеткен еді. Бірақ Эдуард Харитонов ер жігіт екенін танытудан танбады. Маслов экипажының мүшелері туралы туған жерлерінен дерек жинады. Әскери әуе атқышы Бахтурас Бейсекбаевтың (Ресейдегі құжатта солай делінген) – ұлты қазақ, туған жері Алматы облысы, Іле

ауданы екені ескеріліп, Қазақстан Президентіне де арнайы хат жолдайды...

Ерлік жасалған күннен 55 жыл өткеннен кейін Ресей Федерациясы президентінің пәрменімен Маслов экипажының мүшелеріне Ресейдің Батыры атағы берілді! Белгілі қаламгер, Қазақстан парламенті Мәжілісінің депутаты Арғынбай БЕКБОСЫН Парламентте болған кездесуде бұл жайды Нұрсұлтан Назарбаевқа құлаққағыс етеді. Қазақстан Халықтары Ассамблеясының хатшылығы, Республикалық Ардагерлер кеңесі бұл жауынгерге «Халық қаһарманы» атағын беруге ұсыныс жасайды. Көп ұзамай беймәлім батырдың бұрмаланған есімі «Бақтыораз Бейсеков» екені анықталды. Осы ақиқат негізінде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылы 6 мамырдағы Жарлығымен Бақтыораз Бейсековқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

ЖАУ ДЗОТЫН КЕУДЕСІМЕН ЖАУЫП, ТІРІ ҚАЛҒАН ҚАЗАҚ

Атырау облысының Бәйет деген жерінде туып, Матросовтан 16 күн бұрын ерлік жасаған Боран Нысанбаев туралы 1971 жылы Н.Әбутәлиевтің «Боран Нысанбаев» атты кітапшасы жарық көрді. Батыр атамызға КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 23 қыркүйектегі Указы бойынша Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ал Қызыл Тулы 131-ші Ропшин атқыштар дивизиясының ефрейторы Сабалақ Оразалиновтың жау дзотын кеудесімен жауып, асқан ерлік жасағанын білеміз бе? Бірақ ол Кеңес Одағы Батыры атағын ала алмапты. Сабалақ Оразалинов – Ұлы Отан соғысы тарихындағы жау дзотының амбразурасын кеудесімен жауып, тірі қалған санаулы жауынгерлердің бірі. Жиырма жылдан астам уақыт бойы қаза болғандар қатарына жатқызылды және ерлік көрсеткен жерге ескерткіш-белгі орнатылып, онда қайтыс болған деп көрсетіліп келді.

Бұрынғы Жетісу губерниясы Лепсі уезінің Көксала елді мекенінде, қазіргі Аягөз ауданындағы Көксала ауылындағы осы өзен бойында 1925 жылы туып, ашаршылық кезінде ата-анасынан

ерте айырылған Сабалақ аудан орталығындағы Мамырсу балалар үйінде тәрбиеленеді. Соғысқа дейін Аягөз темір жол депосында жұмыс істеп, соғыс басталғанда, өзі сұранып майданға кетеді. Қысқа мерзімдік мергендер курсы бітіріп, ұрысқа араласады. 1944 жылы 18 қарашада кеңес әскерлері немістердің қорғанысын бұзып өтіп, Эстонияның Моозунд архипелагында шабуыл ұрыстарын жүргізеді. Саарема аралының Каимир елді мекені маңында болған ұрыста Сабалақ Оразалинов жау дзотын кеудесімен жауып, асқан ерлік жасайды. Ленинград госпиталінде жылға жуық емделіп, еліне оралғанымен, туған жерінің ауа райы жақпай, дәрігерлер Алматыға қоныс аударуға кеңес береді. Ол кісі зейнетке шыққанша Алматы шай фабрикасында жемісті еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққан соң, 2-Алматы бекетінің жүк бөлімінде кезекші болып істеді. Көптеген орден, медальдармен марапатталған.

Батырдың бел баласы Асқар – қазақтан бірінші болып су добы спортымен айналысқан, 1991 жылдардан осы саладағы әлемнің танымал командаларында Венгрия, Голландия, Испания және Израильдің «Сентеш» (Сентеш), «Хет Ай» (Амстердам), «Реал» (Мадрид), «Маккаби» (Хайфа) командаларында өнер көрсеткен спортшы еді.

Өзінің Балтық теңізі жағасындағы Сырва түбегіндегі ұрыста болғанын С.Оразалинов былайша еске алады: «Бір белгісіз күш мені бораған оқ астынан тұрғызып, алға сүйреді. Жүгірген бойыммен гранатаны құлаштай лақтырдым да, жата кеттім. Граната ұяға таяу жерге барып гүрс етті. Сірә, адамдары жараланған болуы керек, оқ нөсері бір сәтке тына қалды. Орнымнан қайта тұрып, жанұшыра екінші гранатаны лақтырдым. Мүлт жіберіпін, оқ қайта борады. Алғашқы екі жарақаттан әлсіреген мен көзім бұлдырап кетіп, бір шешімге келгендей болдым да, шайқалақтап жүгіріп келіп, оқ шашып тұрған ұяны кеудеммен жаба құладым» (Ж.Аупбаевтың «Бір ұрыста 12 жарақат» деген мақаласынан. «Лениншіл жас» 1980 ж., 9 мамыр). Шабуылға шыққан майдандастар фашистердің 200-ге жуық солдатын, көптеген техникасын жойып, екі деревняны азат еткен. Осы ұрыста жауынгерлерді рота командирі, аға лейтенант Климов шабуылға көтереді. 1944 жылғы 18 қарашадағы осы ерлік жөнінде

дивизиялық «За Отчизну», армиялық «Ленинский путь» газеттері жазыпты. Бірінде оны «геройски погиб» деп те жіберіпті. Бірақ ол тірі қалып, еліне оралған.

Оның мәнісі мынада екен. Амбразураны жапқанда, денесіне он екі жарақат алса да, аман қалыпты. Екі жыл бойы Таллин, Ленинград госпиталінде емделіп, 1946 жылы ғана елге қайтқан екен.

Өткен ғасырдың 1968 жылы КСРО-ға кең тараған «Известия» газетінің қосымшасы етжеңді «Неделя» апталығында «Бізде Матросовтар нешеу?» деген мақала шықты. Онда сондай-ақ, үш ер – Владимир Майборский, Товье Райз, Александр Удодов тірі екендігі жазылған. Ал Александр Матросовтың өз басы орыс емес, шын аты-жөні – Шакирян Мұхамедиянов, башқұрт ұлтынан шыққан.

Жоғарыда аталған мақалаға келсек, Н.Борисов КСРО әскери мұрағатының құжаттарын ден қоя зерттеп, 1941 жылдың 24 тамызында жау дзотының аузына денесімен құлап, ең бірінші болып осындай ерлік жасаған политрук Александр Панкратов екенін П Дүниежүзілік соғыс тарихын зерттеушілердің назарына ұсынған еді. Н.Борисов өз мақаласында Орта Азиядан бес қазақ – Сұлтан Баймағамбетов, Сүндетқали Есқалиев, Жұман Қарақұлов, Жанғазы Молдағалиев, Ақәділ Сухамбаев және бір өзбек Тастемір Рүстемовтің есімдерін атайды.

Осы мақала шығысымен, солардың ішінде елге тарап, аты аңызға айналған Александр Матросовтың ажал шашып тұрған жау дзотын құлай жауып, жанын қиған оның ерлігін жалғастырған қазақтар мен қазақстандықтар туралы ізденіс алаш жерінде кеңінен басталып кетті.

Белгілі жазушы, публицист, филология ғылымдарының кандидаты 2014 жылы өмірден озған бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұлов қазақстандық матросовшылар жайында деректер жинауға бел шеше кіріседі. Тынымсыз ізденіп, тапқан деректерінің негізінде «Лениншіл жас» газетінің 1968 жылғы 9 мамыр күнгі санында «Қазақстандық матросовшылар» деген мақаласын жариялайды.

Кейінірек Тоқтар Бейісқұлов жинаған деректерінің ауқымын кеңейте келе, «Кеудесін оққа тосып...» деген екі баспа табаққа жуық кітапшасында қос шығысқазақстандық: шарлық Петр Карелин, аяғөздік Сабалақ Оразалинов және Максим Южаков, Григорий Постольников, Иван Скуридин, Александр Васильев, Әбілқасым Арғынбаевтардың есіміндерін анықтап, Матросовтың ерлігін қайталаған қазақстандықтар санын 15 адамға жеткізеді.

Соғыстан кейін Қызыл Тулы 131-ші Ропшин дивизиясының ардагерлер кеңесі майдандастарын іздестірген кезде Сабалақ Оразалиновтың тірі, 2-Алматы бекетінің жүк бөлімінде кезекші болып істейтінін әрі жеті бала тәрбиелеп өсірген өнегелі отағасы екенін білді. Кеңестік кезеңде С.Оразалиновтың ерлігі жайында Қазақстан журналистері көптеген мақалалар жазды.

1980 жылы Қазақ теледидары Сабалақ Оразалинов туралы «Ваш подвиг не померкнет в веках» атты деректі фильм түсіріп, оны КСРО орталық арналары бүкіл Қызыл одағы бойынша көрсетті. Осы көрсетілімнен кейін С.Оразалиновқа КСРО-ның түпкір-түпкірінен хат-хабар қарша жауады. Соның бірі – Дондағы Ростов қаласындағы майдангер Константин Чернышевтың жеделхаты мынандай: «Дорогой Сабалак, совершенный вами героический подвиг, мужество и отвага в период Отечественной войны золотыми буквами вписаны в историю ленинградского военного округа. Ваше имя и подвиг бессмертны...».

Оразалиновтың КСРО-ның Эстония, Ленинград және басқа өңірлерінде тұратын майдандас серіктері кеңес-партия органдарына Сабалақ Оразалиновқа КСРО Батыры атағын беру мәселесін көтерді. Бірақ орыстың әсіреұлтшылдығы парасатты санадан жоғары түсті.

Ж.ӘЛМАХАН
№9(106) 1-15 мамыр

ҚОМШЕКЕҢ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Газеттен Ә.Рахымбекұлының «Қомшабай» атты естелігін оқып, онымен кездескен 1958-1962 жылдар еріксіз ойға оралды. Ол кезде мен Қазалы ауданының Мұратбаев колхозында белсенді колхозшы едім. Заман талабына сай комсомол болғандықтан қол күші кем колхоз өндірісінің алғы шебінде жүру уақыттың басты қажеттілігі еді.

Ет, сүт, жүн өндіруден Американы қуып жетіп, басып озу жөніндегі Рязань облысының еттің бес жылдық жоспарын екі жылда орындау, Валентина Гаганованың артта қалған бригаданы алға шығару, жүгері өсіру көлемін ұлғайту сияқты Бүкілодақтық қозғалыстар ол кезеңде жиі болатын. Ал оларды комсомолдар қызу қолдап, көпке үлгі болуы тиіс. Сол бастамаларды жүзеге асыруға қатысып, мен колхоздың ет бағытындағы малын бағып, жүгері де, күріш те ектім. Олардан жоғары өнім алып қана қоймай, ондай патриоттық істердің саяси маңыздылығына байланысты мен облыс, республика тіпті Одақ көлемінде жиындарға қатысып, дәріптеліп, газеттер мен радио мені жазып, айта бастады.

Сол жылдары бір күні жасы өзіммен қарайлас, толықтау, әдеміше келген жас жігіт ауданға мені іздеп келіпті. Ол жай жымып, өзін күлімсіреген күйде «Қомшабай» деп таныстырды. Келбеті келісті, жан дүниесі кең, адамды өзіне тартып тұратын, жылы жүзді, мінез-құлқы ұнамды, жайсаң жан екендігі анық сезіліп тұрды. Мен түрі де, жаны да, киімі де әдемі өзіне жарасып тұрған, жарқын да ашық жүзіне қарап, «Қомшабай» деген атқа оны қимағандай оймен шын аты емес шығар деген пікірде тұрдым. Сөйлесе келе жиырманың үстіне жаңа шыққан жас жігіттің ұстамдылығы, байсалдылығы бөлек, ой-өрісі, түсінігі бізден оқ бойы озық екендігін байқадым.

Жалпы сол кездің жастары іс-қабілеті болсын, туыстық, достық қарым-қатынасы болсын, түйсік-түсінігі болсын қазіргі құрдастарынан салыстырмалы түрде ілгері тұратын сияқты көрінеді маған.

Ол облыстық радио комитетте қызмет жасайды екен. Мен Алматыда еңбек озаттарының республикалық жиналысына қатысқанымда, аты қазір есімде жоқ бір журналист кездесіп, мен туралы материал беру үшін мені республикалық радиокомитетіне ертіп барды. Сол жерде даусын біз радиодан ғана естіп жүрген Жамал Омарова, Рахия Қойшыбаева тағы басқа атақты әншілерді пианинода сүйемелдейтін Татьяна Борисовна деген кісі мені де сынап, бірнеше қазақтың халық әндерін орындадым. Соны журналист достарынан естіп келген беті екен. Бірден бұрыннан жақсы таныстар сияқты араласып кеттік.

Ол кезде арқаға асып жүретін дауыс жазатын құрылғы болатын. Соған Қомшабай да менің орындауымдағы бірнеше әндерді жазып алып, облыстық радиодан беріп жүрді.

Содан бастап сирек те болса кездесіп жүрдік. Әр кездескен сайын ол маған арасында ән салдыратын. Әсіресе «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген Абайдың сөзіне жазылған әнді ерекше ұнатып, тыңдайтын. Ол оның талғамының жоғарылығын, ақынжандылығын, сезімталдығын білдіреді.

Бірде Қызылордаға барғанымда ол мені сол кезде жаңа салынған театрдың директорына ертіп барды. Менің қолымда С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» деген кітабы бар болатын. Театр директоры соны алып, алғашқы беттерінің бірін ашып еді, онда:

Қамысы Әупілдектің мүше, мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше,
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе

Барар ем Сәулетайға әлденеше,- деп басталатын өлең шумақтары бар екен. Директор соны өзі мәнерлеп оқып болып, маған оқы деген ишарат білдірді. Мен де дәл сондай етіп оқып бердім. Ол бірден маған театрға жұмысқа алатындығын, тіпті өзі басты рөлде ойнайтын «Ақан сері, Ақтоқтыдағы» Ақанның рөлін беретіндігін айтты. Театрдан шығып, орталық алаңға қарай кететін көшенің бойында сол кезде екі қабатты үй болатын. Соның тұсына келген кезде Қомшекең маған: «Мына үйде әртістер тұрады, саған да осыдан үй береді, кел» деді. Осының бәрі оның жанының

өнерге, адамдарға қаншалықты жақын екендігін көрсетеді. Ол менің келешегімнен үлкен әртістік үміт күткен екен.

Бірақ маған Қомшабайдың үмігін ақтау бұйырмапты. Өмір мені басқа арнаға бұрып әкетті.

Естеліктегі оның ауыр науқас пен жан дүниесінің астаң-кестең арпалысынан туындаған төмендегі өлең жолдарын оқығанда сондай бір ауыр сезім менің бойымды да жайпап өткендей болды:

Айтпады жұрт аузы қисық, бүкір деп,
Сонысына жүрген жанмын шүкір деп,
Қанша жылдар өтті бармақ шайнаумен
Сыртым бүтін, ішім күнде түтіндеп...
...Аз көрдім бе ақыретін науқастың!
Азарына шыдағанмын жау-қастың.
Жанталастым дауа таппай дертіме,
Басымды ұрып жақпарына тау-тастың.
Науқас меңдеп, тұрмыс билеп сапсыдым,
Өлім тілеу демесе де жақсы ырым,
Күнде ақырет, күнде тақсырет тірлікті,

Талақ тастап, кетер ме едім тап шыным,-деп тебіренген жайсаң жанның аласұрған жан қиналысына өзім де бірге қиналғандай болдым. Тағдырдың қаталдығына кімді жазғыруға болады?! Сол сәтте оның «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да»-ны соншалықты әсермен тыңдайтындығы бәлкім, сол кезде де ауыр дерттің ешкімге білдірмей жүрген алғашқы белгілері болды ма деген ойда қалдым. Қалай дегенде «Жарқ етпесті...» сондай ынтамен талғамы жоғары сезімтал жандар ғана тыңдап, бойына сіңіре алады. Маған оның атының да шын аты емес сияқты көрінуінің де сыры естелікті оқығаннан кейін түсінікті болды. Бала тұрмағанда ырымдап сондай ат қояды. Бұл жаратылысынан ерекше туылған жандарға тән құбылыс. Ата-ана қанша көз тимесін деп бүркемелегенмен табиғаттың өз есебі болады. Бірақ жаратушы пендесіне бір перзентті талантты етумен қатар, жаны азапқа өмір бойы түспейтіндей етіп беруге қимағаны несі?

Қомшекеңді тағдыр қаншалықты қатал сынаққа алса да, ішкі карама-қайшылықтарын тежеп, өзінің өмірге құштарлығымен, қайсарлығымен оған қарсы тұра алды. Оған оны асқақ ар-намысы,

қайнаған рухани күш қуаты жігерлендіріп, шабыт берді. Сол шабыттан туындаған дүниелерді өзіне азық етті. Осылай айықпас дертпен өмір бойы теке тіресіп, артына қаншама жырлар қалдырып, адамдық бейнесін биік те таза ұстау сондай жандардың ғана қолынан келеді.

Одан кейін Қомшекеңмен кездесуге тағдыр жазбаған екен. Қайран ермен кездесіп, сол жан дүниесіне қозғау салатын әнді айтудың сәті түспегендігі өкінішті-ақ.

Адам өміріндегі қысқа ғана кездесулерде жадында сақталып, бейнесі көз алдында тұратын жандар болады. Қомшекең мен үшін әрқашан құрметпен қарайтын сондай жан болып қала береді.

Ә.ЖАНАЕВ,
Қазалы ауданы
№1(98) 1-15 қаңтар

ҰСТАЗДЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Жүректерге жететін жылылығы,

Тәлімінен тараған ізгілігі.

Ұстаз деген – ұлтының мақтанышы,

Ұлытаудан асатын ұлылығы.

...Сынаптай сырғыған заманның өмір-өзен жылнамасынан әдетте, әр пенденің жүріп өткен жолы үңілген жанға әр қырынан сыр шертіп тұрады. Әсіресе, бұл – жастайынан тартқан тағдыр тауқыметіне мойымай, қанына сіңген намыс найзағайымен әркез алға ұмтыла беретін жандарда анық байқалады. Өмірдің жақсылығын да, жоқшылығын да көріп, ыстық-суығына төзіп, адами болмыс-бітімі мен парасатын, адамгершілік асыл қасиетін қандай мансапқа болмасын айырбастамай, адалдықты, елге, жерге деген шынайы махаббатты ту еткендер үшін ол тіпті алыстан «мен мұңдалап» тұрады екен.

Олай дейтінім – сонау ел басына фашистік Германия төндірген қанқұйлы соғыс тұсында өмірге келіп, оның зобалаңын бастан кешіріп, бүгінгідей тәуелсіздікке жетіп, егемендік жолында аздық-көпті еңбек етіп, ел ағасы атанған, көңілімнің көгінен, жүрегімнің төрінен орын алған, жаны жайсаң, ел сыйлаған абзал азамат Жақсыбек Егізбайұлымен арамыздағы сыйластық пен жарасымдылықты жалғастырып келе жатқан тағдырыма тәубе етемін.

Жақсыбек Егізбайұлының өмір жолына терең үңілсек, талай қиыншылықты көріп, сол қиындықтармен осы уақытқа дейін тайсалмай күресіп келе жатқан қайсар тұлға екенін танимыз. Оның өмір жолы шын мәнінде оңай болған жоқ. Әкесі Егізбай 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанғанда Жақсыбек аға анасының құрсағында еді. Бұл күндері Жәкең әкенің көзіндей сақтап жүрер мұра болар ең болмаса тот басқан шеге де қалмағанына өкініш білдіреді. Бұл әкеге деген сағыныш сарыны болар.

Сұрапыл соғыстың қайнап жатқан кезінде қазақтың маңдайына біткен асыл арыстарды топырлатып дүниеге алып келуі тегін емес. Сол соғыс кезінде туылған, Жәкеңмен түйедей құрдас Ақселеу

Сейдімбек ағамыз асыл әкесін сағынғанда қарайтын суретінің де қалмағанына өкініп:

*Қайран әке, ұл туды деп мақтанып,
Шілдехана жасай алмай шаттанып.
Мен қалыптын омырауында анамның,
Қан майданға кеткенде сен аттанып.*

*Қырғын соғыс қыршын жасты жалмапты,
Келер деген үмітіміз алдапты,
Әке, сені сағынғанда қарайтын,*

Ең болмаса суретің де қалмапты, – деген жыры кез-келген адамды елжірететіні анық. Бұл сол кездегі әкелері соғысқа аттанған сәби балалардың бәріне тән жағдай еді.

Осылайша елде жесір ана, жетім бала көбейді. Солардың бірі – Жәкең мен анасы Ұлсүйер еді. Анасының етегіне оралып, таңды – кешке, түнді – таңға ұрып, уақытпен санаспай колхоздың фермасында еңбек етті, сол кездегі сәби балаларда балалық шақ болған жоқ. Оларды қатал тағдыр мен қиыншылық ерте есейтті. Сондай бар ауыртпалықты Жақсыбек аға да көрді. Қабырғасы қатпай жатып жұмыс істеді, оқу оқыды. Ана мақсаты көздің қарашығындай сақтай отырып қызы Тазақұл мен ұлы Жақсыбекті жетілдіріп, ел қатарына қосу болатын.

Жақсыбек Егізбайұлының өмір жолына зер салып, үнілгенде оның жастайынан-ақ өте еңбекқор, намысшыл, адал, білімге құштар болғандығы аңғарылып тұрады. Орта мектепті бітірісімен өзге сыныптастары сынды жоғары оқу орнына түспей, асыл анасын колхоздың ауыр да азапты жұмысынан жеңілдету үшін «Бәйдібек» ауданы «Борлысай» ауылы «Қызылаларық» 8 жылдық мектебінде дене шынықтыру пәнінен сабақ берді. Бұл оның «ендігі жерде анам тауқымет тартпасыншы» деген ойдан туындағаны сөзсіз. Алайда, екі жылдан соң алдына қойған асқақ арман, өршіл талап ағайды Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтына жетеледі. Институтты 1967 жылы семсерлесу мамандығы бойынша тәмамдап, туған ауылының спортын өркендетуге белсене кірісіп кетті. Ауылдағы мектепке орналасуы Жақсыбек Егізбайұлының еңбек жолының бастауы еді. Жасын

отындай жарқылдаған жас жігіт ылдидан салса төске озатындығы бірден-ақ сол кездегі басшылардың көзіне ілікті. Кеңес заманында жастарды басшылық қызметке көтеру үшін олардың арасында қолынан іс келетін, білімді, біліктілерін, ұйымдастырушылық қабілеті барларын ғана жоғары қызметке алып, жан-жақты сынап, темірді көрікке салғандай етіп пісіріп, тәжірибеден өткізетін еді. Мұндай сыннан Жақсыбек Егізбайұлы да сүрінбей өтіп, 1970 жылы 28 жасында арнайы жолдамамен ауылдан алыс, бейтаныс Жаңақорған ауданындағы жаңадан ашылған спорт мектебіне директор қызметіне тағайындалады. Қазақтың оң жамбасына келе бермейтін мың жылдық тарихы бар сонау күрделі техникалық семсерлесу спорт түріне алыстағы ауыл балаларының шұғылдануына республикада тұңғыш болып жүзеге асырды.

Міне, осыдан кейін Жәкеңнің басшылық қызметі басталды десе де болғандай. Ағайдың зор ұйымдастырушылық қабілеті мен талапшылдығының нәтижесінде спорт мектебінің кадрлық әлеуеті мен материалдық базасы нығайып, спорттық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы орындардан көрінді. 1976-1979 жылдары аудандық «Жас сұңқар» жазғы тынығу лагерінің басшысы қызметін қатар алып жүрді. Лагерь жұмысын көтеріп, облыстық деңгейде семинар өткізіп, үздік нәтижелерге қол жеткізді. 1973 жылы Қазақ КСР Оқу министрінің шешімімен «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағы берілді. Бұл білікті басшының жас та болса ерен еңбегінің бағаланғаны еді.

1980 жылы Қызылорда облыстық білім беру бөлімінің мектеп инспекторы, 1981 жылы А.С.Макаренко атындағы облыстық балалар үйінің директоры қызметіне тағайындалды. 1999 жылы өзі білім алған қазіргі Қазақтың спорт және туризм академиясында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Жәкең республикалық, облыстық, қалалық көпшілік қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. 1999-2003 жылдары аралығында Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды. 2000 жылы «ҚР Дене тәрбиесі мен спортына сіңірген еңбегі үшін» Құрмет белгісімен марапатталды, 2002 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен доцент ғылыми атағы берілсе, 2004 жылы Қорқыт Ата

атындағы ҚМУ-нің академиялық профессоры атағы берілді. 2006 жылы «Қазақстанның құрметті спорт қайраткері» атағын алды. 2003 жылы Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшелігіне қабылданды. 2005 жылы Халықаралық педагогикалық Білім академиясының корреспондент мүшесі болып сайланса, 2007 аталған академияның академигі атағы берілді. 2006 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды. 2011 жылы ҚР туризм және спорт министрлігінің шешімімен «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» атағы берілді. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин, Әл-Фараби, Қорқыт Ата атындағы, «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік және ҚР мәслихат депутаттарының 20 жылдық медальдарымен марапатталды.

Басшылықтың жан-жақты сынынан өткен осыншама атақ-дәреже мен лауазымды қызметке әркімнің қолы жете бермейтіні белгілі. Жәкеңе халық сенді, басшылар мақұлдады. Үлкен-үлкен лауазымды қызметтерді азаматтарымыз бағына орай кеңес заманында да атқарған, қазір де атқаруда, атқара да береді. Солардың арасында бұрын да, қазіргі кезде де мансаптың буына елігіп, лауазымын қара басының қамы үшін пайдаланып жүрген пенделер де бар. Бірақ соншама лауазымды қызметтің тізгінін ұстап, атақ-дәрежеге кенелсе де Жақсыбек Егізбайұлы абырой-атағына, атқарған қызметіне, болмыс-бітіміне, адами парасатына кір келтірген жоқ. Адал да арлы жанның абыройы оны ешқашанда тастап кетпейтінін дәлелдеді.

...1983 жылы жоғары жақтан түскен пәрменге байланысты А.С.Макаренко атындағы облыстық балалар үйінің директоры қызметінен босап қалған Жақсыбек Егізбайұлын құқық қорғау органдары тергеп-тексерді. Ондағы ойлары – абыройлы азаматтың кіршіксіз адамгершілік қасиетіне тұсау салып, сағын сындырып, арына дақ түсіру еді. Бірақ қайда жүрсе де, қандай қызметті атқарса да өзінің бойындағы барлық күш-қуатын еліне, отанына арнаған Жақсыбек Егізбайұлынан кінә табылмады. Ол қызметтен кетсе де бойын тік ұстап, кеудесін жоғары көтеріп, жұрт көзіне тұра қарай алды...

Бүгінде ел ағасы атанып отырған үлкен жүректі азамат балашаға, ағайын-туғандардың, өзін сыйлайтын елінің, достарының, шәкірттерінің ортасында адамгершілік асыл қасиеттерін жоғары ұстап, абыройлы өмір сүріп келеді. Аян, Аят, Баян, Балғын, Бағлан есімді перзенттерінен өрбіген немерелерін тәуелсіз еліміздің өркендеуі жолында адал қызмет ететін азамат етіп тәрбиелеп, жетілдіріп келеді.

Қазіргі таңда, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, академик. 25 жылдан астам осы білім мен ғылымның қара шаңырағында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында білім алатын студент жастарға өмірлік тәжірибесін жұмсап, өнегелі тәрбие беріп, шалқар біліммен сусындатып келеді. Ол шын мәнінде – үлкен жүректі Ұстаз.

Жақсыбек аға дене тәрбиесі мен спорт саласы бойынша ғылымды дәріптеді, ұлағатты ұстаз ретінде мыңдаған шәкірттің жүрегіне ізгілік нұрын септі. Ғылымға деген адалдығымен, тазалығымен, парасаттылығымен, турашылдығымен өзгелерден оқ бойы көрінді. Шәкірттерін де адалдыққа, арлы болуға, ешкімнің ала жібін аттамауға тәрбиеледі. Әр адамның басты парызы еліне, ұлтына адал қызмет ету болса, Жақсыбек Егізбайұлы сол міндетті биік тұрғыда орындап келеді.

Шығыстың ғұламасы Жүсіп Баласағұн «Нағыз адамның белгісі–кісілік» дегендей, Жақсыбек аға – кісілік келбетін келістіріп, шынайылықты асқақтатып жүрген ардақты жан. Ал, өз заманының озық зиялысы Ебіней Бөкетовтің: «Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары – ғылым адамдары» деген сөзі Жәкеңнің бойындағы абзал қасиеттерге арналғандай.

Ағайдың ғажайып мінезі, өмір құбылыстарын алыстан пайымдай алатын сезгіш те сезімтал қырағылығы, сақ қырандай сергектігі мен алдағы нысанаға жан-тәнімен беріле құлайтындығы таңғалдырады. Көкірегінің көзі бар, керек істі алыстан болжай білетін кемеңгерлігі, көрегендігі аса жинақы кесек мінезінен туындаған деп түйіндедім. Бұл туралы орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстой: «Ұлы іске ұмтылсаң, жаныңның барша күшін бір бағытқа жұмылдыру керек» деген екен. Сол сияқты қандай

жұмысты қолға алса да, одан белгілі нәтиже шығарғанша Жақсыбек аға тынбайтын. Уәдеде тұру, сөзге беріктік, адами жауапкершілік, ұқыптылық, жинақылық, мәдениеттілік негізі кредосы.

Ағай жолдас-жораларымен, қызметтес әріптестерімен, курстас достарымен, ізбасар шәкірттерімен ара-қатынасын үлкен өреге жеткізе білетін мейірбанды, ұлтжанды, ізгі жанды, азаматтық борышына кір түсірмей парасаттылық танытып келеді. Мысалы, осыдан 55 жыл бұрын студенттік кезеңде достарының жазған хаттарын сарғайып кетсе де «жан досым» деген қасиетті бір ауыз сөздері үшін, достарының шынайы көңілі үшін осы уақытқа дейін жеке мұрағатында сақтап келуі, оның досқа деген шынайы парызын ақтау жолындағы нағыз адамгершілік, кісілік, адалдық, қазақы бауырмалдық деп білемін. Бұл достыққа деген беріктілік, сыйластық, қимастық болса керек.

Жақсыбек аға байсалдығы, ұстамдылығы, ерекше біткен сыпайылығы кербездікке тартатын зиялыдан да жоғары бекзат кісі. Ол кісімен бірге жүру кісіліктің нағыз ашық сабағы деп есептеймін.

Атақты өнер тарланы Асанәлі Әшімов: «Біреулерге атақ берген, біреуге соны ұстап тұратын абырой бермеген» деп айтқанындай, Алла тағала, Жәкеңе сол атақты да, абыройды да ұстап тұратын кемел ақыл берген. Рухани мұратқа адалдықтың, елге қызмет етудің нәзира үлгісі осындай болса керек. Осы бір асыл туған тектілік қоғамдағы барлық буын өкілдеріне де жұғысты болса екен деп тілеймін.

Қазіргі таңда, жоғары деңгейде көтеріліп жүрген, бүгінгі рухани сұранысқа ие Жақсыбек Егізбайұлының ұлттық рух, мәдениет, ұлттық сана, тіл, діл, өнер, ұлттық тәрбие, дәстүр, спорт бағытындағы әңгімелерінің қағазға түскен нұсқалары оқырманды ойландырмай қоймайды. Қазір өзінің бұл әлемге кіріп кеткені соншалық тоқтай алмайтындай. Таяуда осы «Шындық пен әділдіктің ақсемсері», «Бір сыр бар суреттерде айтылмаған», «Ізгілікке ұмтылу» сияқты дүниелері «Атадан қалған жалғыз ұл» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Қысқасы, өңірлік газеттердің тұрақты авторына айналған Жәкеңнің

жарияланымдары газет беттерінде жарық көрмей қалса, оқырмандардың іздеп жүретіндерін естіп жүрміз. Халықтан биік сыншы жоқ. Осының өзі де табанды еңбектің рухани жетістікке айналғанының бір белгісін білдірмей ме?

Қазір, шынын айту керек, өтірік өрге басып тұрған заман. Кешегі күннің шындығын бүгінгі тірі шежіре Жәкең сынды толымды тұлғалар айтпаса, ертеңгі күні ол әңгімені біреулер өтірік қосып айтуы әбден мүмкін. Өткен күннен естелік айтушылардың бірсыпырасының өзінің мүддесін ғана ойлап, өзін жанашыр жандай көрсетіп, жалған айтатыны да байқалып қалады. Ал, бір ірі тұлға туралы айта қалса, өзін ол кісіден бір сәт те төмендетпей сөйлейтіндер де бар. Әрине, мұндайдың бәрін кемеңгер халық, ойлы оқырман біле қояды. Ал, енді Жәкеңнің сын мақалаларында, әңгімелерінде оның бірде-бірі жоқ. Сондықтан да көпшілік оқырманың сүйіспеншілігіне, көзайымына бөленген айтулы тұлғаның қасында жүріп, ақылын ұғынғаныма Жаратқан иеме шексіз алғысымды білдіремін.

2016 жылдың ұстаздар мерекесі қарсаңында университет ректоры, т.ғ.д., профессор Қ.А.Бисенов Жақсыбек Егізбайұлын педагогикалық қызметтегі көп жылғы жетістіктері үшін Қорқыт Ата атындағы алтын медальмен марапаттады. Бұл ерен еңбектің ескерілгені, бағаланғаны деп білеміз.

Жақсыбек Егізбайұлы ағамыз бүгінде 75 жасқа келіп отыр. Мерейтойыңыз құтты болсын, еңбегіңіз жана берсін асыл ұстаз!

Жандос ЕСІРКЕПОВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
№7(104) 1-15 сәуір

ОТЫЗЫНДА ОРДА БҰЗҒАН ОТЫЗБАЙ

Сонау 1950 жылы Шіркейлі каналына жағалай қатар орналасқан Шандайкөл, Көптіңкөлі, Қарабөгет деп аталатын үш колхоз бір шаруашылыққа бірікті. Ортада «Сағынай көпірінің» оң жағалауында «Құмақбай талы» деген жасыл желекке бөленген бау болатын. Шаған елдімекеніне, Тереңөзекке баратын жолаушылар Шіркейлі каналын жағалай осы баудың іргесінен өтетін. Ел тұрақтанбай көшіп, қонып жүргенде осындай бау жасау, ел көрген, жер көрген, мәдениетті адамның ісі екені кімге де болса түсінікті еді.

Құмақбай – егін салған, бау-бақша өсірген бағбан. Жеті жасар егізді арбаға жегіп, қалаларды аралап сауда-саттық жасап, ауылдағы ағайындарын асыраған, елді отырықшылыққа, егіншілікке үйреткен, көпке пана болған азамат. Ол кісі алып тұлғалы, батыр мінезді, қайратты, сауатты, бойына ақындық, әншілік дарыған сері болған. Құмақбайдың әйелі – Зылиха атақты кете руынан шыққан, сөзге шешен, ақын, би патыма болған кісі екен. Осы Құмақбайдан Исабай, Исабайдан Отызбай туады. Әкесі Исабай Отан соғысына аттанғанда құрсақта қалған Отызбай 1942 жылы атамекені «Құмақбай бауында» дүниеге келген, балалық шағын анасы Бопылдың тәрбиесінде өткізеді.

Отызбай да әкесі мен атасы сияқты ірі денелі, бойшаң, сымбатты, қашанда күліп тұратын, әзіл-оспағы жарасымды, сөзді ретімен тауып айтатын, отырған жері базар, домбырамен өлең айтып ән шырқайтын, жолдас-жораларына беделді, айтқан сөзін тыңдата алатын сыйлы азамат еді. Әділдікті сүйетін, шындықты бетке айтатын, турашыл болатын.

Еңбек жолы қазіргі Ақжарма ауылы, бұрынғы Абай колхозында егінші-механизаторлықтан басталып, 1961 жылы Қазақтың ауыл шаруашылық институтының оқуға түседі. 1966 жылы оқу бітіріп, өз ауылында агроном қызметіне кіріседі.

1967 жылдың наурыз айында Шіркейлі кеңшарына бас агроном болып ауысқан іскер маман Азаматовтың университетке бергісіз тәрбие мектебінде екі жыл жұмыс істеп, 1969 жылы жиырма жетіге қараған жасында Партияның XVIII съезі атындағы кеңшарға директор болды. Ол Қазақстандағы ең жас директордың бірі еді.

Сол кездегі аудандық ауылшаруашылық басқармасы мамандар бөлімінің бастығы, Мұса Сексенбаев төмендегінше сыр қозғайды:

«Халық емес пе, біреулері «тым жас, бұрын басышылықта жұмыс істемеген екен, әй қайдам, шаруаны алып кете алса игі еді» десе, қалғандары «ақыл жастан, асыл тастан деген, сөз саптасы ерекше екен, түсі игіден түңілме деген емес пе, түбі осы баладан бірдеме шығады» деп оған сенім арта сөйледі. Отызбайды сырттай білетін қатарлары: «Ойбай, бұл жігіт он саусағынан өнері тамған домбырашы, күйші болса, оның үстіне жезтаңдай әнші зой»,– десті.

Шын мәнінде Отызбай жас та болса бас боп, кеңшар еңбеккерлерімен тез тіл табысып кетті. Арадағы жақсы қарым-қатынасты ауыл ақсақалдарынан бастады. Бұрын ел басқарған ардагерлер Бердібек Жылқыбаев, Оспан Ермаханов, Төлеген Қарғабеков, Қайранбай Сманов, тағы сол сияқты ағаларымен жиі ақылдасуды әдетке айналдырды. Елдің кәрі-жасын алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра біліп, халыққа үлкен қозғау салды. Кеңшардың шаруашылығы бір-екі жылдың өзінде-ақ жемісті жұмыстық нәтижесін бере бастады. Отызбайдың өн бойына және жаратылысына біткен таңданарлық ерекше қасиеті – адам жатырқамаушылық еді. Жас жағынан үлкен болсын, кіші болсын, әйтеуір кіммен болса да тіл табысатын. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» дегендей, ішінара әзілдесіп, кейде бір-бірімізге бір-екі шумақтан өлең жазысып та отыратын кездеріміз жиі кездесетін».

Кеңшарға басшы болып Отызбай келген әдепкі жылдардың өзінде-ақ шаруашылықтың барлық салалары бойын тіктеп, ауызға іліне бастағаны былай тұрсын, 2-3 жылдың ішінде аудандағы іргелі шаруашылықтардың қатарына қосылды. Күріш дақылын ору, жинау, бастыру, мемлекетке астық тапсыру мерзімін екі жыл қатарынан рекордтық 20-22 күн ішінде орындап шығып, аудан халқын таңғалдырған да осы кеңшар еді.

Отызбайдың ісінде тындырымдылық, сөзінде тапқырлық бар болатын. Бұл кеңшарда күріш дақылын егетін негізінен екі учаске бар. Бірі – «Соркөл». Осы учаскеде өкіл болып жүрген кеңшардың жұмысшылар комитетінің төрағасы Әбжан Арынов бір күні кешкілік телефон арқылы Отызбайға бұл жақта қырманшыларға беретін ет таусылғанын айтып:

– Шабакты жеп арықтағы,

Қырманшылар арықтады,– десе, Отызбай:

– Арықтаса арықтасын,

Астық беріп жарытпады,– деп әдемі әзілді жарасымды етіп жалғастырып жібереді.

Отызбай жас та болса жұмысты қолма-қол ұйымдастырғыш, ешкімді де айқайлап, үркітіп жұмсамай-ақ жылы сөзін, әзілін қоса қолдана отырып, өз жоспарын қалайда іс жүзіне асыратып. Ертемен атқа қонып, кешке дейін егіс бригадаларын тегіс аралап, комбайндар тоқтаған кезде орталық қырманға соғатын. Ол кездегі әдет бойынша Алматы, Қызылорда қалаларының жоғары, орта оқу орындарынан аудан шаруашылықтарына көмекке студенттер келетін. Олардың негізгі жұмыстары қырман басында астық тазартып, оны мемлекетке жөнелту еді. Міне, түнгі сағат 2-3-тер кезінде жастардың шаршағандары білінген сәтте Отызбай оларды қырман ортасына жинап алып, қолындағы домбыраның құлағын қатты бұрап, қағып-қағып жіберіп, өзінің қоңыр, кең тынысты даусымен аспандата шырқап ала жөнелетін. Оған студенттер бар ықыласымен қосыла кетіп, қырман басын бейнебір той-думанға айналдырып жіберетін, әннің аяғы биге ұласатын. Мінекей, осындай аздаған демалыстан кейін жастық жалын лаулай түсіп, жұмысты жапырып-ақ тастайтын.

Отызбай өлең жазғанда ешқандай күй тандамайды. Қырман басында, кеңседе-ақ немесе таразының басында, күріштің үстінде отырып-ақ айтар ойын өлең жолдарына айналдыра салу оның әдетіне айналғандай еді.

Соңғы кезде денсаулығы төмендеп, жиі-жиі емханада емделетін болды. Бірде ауруханадан шыққаннан кейін кеңсеге келіп, жігіттердің ортасында әзіл-күлкіге қарық қылып отырып: «Дәрігерге барсам, «жұмысты қой, өзіңді күт» дейді, кеңсеге келсем, «жұмысыңды атқара бер» дейді, Алланың жазуы біледі, не істе десе соны істеймін, жұмыс десе жұмыс істеймін, өлең айт десе оны айтамын, биле десе билеймін,– деген еді. Өмірінің соңында қалалық ауруханада жатып емделді. Қайтыс болар алдында реанимация бөлімшесіне түскенде осы мақала авторларының бірі үш тәулік бойы қасында болып, қолдан келген дәрігерлік қызметтің бәрін жасады, бірақ ажалдан алып қала алмадық. Қиналып жатып бақилық болатынын сезді ме: «Әсеке достым, маған жақындашы, қолыңды бер, мен бұл өмірдің осылай болатынын білмеппін, саған, дәрігерлеріңе көп рахмет, маған нағыз азаматтық іс жасадың, достарыма, отбасыма менен сәлем айт, хош достым» деді де, көзін жұмды.

Отызбай 50 деген ердің жасына жетпей өмірден өтті. Оның сол ғұмырында халқына, ел-жұртына, туған-туысқандарына, жора-жолдастарына жасаған қамқорлығы да жетерлік.

Еңбегі де еленбей қалған жоқ. 11 жыл совхоз директоры, кейінен облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, облыстық жеміс-жидек өнімдері бірлестігі директоры, облыстық тұтынушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, басқа да басқару орындарында қызмет жасап абыройға ие болды.

Тереңөзек аудандық партия комитетінің 11 жыл пленум мүшесі, аудандық кеңестің үш рет сайланған депутаты болды. «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ республикасы жоғарғы кеңесінің «Құрмет Грамотасы» және де басқа бірнеше үкімет наградаларымен марапатталды.

Құдай қосқан қосағы Бердібаева Ұлдыгүлмен тату-тәтті өмір сүріп, 4 ұл, 1 қызды болды. Оларды өсіріп, тәрбиеледі, азамат етті.

Отызбайдың жарқын бейнесі ұмытылмайды, артында ағайын-туыстары, ұрпақтары барда рухы биіктей түседі.

«Жаңа дос тапсаң да, ескі досты ұмытпа» дегендей, ол біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жақай БОДЫҚБАЕВ,
қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары,
Әскербек ТӨРЕКЕЕВ,
Қызылорда облысының құрметті қайраткері
№1(98) 1-15 қаңтар

ТЕГІ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ТҮЛҒА

Ағарту саласының ардагері, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төралқа мүшесі Камаладдин Наурызбаев 80 жасқа толып отыр. Редакциямызбен белсене араласатын Камаладдин ағаны мерейлі мерекемен құттықтай отырып, ұзақ та қызықты ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз. Ұл-қызыңыздың, немерелеріңіздің қызығына, көпшіліктің ықыласына бөленіп, асқар таудай болып арамызда жүре беріңіз.

«Тіл сақшысы» газетінің редакциясы

Жеке бір кісілер жайлы жазу екі жақты үлкен жауапкершілік. Себебі, көп жағдайларда автордың ой-пікірлері, толғаныс-тебіреністері кейіпкеріңіздің ойынан шыға бермеуі мүмкін, оның үстіне ол өзімен қатар жүрген аға иә іні болса. Ал мен жазбақшы болып отырған Камаладдин Наурызбаев жауапкершілігімді бірнеше еселей түсетіндей. Оның есімінің өзі ислам әлемінде аты алтын әріптермен рәуіштелген Ысқақ баб немесе Бабатайдан бастау алатын Бақсайыс қожалармен тікелей байланысты. Ысқақ бабаның аталары Орталық Азияға Құтайба ибн Муслимнің әскерімен VIII ғасырдың басында келген. Кейін бұл әулеттен шыққан үш баба - Абд әл-Жалил баб (Қорасан және Дуана қожалардың атасы), Абд ар Рахым баб (Қарахандық қожалардың бабасы) және Ысқақ баб (Бақсайыс және Аққорғандық қожалардың атасы).

Ысқақ бабтың кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Бабата ауылының іргесіне орналасқан. Ол – Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің де бабасы. Ысқақ бабтан бастап, Қожа Ахмет Иасауи мен оның ағасы Садыр атаға дейін 11 ата болған (Кұл Мұхаммед), Иасауден тараған ұл жоқ. Сондықтан Мұхаммед – Ханафия ұрпағы әрі қарай оның ағасы Садыр атаның ұлы Данышпан Мұхаммед қожа (Зарнуки) арқылы жалғасады. Данышпаннан өрбіген ұрпақ Мұхиддалы шайх – Аладдин шайх – Жамаладдин шайх арқылы Камаладдин шайхқа келіп тіреледі. Хазірет Камаладдин шайхтың даңқы «Бақсайыс әулие» деген атпен бүкіл Орталық Азияға кеңінен тараған. М.Әуезов қожа нәсілінен, оның ішінде осы Бақсайыстан шыққан.

Міне, шежіреге үңілсек (арабтың «шаджара» – ата тек деген сөзінен шыққан) біз айтып отырған ағаның Камаладдин деген есімінің өзі тұңғыық тарихымыздың түкпірлеріне жетелеп, әр сөзінді дәлелдермен дәнекерлеп айтуға, жазғаныңды өзгелермен жаңылдырмауға меңзейді.

Ал Наурызбайұлы деген тегіне келсек, ойымызға XIX ғасырдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің басында тұрған Кенесары Қасымовтың оң қолы болған інісі Наурызбай батыр көз алдымызға елестейді. Наурызбай Қасымов (1822-1847 ж.ж.) Кенесары тұтқынға түскенде өз еркімен ағасының қасына барып, 25 жасында Қырғыз манаптарының қолынан қаза табады. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл, сөзге шешен әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген палуандығымен, саятшылығымен ерекшеленген тарихи тұлға.

Әрбір ата-ана өмірге келген перзентінің келешегіне өздері көрген тауқыметтерден аулақ болсын деген үмітпен ат қояды. Бүгінде сексеннің сеңгірін ауыздықтап отырған Камаладдин ағамыздың әкесі Наурызбай ата мен анасы Қазыкүл әжеміз (әруақтары риза болғай) ұлының атын тарихта болған ұлы тұлғалардың есімдеріне еліктеп қойса керек.

Енді жоғарыда айтып кеткен «Камаладдин шайхтың кемел қасиеттері бүгінгі Камаладдин болмысында көрініс таба алды ма?» деген сауал төңірегінде ой қозғасақ, ағаның биік тұлғасы көз алдымызға келері анық. Осы бір жағдайды айтып отырғаным Камаладдин ағамыздың да саналы ғұмыры мектепте (бұрынғыша мешітте) ұстаздықпен өткенін барша оқырмандарымыздың естеріне салу.

Камаладдин ағаның балалық шағының жоқшылықпен, қиыншылықпен өткенін білгенмен, оның кейбір сәттерінен ештеңе айта алмаймын. Іргеміз бөлек болды. Оның үстіне менен үлкендігі бар. Білетінім әкесі Наурызбай өмірден ерте озып, анасы Қазыкүл апа үш қыз, бір ұлмен жесір қалады (Шарбан, Шарипа, Камаладдин, Салиха). Жалғыз ұлының оқу жағдайына байланысты қалаға көшіп келіп, пәтер жалдап тұрады. Ақылды ана ұлы Абайдың: «Балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет» деген (25-сөз) тағылымын берік ұстағандығының куәсіміз. Ал бір ұлттың ғылым, білімін, жетістігін білу үшін оның ең алдымен тілін меңгеріп, сол тіл-кілт арқылы олардың ұлттық зертханасына кіруге мүмкіндік болатыны бесенеден белгілі. Осы бір

өмір шындығы елде қазақ мектебінде оқып, тірі орысты көрмесе де орыс тілі мамандығын қалап, Қызылорда педагогикалық институтына келуі, Кенесары мен оның інісі Наурызбай батырдың дегенінен қайтпайтын бірбеттігін, Бақсайыс бабасындай білімге деген құштарлығын алдымызға тартатындай.

Кәмекең педагогикалық институтты тәмамдасымен анасымен еліне көшіп келеді. Туған ауылы «Шіркейлінің» (бұрынғы «Қызылту») орта мектебінде ұстаздық қызметін бастаған Камаладдин аға білімділігімен, ол кезде сирек кездесетін орыс тілі мұғалімі ретінде көзге түседі. Ағаның орыс тіліне жүйріктігі, қазақ классиктерімен ғана шектелмей, Ресей, Батыс, әлем классиктерін тек оқып түсініп қоймай, олардың тәтті дәмін тұшынып, түйсігіне тоқуына мүмкіндік бергені анық. Оқыған кітаптарының сандық шамасын нобайлағанда, Кәмекеңнен көп оқитындар саусақпен санайтындай-ақ шығар?! Қазақ, орыс классиктерін айтпағанда Ги де Мопассан, Теодор Драйзер, Александр Дюма, Марк Твен, Джек Лондон, Габриэль Маркес, Орхан Памук, т.б. аттарын айға білейтін жазушылар шығармаларынан кейбір сәттерді қазіргі өмірмен байланыстыра айтқанда, өзің оқығандай сезінгенмен, олармен бейтаныстығыңа өкінесің де. Камаладдин аға әу бастан тарихи шығармаларға өте құмар болғандықтан, І.Есенберлин, И.Калашников, Б.Жандарбеков, Е.Тұрсыновтың әр қилы тарихи сан алуан оқиғаларға, тарихи тұлғаларға арналып жазылған еңбектерін ерекше бағалайды.

Бұрынырақта дүниенің кілті деп есептелінген (Абай) орыс тілін меңгергендердің шоқтығы елден ерекше тұратын-ды. Ол заман қажеттілігі еді. Өмірден озғаннан кейін төбемізге көтерген Мұқағали Мақатаев та туған ауылының мектебінде орыс тілі пәнінен сабақ бергені, орыс тілін жетік меңгергендігі оған Алла сыйлаған ақындығын әлемдік деңгейге көтеруіне ықпал етті. Содан да болар, ақынның танымдық, географиялық шеңбері өзімен қатарлас ақындармен салыстырғанда өте кең болды. Осылайша Камаладдин ағаның өз қатарларынан білім деңгейінің жоғары екендігін, ізденімпаздығын ешкім жоққа шығара алмайды. Алла сыйлайтын ақындық Кәмекеңе берілмегенмен, ақындардың өлеңін саралап, сұрыптап сезімталдықпен оқудан кенде емес.

Қызмет барысында еңбегімен елге еленген Кәмекең аға Тереңөзек аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқарды. Сол кезде ауданның 1-хатшысы болып қызмет атқарған Қонысбек

Қазантаевтың идеология саласындағы сенімді серігі бола білді. Кәмекең үшін ол кісімен қызметтес болған сол кезең еңбек жолының нағыз жарқын парағы болып саналады. Кеңестік идеологияның тәрбиелік, тазалық, әділдік жақтарын терең меңгерген ағаның беделі жоғары болды. Қазіргі нарық жағдайында ішінара кездесетін Абай тілімен айтқанда: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да дәулет қонып... өзіңде жоқты малымен сатып алады... Мал болса құдай тағаланы да паралап алам дейді. Оның діні, құдайы, халқы, білім ұяты, ары, жақыны, бәрі мал» (Сегізінші қара сөз) - деген қағидаға сай Кеңес заманында оларды бірден тыймаса да, тежеп отыратын тетіктер болған-ды. Сондықтан Кәмекең аға заманының саяси шеңберіне сай «партияның солдатты» бола жүріп, газеттерге сыни мақалалар жазғанының, халық алдында кейбір келеңсіздіктерді ашық айтқанының, кемшілік жібергендерді атын атап, өткір сынға алғанының, елге оралымды ойлы пікірлер жеткізгенінің талай куәсі болғанбыз. Ағаның бұл әрекеттерін Наурызбай батырдай қылыш, найзамен жауға шаппағанымен, қас батырлыққа, Камаладдин шайх бабасындай терең ғұламалыққа теңер едім.

Камаладдин шайх (Бақсайыс) Өзбек ханның тұсында (1312-1342ж.ж.) ислам діні ресми мемлекеттік дінге айналып, Дешті Қыпшақ еліне мұсылман дінін уағыздауға жіберілген төрт ғұламаның бірі ретінде елдің астанасы Сарайшықта болғаны тарихи дәлелденген. Кезінде дін аталған мемлекеттердің негізгі идеологиясы болды. Бұны келтіріп отырған себебін Камаладдин аға Наурызбаев көп жылдар бойы идеология саласында еңбек етіп, ауданның (Тереңөзек) оқу бөлімін басқарып, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруде қомақты үлесін қосты. Ағаның жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, мол тәжірибесі мен білімдарлығы арқасында аудан мектептері облыс бойынша алдыңғы сапта болды. Осы жылдары білім берудің әртүрлі мәселелеріне байланысты оның «Қазақстан мұғалімі», «Ленин жолы», «Путь Ленина» сияқты көптеген республикалық, облыстық баспасөз беттерінде мақалалары жарияланды. Демек бұл салада да Камаладдин аға баба жолынан, оның ұстанымынан ауытқыған емес.

Зейнеткерлікке шыққанмен еліміздің тәуелсіздік жағдайында мол тәжірибесі мен терең білімін жастармен бөлісуде шаршамай шалдықпай жұмыс жасауда. Әсіресе, мемлекеттік ұлттық тіліміз қазақ тілі тұғырын нығайтуда жасаған еңбектері ерекше айтуға тұрарлық. Мемлекеттік қазақ тілінің заң жүзіндегі басымдылығының

іс жүзінде толыққанды қамтамасыз етілмегендігі, осы бағыттағы Камаладдин ағаның тосын ойлары мен дәлелді пікірлері тек өзің ғана емес, өзгелерді де қамшылайды, жігерлендіреді, татымды әрі тағылымды ойларға жетелейді.

Бір кездері тарап кетуге айналған облыстық «Қазақ тілі» қоғамының қайта жаңғыруы мен «Тіл сақшысы» газетінің «Қалың оқырманның көзайымына айналуына да Камаладдин ағаның еңбегі зор.

Өкінішке орай, нарық жағдайында кейбіреулер үшін материалдық дүние бірінші кезекке қойылуда. Ал Камаладдин аға үшін адамның байлығы оның материалдық дүниелерімен емес, рухани дүниелерімен бағаланады. Бұл – Камаладдин ағаның бірінші кезектегі ұстанымы.

Иә, адалдығы мен арын ештеңеге айырбастамаған Камаладдин аға мен биыл 70-ке келіп отырған Әлима жеңгеміз өздерінің Алла сыйлаған асыл қасиеттерін перзенттерінің бойларына сіңіре тәрбиеледі. Нәтижесінде қызы Айзат пен ұлы Ғазиздан немерелер сүйіп, олардың рахатын көруде.

Сабылып жүріп марапаттар сұрап алатын кейбір пенделерге ұқсамайтын Кәмекең ағаның орден, медальдары, жоғарыдан алған мақтау қағаздары да мардымсыз екен. Бірақ еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, аудандық деңгейдегі үлкен лауазымдарға ие болып, ағарту, тәрбие саласына еткен еңбегі бағаланып, Сырдария ауданының Құрметті азаматы атағының иегері болғанын өзі ерекше құрметтейді. Адамдардың негізгі бағасын төске таққан темір мен алтындап жазылған мақтау қағаздар анықтамайтынын есептесек, Камаладдин ағаның биік те дара тұлғасын бұл жағдайдың да төмендете алмайтынына бек сенімдімін.

Шамам келгенше аға болмысын оның есімі мен тегінің терең тарихынан іздеп, солармен салыстыра баяндауға тырыстым. Сексеннің сеңгіріне шыққан Камаладдин Наурызбаевтың тектілігін текке жібермеген тұлға екенін оқығандар түсінсе, түйсінсе, ойымның орындалғаны деп білемін. Тілегім: тоқсанға тоқтамай жүзге жетіңіз, алдымызда аға болып жүре беріңіз.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
ҚМУ-дың профессоры
№4(101) 16-28 ақпан

ТАРИХШЫ ДАСТАН СӘТБАЙМЕН СҰХБАТ

Қандай да мемлекеттің (АҚШ, Швейцария сияқты федеративті елдерді айтпағанда) негізінде сол мемлекетті құраушы ұлт тұрады. Ал ұлттық мемлекет болу үшін сол ұлттың өкілдері өздерінің тарихы мен тілін, халықтың мәдениеті мен салт-дәстүрін терең білуі керек. Тіпті біліп қана қоюдың өзі аз, оны мақтаншы тұтып, берік ұстанғанда ғана басқаларға ұқсамайтын ұлттық құндылықтары биік мемлекет бола алады.

Тек тарихшы – ғалым ғана емес, саясаттану, әлеуметтану салаларында да ой қозғап жүрген Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымының докторы Дастан СӘТБАЙ бүгінде асқаралы алпыс жасқа толып отыр. Біздің тілшіміз өзіне ғана тән ой-пайымдауы бар ғалыммен жолығып, ұлттық идеология, ұлттық бірлік жайлы ой бөліскен еді.

– Дастан аға, Жаңа жылдың қарсаңында асқаралы 60 жасқа келісіз, мүшелтойыңыз құтты болсын! Сіздің келген жасыңызды ұлттық ұғымда «Ел ағасы» жасы деп қабылдайды. Сіз өзіңізді қалай сезінесіз?

– Бұл жасқа жауапты халықтың өзі берген. «Көңіл қартаймайды» дейді ғой, ал физикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, әрине, оны сезесің. Жүріс-тұрысың, қимылың баяулайтыны хақ. Бірақ, біздің міндетіміз оған дес бермеу. Жалпы қазақ жас категорияларына үлкен мән берген ғой. Жекеленген ақын-жырауларымыздың адамның бес жасынан бастап 90-100-ге дейінгі аралығындағы ерекшеліктерін сипаттауына, мінездеме беруге атсалыспағаны кемде-кем. Халқымыз адамның жасына сәйкес мынандай негізгі категорияларына тоқталады: жігіттің жасы – 25, жігіт ағасы – 37-40, 50 ердің жасы, ал ел ағасы деп – 60 жастан әрі қарай аттаған. Әрбір адам өзінің мінез-желісін жасына сәйкес ұстануға тиіс болған. Дегенмен, әңгімені тым ғылымыландырмайық.

– Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақтар осы ұстанымдарға сәйкес дәстүрді қатаң ұстанады деп ойлайсыз ба?

- Жоқ. Өкінішке орай, қазіргі либералдық және нарықтық жағдайда қазақтардың менталитеті теріс бағытта көп өзгерістерге ұшырауда. Жігіт ағасының өзін жасөспірімдей ұстап, ұшқалақтануы, ел ағасы жасындағы замандастарымыздың байсалдылығының төмендеуі қынжылтады. Алматы мен Астана қалалары көшелерінің ортасында 50-60 жастағы жүргізушілердің жолға таласып, жаға жыртғысып жатқанын және бейнетаспаға түсіп, әлеуметтік желілердің кейіпкерлеріне айналуын көргенде кәдімгідей қапаланады екенсің.

– Түсінікті. Енді осы тақырыпты одан әрі жалғастырсақ. Сізді Қызылорда жұрты тарихшы ғана емес, саясаттанушы, мәдениеттанушы және әлеуметтанушы ретінде біледі. Сондықтан, қазіргі жаһандану заманындағы ұлттық қауіпсіздігіміздің басты қатерлері деп нені айтар едіңіз?

– Бұл мәселе төңірегінде зиялылар тарапынан БАҚ құралдарында, мерзімдік басылымдарда аз жазылып жүрген жоқ. Елбасыдан бастап жергілікті билік өкілдеріне дейін өз пікірлерін білдіріп жүр. Олардың барлығы әр түрлі ракурстан қаралатындықтан, әр қайсысы өзінше дұрыс. Қарсы уәж айту артық. Дегенмен, біздің зиялыларымыз және билік басындағылар да мемлекеттік идеологияны насихаттауында жүйелілік және нақтылық жетіспейді. Әрине, билік басындағылардың жауапкершілігі өз алдына. Мен көп жағдайларда бұған зиялыларымыз да, нақты айтқанда, мектеп және ЖОО-ның мұғалімдері мен оқытушылар ұжымы да кінәлі деп ойлаймын.

– Не үшін?

– Сабақ барысында немесе тәрбие және кураторлық сабақтарда ең қарапайым халықтық және Ұлттық құндылықтарды өз дәрежесінде түсіндіре алмауында. Жақында халықтық педагогикаға қатысты үлкен жиынға қатысқаным бар. Алматы, Астанадан және өзіміздің университеттен тақырыпқа қатысты үлкен ғалымдар биік мінберден дәріс оқыды. Баяндамаларда мәселенің ғылымиландырылғаны және өзектілендірілгені, «халықтық педагогика» терминінің дүркін-дүркін айтылғанымен, негізгі тақырып жайына қалды. Атап айтқанда, ұлттық дәстүрлер мен ойын-сауықтардың тәрбиелік мәні қаузыланғаныменен, халқымыздың тұрмысындағы жас ерекшелігіне, туыстық жүйесіне, жынысына қатысты ұстанатын қарым-қатынас, әдеп жүйесі туралы ештеңе айтылмады. «Мәңгілік ел» мемлекеттік идеологиясы жарияланғанымен, ол төңірегіндегі пікірлер әлі толастамауда. Шын мәнісінде, біздің бабаларымыз мың жыл бойы дағдарыстардан қайтіп

өтудің жолдарын көрсетіп беріп кеткен. Біздің қасіретіміз – соны қайта жаңғыртып, түсіндіре алмауымызда. Айталық, нағыз ер жігіттің мінез желісі қандай болу керек? Жоғарыда айтқандай, ол өзінің жасына сәйкес өрелі болуы керек және үш жұртымен – өз жұрты, нағашы, қайын жұрты – қарым-қатынасын үзбей, бауырмалдылық, ағайынгершілік, туыстық байланыстарын сақтауы қажет. Бірақ бұл қатынастар саясаттандырылмауы қажет.

– Сізді жаһандану жағдайындағы сыртқы қатерлерге қарағанда, ішкі қатерлер көп мазалайтын сияқты?

– Дұрыс айтасыз. Тарихқа жүгінсек, сыртқы қатерлерге қарағанда, ішкі қатерлер қашан да қауіпті болған. Оның үстіне сыртқы қатерлер туралы аз жазылып жүрген жоқ. Ішкі қатерлердің біріне дәстүрлі қазақ отбасындағы дағдарыстар жатады. Жақында «Айтуға оңай» бағдарламасында 100 қазақ отбасының 80-і ажырасатындығы туралы мәлімет айтылды. Бұл сұмдық көрсеткіш қой. Американдық немесе еуропалық үшін бұл түкке тұрмайтын факт. Бірақ бізге емес. Біздің осы кезге дейінгі ұлт болып сақталуымыздың және аман қалуымыздың басты негізі – берік отбасы болып табылады. Бұған ең бірінші кезекте ақпараттық технология жағдайындағы жастарымыздың ұлттық құндылықтардан алшақтауы кінәлі. Бұрын барлық кінәні кеңестік жүйеге немесе орыстандыру саясатының салдарына арта салатын едік, енді оны кімге артамыз? Бұған өзіміз кінәліміз. Бізде әлі өзін-өзі кінәлау мәдениеті қалыптаспаған. Өзін-өзі кінәлау мәдениеті тұрмыстық деңгейде қалыптасқанда ғана адамда жасампаздық іс-әрекет басталады. Қазақ халқын талай тар жол - тайғақ кешуден алып шыққан осы күшті және баянды тұрмыстық мәдениет еді. Орайы келгенде айта кетейік, кеңес жылдары бізге жоғарға орыс мәдениетінің жетістіктері насихатталып келді. Ал орыстың тұрмыстық мәдениетінің сүреңсіз көріністері жасырылып келді. Қазіргі орыс менталитетінің қасіреті де осында.

– Қазір ұлттық бірлігіміз туралы көп айтылады. Атап айтқанда, руға, тайпаға, жүзге бөлінушіліктің көріністері жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Осы мәселенің ақ-қарасын ажыратып берсеңіз?

– Бұл ұлтқа дейінгі даму сатысындағы барлық халықтарға тән құбылыс. Қазіргі озық дейтін Еуропа халықтарының барлығы бұл кезеңді бастан кешкен. Тек XV-XVI ғасырларда капитализмнің дамуымен адамдардың арасындағы қарым-қатынастарындағы рулық-

тайпалық құндылықтар жойылып, жеке байланыстар жүйесі қарқын алған, яғни азаматтық құндылықтар алға шығарылған. Содан бері Еуропа өркениеті индивидуализм, қарақан басын күйттеу жолында. Біздің қоғамдық пікірге келер болсақ, ұлт мәселесімен айналысатын «мамандарымыздың» өзі көп мәселелерді шатастырады. Ілім ұрып кеткені сондай, олар әлі күнге дейін «ұлт» пен «этнос» ұғымдарының мағынасын ажырата алмай әлекке түсуде. Сондықтан, бұл мәселеге тағы да тоқтала кетейін. Еуропалық координаттар жүйесінде этнос – халық, тайпа мағынасында қолданылады, яғни қазақтың құрамына кіретін тайпалар мен үлкен рулар еуропалық түсінікте этностар болып табылады. Тайпалық, халықтық бірлестік – қандық, биологиялық қауымдастық болып табылады. Мұнда қандық, биологиялық жақындық шешуші рөл атқарады. Айталық, арғын мен арғынды жақындастыратын қандық байланыс. «Ұлт» дегеніміз – биологиялық, қандық жақындық емес, керісінше, азаматтық, саяси қауымдастық және бір ел заңының маңайына топтасушылық. Мысалы, барлық саксондық немесе баварлық неміс ұлтына жатады, бірақ барлық немістер бавар емес. Қазақшалап айтсақ, барлық жалайыр қазақ, бірақ барлық қазақ жалайыр емес қой. Еліміз тәуелсіздік алды, капитализм барынша қарқынды дамуда ддеп есептейміз. Қазіргі таңда қазақтардың қалаларға шоғырлануы үдерісі жүруде. Ұлт – қалалық мәдениеттің жемісі. Әзірге қалаларға барып жатқан қазақтар өздерімен бірге тайпалық сананы алып баруда. Олардың бірі керейт, екіншісі қоңырат дегендей... Алайда олардың ұрпақтарына ұлттық сана тән болады. Яғни қалаға барған қазақтарда кемінде екі-үш ұрпақ алмасқаннан кейін ұлттық сана қалыптасады. Бұл уақыттың үлесіндегі құбылыс. Демек, болашақта біз заңның үстемдігі маңайына топтасуымыз керек.

– *Жарайды, солай-ақ болсын. Бізде қазақтардан да бөлек ұлттар мен халықтар бар ғой. Олардың қазақ қоғамына сіңісуі қалай болмақ? Сіз айтып отырған Еуропа елдерінде бұл мәселе қалай шешілген?*

– Жоғарыда айтқан мерзімдерде, Англияда, Францияда және Германияда бір орталыққа бағынған мемлекеттердің құрылуымен этностардың орнына ұлттар қалыптасты. Англияда ағылшындардан басқа да этностар көп болған. Сәйкесінше, Франция, Германияда да солай. Бірақ, уақыттың өтуімен олардың барлығы бір заңның маңайына топтасып, француз, неміс немесе ағылшын ұлтына айналып

кетті. Бұл – әмбебап заңды құбылыс. Ал енді қазіргі қазақ қоғамына келер болсақ, уақыттың өтуімен Қазақстандағы байырғы емес халықтардың барлығы уақыттың өтуімен қазақ тілі мен мәдениеті негізінде Қазақстан ұлтына айналғаны жөн. Қазіргі Францияда этникалық тегі араб, тіпті африкандықтар өздерін французбын деп есептейді, француз ұлтына жатқызады. Ал, біз этникалық, нәсілдік тегі және мәдениеті жағынан өте жақын ұйғыр, өзбек, татар, башқұрт, кәріс, орыстардың кеудесінен итеріп, қазақстандық болуына қолдан кедергі жасаудамыз. Бұл тарихи заңдылыққа қайшы келеді.

– Сіз ойлағандай болса, барлығы жақсы ғой? Алайда, біздің солтүстік облыстарында қазақтардың үлес салмағы 30%-ға енді жетіп жатыр, солардың өзі орыстанып кеткенін ескеріңіз. Жағдай сіз ойлағаннан әлдеқайда күрделі ғой, оның үстіне Сіздің тұжырымыңызда жасырын қазақ шовинизмі қылаң беріп тұрғандай? Сіз ойлағандай елімізді мекендеген басқа халықтар «қазақстандық ұлт» болып кетуге келісер ме екен?

– Күрделі екені рас. Тарихи тәжірибеге көз салсақ, қазақтар көп жағдайларда қорғанушылар болған екен. Қазіргі таңда бұл өзін ақтамайды, бізге «шабуылшы» болу қажет. Ойластырылған, ұзақ мерзімдік жоспар жасай білсек, бұны жүзеге асыруға болады. «Қазақ шовинизмі» мәселесіне келер болсақ, басқа халықтарды өзінің мәдениетімен магниттей тартқан, яғни өзіне сіңіріп жіберген халықтар ғана болашағы бар халықтар болып есептелген. Басқа халықтарды, мәдениеттерді өзіне сіңіре алмаған мәдениет – әлсіз мәдениет. Ал, мен қазақ мәдениетін әлсіз мәдениетке жатқызбаймын. Өз тәжірибемнен айтайын, басқа ұлттың көптеген өкілдерінің біздің құндылықтарымызға тамсанатын жағдайларын жиі кездестіріп жүрмін.

– Дастан аға, шынын айту қажет, елімізде қазақ тіліне қарағанда орыс тілінің үстемдік құрып тұрғандығына келісесіз бе? Осындай жағдайда басқа халықтар Сіз айтқандай, қазақ тілі мен мәдениетінің төңірегіне қалай топтаспақ?

– Бұл қалаған жағдайда біздің билік пен зиялылар элитасының қолынан келетін шаруа. Ниет түзу болса болғаны. Ал, «қазақстандық ұлт» болып ұйысу дұрыс жоспарланған жағдайда 100 жыл көлемінде жүзеге асыруға болатын үдеріс. Бұл қысқа мерзімдік шаруа емес, екі-үш ұрпақ алмасуы қажет. Жүз жылды бекер алып отырғаным жоқ. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді халқымыз. Мысал

келтірейін, еврейлер Израиль мемлекетін құрғанда еврейлердің 5-6 %-ы ғана көне иврит тілін білген, елу жылда өлі иврит тілі қайта тіріліп, мемлекеттік тілге айналды. Яғни, еврей тілін білмейтін 95 пайызды құрайтын тұрғындардың ұрпақтары мемлекеттік тілде сөйлейтін болды. Ал біздің старттық жағдайымыз олардан мүлдем жақсы. Басқаны қойып көрші өзбектерді алайық. Кеңес жылдарының өзінде Ш.Рашидов басқарған өзбек билігі мен зиялылары Өзбекстандағы көптеген халықтарды «өзбек» етіп жазып жіберіп, олар қазіргі таңда Өзбекстанның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бәрінен де мүдделі болып отыр. Ал біздің бұған әлі күнге дейін өреміз жетпей отыр. Өкінішті-ақ.

– Мүмкін бұл біздің ұлттық санамыздың өзбектерге қарағанда төмендігімізден болып отырған шығар?

– Жоқ, олай емес. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, қазақтардың ұлттық санасы мейлінше қалыпты деп бағалауға болады. Бірақ, биліктің маңайында жүрген адамдардың, әсіресе ортаңғы буындағылардың ұлттық сана-сезімінен гөрі, мансаптық сана-сезімі, жемқорлық сана-сезімі жоғары болып тұр. Ал, жалпылама алғанда, қарапайым өзбек пен қазақты салыстырсақ, қазақтардың ұлттық сана-сезімінің жоғары екенін көреміз. Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі сонда, әрбір қазақ адамы өзінің қазаққа дейінгі атауын (этнотимін) жақсы біледі. Мысалы, кез-келген қазақ әуелі өз этносының (тайпасының) адамы, онан кейін барып қазақ. Соған қарамастан, қазақтарға бұл ұғымдарды бір-біріне қарама-қарсы қоймау тән – «жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» дейді. Сондықтан, «қазақ» анықтамасынан бас тартпай, «қазақстандыққа» айналып жатсақ, бұл диалектикалық қарама-қайшылықтардың өзара ену заңына қайшы келмейді. Керісінше, қазақтардың құрамына кірмеген диаспораларды қазақтардың маңына магниттей тарта түседі. Қазақтар шынайы ұлт құраушы ұйытқысына ие болады.

– Бұл пікіріңізбен біздің ұйым келісе алмайтын шығар. Аға, қазіргі жаһандану заманында биік мінберлерден қарапайым халыққа ақыл айтушылар көп-ақ. Сіз олардың мемлекеттік идеологияны қалай түсінгенін қалар едіңіз?

– Велосипедті ойлап табудың қажеті жоқ. Ақыл-кеңес өте қарапайым. Ең біріншіден, адам болып қалу өнерін игеру қажет. Кәсіби маман бол. Өз күніңді өзің көр. Мықты отбасын құр. Егер солай етсең, сен Отаныңның патриотысың.

– Дастан аға, сұхбатыңызға көп рахмет! Тағы да жаңа жылыңыз құтты болсын, Сізге зор шығармашылық табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан Б.БЕКТІБАЙҚЫЗЫ

Редакциядан: Біздіңше ғалымның айтып отырған классикалық тұрғыдағы «қазақстандық ұлт» болып ұйысу үрдісі қазақтар үшін жүз жылда да орындалмайтын шаруа. Олай болу үшін қазақтар француздар, ағылшындар, немістер секілді өз ана тілін білмейтін бірде-бір қазақ болмайтындай ұлт болып қалыптасуы керек. Қазіргі дерек бойынша қазақтардың өз ана тілін білу деңгейі әлі 50 пайызға жетпей, қазақ деген атаудың иесі бола тұрып ұлт есебінде өзіміз ұйыса алмай отырғанымызда, «қазақстандық ұлт» дегенге көшсек, қазақтығымыздан да айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Ғалымның өзі «... басқа ұл өкілдері француз, неміс немесе ағылшын ұлтына айналып кетті дей отырып, өзімізге келгенде «қазақ ұлтына» демейді, «қазақстандық ұлт» дейді. Өзбектердің өзі өзбекстандық ұлт болып отырған жоқ, қайта басқаларды да өзбек етіп отыр. Басқа қасиеттеріміз өзбектерден кем болмағанымен, ұлттық ұстанымға келгенде олардан үлгі алуымыз керек деп есептейміз.

№1(98) 1-15 қаңтар

ЕЛ СЫЙЛАҒАН БІРЕКЕҢ

Дара тұлға дараланып қашан да,
«Көпбілемдер» қалып қойған тасаңда.
Ой салардай ойға қанық өлеңмен,
Біржан қарттың жақсы қырын ашам да...

Миықтанып ешқашан да күлмеген,
Жолың жатса қисығымен жүрмеген.
Ақыл – дана парасаты ақшаңқан,
Мұнан асқан «ақылгөйді» көрмеп ем ...

Жарамсақтық жасамапты шынымен,
Жүре алмайды көксоққанның ығымен.
Жалаулатып бөсіп жатса «менбілем»,
Тоқетері қылыш сынды қынымен ...

Көңіл аппақ бейпіл сөзге ермеген,
Шындық айтып өмір хошын дәмдеген.
Қолын сермей ашылып бір сөйлесе,
Қақ айырылар қатып жатқан сең деген.

Еңбегі адал, жұрт мақтауын естідім,
Маған ыстық ішім жылыр кескінің.
Тау денеңіз көрінгенде алдымнан,
Кесе өтпейтін қарабайыр естімін ...

Мақтау, мадақ-марапат сый баршылық,

О, заманда көріп өстің таршылық ...
Қарабастың қамын ойлап күйттемей,
Халқыма деп басқан болдың қамшыны.

Жүрек таза құбылмаған – Тау ұлы,
Елің сыйлап төрге оздырды қауымы.
Өміріңнің қызық кезін сарп еткен,
Көркейіп тұр – Жаңадария ауылы!

Пейіл дархан шежіре тарих көмбесін ...
Тәңір Ұлық – ұрпақ ұлтың жебесін.
Сара жолдың сөз қадамын пайымдап,
Атқа шабар тақым қысып өңгерсін ...

Басқан із сайрап жатыр ой мен қырда,
Шабыттанып шалқыңыз ән мен жырға.
Сексеннің сеңгіріне желіп жеткен,
Бата берер Біржан қарт – Дара тұлға!

Ж. ӘБЖАНОВ,
«Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері
№4(101) 16-28 ақпан

ҚАЗАҚ КЕЛІНІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясы облыстық Аналар кеңесінің «Дәстүрлі құндылықтар және рухани жаңғыру» атты форумы болып өтті. Оған жазушы-этнограф, қоғам қайраткері, Бауыржан Момышұлының келіні, қазақы дәстүрлерді, отбасылық құндылықтарды, ұлттық рухты насихаттаушы Зейнеп Ахметова арнайы шақырылды. Аталмыш шараны облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемұлы ашып, форумның маңыздылығы мен Зейнеп Ахметованың атасы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қан майданда әйгілі командирлердің бірі, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігіне тоқталып өтті.

Қазақ келіндерінің шамшырағы атанған Зейнеп Асқарбекқызы Елбасының рухани жаңғыру, ұлттық код жайлы мақаласына үлкен мән беріп, оған арнайы тоқталды.

– Ұлттық деген сөзді естігенде барлығымыздың көзімізге қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ою-өрнектері елестейді. Атам көзі тірісінде «Ұлтымызды сақтау үшін алдымен тілімізді сақтауымыз керек», «Тілі жойылған елдің, өзі де жойылады» деп айтып кеткен болатын. Көп жағдайда біз орыстiлді қазақтарды «тіл білмесе де түсінеді ғой» деп ақтап алғымыз кеп тұрады. Ит те сондай, айтқаныңды түсінеді, тек сөйлей алмайтыны болмаса.

Зейнеп апаларыңның қазақтай киелі кемеңгер, текті ұлы елдің өзге келіндерінен еш айырмашылығы жоқ. Өзге бір қарапайым қазақтың бірінің келіні болсам, менің істеген тірліктерім сол келіндердің тіршілігінің бірі болып қалар еді. Менің өзге келіндерден айырмашылығым да, ерекшелігім де – Ұлы тұлғаның, даңқты қолбасшының, Батыр атамның келіні болғанымда. Бұл мыңның біріне бұйыра бермейтін бақыт. Алла маңдайыма алты алаштың ардақтысына келін болуды бұйырғанына өзімді бақытты санаймын. Қазақтың намысын ту етіп көтерген, ұлтының қамын жеген ұлы атамыздың халқына, еліне, жеріне деген керемет

сезімдері маған да дарыды. Ұлы адамның қолына су құйып, үлгі-өнегесін алдым. Атамның кейде «көзіме қарап айт» деп жекірген кездері шынында ол кісінің көзіне қарау деген – лапылдаған отқа түсіп кетумен бірдей еді. «Сондай ұлы адамның келіні қандай екен» деген ой кім-кімнің де көкейінде тұрары ақиқат. Сондықтан, халық мені қалай көргісі келсе, мен де соған лайық болуға тырыстым. Атаның аузынан шыққан сөздерін көзі тірісінде қағаз бетіне түсіре бердім. Кейде тамақ әзірлеп жүріп май қолымды етегіме сүртіп, атам айтқан әрбір сөзді ұмытпай жазып алуға тырысатынмын. «Күріштің арқасында күрмек су ішеді» дегендей, мен атаның арқасында, сол кісінің келіні болған соң танылдым, - деді Зейнеп апай.

Бұдан әрі дін жолына түстік деп қара киініп жүретін қыз-келіншектер мен сақалын өсіретін ерлердің жүріс-тұрысының дұрыс еместігін сынға ала отырып, мәні мен мағынасын өзгертіп алған салт-дәстүрлеріміз жайлы сөз қозғады.

Онан соң Зейнеп апамыз Жалағаш ауданының халқымен, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың қызылордалық оқырмандарымен кездесті.

Қызылорда ассамблея Аналар кеңесінің мүшесі Лиза Ноғайқызы форум қонағы Зейнеп апайды «Атамекен» отбасылық типтегі балалар ауылына шақырды. Ауыл тұрғындары мен қызметкерлеріне қыз тәрбиесі, дәстүрлі құндылықтар туралы әңгіме айтқан Зейнеп Асқарбекқызы балалардың өнерін де тамашалады.

Әсерлі кездесуден кейін әрбір қазақ қызы мен келіндері Зейнеп апамыздай болып, сол кісінің үлгі-өнегесін алып, «Шуақты күндер», «Әзіліңді сағындық», «Бабалар аманаты» атты кітаптарын оқып өссе нұр үстіне нұр болар еді деп ой түйдік.

Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ
№10 (107) 16-31 мамыр

ҚАЛАМЫ ҚУАТТЫ, СӨЗІ ШУАҚТЫ ЕДІ

Көптен көкейімде жүрген осы мақаланы жазбастан бұрын ойыма Төлеген Айбергеновтың «Ақындық» дейтін өлеңі оралды.

*Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузыңда болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арналысы бұл тоғыспас жолдар торабын...
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.*

Меніңше, осында ақын болудың барлық жауапкершілігі жазылған. Міне, осы жауапкершілікті көтерген ақын Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Жетіскен МӘКЕНӘЛІ болатын.

Ол 1952 жылы Қазалы ауданы Аранды ауылдық кеңесінде дүниеге келді. Қазіргі Қожабақы ауылында 1968 жылы орта мектепті бітіріп, 1971 жылы Қызылорда медицина училищесінің фельдшерлік бөлімін тәмамдап, медицина саласында он жылдан астам қызмет жасады. Жетіскен ақ халаттылар қатарында адал қызмет істей жүріп, өлең жазып, жырларымен көпшілікке танылды. 1985 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірді. 1983-1988 жылдарда аудандық «Ленин туы» газетінің ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүріп түрлі жанрда қалам тербеді. Ал 1988 жылы ауданымыздағы маңызды рухани шараларды өткізуге белсене араласқан азаматқа сенім білдіріп, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқару тапсырылды.

Сол жылдары Қазалы ауданы мәдениет саласының өсіп-өркендеуіне лайықты үлес қосты. Соның нәтижесінде 1993 жылы Алматы қаласында Республикада алғаш рет Қазалы ауданының күндерін өткізіп, аудан мәдениеті мен өнерін елімізге кеңінен танытты. 1988-2002 жылдары Қазалы қаласындағы Ғ.Мұратбаевтың тарихи-мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері, ал 2005-2009 жылдары осы музейдің директоры болып істеген кездері музейдің бөлмелерін кеңейтіп, экспонаттар санын көбейтіп, оның айналасын абаттандырды.

Сонымен қатар Республикалық маңызы бар «Ноғай» мешіті мен Ғанибай үйінің реставрациялық жұмыстарына жетекшілік жасап, құлау қаупіндегі «Керуенсарайды» қайта қалпына келтіруге қыруар еңбек етті.

Қазалы тарихы жайлы құнды мағлұматтар жинап, ғимарттардың құжаттарын жасады. Ол 2013 жылы «Қазалы газеті» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның бас редакторы болған кезде де «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп, «Жаңғырған жәдігерлер құндылығы» және елеусіз қалған мұраларды қорғау мақсатында сансыз мақалалар жариялап, тізімін жасады, оның санын 149-ға жеткізді. Жетіскен қандай қызметте жүрсе де қаламгерлік кәсібінен қол үзген жоқ. Қазалы мекені сөз ұстаған шайыр мен ақындарға бай қасиетті топырақ. Сол қасиетті топырақта өскен Жетіскеннің өзі бір төбе дарын десек те болады. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Шәуілдірге барсаң әншімін деме, Созаққа барсаң күйшімін деме» деген екен. Сондай-ақ Қазалы топырағы сөз ұстаған шайыр мен ақындар атаулығы ертеден-ақ бай, Қарасақал Ерімбет, Байназар Өтепов, Сейіл Боранбаев, Әнес Нарымбетов, Едіге Кішкенеv, Рүстем Жанаев сияқты тізімді санай берсек дәптер толады. Әйтсе де аталған есімдер қатарынан ойып орын алатын Жетіскен МӘКЕНӘЛІ десек те қателеспейміз.

Оның 2007 жылы «Жиырма бірінші ғасырға аманат» атты жыр жинағы жарық көрді. Бұл еңбегі көпшілікті көрікті өлеңдерімен сүйсіндіреді. «Тұлпар» баспасынан шыққан еңбегі оның қос ғасырдың жанды куәгері саналған, қос қоғамның жақсылығы мен жамандығын көзбен көріп жүректен өткізген, мың өліп мың тірілген қазақ халқы жақсылыққа жорып үкілі үмітпен қадам басқан кезі.

Армысың жиырма бірінші жаңа ғасыр!

Ізгілік сыйлаймын ұлан асыр.

Өзіңмен бір рет тілдесейін,

Ақынның жүрегінде қала ма сыр?-деп сауал тастайды. Бұл жерде ақын сырласып қана қоймай үш ұрпақтың өмірі, сабақтастығын көрсете отырып, олардың ізгі ниеті халқының арман-тілегін жеткізгендей.

Маңдай термен өлшенетін ырыс-құты,

Ұмытылмасын ұрпақтың дұрыстығы.

Сұрайтыным осынау ұлыс күні,

Ел мен жердің мәңгілік тыныштығы,- деп жігерлене жеткізеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, ақын қанатын жая түскен жаңа ғасырға ұлтының тұтастығын бірлігін аңсағаны көрініп тұр. Осы кезде Жетіскен аталған жырында:

Тыңда ғасыр, тағдырдан тілейтінім

Тілім, дінім, ділімнің есендігі,- деген. Иә, бүгінде аз ұлттың тілін, ділін, дінін жұтып қоюға бейім тұрған жаһандану үрдіс сипат алған тұста, ұлтымыздың ұстанымы, салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтап қалудың маңызы зор екенін көрсете білді.

Ал «Тәңірден тілек немесе Аралдың зары мұны» деген өлеңінде Аралдың суы сарқылып, басынан бағы тайған ащы тағдырын суреттейді. Әсіресе жыр соңында:

Сақина тілеп сау басына,

Су таппай қақсып қалған қауғасына.

Аралды зар жылатқан Адамзатты,

Тәңірім, келтіре гөр тәубасына.

Иә, суы кеткенімен басынан жыры кетпеген Аралдың толатынына сенімді екенін көрсетіп отырған сияқты.

Жетіскен кітап жазудың шебері десе де болады. Оны «Тамыры терең, тарихы кенен Қазалы», «Нұрбай би», «Асандар көтерілісі», «Мен Ғанимын», «Ғани тағылымы», поэзия мен журналистикадағы ұстазы Сейіл Боранбаевтың поэзиясын талдаған «Жатқан бір қылыштай қынында», өнер қайраткері Қайырбай Зәкіров туралы «Теңізден бе, Сырдан ба?», шежіреші абыз-ақсақал Өмірзақ Ахметұлына арнаған «Шешендіктің шегі жоқ» сияқты кітаптары адамның жақсы қырларын көркем сипатымен тапқырлық әдісімен, нақтылық үрдісімен адам образын сомдай білген жазушы.

«Әркімнің туған жері өзіне ыстық» дегендей, арманға толы Жетіскеннің сөзіне жазылған «Аралым аяулым», «Қазалы вальсі» өлеңдері тыңдармандарды қуанышқа бөледі. Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Толыбай Жүсіпов Жетіскен ақынның поэзиясын жақсы білетінін, оның шығармалары аудандық, облыстық, республикалық мәдени шараларда жиі орындалып жүргенін тілге тиек етіп: «Жетіскен ауданда өтетін түрлі деңгейдегі мәдени іс-шараларды жиі-жиі жүргізіп халықтың алғысын алған ақын. Ол басқарған жиындарға талай куә болған мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Қарамановтың «Жетіскені жоқ аудандар

қалай күн көрер екен?» деп таңырқағанын құлағыммен естігенім бар», -деп еді.

Жетіскен МӘКЕНӨЛІнің тынымсыз еңбегі үшін Қазақстан және Халықаралық журналистер одағының мүшесі, осы одақтардың «Құрмет грамотасымен» облыстық Кеңес атқару комитетінің Грамотасымен ҚР Мәдениет министрлігінің, Халық шаруашылығы орталығының «Алғыс хатымен» сондай-ақ, Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен, Ғ.Мұратбаевтың 110 жылдығы, ҚР Конституциясының 20 жылдығы мерекелік медальдармен марапатталған.

Жетіскен МӘКЕНӨЛІ жүрген ортасында сыйлы, кішіпейіл де ақжарқын мінезімен көрініп, адамгершілік қасиеттерді берік ұстанатын. Жары Мәрияш екеуі 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Әттең тірі болғанда биыл 65 жасқа келгенін тойлайтын едік. Жаратқанға не шара, қайтқанына жыл толайын деп отыр. Топырағы торқа болсын, жасамаған жасын ұрпағына берсін дейміз. Жетіскеннің жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде мәңгі сақталады.

Айберген ТАМАШЕВ,

Қазалы аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы

№7(104) 1-15 сәуір

ЗЕҢБІРЕКШІ ШӘЙМЕРДЕННІҢ СОҒЫСТА БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ

Күні кеше ғана 72 жылдығын атап өткен Ұлы Отан соғысына қатысушылардың көзі тірісі тым аз қалды. Төмендегі деректі әңгімені Сағат ЖҮСІП 2013 жылдың шілдесінде Жаңақорған ауданының Сунақата ауылының тұрғыны Шәймерден Сүйіндікұлының өз аузынан жазып алып, «№123 тральщиктегі бүлік» кітабында жариялады. Жақында Сунақата аулының әкімдігімен хабарласып, ақсақалдың аман-есен жүріп жатқанын білдік. Әңгіме қысқартылып басылып отыр.

СОҒЫСҚА АҚМОЛАДАН АТТАНДЫҚ

Соғысқа 1943 жылдың 12 қаңтарында түнгі сағат үште Қызылорда вокзалынан 328 бала аттандық. Әуелі бізді Арысқа апарды. Ол жерде резервті полк бар екен, сол жерден жол тарттық.

Новосібірде 18 күн жаттығу ойынын өткіздік. Ол жерде 63-ші Тамань атындағы ерікті гвардиялық жаяу дивизия жасақталған екен, бізді соған қосты. Мен 75 миллиметрлі зеңбіректің дәлдеушісі (новодчигі) дегенді оқып, «танкі ататын зеңбіректің 1-категориялы дәлдеушісі» деген қағаз алдым. Біз сияқты бір полк Ақмолада дайындалып жатыр екен, бізді соған алып келді.

Сонымен Ақмолада 20 күн тұрып, 18 вагон әскер мінген пойызбен «Мәскеу қайдасың?» деп тарттық. Жолда Свердловскіде, Қазанда, Мәскеуде тоқтап, тамақтанып, әрі қарай қоршауда тұрған Ленинград майданына жол тарттық. Ленинградқа 53 шақырым жақындағанда «Выборгская сторона» деген жағынан қоршауда тұрған қалаға кірдік. Келесі күні бәрімізді сапқа тұрғызып, ант қабылдады. Мен 19-шы болып ант беруге шықтым. «Я люблю сильную российскую землю. До конца своей жизни буду защищать Ленинград. Даю клятву!» деп сарт-сарт еткіздім. Ант қабылдап тұрған полковник маған қарап: «Кто по-национальности?» деді. «Сын казахкого народа!» дегенімде риза болып арқамнан қақты. Содан күн сайын неміс жағынан 2-3 шабуылды тойтарымыз. Сөйтіп

немістерді өткізбедік. 1944 жылдың 3-5 қаңтары шамасында біз шабуылға шығып, немістерді Красное село мен Гатчинаға дейін шегіндірдік. Осы шабуыл кезінде басымнан және аяғымнан жарақат алдым. Басымнан тиген жарақаттың әсерінен қазір сол көзім көрмейді, аяғым сырқырайды. 38 күн Ленинградтың әскери госпиталында жаттым. Жазылып шыққан соң комиссия тексеріп, «Сапта жүріп қызмет етуге жарамды» деген анықтама беріп, қайтадан майданға аттандым.

Соғысқа сол түскеннен мол түсіп Псков, Нарва, Таллин түбіндегі шайқастардан аман қалып, Латвия, Эстония, Литва жерлерінен немістерді қудық. 1945 жылдың 6 мамырында Литваның ең соңғы жерінде «Курляндия тобы» деп аталатын тарихта аты қалған үлкен қоршау операциясына қатыстым. Немістің 168 мың әскерін Балтық жағалауына тіреп, үш жақтан қоршадық, ар жағы теңіз. Осы жерде біздің майданның басшылары немістерге «беріліңдер» деп талап қойды. Талап қоюға және берілу шарттарын айқындау мақсатындағы келіссөзді жүргізуге біз жақтан полковник Воробьев бастаған 5 адам: мен, яғни аға сержант Ш.Сүйіндіков қорғаушы ретінде және офицерлер Логаченко, Бондаренко, Уфимцев (біреуі тілмаш) бардық. Неміс жағынан 8 адам келді. Талап: 168 мың әскер түгелімен қару-жарақ, техника, көліктерді тапсыратын жерге тастайды, өздері сап алдында санап қабылданады. Немістер келісуге мәжбүр, әрине. Таңертеңгі сағат тоғыздан кешкі сағат беске дейін немістерді саптың ортасынан жүргізіп, қару-жарақ, оқ-дәрі, көлік пен техникасын түгелімен қабылдап алдық.

8 мамыр күні «соғыс бітті» деген хабарды естіп құшақтасып жылағанымыз әлі есімде. Офицер, солдат деп жатқан ешкім жоқ, құшақтасамыз, жылаймыз, қуанышымызда шек жоқ. 9 мамырды жеңіс күні деп хабарлаған күні барлығымызға жаппай орден мен медальдар берді. Маған «Қызыл Жұлдыз» және 1-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерін, «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарын берді. Орден мен медальдарды Бас штабтан генерал Казаков, армия генералы Говоров тапсырды...

ЕКІ АЙ 28 КҮНДЕ КВАНТУН АРМИЯСЫН ТАЛҚАНДАДЫҚ

Рим-Берлин-Токио деген үштік ось болған. Рим мен Берлинді тізе бүктірсек те Токио аман-сау жүріп жатты. Қиыр Шығыста жапонның екі армиясы бұрынғыша елімізге қауіп төндіріп тұрғандықтан, Сталиннің бұйрығымен пойызға зеңбіректерімізді салып, «Қиыр Шығыс қайдасың?» деп сонда тарттық. Көп күтіп тұрған жоқпыз, бара сала соғысқа кірістік. Екі ай 28 күнде жеңілмес саналып келген жапонның Квантун армиясының талқанын шығардық. Әуелгі кезде біраз қиыншылық болды, біз жақтан әскер шығыны да көп болды. Себебі жапондар өздеріне барар жолға жаппай мина төсеп тастапты. Алғашқы қатемізден сабақ алып, әуелі барлау жіберіп, жолдарды зеңбірекпен атып ашу әдісін қолдандық. 2 қаланы алдық. Жапондар жаппай беріле бастады. Бірақ қаншама әскеріміз қаза тапты, шығын аз болған жоқ. Айтпақшы, жапон соғысына аттанар алдында анама хат жазып айтқаным мына мағынада еді: «Сүйегіміз орыс жерінде қалады ма деп ойлайтын едік, одан аман қалдық. Енді жапон жеріне бара жатырмыз». Сөйтіп, бұл соғыстан аман-есен оралып, қайтадан Ленинградқа әкелді. «Елге қайтарады» деген үмітіміз орындалмады. «1923 жылғыдан былайғылар тағы да төрт жылға қалдырылсын» деген бұйрық шығыпты.

БІЗ ФИНЛЯНДИЯҒА СОҒЫС АШТЫҚ

Соғыс аяқталған кезде неміс жағы Хельсикиге 53 кемені қару-жарағымен, техникасымен тастап кетіпті. Жеңімпаз ретінде бұл кемелер Кеңес Одағына берілуі тиіс. «Қайтарып беріңдер» деген талапты фин жағы орындамапты. Не істеу керек? 1945 жылдың желтоқсан айында Кеңес одағы Финляндиядаға екінші рет (бірінші рет – 1939 жылы) соғыс жариялады. Хельсинки жерден зеңбірекпен, ауадан ұшақпен бомбыланды. Фин жағы амалсыз қолын көтеріп, біздің талабымызды орындауға мәжбүр болды. 22 күнде жаңағы 53 кемені аман-сау, қару-жарағымен Мурманск, Архангельск және Ленинград қалаларына сүйреп апардық. Бұл соғыстан да аман-есен қалып, енді бізді елге қайтарар деген үмітім тағы ақталмады. «Төрт жылға қалдырылсын» деген бұйрық келіпті.

1948 жылы коммунистік партияға мүшелікке кандидат болдым. 1950 жылы сынақтық мерзімнен кейін мүшелікке өттім.

ҚАНҒА БОЯЛҒАН ЖҮЗІК

Соғыста талай қанды оқиғалар мен қанға боялған тағдырлардың куәсі болдым. 1944 жылы Псков пен Нарва аралығында болған қанды шайқаста немістерді 4 шақырымға шегіндірдік. Біздің танкіге қарсы соғысатын дивизионда Кубань даласының тумасы, қазақ қызы, 22 жастағы Зоя Карпова деген санитар қыз осы шайқаста бір иығы мен бір аяғынан ауыр жарақат алды. Командиріміз майор Олейник мені шақырып алып: «Сашка (мені бәрі осылай атайтын), Зоя окопта жарақаттанып жатыр. 2,5 шақырым жерде өзеннің арғы бетінде санитар көлігі күтіп тұр. Зояны сонда жеткіз», - деді. Өзеннен өтегін көпірді немістер бомбамен жарыпты, сондықтан санитар көлігі бері қарай өте алмайды. Дереу Зояға жеттім, окоптың ішінде қансырап жатыр екен. Өзі батыр да жаужүрек, әжет қыз болатын. Сол шайқаста жауып тұрған оққа қарамай жаралы жауынгерлерді оқ астынан тасып, талай адамды алып шықты. Сондай кезде өзіне оқ тиіпті. Зояны арқама салып жүріп кеттім, анда-санда демалып, тоқтамай жатқан қанды тоқтатпақ боламын, жараның үстіне балшық жағамын. Түнімен жүріп, таңға жақын жеттім-ау өзенге. Келсем өзеннің арғы бетінде көлік күтіп тұр екен. Бұзылған көпірдің үстімен Зояны өткізіп көлікке салдым. Қоштасып жатқан қыз: «Сашка, мені ұмытпа. Менің мекен-жайым Днепропетров облысы, Кировоград ауданы, Зоя Карпова» деп қайта-қайта айтты. Қоштасып бұрылып бара жатыр едім, «Зоя сені шақырып жатыр» деп айқайлады көліктегілер.

«Сашка, сен мені өлімнен аман алып қалдың», - деп қолындағы қанға боялған жүзігін ұсынды. «Алмаймын» - деп едім, көліктегілер «ал» деп зорлап алғызды. Қырғын соғыста жүріп Зоя берген қанға боялған жүзiкті жоғалтып алдым. Сол кеткеннен мол кетiп, бiр-бiрiмiздiң аман тiрi екенiмiзден бейхабар болып дүние өтiп жатты.

1968 жылы Трусковецке курортқа бардым. Демалып болған соң «Зояны іздеп көрсем қайтедi?» деп ойладым. Львовтан ұшақпен

Днепропетровскіге келіп таксиге мініп, бірден облыстық әскери комиссариатқа жеттім. Облыстық комиссар генерал-майор екен. «Осындай да осындай, сіздің жерлесіңіз батыр қыз, майдандас досымның тағдырын білмекке келдім» деп барлық жағдайды айтып бердім. Генерал соғысқа қатысқан, жағдайды жақсы түсінетін парасатты адам екен. Мені қонақүйге орналастыруға, жақсы сыйлы болуыма тапсырма беріп, «қызды іздейміз, тірі болса табамыз» деп уәде берді. Екі күннен кейін хабар келді. Зояны тауыпты. Қаладан 82 шақырым жерде бір ауруханада бас дәрігер болып істейді екен. Мәскеудегі жоғарғы медициналық институтты бітіріпті. Екі баласы, күйеуі отбасымен, туған-туысқандарымен үш көлік болып келіпті. Есептей бер, 24 жылдан кейін кездескен 22 жасар қыз нешеде болады? Иә, 46-да. Алыстан көзіме оттай басылды, аяғынан шамалы сылтып басады. Жылап көрістік. «Сен мені қалай таптың? Қалай таптың?» деп қайта-қайта сұрай береді. Маған сый-құрметті аямай көрсетіп жатыр барлығы. Үстіме костюм-шалбар кигізіп, автокөлік сатып ал деп 8 мың сом ақша берді. Баяғы Зоя берген қанды жүзiктi аласапыран соғыста жоғалтып алғанымды айтып, кешiрiм сұрадым. Күйеуiнiң айтуымен Зоя тағы бiр жүзiк сыйлады, Ол жүзiктi үлкен ұлым Әбутәлiптiң келiншегiне сыйлады. Арада 4 жыл өткен соң «Зоя қайтыс болды» деген хабар алдым. Қайран Зоям менiң. Баяғы қанды жарақат денсаулығына маза бермей түбiне жеткен болса керек. Сүйтiп, 24 жылдан кейiн кездескен қанды көйлек Зоя майдандасыммен өлер алдында кездесiп қалғаным көңiлiме аз да болса медеу болды. Зояның бет-бейнесiн ұмытпаймын, әсiресе Зояны арқалап жеткiзген түн әлi күнге дейiн көз алдымда...

ОРДЕН, МЕДАЛЬДАРДЫ НЕ ҮШІН АЛҒАНЫМДЫ АЙТАЙЫН

«Қызыл Жұлдыз» орденің Гатчина мен Псков арасында өткен қырғын шайқас үшін алдым. Алдыңғы шепте тұрмыз, осы шайқаста немістер барлық танкісін біздің шепке төкті, алдымыздан құжынаған танкілер келе жатыр. Командиріміз майор Воробьев «әзір атпандар» деді. Келе жатқан танкілер «Пантера» деп аталатын немістің күшті танкісі, тікелей тимесе, оқ өтпейді. 450

метр шамасындай жақындағанда «Атыңдар!» деген команда берілді. Көздегіш крестің дәл ортасына келтіріп атқышты басып қалдым. «Пантера» бұрқ ете қалды. Екіншісін 150 метрдей жерден атып үшінші оғыммен тигіздім, ол да бұрқ ете қалды. Осы ерлігім үшін «Қызыл Жұлдыз» орденін алдым. Осы шайқаста немістің 12 танкісін өртеп жандырдық, немістер кейін шегінді. Барлығы осы соғыста немістің үш танкісін өртеппін. Үшінші танкіні өртегенім үшін Бірінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденін берді. Үш танкі үш жылғы соғысым үшін аз ба, көп пе? Қалай ойлайсың? Аз емес. Дәлелдеп берейін. Бір шайқаста бір зеңбірегіміздің командирі қаза тапты. Оның орнын батареямыздың командирі капитан Олейников өзі басып, үш танкіні жандырды, ауыр жарақат алып госпитальда өлді. Осы ерлігі үшін Олейниковқа Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Енді дивизион, батарея дегендерді түсіндірейін. Бір дивизионда 4 батарея болады. Әр батареяда 4 зеңбірек болады, бір зеңбіректің құрамы – 7 адам. Мен бір зеңбіректің дәлдеушісі, кейін бір зеңбіректің командирі болдым.

Енді «За отвагу» медалін не үшін алғанымды айтып берейін. Бұл жағдай Псков пен Нарва үшін болған қырғын шайқас кезінде болды. Екі жақтың бірін-бірі ала алмай аңдысып тұрған кезі. Мұндайда тіл өте қажет. Полкіміздің үш барлаушысын неміс жағына тіл алып келуге жұмсапты. Немістің шебіне жақындаған кездерінде барлаушыларды байқап қалған немістер оларды оқтың астына алып, екі барлаушы өліп, біреуі жарақат алады. Командиріміз дүрбімен қарап тұр. Жарақаттанған жауынгерімізді алып келу керек. Командир: «Барлаушыларды алып келуге үш ерікті керек, кім шығады?» деді. Екі орыс жігіті алға шықты, үшінші болып мен шықтым. Біздің полктің белсендісі коммунистерінің бірі, «Даңк» орденінің үш дүркін иегері Сүлейменов Сәтмағанбет (ол туралы кейін айтамын) маған риза болған түрмен «жарайсың» дегендей бетіме қарады. Командир айтты: «Сендердің баруларың мен қайтуларың кезінде барлық қарудан оқ төгіп немістерді бас көтертпейміз. Жөнеліңдер!» деді. Айтқанындай барлық қарудан немістерді оқтың астына салды. Еңбектеп жылжып барлаушыларға жетіп арқалап алып қайттық. Менің құтқарған барлаушым тулалық жігіт екен.

Енді бір-екі қанды көйлек майдандастарым жайлы айта кетейін. Біреуі – жоғарыда айтып кеткен талдықорғандық жігіт Сүлейменов Сәтмағанбет, екіншісі – манкенттік Сәдуақасов Әшім. Сәтмағанбет 1918 жылғы, Әшім 1923 жылғы, 1960 жылдары қайтыс болды. 1945 жылдың аяғында Әшім мен Сәтмағанбет елге қайтатын болды, мені жібермеді. «Сендер елге бара жатырсыңдар. Жолда Қызылорда облысынан өткен кездерінде «Төменарық» деген станса бар, содан түсіп 4-5 шақырым жүрсеңдер 23-бекет бар, сонда менің анам тұрады. Түсіп менің анама аман-саулығымды жеткізіндер», -деп аманат тапсырдым. Олар мен айтқандай «Төменарықтан» түсіп, темір жолды бойлап жаяу 23-бекетке жетеді. Екі солдатты көрген ауыл адамдары қуанып алдарынан жүгіріп шығады. «Шәймерденнің достары едік, ол аман-есен, амандығын анасына өз аузымызбен жеткізейік деп келеміз» дегенді естіген ауылдастар жүгіріп анама жетеді. Хабарды анама жаңсақ жеткізіп «Шаймерден келе жатыр» дейді. Оны естіген анам екі аяғы мен қолын бауырына жинап алып алдарынан жүгіріпті. Олар үйде болып, менің аманатымды осылай жеткізген еді. Әшіммен Шымкентте оқыған кезімде арнайы іздеп барып кездестім. Ерте өліп кетті, соғыстан алған жарақаттың зардабы ғой... Сәтмағанбет досым менен жеті жас үлкен еді, 90 жасқа келіп өлді. 2008 жылы Алматыда ауруханада емделген кезімде қасымда жатқан екі жігіт талдықорғандық болып шықты, Сәтжанды таниды екен. Содан естідім, сол жылы қайтыпты. Балаларына хабар жібердім. Олар келіп бас дәрігерден рұқсат алып, арнайы палата сұрап алып, бір мал сойып әкеліп әкесіне құран оқытты. «Сізді өлгенше аузынан тастамай кетті» деді балалары. Талай достарым, жерлестерім, жас қыршындар көз алдыма көз жұмды ғой... Қайсы бірін айта берейін.

№11 (108) 1-15 маусым

ТҰРМЫС- ТІРШІЛІК



БҮГІНГІ СЫРҚАТТЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ СИПАТЫ БАСЫМ

Біз 2015 жылға дейін экономикада теңіздің асау толқынымен арпалысқан секілді сілкіністерді ұзақ уақыт басымыздан өткергеніміз жоқ. Осы орайда 2008-2009 жылдардағы дағдарыстың өзін шыбын шаққандай сезінбей өте шыққан жайымыз бар. Себебі Қазақстан бұған дейін мұнай бағасының көтеріңкі жағдайында өмір сүріп келді. Сонынан әлем рыногында мұнай бағасы күрт төмендей бастады. 2015 жылдың тамызы мен қыркүйегінде теңгенің бағамы күрт төмендеді. Үкімет мұнай бағасының құлдырауына байланысты теңгенің долларға шаққандағы еркін бағамын енгізді. Ұлттық валютадағы салымдардың өсімін ынталандырды. Отандық өнім өндіретін тауарларға Үкімет тарапынан бірқатар жеңілдіктер жасалды.

Міне сол дағдарыс басталғалы бері едәуір шырғаланды бастан өткердік. Жыл жарым уақыт өтті. Бірақ онды жағына қарай өзгеріс байқалмайды. Сонымен бірге бұл сырқаттың созылмалы ұзақ сипат алатын сыңайы бар. Неліктен? Біз осы және басқа да өзекті сауалдарға жауап алу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалының директоры Е.Жұмабеков мырзаға қатынас хат жолдап, аймақтағы және республикадағы несие-қаржы рыногына байланысты қалыптасқан деректерді сұратқан едік.

Алдымен мына цифрларды оқырмандар назарына ұсынғымыз келеді. Қызылорда облысында несиелер бойынша жалпы қарыз 2016 жылдың басында 147,8 млрд. теңгені құраса, 2016 жылдың 1 желтоқсанында оның көлемі 141,5 млрд теңге болыпты. Ал республикада бұл көрсеткіш тиісінше 12,8 трлн. және 12,8 трлн. теңгені құрайды. Жалпы, республика бойынша салыстырып, Қызылорда өңіріне байыпты талдау жасауға талпыныс жасасақ, тығырыққа тірелетін жағдайларымыз көп. Мысалы, айталық, қызылордалықтар «үлесіндегі» 141,5 млрд. теңге несие қарызы ондаған триллион теңгемен өлшенетін республика деңгейінің бар болғаны 1,11 пайыз өлшемін құрайды. Бұл біздің

пайымдауымызша, қызылордалықтардың жалпы мемлекет көлемінде алғанда кедей тұратынымызды, осыған орай несие алып, кәсіп ашуға деген енжарлығымыздың етектен тартатынын білдіреді.

Бірақ, экономикада, жалпы алғанда адамның тұрмыс деңгейін айқындайтын мұнан басқа да тетіктер толып жатыр. Сондықтан біз жоғарыдағы деректерді келтіре отырып, біржақты кесімді пікір айтқымыз келмейді. Біреулер несие алады, екіншілері қарызға ұрынбай-ақ қолында барын қанағат тұтып, тіршілік ете береді. Мұндайда әлбетте, банктің ресми деректерімен сырттан тон пішудің өзі артық сияқты. Дегенмен... Көңілде секем алатындай жағдаяттар көлбеңдеп алдыңнан шығады да тұрады.

Қызылорда облысында, жалпы республикада қазір халық үшін ипотекалық несие алу, оны өтеу күрмеуі қиын мәселеге айналып отыр. Айталық, 2016 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Қызылорда облысында ипотекалық несие қарызы 39,1 млрд. теңге, ал республикадағы көрсеткіш 934,9 млрд. теңге құрайды. Тағы бір маңызды деректі алға тартқымыз келіп отыр. Төлеу мерзімі өткен ипотекалық несиелердің 90 күннен асқаны 2016 жылдың 1 желтоқсанына Қызылорда облысында 8,8 млрд. теңге болса, республикада 946,8 млрд. теңгені құраған. Тұтастай алғанда айырмашылық жер мен көктей. Тіпті республика деңгейінде облыстың «үлесі» мүлдем сезілмейді. Ескерте кетейік, алынған несие көлемі аз болған сайын оның өтеу көлемінің аз болатыны заңдылық. Демек, біздің ипотека несиесін алуға келгенде де қауқарымыз шамалы.

Тағы бір көрсеткіш. Қызылорда облысында жыл көлемінде ұлттық валютадағы салымдар екі есеге жуық өсіп (2016 жыл, қаңтар-қараша) 24,2 млрд. теңгеден 46,6 млрд. теңгеге жетіпті. Тіпті біз 2016 жыл соңындағы ұлттық валютадағы 46,6 млрд. теңге салым мөлшерімен де мақтана алмаймыз. Себебі республикада бұл көрсеткіш 4 триллион теңгеден асса, Қызылорданың бүкіл Қазақстандағы үлесі 0,1 пайыз құрайды. Неліктен? Демек, бұл - біздің республика халқының басқа аймақтарымен салыстырғанда төмен деңгейде өмір сүріп отырғанымыздың айғағы.

Жоғарыда келтірілген деректер бір қырынан алғанда Сыр өңірі халқының тұрмыс деңгейінің, оның ішінде кәсіпкерлердің айналысатын тіршілік көзі аясының тарылғаны болып табылады. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, 2015 жылы облыста мұнай саласында көптеген жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орындары қысқарды. Екіншіден, оның орнын басатын кәсіптің жаңа түрі ашылмады. Қазір облыс (кейін біз бұл мәселеге қайта ораламыз), республика аймақтары ішінде шағын және орта бизнес өнімдерін өндірудің ақшалай көлемін жан басына шаққандағы өнім бойынша елімізде ең соңғы орындардың бірінде келеді. Жалпы табыстың ішінде сырттан келетін өнімдерді сатудан түсетін нәпақа өсімі ұлғайып отыр. Барлығы сырттан тасымалданады, әсіресе жалпы экономика құрылымы салаларында өнеркәсіптің, оның ішінде жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының үлесі жоқтың қасы. Қысқасы, біздің қазіргі экономикалық жағдайымыз өндірушіден гөрі, тұтастай тұтынушыға айналғанға ұқсайды. Осының барлығы табыс түрінде айқындалатын депозиттегі үлесіміздің тым мардымсыз екенінен көрініс береді.

Облыстағы қаржы-несие жағдайы бүгінде осындай сүреңсіз цифрлармен сипатталып тұр. Бұл көрсеткішті сапалы деңгейге көтеру үшін біздің болжамымызша, ондаған жылдар керек. Оған облыс әкімшілігінің соңғы жылдары қолға алып іске асырып жатқан экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ инвестиция тарту бағытындағы жұмыстары ықпал етеді деп ойлаймыз.

Еркін ТОЙБАЗАР
№2(99) 16-31 қаңтар

СУБСИДИЯЛАУ ТЕТІКТЕРІ ТИІМДІ БОЛҒАНДЫ ҚАЛАЙДЫ

Қазіргі таңда еліміздің ауылшаруашылығы саласы жаңа кезеңді бастан кешіруде. Қазақстан Президентінің жуырда халыққа арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында біздің еліміздің әлемде ірі аграрлық экспорттық өндірушілер бола алатынын, бұл орайда бірқатар міндеттердің жүзеге асыру керектігін атап көрсеткен болатын. Біз редакция тарапынан облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшылығына бірқатар сауалдар қойып, бүгінгі таңда саланы субсидиялау ерекшеліктеріне, кооперативтер құру мәселелеріне қатысты міндеттердің орындалу барысын оқырмандарға жеткізуді өтінген едік.

Редакцияға басқарма басшысының міндетін атқарушы П.Сыздықов мырзадан төмендегідей жауап келді.

«Өткен жылы «гектарға» төленетін субсидия бойынша облыста егілетін күріш, дәндік жүгері, майлы дақылдар, мал азықтық дақылдар (жаңа және ескі жоңышқа, сүрлемдік жүгері), картоп, көкөніс, бақша дақылдарына субсидия төленген болатын,- деп жазады П.Сыздықов – Елбасының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес ҚР Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, бағдарламаны мемлекеттік форматқа қайта бекіту шеңберінде субсидиялау жүйесіне бірқатар түзетулер енгізілді. Жаңа бағдарламаның ерекшелігі – мемлекеттік қолдау алушыларды көбірек қамтуға, осылайша оның тиімділігін жоғарылатуға бағытталған. Биылдан бастап «гектарлық» субсидия тоқтатылатын болды. Олардың орнына мемлекеттік қолдаудың басқа механизмдері мен түрлері енгізіледі.

Мысалы, майлы дақылдардың «гектарына» төленетін субсидиялардың орнына өнімді өңдеуге өткізілген көлеміне төлеу қарастырылып отыр.

Күрішке келетін болсақ, біздің аймақтық ерекшеліктеріне байланысты күріш жергілікті бюджет есебінен гектарлы субсидиялау жөнінде Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілді. Одан бөлек күріштің әр гектарына 100 мың теңгеге дейін көктемгі дала жұмыстарын несиелеу қарастырылуда.

Ол үшін биылдан бастап «Аграрлық несиелік корпорация» арқылы көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға 5-8 пайыз аралығында несиелендіру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жаңа жоңышқаға да «гектарлық» субсидия төленеді. Сонымен қатар элиталық және бірінші репродукциялық тұқымдар, жылыжайда өсірілетін көкөністер субсидияланады.

Бұған қоса, суармалы жердегі субсидия төлеу жеңілдетілсе, тыңайтқыштардың құнын субсидиялау мөлшері нарықтық бағаның 50 пайызы болып белгіленген. Мал шаруашылығын субсидиялауға да бірқатар өзгерістер енгізіледі.

3000 бастан жоғары мал бордақылау алаңдарының өткізген 1 бас бұқашыққа 45 000 теңге, 2500 бастан жоғарыға 40 000 теңге, 2000 бастан жоғарыға 35 000 теңге, 1500 бастан жоғарыға 30 000 теңге, 1000 бастан жоғарыға 25 000 теңге, 100 бастан жоғарғы мал сойған тауар өндірушілерге және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне 20 000 теңгеден субсидия төленетін болады. Жалпы, субсидияларды төлеу ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінен түскен тапсырыстарға сәйкес төленеді.

Кешегі Президент Жолдауында Елбасы кооперативтер құру бойынша тиісті міндеттер жүктеген болатын. Қазіргі таңда біз оның артықшылықтарын сезініп отырмыз.

2016 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізілген «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңына сәйкес біршама жұмыстар ұйымдастырылуда. 2016 жылдың қорытындысымен барлығы 745 шаруашылық құрылымдарының бірігуімен 133 ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды. Оның ішінде 34 мал шаруашылығы, 34 егіншілік, 64 көпсалалы және 1 су шаруашылығы кооперативі бар.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ы арқылы мал бордақылау үшін Жаңақорған ауданында жеке қосалқы шаруашылықтардың бірігуімен құрылған «Миялы» АӨК-нің 41

мүшесіне 600 бас малға 90 млн. теңгеге, Қазалы ауданында «Шеңгелді» АӨК-нің 40 мүшесіне 1066 бас малға 160 млн. теңгеге, Сырдария ауданында «Ақжарма» АӨК-нің 20 мүшесіне 533 бас малға 80 млн. теңгеге, Қызылорда қаласында «Береке-Агро» АӨК-нің 23 мүшесіне 230 бас малға 72,4 млн. теңгеге қаржыландырылды.

Кооперативтердің жұмысын жеңілдету мақсатында облыс әкімдігімен бірлескен жұмыстар жүргізіліп, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ» ЖШС-і арқылы Сырдария ауданында құрылған «Жан-Арай Агро» АӨК-і несие алып, қаз-үйрек етін өндіріс нарығына өткізіп отыр.

Сондай-ақ Жалағаш ауданы «Ақсу елі» АӨК-не күріш, мақсары тұқымдарын сатып алуға қажетті айналым қаражатымен толықтыруына несие берілсе, Сырдария ауданындағы «Жамбыл» АӨК-не жаңа күріштің «Айсәуле» сорты тұқымын сатып алуға несие берілді.

Сонымен бірге, жеке қосалқы шаруашылықтарының бірігуімен құрылған кооперативтердің 2 сүт қабылдау пунктін қаржыландыру үшін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-на құжаттарын тапсырған болатын, қазіргі уақытта Арал ауданында «Шижаға-16» АӨК-і сүт қабылдау пункт қажетті жабдықтар сатып алып, тиісті жұмыстар жасауда.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру бағытындағы жұмыстар жалғасуда».

БІЗДІҢ ТҮЙІНДЕМЕ

Ия, соңғы жылдары саланы мемлекеттік қаржылай қолдау ұлғая түсуде. Бұл қуантады, дегенмен жауапкершілік те жүктөйді. Жауапкершілік дейтініміз, ендігі жерде әрбір жұмсалған қаржының сұрауы болатынын да ұмытпағанымыз абзал. Әйтеуір жоғарыға есеп беру үшін атқарылып жатқан жұмыстарды тізбектеп шығу ендігі жерде жақсылыққа әкеп соқпайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан қай жерде қандай кооператив құру қажет, субсидиялауды қандай дақылдарға беру керек деген мәселенің жергілікті жерде әбден пысықталғаны шешуші маңызға ие болады. Себебі,

субсидиялаудың кейбір дақылдарға жергілікті бюджеттен бөлінетінін ескеруіміз керек. Сонымен бірге Қазақстанның әр аймағындағы жағдай әр түрлі болғандықтан, жоғарыдағы мәселелердің барлығы ауылшаруашылығы министрлігінің салаларына ұсынылғанда егжей-тегжейлі електен өткізуді қажет деп санаймыз. Мысалы, айталық, Сыр өңірінде сүт өнімдерін өндіру қаншалықты тиімді? Суармалы жерде егілген мал азығындық дақылдардың, құрама жемнің өзіндік құны қымбат болатыны белгілі емес пе? Демек, біз бұл орайда мемлекеттік міндеттемелерді орындау кезінде әйтеуір «жоғарының нұсқауынан құтылу» психологиясынан мүлдем арылуымыз қажет деп санаймыз. Біз ұдайы газеттерімізде көтеріп жүргеніміздей, картопқа дейін субсидиялау бүгінгі таңда өзін ақтай ма? Қазақстанның Солтүстігінен мыңдаған тонна арзан картоп сатып алып жатқанымызда бұл дақылды қаржылай қолдаудың қажеті бар ма? Қысқасы, бұл сауалдардың оңды жауабы бүгінгі күннің басты шарты болып табылады.

Еркін ТОЙБАЗАР
№4(101) 16-28 ақпан

АЙМАҚ БЕДЕЛІНЕ КӨЛЕҢКЕ ТҮСІРЕТІН ДЕРЕКТЕР

Бұл туралы облыс әкімі Қ.Көшербаев не айтты?

Өңгіме мақала айдарынан көрініп отырғанындай, облыс төңірегіндегі шағын және орта бизнестің барысы жайлы болмақ. Біз газетімізде бұл мәселені осыдан тұп-тура бір жыл бұрын көтеріп, Сыр өңірінің Қазақстандағы жай-күйіне тоқталып, арнайы кестені жария еткен болатынбыз. Бұл сол уақытта оқырмандар тарапынан өңірдің өзекті мәселесі тұрғысында қабылданып еді. Мақала сол кездегі өмірдің шындығы еді. Енді, міне, жуырда бұл туралы облыс әкімі Қ.Көшербаев дабыл қаққандай мәселе көтерді.

Үстіміздегі жылы ақпан айының 20-да өткізген мәжілісте облыс басшысы өңірдегі шағын кәсіпкерлік өнімінің көрсеткіші республикалық деңгейден төмен екенін мәлімдеп, салаға жұмсалып жатқан миллиардтаған қаржының қайтарымы болмай отырғанын қынжыла баяндап, бұл тұрғыда жергілікті әкімдерді қатаң сынға алды. Бүгінгі күні жергілікті әкімдерге қойылып отырған талап – жұмыссыздықты азайту, шағын кәсіпкерлікті дамытып, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Аймақ басшысы бұл талаптың үдесінен шыға алмағандар орындарын босатылатынын ескертті.

Мәселенің байыбын түсіну үшін біз алдымен облыстық статистика департаментіне тиісті сұраныс жолдадық. Осыған орай оқырмандарға төмендегі кестені ұсынуды жөн көрдік.

Кестеге үңілейік. Бұл өткен жылғы 9 айдың көрсеткіші. Ескерте кетейік, айналасы 3-4 айдың көлемінде бұл кестедегі деректер пәлендей өзгеріске ұшыраған жоқ. Бір қызығы біздің осыдан бір жыл бұрынғы жариялаған деректерімізден өзгеріс те жоқтың қасы. Аталған мерзімде Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес субъектілері 11,2 трлн. теңгенің өнімін өндірген. Аймақтар қатарында алдыңғы сапта Алматы, Астана қалалары, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары келеді. Қызылорданың бизнес өкілдері аталған мерзімде 158,4 млрд. теңгенің өнімін өндірген. Бұл – еліміздегі ең соңғы көрсеткіш. Біздің алдымыздағы Солтүстік Қазақстан облысының өзінде 255,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Қайран қаласыз.

Бизнестің тағы бір түріне жататын шаруа немесе фермер қожалықтары деген ұғым бар. Бұл көрсеткіш бойынша Алматы қаласы мен Жамбыл, Қарағанды облыстарының мерейі үстем. Егер Алматы және Астана

қалаларының мегаполистерге жататынын ескерсек, аталған көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы табиғаты жайсыздау Маңғыстау облысын ғана алдына жіберіп республикалық кестеде соңғы орындарының бірінде қалтырап тұр. Арнайы кестені жариялаған соң оқырмандар өздері пайымдар деген ниетпен біз цифрларды салыстырмалы түрде тізбектей беруді жөн көрмедік.

Айта берсек әңгіме көп. Неліктен бұлай? Біз еңбек ету дағдысынан мүлдем айрылғанымыз ба, әлде жалқаулығымыз, енжарлығымыз басым ба? Мүмкін мемлекеттік қаржылай қолдау жағы жетіспей жатқан шығар?

Редакция осы мақаланы дайындар алдында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалы басшылығына арнайы хат жолдаған еді. Қордан келген жауапта кәсіпкерлер субъектілері үшін 2015-2016 жылдары «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарлама аясында 1,6 млрд.теңге арзандатылған несие берілгені айтылған. Осы қаржының ішінде 60 жоба субсидияландырылған. Мұны бір жеңілдік деп қойыңыз. Әлгі 1,6 млрд. теңгенің жобалардың жарты млрд. теңгеге жуығы кепілдемелер сомасымен қамтамасыз етілген. Жалпы біз бір «Даму» қоры арқылы берілген несиелерді ғана алға тартып отырмыз. Ал, мемлекетте әрбір министрлік бойынша басқа бағдарламалар негізінде бөлініп жатқан қаржылар қаншама! Егер сіз қағазбастылыққа ұрынып, жаппай қатынас жолдасаңыз ондағы бірнеше бірліктерден тұратын цифрлардан көзіңіз сүрніер еді. Ащы да болса бүгінгі шындығымыз, міне осындай, ағайын.

Енді бұл жағдайдың төрелігін айтуды оқырманның өзіне қалдырайық. Кәсіпкер ағайындар да пікірін білдіріп, өзекті мәселеден шет қалмайды деп ойлаймыз.

Еркін ТОЙБАЗАР
№5(102) 1-15 наурыз

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ?

**Қызылордалық салымшылар 200 млрд. теңге
жинаған. Бұл көп пе, аз ба?**

Әңгімені бүгінгі бүкіл әлемді, оның титімдей ғана бөлігі Қазақстан жұртшылығын толғандырып отырған мәселеден бастағым келеді. Міне, күллі әлем экономикасының дағдарыс шылауына оранғанына бірнеше жыл өтті. Ол қашан қалыпты даму жолына түседі? Біздің табысымыз, Үкіметтің қолдауы қазіргі уақытта халықтың тұрмыс ахуалын жақсартуға қаншалықты септігін тигізе алады? Мүмкіндіктеріміз қандай?

Күні кеше Президентке Қазақстан экономикасының 2016 жылғы қорытындылары баяндалды. Қазақстанның ішкі жалпы өсім көрсеткіші 1% құраған. Жалпы даму индикаторларының алдағы 4-5 жылға арналған болжамдары бойынша 2019-2020 жылдары Қазақстанда ішкі жалпы өнім өсімі жылына 4-5 пайызға көтерілуі мүмкін екенін ескерсек, біздің шамалауымыз бойынша әлі бірнеше жыл бойы титықтайтын сыңайымыз байқалады.

Қазір Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалау, оны халықаралық нормаларға сәйкестендіру туралы жиі айтылуда. Себебі Қазақстанда әр түрлі санаттағы 3 млн. зейнеткер бар екенін ескерсек, бұны күрделі саяси мәселе деп түсінгеніміз абзал. Сондықтан алдымен осы жүйедегі жай-күйімізді талдаудан өткізуді жөн санадық.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы азаматтардың салымы 6 трлн. теңгеден астам соманы құрайды. Ол аз ба, көп бе? Алысқа бармай-ақ біз алдымен қызылордалық салымшылардың республикадағы деңгейін білу мақсатында «Бірыңғай жинақтаушы қоры» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры А.Құрманғали мырзаға қатынас жолдаған едік. Онда 1.01.2017ж. жағдай бойынша облыстық зейнетақы қорындағы салымшылар саны, олардың жинаған жарнасы, зейнетақы жарналарының аудару заңдылығын кім тексеретіні, облыста зейнетақы салымының 5

млн. теңгеден асқан сомасы қанша адамның үлесіне тиетіні, сондай-ақ Қазақстанның басқа облыстарындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салым мөлшері туралы деректер сұралған еді. Әділін айтайық, Құрманғалы мырзадан жауап тез келді. Оқырмандарға жауапты толық келтірейік.

**«Тіл сақшысы» басылымының
Бас редакторы С.АҢСАТҚА**

Құрметті Сәдуақас Әбдіқадырұлы!

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Қызылорда облыстық филиалы (бұдан әрі – Филиал) осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге өз құрметін және кәсіптік қызметіңізді жүзеге асыруда үлкен табыстарға жетуіңізге тілектестік білдіреді. Сіздің 28 ақпан 2017 жылғы №33 хатыңызға Филиал төмендегіні хабарлайды.

01.01.2017 жылғы жағдай бойынша Қызылорда облысында зейнетақы қорындағы ЖЗШ саны 310 мыңнан асады. Жинақталған зейнетақы жарнасы 201 млрд. теңгеден астам.

Мекемелерден зейнетақы жарналарының уақытылы аударылуының заңдылығын тексеру мемлекеттік кірістер органдарының құзырына кіреді.

Сонымен қатар, Филиал Сіздің хатыңыздың 3 (үшінші) тармағы бойынша Филиалда ақпарат болмайтынын хабарлайды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және басқа да зейнетақы жүйесіне қатысты сауалдарыңыз туындаған жағдайда, «БЖЗҚ» АҚ-ның www.enpf.kz сайтына кіріп жауап ала аласыз немесе «БЖЗҚ» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалына келіп, ала аласыз».

**Құрметпен,
Филиал директоры А.Д.ҚҰРМАНҒАЛИ**

Алдымен Құрманғали мырзаның бере алмаған деректеріне келейік. Біз өз тарапымыздан зейнетақы салымының 5 млн. теңгеден астам сомасы құпия мәлімет емес деп санаймыз. Егер біз Қызылорда облысында «Пәленшеев» пен «Түгеншеевтің» зейнетақы қорында қанша ақша бар деген сауал қойсақ, ол біздің тарапымыздан сауатсыздық болар еді. Сонда бұл цифрды Қызылорда облысының филиал директоры бізге беруден неге жалтарды? Әлде есеп жүргізуді қиынсынды ма?

Жуырда қазақстандық «Деловая неделя» газеті КАЗТАГ-қа сілтеме жасай отырып мынадай деректер таратты. «Республикалық қор басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы салымшылардың 5 млн. теңгеден астам салымы барлық салымшылардың 1 пайызын құрайтынын баяндады...» Міне, көрдіңіз бе, бұл ашық түрде жария етуге болатын дерек. Сондай-ақ оны есептеп шығару ешқандай қиындық туғызбайды. Айналып келгенде бұл дерек бізге, ақпарат құралдарына халықтың тұрмыс деңгейін білу үшін, соның негізінде талдау жүргізу үшін қажет. Осының негізінде айтарымыз, Сіз, Құрманғали мырза, бізден осы мүмкіндікті айырып отырсыз.

Жоғарыда айтылған 1%-ға келейік. Егер республикадағы бар болғаны 5 млн. теңгеден астам салымның барлық салымшылардың 1% үлесіне тиісті болса, онда бұл қазақстандықтардың тұрмыс деңгейі соншалықты жақсы еместігін көрсетеді. Сонымен бірге ол Қазақстанда миллиардтаған теңгелердің не жалақы немесе басқа табыс түрінде ресми түрде көрсетілмейтінінің айғағы болып табылады. Сонда мемлекет өзінің болашақ бағдарламаларын неге сүйеніп айқындайды? Кедейі мен орташасының санын, айналып келгенде кімге, қандай қолдау көрсетуге болатынын қалай болжай алады?

Жауапта көрсетілгендей, Қызылорда облысы бойынша зейнетақы қорындағы салымшылар саны 310 мыңнан астам. Жинақталған зейнетақы жарналары 201 млрд. теңгеден асады. Қолымыздағы бар деректерді қанағат тұтып, мынадай есептерді алға тартқымыз келеді. Қызылорда облысындағы салымшылардың жан басына шаққанда орташа салымы 648 мың теңгені құрайды. Ал жоғарыдағы Егеубаеваның мәліметіне сүйенсек, Қазақстандағы ер азамат орта есеппен 827 мың теңге, әйелдер 623 мың теңге жинақтапты. Демек, Қызылорда облысы бұл тұрғыда республикалық орташа деңгейден едәуір қалыс келеді. Бұл қалай алғанда да өзіміз болашағы үшін жанымыз ашитын, алаңдайтын Сыр өңірі халқының тұрмыс деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен төмен екенін көрсетеді. Неге бұлай? Біз осы есептерді нақтылау үшін алдағы уақытта Құрманғали мырзадан дәйекті талдау болатынына үміт артамыз.

Облыстық филиал директоры өзінің бере алмайтын деректерін интернет жүйесі бойынша тиісті сайттардан алуға болатынын айтып, олардың сайттарын атапты. Біз сілтеме жасалған сайттарға сұрау

салғанмызда «ондай мағлұматты сіз бізден ала алмайсыз» деген құрғақ, үзілді-кесілді тыйым салынған жауап алдық. Кейін деректер беруге уәде еткенімен 10 күн күткенде жауап ала алмадық. Біз бұл сайтқа кіргенімізде Қазақстанның барлық аймақтарындағы деректерге қанығып, оны өз өңіріміздегі ахуалмен салыстырғымыз келді. Себебі, ақиқатқа жету үшін барлығы салыстырмалы түрде анықталады емес пе?

Соңғы деректерді оқушылар назарына ұсынайық. 2017 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстандағы зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,71 трлн. теңге болды. 2017 жылғы 1 ақпанда шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,04 млн. бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 9,58 млн. бірлік болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 421,25 мың бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 38,99 мың бірлік болды.

Әлбетте, осынау құрғақ цифрлардың астарында миллиондаған адамдардың болашақ тағдыры жатыр. Сөздің реті келген соң айтқымыз келеді, біздегі стат органдарында тіркелген белсенді шағын және орта бизнес субъектілері бірнеше мыңдаған бірліктерді құрайды. Осы цифрлар қаншалықты шындыққа жанасады? Егер олардың жұмыс істеп жатқаны рас болса, сол шағын ұйымдардың зейнетақы қорларына түсіп жатқан жұмысшы қызметкерлердің жарнапұлын неге анықтамасқа? Сонда бізде көп нәрсенің беті ашылар еді-ау дейміз. Зейнетақы қорлары, жұмыс берушілер заңда көрсетілген талаптарды қаншалықты тыңғылықты орындап отыр? Заңды тұлғалар, кәсіпкерлер өз қарамағындағылардың мүддесіне қаншалықты жанашырлықпен қарайды? Тексерудің мұндай тетігі осы сауалдардың нақты жауабын алуға көмектеседі деп ойлаймыз. Қазақстанның болашақ өркендеуі, азаматтарының шат-шадымен өмір сүруі осы сауалдың толыққанды жауабымен ұштасып жатқанын ұмытпағанымыз абзал. Осынау өзекті тақырып алдағы уақытта да редакцияның назарында бола беретінін ескерткіміз келеді.

Еркін ТОЙБАЗАР
№6 (103) 16-31 наурыз

РУХАНИЯТ



ҰЛТТЫҚ РУХ

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының «Алқа» қоғамдық-саяси телеклубы

Айткүл Шалғынбаева, тележүргізуші:

- Құрметті қонақтар студиямызға қош келдіңіздер, хабарымызды бастамас бұрын әдеттегідей өздеріңізді таныстырып өтейін. Жақсыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ, Республикалық «Ұлт тағдыры» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Сәдуақас АҢСАТ, Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ, жазушы, көсемсөзші-эколог, Бақытжан АХМЕТБЕК ҚМУ жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының қызметкері.

Құрметті қонақтар бүгінгі тақырыбымыз «Ұлттық рух» жайлы болмақ. Бұл тақырып сонау советтер кезеңінен бері, оның алдындағы отар жылдардағы, бодандық кезеңдердегі қазақтың ең түйіткілді, басты мәселесі болып келді. Кешегі 91 жылдан бастап Тәуелсіздік алғаннан бері қазақтың рухы көтерілді деп айта аламыз. Жалпы ұлттық рухтың арқасында біз ХХІ ғасырға жеттік. Бүгінгі жастарға ұлттық рух дегенді түсіндірсек. Әңгімені содан бастайық. Бастауы қайда жатыр? Қайнар көзі қайда?

Жақсыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ:

– Әлемдегі мемлекеттердің 70 пайызының ұлттық ұстанымдары бар. Бұл өзінің тілін, дінін, мәдениетін, өнерін, тарихын сақтап қалу деген сөз. Соның ішінде қазақ елінің де өзіндік ұстанымы бар. Біз сонау ата-бабамыздан жерімізді, елімізді қорғаған кезде олардың атының тұяғымен, қанымен жазылған топырақта отырмыз. Соны біз жалғастырушымыз, дәріптеушіміз, кейінгі ұрпаққа болашақ мәңгілік ел ұрпықтарына осыны жеткізушіміз. Жаһандану келе жатыр деп жаппай оның жақсысын да жаманын да іліп ала беру дұрыс емес, оның апанына бір түсіп кетсек шыға алмай қалуымыз мүмкін. Сондықтан біз қандай жаһандандыру болмасын, ұлттық рухымызды, намысымызды, сана-сезімімізді,

мәдениетімізді, тарихымызды, өнерімізді, тіліміздің бәрін сақтап қалуымыз керек, сонда ғана біз мәңгілік қазақ елі болып қаламыз.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Ұлттық рухтарының күшті болуының арқасында басқаға жұтылып кетпей осы кезге дейін көп мемлекеттер сақталып қалған. Біздің де ата-бабаларымыз жан-жағындағы алып елдермен арпалысып жүріп, біздің ұлтымыздың қазақ елі деген атауы бар, осынша жері, ана тілі бар мемлекетті қалдырды. Ол кездегі батырларымыз нағыз ұлтшыл, нағыз рухы биік болған. Енді, мінекей, 25 жыл тәуелсіз елде өмір сүріп отырмыз. Патшалық Ресейдің, одан кейінгі кеңес одағы кезіндегі ұлттық мәселелерге қиянатына байланысты біздің еңсеміз басылып қалған еді. Енді еңсемізді көтеріп, өзіміздің тілімізді, менталитетімізді, тарихымызды қалпына келтірудеміз. Жалпы әрбір ұлт рухы биік болуы үшін, тарихын терең зерттеп, сол тарихтан тәлім алып, сол биік рухты әрі қарай жалғастыруы керек. Оны бірден-бір жеткізуші құралы – ұлттық тілі. Тіл – адамның, ұлттық келбеті, жан-дүниесі.

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ:

– Кез-келген ұлт болсын, ұлыс болсын, жеке адам болсын оның рухы өзінің ішкі мәселесі ретінде, не сыртқа көрінетін құбылыс ретінде үнемі күн тәртібінде тұрады. Қазіргі егемендік жағдайымызда ұлттық рух мәселесін көтерудің мәні де, мағынасы да өте терең. Сол анықтамалықпен ұлттық маңыздылығын айта отырып, бізге бұл неге терең дегеннің мағынасын былай түсіндіру керек шығар. Біз кешегі күні коммунистік рухпен тәрбиеленген адамбыз. Коммунистік рухтың әсері өте күшті болды. Жақсылықтарымен бірге біздің ұлт ретіндегі сақталған мәдениетімізге, дәстүрімізге қиянаты көп болды. Сондықтан да сондай бір кезеңнен өткен, бостандыққа, егемендікке жеткен ұлт, ұлыс, ел ретінде біз үшін ұлттық рух мәселесін әр деңгейде айтуымыз бекер емес. Ата-бабамызды көп айтамыз бір персонаждың сөзі бар бүгінге айтар дымың жоқ болса ата-бабаң жармаса бермей не қыласың деген. Ол ашынып айтқан, өткірлеп айтқан сөз. Әрине бүгіннен де айтарымыз бар, бірақ ата-бабаның ерлігі ол қылышпен, найзамен, шоқпармен өтсе де оның рух жұлдызы, рухани биіктігі біздің алдымызда нысана болып тұра

береді. Біздің үйренетініміз көп. Бірақ сол биік нысананы көзге ала отырып, бүгінгіміз қандай, мынау кең әлемдегі өзіміздің идентификациялық орнымыз қандай осының ортасында біз тереземіз тең болып, ең бастысы өзіміздің мүддемізді қорғап жүре аламыз ба деген сұрақ көкейде тұру керек. Осы проблеманы қозғағанның аяғы жастарға тіреліп жатыр. Яғни жастар рухты болса деймін. «Мен жастарға сенемін!»-деп Мағжан көкеміз бекер айтқан жоқ.

Бақытжан АХМЕТБЕК:

– Біз тарихтан білеміз осы кезге дейін дүниеде бес мыңнан астам ұлт болған, ал қазір тек 200-дей мемлекет бар. Соның ішінде біз де бармыз. Қазақ рухы болған соң мемлекет болып тұр. Кейбір елдерде мемлекеті жоқ, бірақ жері бар, мысалы ұйғырлар. Бабаларымыз рухты болды. Қазіргі заманда біз рухтымыз ба деп айтсам, жақында Елбасының бір сөзіне риза болдым. Қазақстан халқы ассамблеясында «Елдің тағдыры мен болашағы мемлекетті құрушы қазақтың қолында» деп айтты. Негізі қазақ халқы рухты халық. Бәрін Елбасына салмай, қарапайым адамдар да жұмыс жасауы керек. Мысалы қарапайым балабақшада кішкентай балаға кітаптар, мультфильм, қазақтың салт-дәстүрі, мәдениетін үйрету керек. Балаларға ұлттық киімді кигізісін. Біз көбіне ұлттық киімді наурызда киеміз. Басқа елдерде ұлттық киімдерімен жүреді. Біздің ұлттық ет тамағымыз – біздің рухымыз. Оның атын орыстар өзгерткен бешбармақ деп. Сыр бойында 720 мың халық тұрады. Соның 600 мыңнан астамы қазақтар. Бізде 7 ғана батырдың ескерткіші бар, тұрған тас темір болса да біздің жастарымызға ол рух береді.

Айткүл Шалғынбаева:

– Дұрыс айтып отырсыздар, жалпы ұлттық рух дегеніміздің қасиеттілігі соншалықты ұлы даланы қазақты ұлт ретінде сақтап бүгінгі күнге жеткізген. Енді сондай рухымызды сындыру үшін советтер үкіметінде ашаршылықпенен, репрессиямен рухымызды сындырғысы келді, және сындырды да. Әсіресе ашаршылықтың қазақ халқына алып келген зұлматы өлшеусіз. Осы екі дүркін ашаршылықтан (20-жылдар мен 30-жылдардағы) кейін қазақ өзінің рухынан айырылды деп айтуға болады. Нағыз құлдық сана сол

кезде қалыптасты, сіңді, шырмады деуге болады. Өйткені аштық адамның психикасына тікелей әсер ететін нәрсе. Сол сынған рухты біз әлі түзете алмай келеміз. Батыстың тәрбиесіне, даңғазасына ілесіп кетуші жастарымыз ортамызда көп. Енді осыны қандай тәрбиемен жиып аламыз, ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика бар, болмаса осы бүгінгі күнгі жастарды тәрбиелеп отырған телеарна әлеуметтік желілер, интернет осылардың барлығы жиналып келіп бүгінгі қазақ жастарының ата-бабаға, ұлттық рухқа деген сенімін сырып алып кетіп бара жатқандай.

Жақсыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ:

– Ұлттық рух, ұлттық тәрбие беретін ұлттық ұстанымдар, ұлттық құндалыққа тәрбиелейтін көріністер, жағдаяттар жеткілікті. Тек қана соны алып бере беру керек, дарыта беру, жүргізе, ұғындыра, әрі қарата жалғастыра беру керек. Егер оны қазір істемесек кейін кеш болады. Өйткені қазірдің өзінде шала қазақ, таза қазақ болып бөлініп алдық. Қазақтың тәуелсіз елінде тұрып-ақ қазақтар осылай бөлінді. Бұған менің ренжитінім шала қазақтар өздерінің шала қазақ екеніне намыстанбайды. Намыстанбайтын адамда ұлттық рух жоқ деген сөз. Ата-бабамыздың мына жерді бізге қалдыруы олар ұлттық намыс үшін күрескен. Ол кезде патриоттық сезім деген ұғым болмаған, оларда ұлттық намыс, рух деген болған. Әлі де ол ескірмейді, ұлттық намысы, рухы жоқ адам, ол таза қазақ емес деп айтуға болады. Ол патриот бола алмайды. Негізгі құндылықтарды меңгермей, қанына сіңірмей ұлттық рухты дамыту өте қиынға соғады. Қазір біздің оқу орындарында, балабақшадан бастап, мектептерде ұлттық тәрбиеге ден қойып келе жатыр. Бірақ ол жеткіліксіз. Бұл жалғыз мұғалімдердің, тәрбиешілердің міндеті емес, бұл ата-ананың да, кез-келген мекеме басшысының да міндеті. Әрбір мекеме басшысының бойында ұлттық намыс, рухтың, құндылықтардың исі шығып тұруы керек. Қалай тәрбиелейді, ол оның деңгейіне байланысты. Әрбір қазақ ұлттық рухты, сананы, намысты қалыптастыруға атсалысуы керек.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Ұлттық рухты болу деген айналандағы көршілермен бейбіт, тең жағдайда өмір сүру үшін өзін күшті болуға ұмтылу. Қ.Мырза

Әлі «Рухы биік елдің ғана Еңсесі биік» деген еді. Ол үшін білімді болуға, ғылымға, қорғанысқа (қару-жаракқа) ұмтылу шарт. Мысалы 18-19 ғасырларда Ресейде зеңбірек шығарып жатса, бізде қылышпен соғысып, ақыры жеңілдік. Бабаларымыз білім, ғылымға ден қоймаған. Абай орысты былай қойғанда, татар, өзбектермен салыстарып, қазақтың олардан жалқау екенін, ішіп жеуден басқаны білмейтінін айтып кетті. Әрі қарай Алаш зиялылары «Оян, қазақ» деп айтқанындай жұрттың бәрін білімге, басқа елдердегі көршілеріміз сияқты дамуға, сауаттануға шақырды. XX ғасырда Кеңестік қоғам келгеннен кейін ұлттық құндылықтарымызға қиянаты болды, бірақ ол кезеңді бірыңғай сызып тастауға болмайды. Біз отырықшылыққа көшіп, мәдениетке, өндіріске бет бұрдық. Бұрын естіп білмеген зауыт, фабрикалар, теміржол дегендердің бәрі сол кеңес кезінде болды. Ал ашарлыққа келсек, ол социалистік қоғамды құрудағы тәжірибесіздігінен, шолақ белсенділер мен шала сауатты адамдардың Ресейдегі орыстардың селосымен біздің тек малмен күн көріп отырған ауылды теңестіріп, көп қырғынға ұшыратқан, әйтпесе қазақтың сағын сындыру үшін әдейі жасамаған. Үкімет басында тұрған Ленин Ермеков, Бөкейхан, Ахмет Байтұрсыновтардың айтуымен бұрынғы патшалық Ресейге өтіп кеткен жерлерді бізге қайтарған. Патриоттық сезім кеңес кезінде болған жоқ деп айту қате, басқа елдердің бәрі әрі кеткенде бір айда Гитлердің табанының астына түсіп жатқанда Мәскеуді біздің қазақтар қорғамағанда совет үкіметі де Гитлерге берілетін еді. Батыр бабалардың рухы қолдаған Баукең, Мәншүк, Әлия сияқты 500-ден аса ұл-қыздарымыз Кеңес одағының батыры атанды. Қалғандары да отан үшін, ел үшін жанын аяған жоқ.

Айткүл Шалғынбаева:

– Сәке, бір сөзіңізге келісе алмай тұрмын, жаңа айтып кеткеніңіздей совет үкіметі қазақты малынан айырғанда білмей айырған ғой деп. Жоқ білді олар. Қазақтың жаны малы екенін, рухы жері екенін білді. Сол малдан айырған кезде бір дерек айтып кетейін. Осы қазақтың даласынан Ленинград пен Мәскеу жұртшылығына вагон-вагон сойылған малды тасыған екен. Сол кезде қазақ халқы аштан қырылып, аштыққа шыдай алмай бірінің етін бірі жеп жатыр. Одан кейін бір дерек бар, вагонға тиелетін

еттерді тией алмай, үлгере алмай, жазғытұрымға өтіп кетіп, ет сасып, шыбын үймелеп жатқан. Айналасында қару-жарақпен қарауылдар тұр, жанында халық өліп жатыр. Мінекей сондықтан бұл жерде Ленин бастаған, Сталин қостаған совет үкіметінің (қызыл коммунистердің) кезінде олардың саясатының астарында жалпы ұлттарды жою, рухын сындыру, советтік ұлт жасау саясаты тұрды деп ойлаймын.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Олай болса өздері қырған қазақтың жерін неге тартып алмаған? Неге басқа елдерге өзбектер, тәжіктер, түркімендерге тимеген?

Айткүл Шалғынбаева, тележүргізуші:

– Біздің қазақтарды басқалармен шатастыруға болмайды, біздің ұлы далада не жоқ бәрі бар болатын. Патшалық Ресейдің уақытысында жиһангез болып, тағы басқа түрлермен зерттеуге келген. Сонда қазақтың даласында сексеуіл деген өсімдік бар, қазақты тек сексеуілді сексеуілге ұрса сынады дегенді зерттеген. Олар біздің елімізді жауламады деп айтуға болмайды. Мәдени, өркениетті түрде жаулады. Кешегі тың игеру мәселесі, ол кезде жерімізге баскесерлерді әкеліп тықты. Патшалық ресей өздерінің мұжықтарын миллиондап әкеп қоныстандырды. Сондықтан да бұл нәрселердің барлығын шұрайлы жерінен айырыла бастаған қазақтың рухы тағы да әлсірей бастады. Ол өзін өзі жапатармағай жерімізге келіп қоныстанған мұжықтардан өзін кем санай бастады. Өйткені ол шөлді, шөлейтті жерлерге қарай ығысты.

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ, жазушы, көсемсөзші-эколог:

– Алдыңғы ғасырда орта Азияны әбден терең түбегейлі зерттеген атақты Семенов Тянь-Шанскийдің біз білмейтін осы кезге дейін құпия болған бір сөзі бар екен, патшаға жазған хаттарында «қазақ деген шатақ халық, ол өзі үш жүз деген құрылымнан тұрады, сол үш жүздің басын біріктірмей, қолына қару, астына ат бермеу керек, бұл халықты солай ғана бағындыра аласың» депті ол кісі. Шатағы осы біз қозғап отырған рухқа келіп тіреледі. Бұл үлкен империялық саясаттың белең ала бастаған кезеңі. Шынында да кешегі кеңестік кездің бергені де болды. Қиындығын бүгін қазбалап айтып жатырмыз. Өйткені қазбалайтынымыз осы кезге

дейін айтылмаған, айтылуға тиіс нәрсе. Ол бір күннің жұмысы емес, үлкен бейнетпен көтерілетін нәрсе. Жекелей басшыдан бастап, мемлекеттік деңгейде, ұлттық идеологиядан, отбасынан бастап, ата-ананың бесіктен басталатын тәрбиесі осы үшін жұмыс жасауы керек. Рухани тәрбиеміздің кемшін тұстарын уақыт көрсетіп отыр. Кеше мешіттер көбейгенде мен де қуанып едім, шайтанның қол аяғы байланады, тұсалады деп. Компьютер келгенде қағазбастылықтан құтылатын болдық деп едік. Бірақ мешіт көп, өкінішке орай шайтандық та көп. Ал шайтандықтың артында рухсыздық, жаман қасиеттер, азғындық, өзінің дінін, ділінен безіну деген сияқты мәселелер. Қалтамыздағы кішкентай қорапшалар, үйіміздің төрінде тұрған телеэкран кімге жұмыс жасап жатыр? Ноқтасы кімнің қолында? Біз соны босатып алған жоқпыз ба? Баяғыда әжелеріміз айтатын еді «күндердің бір күні бір жәшік болады, сол жәшік сөйлейді, оны тыңдаған адам ешнәрсеге қарамай барып жардың басынан құлай береді» деген екен. Ол кісілер әулие екен. Айналып келгенде белең алып бара жатқан технологиялардың тізгінін ұстайтын билік жоқ. Сол азаматтарымызға рух керек.

Бақытжан АХМЕТБЕК:

– XX ғасырға дейін көрші елдер біздің рухымыз жөнінде көптеген әңгіме шығарған. Мысалы түркімен халқында «балаң батыр болсын десең, қазақтан қатын ал» деген сөз бар. Бұл қазақтың қыздары рухшыл деген сөз. Өзбектер «досың қазақ болса, жолдан адаспайсың» дейді. Түріктер «нағыз жігіт қазақ» дейді. Бұл XIX ғасырда айтылған сөздер. Отан соғысында да қазақтан көптеген батырлары шықты. Бауыржан Момышұлы өзі өмірден озған соң батыр атағын алды. Себебі оны халық мойындады. 60-70 жылдары біздің рухымыз әндер болды оның ішінде «Әлия» «Атамекен» және «Менің Қазақстаным» деген әндері қиын заманда бізге рух берді. Совет заманында халықтың Жұмабек Тәшенов секілді рухшыл азаматтары болды. Қазіргі заманда өзіміздің қаламызды мысалға алатын болсақ көшелеріміз қазақша атаумен аталған, орталық алаңда желбіреп туымыз тұр. Қаламызда 56 мектеп бар, оларда таңертең әнұранымыз айтылады, міне бұл ұлттық рух. Бірақ қазақ тілімізді көтеруіміз керек. Біз Сыр

бойында қазақша сөйлейміз, ал Алматы, Астана қалаларынына барып қазақша сөйлесең «қазақбай» деп келеке етеді. Шешендерге барып шешен десең «иә мен шешенмін» деп қуанады. Ал бізге қазақсың деп айтсаң ұялады. Біздің тағы бір қателігіміз 1930 жылдан бастап қазақ халқында «папа», «мама» деген сөз шықты, оған дейін ешбір адам папа деп айтпаған, әкесінің өзін көке, аға деп, анасын анашым, апа деген. Осы кезге дейін сол үрдіс сақталып келеді. Қазіргі жастар енді әке, анашым деп айтып үйреніп жүр. 80 жылдарға дейін біздің салт-дәстүрімізде бар ер балалар айдар қоятын оның өзі рух беретін. Ақсақалдарымыз белдік тағып, пышақ (шаппа) ұстайтын. Біз қазір кавказ халқы пышақ ұстайды деп ойлаймыз, ол қазақта да болған. Өзім қытайдың балаларына қазақстан тарихынан сабақ беремін, олардың бізде жүрсе де рухы биік. Қазақ елі өсіп, рухы биіктеп келеді, әлі де уақыт керек шығар.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Кешегі Жолдауға байланысты жұмыс жасаған комиссия ұсынысын жариялады. Онда орыс тілін ресми тіл деп айтып жүргеніміз аздай, енді ағылшын тіліне ресми тіл деп статус беру керек депті. Бұл деген сұмдық қой. Оны қалай бойымызға, санамызға сіңіре аламыз. Ағылшын тілі бүкіл ақпараттық ағынның 70-80 пайызын құрайды. Ол бірінші деңгейдегі халықаралық тіл. Орыс тілінің деңгейі де сондай. Біздің тілімізді өзіміздің қазағымыз толық білмей жатқанда олар сол тілдермен қалай бәсекелеседі. Қазақ елінде, жерінде қазақтар тұрып өзінің тілін мемлекеттік тіл етуге атсалыспаса, аяғынан тұрғызбаса, сырттан басқа ұлттар келіп қазақ тілін көтермейді. Тіліміз дамымағаннан кейін біздің рухымыз да дамымайды.

Айткүл Шалғынбаева:

– Осы жерде менің қоспағым жалпы бүгінгі ұрпақтың рухын көтеру үшін кезінде бұрмаланған, ұрланған қазақтың тың тарихын тірілтуіміз керек сияқты. Бар айтарымыз еліміздің рухы биік болсын!

№6 (103) 16-31 наурыз

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының, міне, бір айға жуық талқыланып жатқаны, алда да ол туралы келелі келелі талай әңгімелердің болуы заңды. Өйткені мақала, шын мәнісінде, көптен көкейде жүрген жанды мәселелерді қозғаған.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында, құдайға шүкір, еліміздің саяси және экономикалық тұрпаты айшықталды. Мәдени рухани салада да көптеген бедерлі бедерлі істер жүзеге асты. Басқаны былай қойғанда, 2004 жылы «Мәдени мұра» және 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары көп тірлікке тізгін болды. Қоғамымыздың барлық саласындағы оң өзгерістер – бүгінгі шындығымыз. Алайда кейбір академиктердің алдымен экономикалық, сонан соң саяси реформаны жүзеге асырамыз деп мақала жазғандары есімде. Бұлай қоғамның тұтас салаларын кезекке қоюға болмайды. Бұл ойлай бермейтін күрделі қайшылықтарға алып келуі мүмкін.

Ендігі әңгіме тәуелсіздіктің екінші жиырма бес жылына аяқ басқанда рухани салада да ауқымды және іргелі жұмыстар алға шығып, бұл бағытқа тереңірек назар аударудың қажеттігінде болып отыр. Елбасы атап көрсеткен «Біртұтас ұлт болу» идеясы биік мақсаттардың бірі ғана емес, бірегейі. Шын мәнісінде «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» дегенге бірдеңе қосу қиын.

Осы бір өміршең бағдарламалық нұсқаны қалай іске асыруға болады. Рас, бүгінгі күнге дейін көптеген құнды пікірлер айтылды, әлі айтылады. Біз де осы бағытқа үнімізді қоссақ деп қолға қалам алып отырмыз.

Ең бірінші айтарымыз өткенімізге тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қарау әлі жетісе бермейді. Мысалы мектеп не жоғары оқу орындарында алғашқы қазақ ағартушыларын оқығанда олардың тамаша саяси ойларына көңіл бөлмек түгіл, ескермейміз де. Шоқан Уәлиханов 1864 жылғы «Сот реформасы жайындағы» еңбегінде: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және

өзіндік соты болуы қажет» деп жазған еді. Ал Ыбырай Алтынсарин өз кезіндегі «орыс селендерін» әкеліп орнатпақ болған Ресей саясаты туралы былай деді: «Бұл пікір, менінше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың». Ресей саясатының зардабын жеткілікті білген Абай орыстың сотымен қазақты соттауға болмайды деп, 74 баптан тұратын «Билер ережесін» дайындаса, орысша оқу керектігін, өнер-ғылымның орыста екенін айта отырып: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деген болатын.

Бұл және де басқа ойлар мен тұжырымдар қазіргі тәуелсіз елдің азаматтарының еркін санасын қалыптастырудың, саяси сергектіктің, құлдық психологиядан арылудың пәрменді құралдары екеніне дау жоқ. Және бір маңыздысы бұл идеялар Алаш қозғалысына да рухани негіз болған тұғын.

Тағы да бір маңыздырақ мәселе Алаш жетекшілерінің азаттыққа шөліккеп жүргендегі мол ой идеяларын бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жөніндегі Елбасымыздың ой тұжырымдарымен сабақтастырып насихаттау жетіспейді. Бұл біздің жалпы идеологиялық тәрбие жұмысымыздың деңгейін жаңа сапалы сатыға көтеріп, рухани түлеуімізді жаңа мазмұндармен байыта түсер еді.

Біз Еуразия құрлығында өмір сүріп отырмыз, бірақ кейінгі кезде батысшыл болып барамыз. Бұл бағытта екі жағдайды ескерген жөн. Бірі бұрынғы емшілік салада, қазіргі медицинада «мөлшер» (доза) деген ұғым болған еді, әлі де бар. Емді артық қабылдау адам организміне зиян келтіреді. Сондай-ақ кезінде Алаш көсемі «біз батыстық буржуазиялық жолды таңдаймыз, бірақ өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып» деген болатын.

Осы сәтте ұлы Мұхтардың хакім Абайдың үш рухани бұлағы туралы ойы еріксіз еске түседі. «Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, ауызша әдебиет қоры.... Екінші бір қол артқан қазынасы араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы. Үшіншісі үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті». Шынына келгенде, ұлттық шынайы болмыс жүрегі, Шығыс пен Батыс – қос қанаты болған Абай әлемдік деңгейге көтерілген болатын.

Кез келген ұлттық құндылықтың негізі – ұлттық тіл. Сондықтан халқымыздың тағылымы мол тарихы мен ежелден келе жатқан, тіні еш үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерді, оның ішінде сөзсіз ана тілінсіз рухани жаңғырудың жүзеге аспайтыны белгілі. Алайда сонау патшалық Ресейдің отарлық саясаты, соның саяси жалғасындай болған кеңестік кезең ұлттық дамудың ғасырлар сарапталған жолынан тайдырып, орыстың тілімен бірге кейде қайшылықты тәрбиесі де еріксіз таңылып, тілімізді аздырды, дінімізді шеттетті, ділімізді лайлады. Міне, сол кездерден әбден теперіш көрген, тәуелсіздіктің жиырма бес жылында да айдарынан жел есе қоймаған қазіргі қазақ тілдік кеңістікте қиыншылықтар көбейе түспесе, азаятын емес.

Елбасымыз үш тілді білу туралы көптен айтып келеді. Бұл – өміршең идея. Ондағы ой егер біздің ұрпағымыз үш тілді біліп ғана қоймай, сол тіл иелерінің тарихын, білім ғылымын біліп жатсақ, өркениеттің жаңа сатысына көтерілер едік дегендік. Алайда осы үш тілде білім беруді «үш тұғырлы тіл» дегенмен шатастыру да көп кедергілерге ұрындырып отыр. Тілдің жалғыз ғана тұғыры барын көптеген шала сауаттылар мойындағысы келмейді. Ол тұғыр – ұлттық тіл. Және осы тұғыр мықты болған кезде ғана өзге тілдердің құдіретін де тіл иесі айқынырақ сезінеді.

Алаштың оқыған ардақтыларының бірнеше тіл білгенінен хабардар қазақ өз баласының үшінші ағылшын тілін білгеніне әсте қарсы бола қоймайды. Алайда көп тіл бәрімізге қажет пе немесе ол тілдерді қашан, қалай оқып үйрену керек деген мәселе жоқ емес. Жақында мынандай мәліметтермен таныстым: 2 тіл 1-ші сыныпта 4 елде, 2-ші сыныпта 5 елде, 4-6-шы сыныптарда 13 елде оқытылады екен. (Егемен Қазақстан, № 15 сәуір 2017 жыл). Ал біз балабақшаларда, көбісі әлі өз ана тілінде сөйлей алмайтын әлеуметтік ортада 4-5 жасар ұл қыздарымызға үш тілді қатар оқытып жатырмыз. Енді олардың көбісі не қазақша, не орысша болмаса ағылшынша сөйлей алмайды. Өздері әр тілден естіген сөздерін пайдаланады. Көбіне сөздерді түсінбей жаттап алады. Ең негізгісі ұл-қыздарымыздың ұлттық ойлау жүйелері бұзылуда. Бұл аса қауіпті.

Елбасының мақаласында атап көрсетілгендей, «жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». Талай тағдырдан сүрінбей келе жатқан озық ұлттық салт-дәстүрлеріміздің ішінде ұлттық сана мен ұлттық рухтың орындары бөлек. Ұлттық сана тікелей ұлттық болмыстың өзегі, мазмұны болса,

ұлттық рух оның алға ұстар туы, жеңіске жетелер қуатты құралы. Кезінде Алаш алыптарының бірі Мұстафа Шоқай «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», - деген болатын. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары да терең сезіне түсуге көмектеседі.

Жинақтай айтқанда, ұлттық һәм тарихи сана, саяси сергектік, ұлттық рух сияқты халқымыздың құндылықтар жүйесін құрайтын рухани кодымызды жетілдіре түспей, ешқандай жаңғыру да, алға сапалы жылжу да болмайды. Мұны тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы да, мәңгілік ел құруымыз да талап етіп отыр.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы, профессор
№12 (109) 16-30 маусым

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылғандар ел зиялыларының тәуелсіздік алғаннан бері «бізге ұлттық идеология керек» деп айтып жүрген, бірақ биліктен нақты қолдау таба бермеген, көңілдің түкпірінде жатқан мәселе болатын. Мақалада «**Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз, музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс**», «**Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу**», «**...сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, нық түйістіру мүмкін емес**», - дейді Елбасы. Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған заманында қазақ өркениетте өз орнын тілі, мәдениеті, ғылымы, салт-дәстүрі арқылы ғана сақтап қалады, онсыз мықты мемлекеттердің жұтқыншағында жұтылып кетеді. Заман ағымына икемделу үшін бюрократтық жүйе, басқаның қызылына қызыққыш пейіл, «мен үшін бәрібір» дейтін енжар мінез өзгеруі керек. «Дәстүрдің жақсысы бар, жаманы бар» деп қазақ айтқандай, уақыт сынынан өтпеген әдет-ғұрып қала береді, тіпті салттың өзі де дамып отырады, мәселе оның түп тамыры сақталуында.

Бұл жерде біз қазақ қоғамын жайлап бара жатқан орынсыз малшашпалықтан, сән-салтанаттан арылуымыз керек, сондай-ақ қазіргі қоғам мақалада айтылған «**...жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді**».

Елбасы ХХ ғасырда бізге қоғамдық жат құрылым таңып, ұлттық дамудың бұрыннан жалғасып келе жатқан жолы күйрегенін, адам айтқысыз демографиялық соққы жасалғанын, қазақ тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздағанын еске сала келіп, тарихтың сабағынан ғана емес, қазіргі құбылыстардан да ой түйу керектігін айтты.

Елбасы таяу жылдарда атқарылуға тиісті міндеттердің біріншісі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру деп атап көрсетті. Бұл мәселе алғаш көтерілген 2013 жылы Қызылорда облыстық «Қазақ тілі» қоғамы елге белгілі ғалымдармен «**Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тіл тағдырына қалай әсер етеді?**» тақырыбында

дөңгелек үстел отырысын өткізген еді. Сонда философия ғылымының докторы **Амангелді АЙТАЛЫ**: «Тіл – тірі организм. Латын әліпбиін енгізгеннен бұған дейін ана тілін үйренбей жүрген қазақтар қазақша сөйлеп кетпейді», - деген еді. Бұл жерде мәселе «Еліміз тұтастай мемлекеттік тілге көшпей тұрып латын әліпбиін енгізу тілдік мәселені күрделендіріп жібермей ме?» деген қауіп тұрғандықтан, бұл істің түбегейлі зерттеліп, зерделеніп жүргізуі керек екенін айту. Адам қай тілде ойласа, сол тілде сөйлейді. Ал әліпби – адамдардың жазбаша қарым-қатынасында пайдаланатын құралы. Кейбіреуге орыс тілінде сөйлеп жүрген қазақтар мен басқа ұлт өкілдері латын әліпбиіне көшкенде бірден қазақша сөйлеп кететіндей көрінуі мүмкін. Латын әліпбиінің ондай қасиеті болса, кәнекей. Қазір бәрімізге ортақ кириллицаны пайдаланып жүріп, қазақша үйренбей жүргенде, қазақтардың өзінің үйренуіне қиындық әкелетін басқа әліпбиді қолдану оларға онан сайын кедергі болатыны сөзсіз. Оған бұдан 25 жыл бұрын, бізбен салыстырғанда бір ұлтты ел болып саналатын Өзбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінің латын әліпбиіне көше алмай жүрген тәжірибесі мысал бола алады. Оларда халық біртекті, бәрі де ұлт тілінде сөйлейді, жазады, мемлекеттік тіл беделге ие. Солай бола тұра көптеген қиындық кездесті. Өзбекстанда латын әрпіне көшу 1992 жылы басталып, содан бері жаңа әліпби үш рет реформаланды. Қалай дегенмен де біз латын әліпбиіне көшуіміз керек, бұл ретте алдымен біртұтас қазақ ұлтының айналасына топтасып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне көтерілуін қамтамасыз етуіміз керек. Әліпби ауысқанда сингармонизм заңының сақталауын, басқа да тілдік ерекшеліктерді ұмыт қалдырмағанымыз дұрыс.

Мақалада көтерілген **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім»** жобалары да кезек күттірмейтін мәселелер екені де даусыз.

Елбасының мақаласында айтылғандай: **«Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек».**

Жалғасбек АМАНОВ
№8(105) 16-30 сәуір

ЖУРНАЛИСТ АБЫРОЙЫН САҚТАЙ БІЛЕЙІК

С.АҢСАТ, Бас редактор

Қоғамдық құрылыстың өзгеруіне орай дүниетаным мен бағамдау да басқаша қалыптасып, кейде біз сол заман ағымына, уақыттың екпініне ілесе алмай жатамыз. Ескінің орнын жаңа басып, ол қоғамға жаңаша бағыт сілтейді. Бірақ кейде кері кететін жағдайлар да болады, соны біз қазақ журналистикасынан, оның ішінде аймақтық басылымдардан байқап жүрміз.

Өткен ғасырдың аяғында бұрынғы кеңестік жүйеде тоқырау, ал адамдардың санасында жаңғыру болып, бір-бірімен байланысты осы екі құбылыстың тоғысуынан болар, 70 жыл бойы мызғымай тұрған тоталитарлық жүйе тарих қойнауына кетіп, алып державаны құрап тұрған Кеңестік Одақ тарады. Ондағы республикалар өз тәуелсіздігін алды. Әр ел өз жолын тандап, егеменді мемлекет құруға кірісті. Біз де еліміздің алдыңғы қатардағы өркениетті, демократиялық мемлекеттер қатарына енуі үшін үлкен қадамдар жасадық. Басқа өзгерістер жайлы айтпағанда, ұлттың қамын, ұрпақ болашағын, руханияты мен мәдениетін, әлеуметтік әділеттілік үшін қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдары жүйесін бұрын-соңды болмаған қарқынмен қалыптастыра бастадық.

Бірақ ширек ғасырға жетер-жетпес уақытта әу баста халықтың көкейінен шыға бастаған қозғалыстар тоқырап, олардың басты қозғаушы күші болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарының да әр түрлі қысымдарға байланысты алғашқы екпіні басылып қалды. Қазір көбіне өздерін-өзі шектейтіндер (самоцензурашыл) көбейіп, тәуелсіз басылымдар саусақпен санарлық болып қалды. Баспасөздің бүгінде халықтың үні ретінде өз міндетін толықтай атқара алмай отырғаны, міне, осыдан деп білемін.

Біз бала кезімізден білім ұясынан бастап айналадағы дүниеден таным, мәдениет, адалдық, әділеттілік құндылықтарын бойымызға сіңіріп өстік. Сондай тәлім-тәрбие көзінің бірі – кітап, ал екіншісі – бұқаралық ақпарат құралдары еді. Қазірде аға буын өкілдері де, қатарлас қаламгерлер де, зейнеткерлікке келіп қалған тілші

інілереміз де сол қоғамның сыйлы адамдары болды. Олардың ақыл-парасаты, елжандылығы, қай ортада болсын өзін-өзі ұстауы, ортақ іске жаны ашып «шырылдауы», «жақсының жақсылығын айтып мерейін тасытып, жаманның жамандығын айтып, құтын қашыруы», осының бәріне бастау болатын шығармашылығы өздерін құрметті етті. БАҚ шын мәнінде «төртінші билік» болды. Поэзия мен прозадағы жолын публицистикадан бастаған Қомшабай Сүйенішов, очерк жанрының шебері Шәкизат Дәрмағанбетов, әр мақаласы елді елең еткізген Мырқы Исаев, Нұрпейіс Байғараев, Ақберген Ержанов, Әділхан Бәйменов, Шәйзада Рахметбеков, Дархан Сапаров, күні кеше арамызда жүрген Қазі Данабаевты мақтанышпен және сағынышпен еске аламыз. Көзі тірілерден Шәкірат Дәрмағамбетов, Айжарық Сәдібеков, қызметте жүргендерден Жолдасбек Ақсақалов, Мұрат Жетпібаев, Сәкен Алдашбаевтарды айтар едім. Әрине, сол кездері баспасөзде де кемшін тұстар болды, бірақ олар журналистикаға кері әсерін тигізе алған жоқ.

Қазір қоғамдық өмірге, айналадағы оқиғаларға, саясат пен тіршілікке, руханиятқа баспасөздегі мақалаларымен әсер ете алатын журналистер бар ма? Әрине, бар, бірақ олар көп көріне бермейтін болды. Себебі ондай шыншыл журналисті қазір керек етпейді. Мықты журналист ішкі дүниесі бай адам, айналадағы оқиғаларды саралай, салмақтай алады, әділдігін айтады, шындықты жазады. Қазір айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш, сәл нәрсені күпінтіп мақтағыш, дайын дүниеге аты-жөнін қоя салатын тілшілер пайда болды. Кейбір газет үшін мақаланың маңызды болуы, оқырманның оны іздеп жүріп оқуы керек болмай қалды.

Себебі оның таралымына редакторлары мен тілшілерінің басы ауырмайды. Ол қызметті жергілікті биліктегілер мойнына алған. Осыған мемлекеттік сатып алудан түсетін мол қаржыны, жарнама мен ақылы материалдарды қосыңыз. Сонда басылымдағы мақаланың сапасына кімнің басы ауырсын. Гитлер өмірбаянын зерттеген бір ғалым өз естелігінде: «Еуропа баспасөзі әлсіреген уақытта өмірге фашизм келді» деп жазыпты. Бұл зерттеу баспасөздің қоғам талабына ілесе алмай қалуының қаншалықты

қауіпті екенін білдіреді. Олай болса журналистің негізгі цензоры бояма саясат емес АР болуы керек емес пе?!

Осы ұстанымды басшылыққа алып, мемлекеттік тілдің мәртебесін өз төріне шығаруға өз әлінше әсер ету үшін мемлекет пен ірі демеушілердің қаржысына сүйенбей-ақ, тек тіл жанашырларынан жиналған жарнапұл есебінен «Тіл сақшысы» газетін шығара бастағанымызға да биыл 5 жыл болады. Осынау аз уақытта 10 000-нан аса (қазір азайды, оның себебін төменде айтамыз) оқырман жинаған екенбіз. Бұл біздің ұстанған бағытымызды, сол жолдағы «Қазақ тілі» қоғамы мен редакцияның еңбегін жұрттың бағалауы деп қабылдадық. Қазір республика аумағына да таратып, ауқымымызды кеңейтіп келеміз. Бірақ бірнеше жылдан бері әлдебір тіл «жанашырларының», сондай-ақ біздің әділ сынымызды теріске шығара алмай, бірақ қалайда бір шара көруді көздеген ықпалды топтың лас әрекеттерінен ақталумен де келеміз.

Мәселенің басын ашып айтар болсақ, бұрынғы қиындықтарды айтпағанда, былтыр жыл аяғында аяқ астынан «Тіл мерейі» деген газет шыға бастады. Оның алғашқы санынан бастап біздің газетке, оның редакторы маған төрт рет қатарынан көрер көзге жала жапқан мақалалары жарық көрді. Газеттің бас редакторы Миуа Байназарова ханым біздің газетімізде шыққан кейбір мақалаларды заңға қайшы деп, ондағы мәтіндерді теріс айналдырып басты. Бұл дүниелердің авторлары Қазақстанға белгілі ғылым докторлары мен профессорлар екенін әлгі жазғыш та, оның ақылшылары да көрмеген немесе оны (авторлардың кім екенін, ондағы көтерілген мәселені) пайымдауға өресі жетпеген. Өткізген шараларымыз бен жазған мақалаларымызда «Жеті жұрттың тілін біл, өз тілінде өмір сүр!» деген ұстанымымызға қарамастан, бізді көпшілікке үштілдікке қарсы етіп көрсетуге тырысып баққан.

«Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген оймен болуы керек, Миуа ханым әлгі газетте «С.Аңсатовтың немерелері қазақ тілін білмейді деген қауесет бар» деген жалған деректі төрт мәрте жазды. Ондағы мақсаты қоғам мен редакция жетекшісі ретінде тілге байланысты жұртты сын тезіне алғанымен, өзінің бала-шағасын тәрбиелей

алмай отыр дегенді жұртқа жеткізіп, менің жылдар бойы мысқалдап жинаған абыройыма күйе жағу болатын.

Қандай да заңдылықты тиісті орындар анықтайды емес пе. Біз ҚР ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетіне аталған мақалаларды сараптамадан өткізу жөнінде өтініш жолдадық. Төраға орынбасары М.Комиссаровтан: *«Комитетпен «Тіл сақшысы» мерзімдік баспасөз басылымының өніміне 2016 жығы 1-15 қыркүйектегі №17(90) шығарылымындағы «ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» ТЕКСІЗДІККЕ БАСТАСА, ОНЫ ҚОЛДАУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАҒАНЫ НЕ?» және «ҮШТІЛДІЛІК – ҮШ БАСТЫ АЖДАҒАДАН ДА ЖАМАН, МҰНДАЙ КЕСІРЛІ РЕФОРМАНЫҢ» АЯҒЫ ҰЛТТЫҢ ЖОЙЫЛУЫНА ӘКЕП СОҒУЫ ӘБДЕН МҮМКІН» мақалаларына Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау мәні бойынша мониторинг жүргізілді.*

Мониторинг нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын, сонымен қатар, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңын бұзу фактілері анықталған жоқ» деген жауап келді. Сөйтіп «ақтың отын ақымақ өшіре алмайды» дегенге сайғандай болды.

Мен немерелерімнің бірі оқитын «Дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік лицей интернатын» (сол кезде солай аталатын) үздік бітіргені жайлы, екіншісінің Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білетіні жөнінде анықтамалар алып, газетке және өзіме жабылған жала екенін дәлелдеуге мәжбүр болдым.

Ол ықпалды топ мұнымен де шектелмей, оқырмандар арасына әуелі «Тіл сақшысы» газеті жабылды» деген қаңқу сөзді таратып, кей мекемелерге «Тіл сақшысына» емес, «Тіл мерейіне» жазылындар» деген нұсқау да берілгені мәлім болып отыр. (Бұл құжаттың көшірмесі бізде бар). Осыдан соң біздің газетке жазылу саны едәуір кеміп отыр. Біз бәсекелестіктен қорықпаймыз, бірақ мынандай лас технологиямен жасалған «бәсекелестік», елді екіге бөледі, жақсылыққа апармайды деп есептеймін. Осы лас технологияны қолданушылардың артында билік айналасында қызмет атқарып жүрген өзін құрметтейтін інілерім тұрған шығар

деген дүдәмал ойды айтқандарға сенгім келмейді. Оларды мұндай пиғылдағылар қатарына қимаймын. Бірақ Миуа ханым мен оның артында тұрғандар адами әдеп пен журналистік этиканы аяққа басқан осы қылықтарын жалғастыра берсе, біз де бұл мәселені әлеуметтік желідегі тіл жанашырларының талқысына салуға, басқа да заң аясындағы қадамдарға баруға мәжбүр боламыз.

Біз бұған дейін жарты жыл бойы үндемей келдік. Ендігі жазғандағы мақсатымыз, газет оқырмандары кімнің кім екенін, екі газеттің мүдделік сипатын ажырата алсын дегендік еді. Қалғанын оқырмандар таңдауына қалдырамыз.

Мереке қарсаңында барлық әріптестерімді кәсіби мерекесімен шын көңілден құттықтаймын! Журналистік әдепті сақтай отырып, абырой биігінен көріне берулеріне тілектестігімді білдіремін!

№12 (109) 16-30 маусым

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының
«Алқа» қоғамдық-саяси телеклубы

Айткүл Шалғынбаева, тележүргізуші:

– Армысыздар ағайын! Бүгінгі алқа алаңында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы талқыланып отырады.

Мақалада еліміз алдында таяу жылдардағы атқарылатын міндеттер, ұлтымыздың рухани жаңа белеске көтерілуі, ұлт ретіндегі жасампаздығы, алдағы ғасырларға ұласар ұлттың тарихи болмысы сараланды.

Құрметті қонақтар, студиямызға қош келдіңіздер, хабарымызды бастамас бұрын өздеріңізді таныстырып өтейін. Сәдуақас АҢСАТ Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы-республикалық «Тіл сақшысы» газетінің Бас редакторы, Баймырза Қожаберлиев философия ғылымының докторы, профессор, Бағдат Кәрбозұлы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор.

Бағдарламаның екінші бөлімі таяу жылдардағы атқарылатын міндеттер – бұл латын әліпбиіне көшу бағытынан басталады. Еліміздің бірқатар ғалымдары және халық пікіріне сүйенер болсақ, осы латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың қайнары тілімізді, қазақи болмысымызды сақтауға себепкер болады деген ойлар айтылуда. Осы латын әліпбиіне көшу үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек. Нені ескеруіміз керек?

Сәдуақас АҢСАТ:

– Әңгіменің басында мақалаға тоқталғым келіп тұр. Еліміз егемендік алғаннан бері біздің дамуымыз ұлттық бағытта болуы керек, ол үшін ұлттық идеология керек деп келіп едік. Елбасының осы мақаласы шын мәнінде соның жауабы дер едім. БҰҰ-ның

қағидасы бойынша мемлекет халқының үштен екісін құраған ел бір ұлтты мемлекет атанып, заңдары сол ұлттың мүддесін қорғайтын болады делінген. Қазақ халқының үлесі қазір 70% болғандықтан Перзидент осы қадамға барып отыр.

Ал латын әліпбиіне көшу жайлы айтсам, мақалада жазылғандай Қазақ жері Еуразия құрлығында болғандықтан, V ғасырдан бастап Орхон-Енесей руникалық жазумен өмір кешіп, кейін келе түркі тілі жалпы түркі халықтары үшін ортақ ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып келген. Елімізге ислам діні енгеннен бастап, 900 жыл бойы 1929 жылға дейін араб алфавитімен қарым-қатынас жасалып келді. 29-шы жылы латын алфавитіне көшу қолға алынды. 40-шы жылы саяси ықпал жасау үшін кеңестер одағындағы халыққа орыстың графикасы кириллица кіргізілді. Яғни біз үнемі әлсіздік танытып, өзгелердің әліпбиімен өмір сүріп келдік. Енді Тәуелсіз ел болғаннан кейін қай алфавитке көшеміз десек те өзіміздің еркімізде. Бұл жөнінен бүкіл әлем қолданып жүрген латын әліпбиіне көшу дұрыс. Менің пікірімше көптеген ғалымдар айтып жүргеніндей біз бір халық болып ұйысып барып, Елбасы айтқандай қазақстандықтар қазақ тілін жүз пайыз білген кезде өтсек оңайлау болады.

Айткүл Шалғынбаева:

– Латын әліпбиіне өтетік болсақ, осы уақытқа дейін жазылған құнды дүниелеріміз бар, олардың қайсысын аударамыз, қайсысын қалдырамыз?

Сәдуақас АҢСАТ:

– Тіл білімінің айналасында жүрген ғалымдар араб тіліндегі 29-шы жылға дейінгі, одан кейінгі 40-шы жылға дейінгі латын әліпбиіндегі 10 жылдың ішінде жасалған дүниелеріміз әлі сол күйінше аударылмағанын айтады. Ал қазір 77 жыл бойы ғылымда, әдебиетте, өнерде жиналған қаншама дүние бар. Әзірбайжан–дықтар, өзбектер, түркмендер сияқты орыс тілін білмейтін ұрпақтары бар ел болып қалмауымыз керек. Ешқашан білген тілден, сол тілде жасалған дүниелерден айырылмауымыз керек. Бұрынғы жиған дүниелердің барлығы сол ұрпақтың, сол қоғамның жақсылы-жаманды үлкен бір құндылығы, жетістігі. Одан арамыз алшақтап қалса халықтың жалпы дамуы кейінге кетеді.

Баймырза Қожамберлиев:

– Елбасының латын графикасына көшу идеясында үлкен стратегиялық мақсат бар сияқты. Ең бастысы түркі халықтарының басын біріктіруі. Түркі әлемі болашақта әлемдегі үлкен қауымдастыққа айналады. Себебі қазір өркениеттің дамуы шығысқа қарай ауып келе жатыр. Сондықтан латын әліпбиі түркі халықтарының жақындасуына әсер етеді. Елбасы мұны 2012 жылы айтқан болатын. Содан бері 5 жыл уақыт өтті. Жаппай қолдау таппады. Енді Елбасы нақты тапсырмалар беріп, нақты міндеттер жүктеді. Соның өзінде де асықпай көшу, 2018 жылдан бастап әліпбидің базасын анықтау керек деді. Одан кейін біртіндеп 2025 жылдың ішінде толық көшіп болу керек. Біз көпұлтты елміз, көп ұлт бізге өз еркімен келген жоқ. Ал бөтен ұлт өкілдері қорықпау керек, олардың тілдері жоғалмайды. Ана тіліміз қазақ тілі де жоғалмайды. Бұл жерде тек графика ғана өзгереді. Тіпті қиындық та болмайды екен. Ағылшын тілін мектепте оқиды. Бізді мекендеп отырған халықтар түсіністікпен қарау керек және қарайтын уақыттары да жетті. Қазақ жерін мекендеп отырған халықтар қазақ ұлтының маңайына топтасатын уақыты келді деп ойлаймын. Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі осы жолы көрінуі керек, себебі мұндай ассамблея ешқандай елде жоқ.

Бағдат Кәрбозұлы:

– Біз әлемдік өркениетке ұмтылып жатқан елміз. Оның төріне ертерек шығу үшін латын әліпбиіне көшу керек деп ойлаймын. Бұл әліпби деген таңба ғана. Сол таңбаны белгілейтін әр ұлттың өзінің тілі бар. Әліпбиді жасау үстінде сол ұлттың тіл заңдылықтары ескерілмесе ол қиын болады. Мысалы орыс алфавитіндегі «И» біздің тіл заңдылығында бұл белгі жоқ. «Ю» – қазақ тілі заңдылығында ол жоқ. Осының бәрін ескеріп, кәсіби ғалымдар жұмыс істесе, латын әліпбиін өзіміздің тіл заңдылығымызға сәйкес, жаңғырған жаңа күйде жасаса дұрыс болады деп есептеймін. Мақсатқа жету үшін бүкіл қазақ зиялылары жұмыс істеуі керек.

Айткүл Шалғынбаева:

– Қазақ зиялылары бейқамдылықтан шығу керек. Елбасының бастама, ұсыныстарына мән берілген жоқ. Осы бағдарламадан кейін қазақ зиялылары ұйқысынан оянып, елдің, ұлттың дамуына өз қызметтерін бастауы керек сияқты.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Жақында «Нұр Отан» партиясының ұйымдастыруымен үлкен селекторлық жиын болды. Оны Мәулен Әшімбаев «Мирас» республикалық кеңесінің отырысын өткізді. Оған Мырзатай Жолдасбеков, Ақпарат министрі Д.Абаев, Парламент депутаттары қатысты. Алдан СМАЙЛдың әліпби қай тілге енеді деген сұрағына Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының директоры Ерден ҚАЖЫБЕК латын әліпбиіне тек қазақ тілі көшетінін айтты.

Сауытбек Әбдірахманов әзірбайжан, өзбек, түркімендердің 25 жыл бұрын өтуді бастағанын айта келіп, бізге қарағанда олар бірұлтты, біздегідей де демократиясы жоқ, бола отырып әлі өте алмай отыр деді. Өзбектер үш рет реформа жасап отыр. Конституциясы, ресми жазулары әлі кириллицада екен. Осыны ескеруіміз керек.

Айткүл Шалғынбаева:

– Осы бөлімнің тағы бір бағыты жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. Бұл да бір үлкен серпіліс әкелуі керек. Білім саласына, рухани жаңғыруға. Мырзатай Жолдасбеков ағамыз бір басылымда 100 оқулықты аударудың қажеті жоқ дегенді айтты.

Баймырза Қожамберлиев:

– Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге көңіл онша бөлінбеді. Негізінен техникалық пәндерге көп көңіл бөлінді. Ол қажетті нәрсе болды. Еліміздің экономикасын дамытуымыз керек, техника саласындағы мамандар жеткіліксіз болды. Индустрияның, қоғамның қозғаушы күші экономика, осыған қызмет ететін мамандықтар. Олар өзіне қойылған міндеттерді орындады. Алғашқы кезде идеология керек емес деген әңгіме болды. Идеологиядан бас тарту мүмкін емес. Идеология ұлттық мүддені қорғайтын болуы керек. Елбасы міндеттеріндегі маңыздысының бірі осы гуманитарлық-әлеуметтік пәндерге көңіл бөлу арқылы ұлттық мүддені қорғайтын идеология

саласы мамандарын даярлау және оны дамыту қажет. Философия саласында элеуметтану, мәдениеттану, психология, саясаттануға көп көңіл бөлініп жатыр. 100 оқулық дегенге біз қуануымыз керек. Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы болды. Соның аясында философия саласында 20 томдық «Әлемдік жауһарлар» атты философиялық еңбек аударылды. Соның өзі үлкен серпіліс әкелді. Элеуметтану, саясаттану ғылымы дегенге кешегі кеңес заманында көп көңіл бөлген жоқ. Дамыған шет елдерде бұл бұрыннан келе жатыр, тарихы тереңде. Кембридж, Гарвард, Массачусетс университеті бағдарламаларында оқытылатын осы оқулықтарды неге ағылшын тілінен аудармасқа. Елбасы аударма жөнінде бюро, одан кейін комиссия құрылады деп айтты. Комиссияға белгілі ғалымдар, зиялы қауым өкілдері кіреді. Сол комиссия ұйғарымымен бізге ең қажетті оқулықтарды аудару орынды. Аудармашыларды да таңдағанда сақ болу керек.

Бағдат Кәрбозұлы:

– Елбасы жастардың болашағын ойлап отыр. 100 оқулық керек, біз әлемдегі озық 30 елдің қатарына қосыламыз деп жатырмыз. Ал гуманитарлық салада сол 30 ел қандай оқулықтар оқып жатыр дегенде оны қазақ жастары оқымаса, білмесе болмайды. Тағы бір мәселе төл оқулықтарымыз қалай болады? Қазіргі филолог студенттер кешегі гуманитарлық ғылымдардың ішіндегі филологияны атап айтты. 60-шы жылдары жазылған Мәлік Ғабдуллиннің қазақ ауыз әдебиеті деген оқулығымен оқып жүрді. Өткен жылдары 100 томдық «Бабалар сөзі» шықты. Ол оқулықтарда жоқ. Біздің өзіміздің филология, философия саласындағы оқулықтарымызды қайта жаңғыртуымыз керек. Жаңғыру деген осыдан басталады.

Айткүл Шалғынбаева:

– Жастар қазақ тіліндегі хаттарын латын әріптерімен жазысады. Бұл бағдарлама жастарға алдағы ғасырлар үшін қажет. Осы бағдарламаның тағы бір бағыты «Туған жер» бағдарламасы. Мұны мемлекетті құрап отырған ұлт жақсы білу керек. Ұлы даланың құндылықтары, жәдігерлері осылардың барлығын түгендеп, келер ұрпақтың санасына сіңіру қажет. ҚМУ жанындағы «Қорқыттану және өлке

тарихы» ғылыми-зерттеу институты бізде бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келеді. Әрі қарай қандай жұмыстар болуы мүмкін? Бүгінге дейін не зерттелді?

Бағдат Кәрбозұлы:

– Адам елін сүюі үшін алдымен туған жерін, кіндік қаны тамған жерін сүйеді. Жердің қадір-қасиетіне жетіп өскен жас сол елдің нағыз азаматы болады. Туған жердің тарихы, ата-бабамыздың басынан өткен жағдайларды білдіретін жәдігерлер туралы мәліметтерді жастардың санасына құю бірден бір міндет болатын болса, біз сол Астанадағы «Полиант» баспасы жеңіп алған «Менің Отаным – Қазақстан» деген сериясы шықты. Біз оған облыстың үш ауданын, қаланы жаздық. Әрқайсысы 30 баспа табақтан үлкен кітап болды. Еш саясат, идеологиясыз жазылып келеді. Оны мектептер пайдаланып жатыр. Жастарға берері өте көп. Бұл әрі қалай жалғаса береді. «Туған жер» деген бағдарламаның айтылғаны ол жастардың патриот болып өсуі үшін өз елін, жерін сүюде іс-әрекеттерді көп істеу керек дегенді меңзеген.

Айткүл Шалғынбаева:

– Сыр – Алаштың Анасы дегенді жиі естиміз. Жалпы адамзат өркениеті Сыр елінен бастау алған дегенді тарихшыларымыз, философтарымыз айтып келеді. Осы жағдайға қазақ жұртының өзі мән бермейді. Мұны қазақстандықтар үшін емес шет жерлерге ағылшын тілінде үлкен еңбектер жазылып, таратылу керек сияқты? Өйткені біз Батыс үшін кеше ғана пайда болып, өркениетті де кеше ғана білген халықпыз. Біздің Ұлы даладағы өркениет, оның ішінде мынау Сырдың бойында басталғанын осы бағдарлама аясында жылжытуға болар еді. Әлем бізді басқа қырынан таныр еді.

Баймырза Қожамберлиев:

– «Туған жер» жобасы аясында Қазақстанның қасиетті орындар географиясын жасап шығуға болады.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Біз өз тарихымызды оқымасақта дүние жүзінің тарихын, географиясын бүге-шүгесіне дейін біліп өстік. Ол әрине білімділік үшін керек. Бірақ ХХІ ғасырдың жас ұрпағына қазір өз тарихымен

қоса географиясын, экономикасын басқа елдермен салыстыра отырып оқыту керек. Экономика дегенде өз еліміздің байлығы, жері кімнің меншігінде, өз қазағымыздың ба, әлде екі азаматтығы бар басқа ұлт өкілдерінде ме? Патриоттық сезім меншікке байланысты екенін ескеруіміз керек.

Баймырза Қожамберлиев:

– Елбасымыз прагматизм туралы бекер айтқан жоқ. Адам тек ұлтына байланысты керекті нәрсесін үйренуі керек, яғни ұлттық кодын. Кәріс пен жапон моно ұлтпыз дейді. Моно ұлт дегеніміз – жалғыз ғана ұлттымыз дегенді білдіреді. Яғни олар прагматик халықтар. Біз көп ұлтты дегенді енгізіп алдық, 300 жыл отар, 70 жыл бодан болдық. Сондықтан да біздің өскелең жас бойына осы прагматизмді қалыптастыру керек.

Айткүл Шалғынбаева:

– Екінші бөлімде «Қазақстандағы 100 жаңа есім» деген бағыты бар. Бұл тұста да көп нәрсеге сақ болуымыз керек сияқты. Қазір бір-екі өлең айтып, әнші болып жүргендер көп. «Қайраткер» деген үлкен атақты жастар да алып жатыр, осыған байланысты ойларыңызды айтыңыздаршы?

Бағдат Кәрбозұлы:

– Ұлттық санадағы жаңғыру деген ұлттың менталитеті, сипаты. Біз өлген адамдарды құрметтеуге бейіміз. Неге көзі тірісінде азаматтарымызды қадірлемейміз? 100 есім деген Елбасының ұлттық патриотизмді көтеруге, жастарды тәрбиелеуге болашаққа бағытталған даналық ой-пікірінің жиынтығы деп ойлаймын.

Баймырза Қожамберлиев:

– Қоғамның қозғаушы күші адам. Қоғамның дамуына тек Тәуелсіздік жылдарынан ғана емес, жалпы кешегі кеңестік заманда да еңбек етіп, бар өмірін сарп еткен, адал азаматтар болған, міне солардан бастауымыз керек. 100 есім дұрыс көтеріліп отырған мәселе. Өзінің қызметін қиып қойып, Қазақстанның тұтастығына еңбегін сіңірген екі адам болса, соның бірі Жұмабек Тәшенов. Оған осы Қызылордадан көше атауын неге бермеске, тіпті ескерткіш орнатса да артық болмас еді. Жастардың санасына осыны ұялату керек.

Бағдат Кәрбозұлы:

– Бізде Нағи Ілиясов атындағы ауыл бар. Ол қазір ауыл емес – қала! Ол жерге бар жағдай жасалып қойылған жұмақ. Соны жасаған Абзал Ералиевті аспанға неге көтермейміз. Оны жастарға үлгі етпі ұсынбаймыз?! Бизнесмен бізде көп. Бірақ олар Н.Ілиясов атындағы ауыл сияқты ауыл жасап беріп отырған жоқ. Мен сол ауылды көріп таңғалдым. Сол ауыл туралы «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша 3 тілде кітап шығардық. Қазір бүкіл Қазақстанға таралып жатыр.

Сәдуақас АҢСАТ:

– 100 есім осы Тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасырдың ішіндегі тұлғаларға берілсе жаңағы Айткүл айтқан қауіп әрине, бар. Халық көңілінен шыға қоймайтын кісілер сол 100 есімге кіріп кетпей ме? Ал егер кеңес кезінің өзінде аты аңызға айналған Жұмабек Тәшенов, Бауыржан Момышұлы, Еркін Әуелбеков сынды тұлғалар еңсе құба-құп. «100 мектеп, 100 аурухана» деген сияқты жүзбен шектелмеу керек сияқты, оның қанша болып шығатынын кім білсін.

Айткүл Шалғынбаева:

– Бүгінгі айтылған, ортаға салынған тақырыбымыз ашылған сияқты. Ой-пікірлеріңізбен бөліскендеріңізге, шақыруымызды қабыл алып келгендеріңізге рахмет айтамыз. Лайымда елдің болашағы жарқын болсын. Аmandықпен жүздесейік.

№9(106) 1-15 мамыр

ҚАЗАҚТАРДА АР-НАМЫС БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ТҰРУЫ КЕРЕК

Менің жеке пікірім бойынша идеологиясыз бірде-бір мемлекет, қоғам, ұлт болмайды. Олай болмаса сенің бастаған шаруаң шатқаяң, бұлыңғыр болады. Бұл – бұлжытпас шындық.

Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» атты мақаласы туралы жеке пікірімді білдіруді азаматтық парызым деп санаймын. Өз басым Ел егемендігін алғаннан бері ұлт руханиятын ту етіп ұстап, сол жолда аянбай еңбек етіп келемін. Оған тура 23 болып отыр. Оны көзіқарақты қауым жақсы біледі.

Сол жолда басымды бәйгеге тігіп, турасын тіліп айтып, Майлыбаев сияқты жетесіз идеологсымақтардың қырына іліктім. Оларға менің еліміздегі идеология жұмыстарының нашарлығы туралы жазған ащы шындықтарым ұнамаған. Шынында, сол кезде тәлім-тәрбиелік жұмыстар тоқырап, идеологиялық жұмыстарда келелі жүйе қалыптаспады. Жастарымыздың тәрбиесі төмендеп кетті. Содан кейін, оларға алдымен идеология, сосын экономика деген тұжырымым ұнамаған. Өмір бәрін өз орынына қойып отыр. Елбасы: **«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс»**, – деген алтын тұжырымымен менің позициямды анық қолдады, Майлыбаевтардың аузын жапты. Сондықтан да мен Елбасының мақаласын құрметпен қабылдап, ұлт руханиятына қосылған зор үлес деп бағалаймын. Мақаланың түсінген адамға мәні мен маңызы ерекше екені аян. Бұл тұрғыда менің айтарым: дүние жүзінде 7 миллиард 110 миллион адам өмір сүреді. Соны құрайтын екі мыңнан астам ұлттардың бірі де бірегейі біз - қазақтар. Әлемде жер көлемінен 233 мемлекеттің ішінде 9-орын алатын, жерінің асты да үсті де тұнған байлық - Қазақстан Республикасы. Туған тарихына 5 мың жыл болғандар тек мысырлықтар, римдіктер, гректер, жапондықтар, қытайларға ғана емес, біздер – қазақтар да тарих тамырын тереңге жайған, келешек ұрпаққа мол, ғажап мұра қалдырған ұлтпыз. «Біз кіміз?» дегенде, біз Алтайдан – Атырауға, Алатаудан – Ұлытауға дейінгі ұлан-ғайыр жерді мекендеуші – Ұлы қазақ халқының ұрпағымыз деуіміз қажет. Ал, қазақ болу бар да, нағыз қазақ бола білу – бөлек дүние. **Нағыз қазақ бола білу – еліңді, жеріңді сүю, ата-бабаң сияқты бойындағы жаныңды берсең де – жеріңді бермеу, салт-дәстүріңді, туған тіліңді, дініңді, діліңді сақтау деп білем.** Ал,

өткен ғасырда өмір сүрген нағыз қазақтар туған жерімізді көздің қарашығындай қорғап, салт-дәстүрімізді сақтап, ана тіліміз бен ата дініміздің қаймағын бұзбай кешеден бүгінге аманат етті. Ал, біз болсақ, сол ата-бабалардың салт-дәстүрін, асыл қазынасын одан әрі жалғастырушы ұрпақтың өкіліміз. Өйткені, бәріміз ұлттық құндылықтардың өркендеуіне үлес қосып, өмірімізді соған арнап жүрген жандармыз. Дәл осы тұста халқымыздың соңғы бір жарым мың жылдық тарихына шолу жасайық. Бір жарым мың жылда біздің қазақ үш кезеңді бастан кешіріп, төртінші кезеңді өткізіп отыр.

Бірінші кезең: Дәуіріміздің X ғасырынан XVI ғасыр аралығын камтиды. Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ хандығы Алтын орда, Қазақ хандығының даму тұсы. Бұл – 11 ғасырға созылған көшпенділердің қалыптасу кезеңі.

Екінші кезең: Ресей империясының қарамағында бодан болған кезіміз. Байтал түгіл – бас қайғы болған заман.

Үшінші кезең: Қазан төңкерісі болған 1917 жылдан – 1991 жылдар Советтер одағы тарағанға дейінгі 74 жыл аралығы. Ұлт руханиятының көлеңкеде дамуы.

Төртінші кезең: Қазақтың тәуелсіздік алған 1991 жылдың 16 желтоқсаннан бүгінге дейін аралық. Ең басты құндылығымыз ел тәуелсіздігі. Ширек ғасыр тәуелсіз мемлекетпіз. Өз жері, өз шекарасы бар әлем мойындаған бірыңғай елміз. Осыған жеткізген жаратушы иеміз Алла тағалаға және «Ұлы Далада» сан ғасыр еркіндік пен егемендікті аңсаған, сол жолда бойларындағы жандарын берсе де, ұлтарактай жерін жауларға бермей арпалысқан ата-бабаларымызға әрқашан басымызды иіп, тағзым етеміз. Бізде идеология, жастардың ұлттық тәлім-тәрбиесі кемшін соғуда. Оны баю, баю, тағы да баю деген ұғымдар басып қалған. Бұл дегеніңіз – алдымен экономика, сосын идеология дегеннің салдары деп есептеймін. Менің пікірімше экономика мен идеология қыран құстың екі қанатындай тең болу керек. Бірге жүруі, бірге мәңгі болуы керек. Тек сондай жағдайда ғана ұлт руханияты жоғары деңгейде болады деп есептеймін. Отаншылдық рух қажет. Ар-намысты бәрінен жоғары қоюмыз керек. Ең бастысы – туған отанымызға адал қызмет істеу деп түсінемін. Осы жол ешкімді адастырмайды. Осыдан тура жиырма үш жыл бұрын, «Біз қайда барамыз?» атты авторлық бағдарламаның аясында «Қазақтың қызына қырық үйден тыйым» атты үлкен телехабар жасадым. Сонда «Капитализация, приватизация, экономика деп ұлттық рухымыздан, ар-ұяттан арылып, күлкімізді жинап ала алмай қалып жүрмелік, Қазақстан екінші «Тайланд» болып кетпесін,

отандастар!» деп , бүкіл Қазақстанға үндеу салдым! Оның үстіне «Лас туризмді елімізге келтірмейік?», «Ар-абырой дағдарысынан арылайық?», «Арды сақтайық, халқым?», «Біз қайда барамыз?!», «Әсет Исекешевке ашық хат», «Бауыржан Байбек мырзаға аманат», «Бақытсыз қазақ қыздары. Олар кімдер?», «Ар дағдарысы» атты жанайқай мақалаларымды газет-журналдарға жарияладым. «25» атты ерекше бағдарламамды жаздым... – Өкінішке орай, ар мәселесінде «алдымызды – жар, артымызда – құз» тұр. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып күреспесек құримыз. Бүкіл әлемге масқара болып, жуса кетпейтін жаман атқа ие боламыз. Оны көргеннен, естігеннен өлген артық деп санаймын. Шынында менің бұл тақырыптармен шұғылданып келе жатқаныма тура 23 жылдан асты. Шынында қазақ қыздары жат жұрттықтықтарға күйеуге бірінен кейін бірі шығуда. Орта есеппен алғанда, бір жылда тоғыз мыңдай қазақ қызы шетелдікке тұрмысқа шығады. Егер осы қалыпта бола берсек, келесі ғасырда қазақ деген ұлт болмайды. Соны түсіну әрі сезіну керек. Осыдан екі жыл бұрын үлкен балдызымның үйінде жаңа құдаларымен бірге қонақта болдым. Сонда, бір құдағи: *«Қазақтармен қазақтар құда болған сіздер өте бақытты жандарсыздар. Бұны айтып тұрғаным, Алматының мединститутында оқыған апалы-сіңлілі екі қызым менің тілімді алмай, индустарға күйеуге шығып кетті. Бөтеннің аты бөтен болады екен. Қыздарымнан туған индус немере жиендерге жүрегім еміренбейді. Содан бері, көңілім алай-дүлей»*,–деп көзіне жас алды. Қызықтың көкесін түйе сойғанда көрерсің деген. Оған қосылып Алматыдан келген екінші құдағи жылады. Ал, бұған не болды десек, оның да жалғыз қызы итальяндық біреуге шығып, елден біржолата кетіп қалыпты. Қасірет деген осы. Айттым ғой, бұл мәселеде жалпы жағдай мээ емес. «Ауруын жасырған өледі» дейді біздің дана халық. Біздің зерттеуімізде, бүгінгі күні 15 пен 25 аралығындағы қыздармыздың тең жартысы шетелдіктерге тұрмысқа шығуға дайын. Өткен тарихымызды зерделесек, біздің қайтпас-қайсар, ержүрек ата-бабаларымыз бойларындағы жандарын берсе де, ұлтарактай жерлерімен қатар болашақ қазақтарды әкелетін қыз-келіншектерді жат жұрттықтардан қызғыштай қорғап, сақтаған. Олар қыздарды «Отан-Ана», «Жер-Ана», «Ел-Ана» деп бағалап, жауға бермеген, «Қыз – елдің ырысы мен берекесі, өсуі, дамуы» деп білген. Басы ашық мәселе, қыздарымыздың жат жұрттықтарға жаппай күйеуге шығулары, ұлттың өсуіне, демографияға кері әсерін тигізіп

отыр. Бір сөзбен айтқанда санымыздың өсіп, сапамыздың артуына тежеуіш болып тұр. 1960 жылдары өзбектер мен қазақтардың саны тең, 10 миллионнан болған. Олар қазір 33 миллионды құрайды. Сауд Араб елінде және басқа да араб мемлекеттерінде қыздарының басқа ұлт өкілдеріне күйеуге шығуларына қатаң шектеу қойылған. Олар арнайы заң қабылдаған. Заңды орындамағандар өлім жазасына кесіледі. АР ұғымы бәрін қамтиды. АР болған жерде жеңіс те болады, жетістік те болады. Онда ұлт маңдайын көтеріп жүреді. Ал, арсыздық басқан жерде ұлт бақытсыз болады. Арсыздық белең алған елдің намысы тапталады, сағы сынып, еңсесі түседі, бишара болады. Міне, арсыздық неге әкеледі? **«Намысын бермеген қазағым мықты ғой»** деп күнде шырқаймыз. Шырылдаған шындықты жеткізер болсақ, біздің қалаларды арсыздық басып алды. Қазір ұлтымыздың болмысына, мәдениетіне, намысына, тұрмысына өте жат мына құбылыстар: жезөкшелік, гейлер, бір жыныстылар махаббаты, жалаңаштану, жын-ойнақтар, сауна-бордельдер, қонақүй-бордельдер үлкен, кіші шаһарларға толып кетті. Жезөкшелік күннен күнге өсуде. Тоқтау жоқ. Қазір елімізде жүз мыңнан астам денесін сатып, ақша тауып, қазақты жерге қаратып жүрген қыздар бар. Алматы, Астана, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Қызылорда, Атырау, Орал, Ақтөбе, Ақтау, Қостанай, Қызылжар, Семей, Көкшетау, Өскемен, Павлодар, Талдықорған, Қапшағай, Бурабай және тағы басқа қалаларда жезөкшелік пен арды сату өршіп тұр. Сұмдық емес пе? Әсіресе, шетелдіктер жұмыс істейтін аймақтарда жеңіл жүрістілер көп. Қазақ ұлты қайда барады? Дәл қазір елімізде 25 жастан асқан, тұрмыс құрмаған 300 мыңдай «кәрі қыздар», 200 мыңдай «сұр бойдақтар» өмір сүреді. Оның үстіне жесір қалған мен ажырасқандарды қоссаң, бұл цифрлар екі-үш есеге көбейеді. Бүгінгі күні әрбір 10 некенің 5-еуі ажырасып отыр. Тағы бір сұмдық қазақтың жастарын бедеулік кесапаты жайлап барады.

Сондықтан айтарым, ар-намысқа жете көңіл бөліп, идеологиялық жұмыстарға белсене араласуымыз қажет. Маңызды мақаласында Ел Президенті осыны дұрыс меңзеп отыр.

Сәдібек ТҮГЕЛ,
жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
«Ұлы Дала Қырандары» халықтық қозғалыстың тең төрағасы
№9(106) 1-15 мамыр

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, білім саласының қызметкерлері, жоғары оқу орындарының ғалымдарымен кездесті. Кездесудің алғысөзінде облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов осы жылдың ұстаздар мен оқушылар үшін жаңалыққа толы болғанын жеткізді. ҰБТ-ның жаңа форматы енгізіліп жатыр, қорытынды аттестациялау жаңаланды, «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасы басталды.

– 2019 жылға қарай мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру саласына даярлық сыныбы қатар енгізілмек. Даярлық сыныбы – 12 жылдық жүйенің алғашқы баспалдағы. Қазіргі күні балалардың 85 пайызы 1 сыныпқа қабылданбай тұрып әріп таниды, оқи алады. Әйткенмен, мұғалімдерге оңай емес. Көпшілікті «Әліппенің» қайда кеткені мазалайды. «Әліппе» даярлық сыныбынан бастап оқытылады. Орта білім беру жүйесіндегі басты өзгеріс – жаңартылған мазмұнға көшу. Жаңартылған мазмұнға көшу жағдайында функционалды сауаттылыққа ерекше мән беріледі. Өткен жылы 1 сынып оқушылары жаңартылған мазмұнмен оқи бастады. Биыл 2, 5, 7 сынып оқушыларын көшіру көзделіп отыр. Оны 2019 жылы аяқтаймыз. Жаңа бағдарламаны игеру үшін 2016 жылдың жазында 74 мың мұғалім кәсіби біліктілігін арттырды. Педагогтармен жұмыс істеу жыл бойы жалғасып келеді. Биыл тағы 75 мың мұғалім оқытылады, – деді министр.

Е.Сағадиев өз сөзінде Елбасы Жолдауынан туындайтын мәселелер мен білім жүйесіндегі өзгерістерге, үштілділік, оның ішінде мемлекеттік тіл жайына тоқталды. Айтуынша, биыл ҰБТ мектеп рейтингісіне көрсеткіш бола алмайды. ҰБТ-ны қазақстандық түлектердің 80 пайызы, сырбойылық бітірушілердің 98 пайызы қазақ тілінде тапсыруға ниетті. 11 жыл бойы оқыса да орыс мектептеріндегі балалар бір ауыз қазақша білмей шығады. Оның себебін министр әдістеме сапасының төмендігінен деп атап айтты. Министрлік орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың ғылыми

негізделген, коммуникативті әдіске сүйенген деңгейлі бағдарламасын әзірледі. Бұл әдістеме биыл жекелеген мектептерде пилоттық жоба ретінде қолданысқа енгізіледі. Қазақстанда бірінші рет ауызекі сөйлеуді дамытуға арналған жиілік сөздік шығарылды. Мұнда бұрынғыдай оқып, мәтін аудару деген болмайды.

Ағылшын тілін білу – заман талабы. Биыл ағылшын тілінде сабақ беретін 5000 мұғалімді 9 айға дейін тереңдетілген курстарда оқыту жоспарланған болатын. Оның орнына физика, химия, IT және биология пәндерінен сабақ беретін 12 000 адам жазылып, қосымша қаржыландыру мәселесі шешілді. Келесі жылы тағы 12000 мұғалім білімін шыңдайды. Пәндерді ағылшын тілінде оқу ерікті түрде жүреді, ол үшін ата-ананың жазбаша рұқсаты керек.

Е.Сағадиев осы жылы дайындық уақыты, оқыту сапасы, мұғалімдер мен балалардың дайындығы сынды мәселелер шешілетінін айтты. Өйткені аталған жұмыстың қорытындысына сай жоғарғы сыныпта 4 пәнді ағылшын тілінде оқыту кестесіне көшу 2018 жылдың аяғында аяқталады.

Бұл өзгерістерден бөлек, министр еліміздегі мектеп оқушыларына берілетін үй тапсырмасының көлеміне де тоқталды. Балалардың үй тапсырмасын орындауға жұмсайтын уақыты жөнінен Қазақстан 65 елдің ішінде 4-орында. Ал халықаралық зерттеу нәтижелері үй жұмысының көлемі мен білім саласындағы табыстың арасында тікелей байланыс жоқ екенін көрсетеді. Бұл мәселені ұстаздар мен сала мамандары кеңінен талқылап, қорытындысында үй жұмысын жеңілдетудің екі нұсқасын ұсынды. Біріншісі бойынша үй жұмысы барлық пәннің, екіншісі бойынша жекелеген пәндер есебінен қысқаруы тиіс. Екі нұсқа бойынша да үй тапсырмасын орындау уақыты орта есеппен күніне бір сағатқа кемиді.

Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сүйенсек, биылдан бастап грант саны да артып отыр. Егерде 2016 жылы 37 мыңнан астам грант берілсе, биыл бұл санға қосымша мыңдаған гранттар бөлінген. Биылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестті бірінші рет сәтсіз тапсырған бала тамыз айында екінші рет тапсыруға құқылы. Себебі, түрлі жағдайларға байланысты бала бірінші емтиханды нашар тапсыруы мүмкін. Екінші мүмкіндіктен кейін бала тағы да оқуға түсе алмаса, онда жоғары оқу орны баланы шартты түрде оқуға қабылдай алады. Жарты жылдан кейін, яғни қаңтар айында тағы бір мәрте ҰБТ-дан өте

алады. Әрине, кейінгі тестілеу ақылы түрде өтеді. Оның құны – 2242 теңге.

Бүгінгі таңда облыста апатты жағдайдағы мектептер мәселесін шешу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. 4 жыл бұрын мұндай білім ошақтарының саны 37 болған. Бұл туралы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Әкім сағатында»:

–37-ің 25-і 2013-2015 жылдар аралығында жаңаланса, қалған 12 мектептің 8-і бірер күн ішінде ашылады, ал 4-і тамыз айында тәмамдалмақ,- деді. Осылайша облыста биыл апатты мектеп мәселесі түбегейлі шешілмекші. Сонымен қатар, ауылдағы мектептердің материалдық базасын нығайтып, инновациялық технологиялармен камту және мұғалімдердің біліктілігін арттыруға баса мән беріледі.

Балалардың тынығу лагерлері де назардан тыс қалған жоқ. Бірақ, лагерлер тек 3-ақ ай жұмыс істеп, қалған уақытта қаңырап тұрмауы тиіс.

– «Иесіз қалған үйдің қирауы оңай. Қамбаштағы балалар тынығу орны осындай оймен салынды. Онда балалар ҰБТ-ға дайындалады, мұғалімдер біліктілігін көтереді. Олардан босаған уақытта ардагер ұстаздарды тынықтырып аламыз. Осындай лагердің бірін Қармақшыдан да саламыз. Оған жақында бюджеттен қаржы бөлінді. Қазір конкурстық рәсімдер жүріп жатыр. Жақын арада мердігерлер жұмысқа кірісіп, 120 орындық лагерь құрылысын бастайды», – деді әкім.

Қызылорда облысында биыл 6196 түлек мектеп бітіреді, соның ішінде қала бойынша 2106, аудандарда – 4090. ҰБТ-ға 4194 бітіруші түлек қатысуға ниет білдіріп отыр. «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 410, «Үздік аттестатқа» – 211.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ
№11 (108) 1-15 маусым

ҚОҚЫС ЖӘШІГІНДЕГІ ЖҮЗДЕСУ

– Оһ, бүйірім!

– Ей, таң атпай зәремізді алдың ғой. Кімсің?

– Бөлке нанмын.

– Ә-ә, тым ерте жүрсің ғой, түге.

– Иә, кеше кешке ғана дүкеннен әлгі қыпша бел келіншектің үйіне жол тартып ем, таңертең жұмысқа шығарда өзімен ала шықты. Сықырлақ қалта ішінде келе жатып, бір шайлық болармын, деп ойлап үлгірмедім. Мана бүйіріммен топ ете түстім осында. Сондағы келген жерім осы жақ екен.

– Ә, кел, кел. Бұл жерде кімге де болса есік ашық. Таныс болайық, менің атым – Қызанақ. Бұрыннан да дүкен сөрелерінде кездесіп жүрген болармыз. Біздің келгенімізге үш күн болды, достым. Мен де біреуге қыстық азық болармын деп жүргенде, үй иесі қаптың аузын жабық қалдырып, кей бауырымыз ыстыққа шыдамай көгеріп те кеттік. Сөйтіп бәрімізді арбаға тиеп, бір күнде осы жерге аударды да тастады. Мұнда картоп, тоқаш, асқабақ, ірімшік, тосап, тәтті нан, пісірілген тамақ, общым, несін айтайын, түрлі азық-түлік, ас-ауқаттармен қоса киім-кешек, бұйымдар да бар.

– Біз қайдамыз сонда?

– Бұл жер қоқыс жәшігі. Мына жатқан тұздалған балықтар кеше келген. Осы адамдарды түсінбейсің, кейде. Жемейтін болса неге сатып алады екен? Айтпақшы, кейде аю, қоян, түлкі, қуыршақ сынды ойыншықтармен де ойнап қоямыз. Хе-хе-хе! Бізді қойшы, қазіргі заманның адамдары бір күн асқан соң нанды да жемейтін болғаны ғой.

– Солай-ау, бір тілім ауыз тиместен-ақ әкеліп, тастай салды. Обал-сауабымызды ойлап бас қатырып жатқаны шамалы.

– Қам жеме бауырым. Бұл жерде сен сияқтылар көп. Арасында осы мекеннің сиыр, ит, мысық сияқты тұрғындары келіп тұрады. Шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларға да жем боламыз. Онан қалсақ

жетісіне бір рет көлікке тиіп өте үлкен қоқыс мекеніне жол тартады екенбіз. Ол жақта небір нәрсенің бәрі кездесетін көрінеді.

– «Естімеген елде көп» деген.

– Әне бір кісіні көрдің бе?

– Көріп тұрмын.

– Қолында ұшын ілмек қылып жасаған ұзын қара таяғы бар. Сонысымен теріп алып керегін жеп кетеді ол да. Бұл бейбаққа осы жерден несібесін теру бұйырған екен. Ал адамдар мұндайларды «Бомж» деп айтады. Олардың үйі де, жайы да, жұмысы да осы жерде. Біз ешкімнің асқазанынан орын бұйырмаған соң үш күннен бері бұл жердің біразымен таныс боп қалдық. Хе-хе-хе.

– Ооо, ертемен әңгіме-дүкен бастап кетіпсіңдер ғой.

Бүгін де күн ыстық болатын секілді. Мына мысық кеше тірі жүр еді. Көлік басып кеткен бе, бұрышқа бұл да жантайыпты ғой.

– Мынау кәдімгі киіз қоржын ба? Мұндай да бар екен-ау. Сен қайдан шықтың?

– Еее, қайдан шықтың, дей ме? Қайдан шыққанымды айтар болсам, мен сендердің ата-бабаларыңның замандасымын. Сонау екі ғасырды көрген бұйыммын. Кезінде Керліаяқтың бауырында жүріп, аңға да, алыс жолға да шықтық. Иеміз құралайды көзге атқан мерген еді, шіркін. Астында тұлпары, күмістен күптеліп соғылған ер-тоқымын салып, тоғыз өрім, тобылғы сапты камшысымен бірге бауырында мені тастамайтын, ылғи. Ол кезде қазіргідей емес, табиғат та тамаша, ауа таза. Соған қарай ма, әйтеуір, адамдардың да ниеті, көңілі де кіршіксіз болатын. Жүрегінде иманы, көңілінде ынсабы төгіліп тұрушы еді, жарықтық. Қазір заман басқа. Болмысы бұлыңғыр адамдар қаптап кетті.

– Мұнда қалай тап болдың, сен сияқтылар ана мұражай дей ме, бір жерде сақталып тұрмаушы ма еді?

– Несін айтасың. Иеміз кеткен соң қадіріміз де кетті. Бір кездері керегенің басында ілініп тұрушы ек. Онан шөп жинайтын қораның бұрышынан пана таптық. Күндердің күнінде үй иелері «қала» дейтін тірлігі қарбалас бір мекенге көшіп келді. Мұнда келген соң бізді қояр жер табылмады-ау деймін. Жақында түскен жас келін ер-тұрман, таға, қамыт бәрімізді бір қорапқа салып осында әкеп

тастады. Біз келгелі де бес күннің жүзі болды-ау, шамамен. Өтіп жатқан заман-ай!

– Қалада жүргінші көп ә?!

– Иә, көп. Бірақ бәрі біз жақтан бойын алшақ ұстайды.

– Енді бізден неше түрлі жағымсыз иістер шығады. Онан қалды шыбын-шіркей зиянды жәндіктер тағы бар.

– Кеш те түсіп қалыпты. Таң атты, кеш батты деген. Мына әп-әдемі қыз біз жаққа бағыт алып келеді. Жүзінде мұң бар секілді ме, қалай? Қатарымыз тағы немен толығыр екен?

– Анашым, мені бұлай қалдырмашы. Іңгә-іңгәә! Жарық дүниеге қадам басқаным енді ғана ғой, ана! Мені қайда тастамақшысыз?

– Бұл не?

– Бір нәрсеге ұқсайтын сияқты.

– Мынау кішкентай адам. Қоқысқа тастағаны несі? Тіпті жануарлар да бауыр еті балаларын мұнда тастамаушы еді ғой.

– Иә, иә, дүниеге жаңа келген сияқты. Адамдар мұны қызыл шақа шарана дейтін. Бұл бейбаққа не болды екен?

– Әй, нәресте, сен неге келдің мұнда?

– Мына жер қандай сасық. Шыдай алар емеспін. Мен тоңып барам, тоңып барам. Қарным да аш. Жарық дүние, сен қандай қатал едің?! Іңгә-іңгәә.

– Жә, жә, болды енді. Бұл жерде не жоқ бәрі бар және бәріне есік ашық, қош келдің! Сен қоқыс жәшігіндесің. Қатал тағдырың сені осылай сынаған екен.

– Иә, өмірге келмей жатып-ақ тағдырдың сынағына түстім. Ата-анам жер басып жүрсе де, менің жер басып жүруімді қаламады. Мен анамның бойына біткеннен кейін екеуі көп келіспей қала беретін. Мен анамның құрсағында жатқанда-ақ әкем менің өмірге келуіме қарсы болып, менен құтылудың бірнеше амалын қарастырып көрді. Бірақ, олардың жасаған айла тәсілдері бірінен соң бірі сәтсіз бола берді, бола берді. Амал нешік, айым-күнім толысып Жаратқанның қалауымен жаңа кеш түсе өмір есігін аштым. Анам үйде жалғыз екен. Жүзі жабырқаңқы. Әбден қажығаны көрініп тұр. Өйткені екеуміз де еден үстінде ес-түссіз екі сағат жаттық. Әлден уақытта менің дауысымнан шошып оянып, тезірек есін жиып, жылдам-жылдам кетуге асығып, әлдене іздей

бастады. Іздеген заты ас бөлмесінен табылды-ау деймін. Келе мені құшағына алып: «Қош, балапаным! Сен маған ренжіме! Бұлай етпеске амалым жоқ» деп, бетімнен алғашқы және соңғы рет сүйіп, жеңіл бір орамалға орады да, мына денеге жайсыз тиетін сықырлаған қалтаға салып осында әкеп тастап кете барды.

– Көрер жарығың бар екен, көрер бақытың да алда шығар, сондықтан көп қапаланба. Бұл өмір сен ойлағандай бола бермейді. Көнбеске шараң жоқ. Ата-анаң безбүйрек болса кімге налысың?

– Біз көп адамдарды көрдік. Олар әр түрлі болады. Бірі намысшыл, бірі сатқын, енді бірі жайдары, біреулері бар екі жүзді, тағысы тағы бар. Солардың ішіндегі қауіптілері – ар-ожданын аяққа таптағандар. Ондайлар өзін де өзгені де бүлдіреді. Қоғамның ішіне іріткі салатын да солар. Өкініштісі, олар қадамын қиыс басқандығының кесірінен сенің тағдырластарың күн санап көбейіп келеді.

Адамдар ол қасіретті біледі. Біле тұра тереңін жете түсінгісі келмейді ме, түсінбедім. Десек те, қызынан қылық, ұлынан ұят кеткен ұлттың болашағы да айқын болмасы ақиқат. Сондықтан да мына мейірімге зәру қоғамда әрбір адам әуелі бір-бірінің, әрбір нәрсенің, біздердің, қала берді қара жер мен қара судың қадірін білсе екен дейміз. Бірақ, бізді кім түсінбек?

Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ
№12 (108) 16-30 маусым

ЖАМАН ӘДЕТТЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

Адам баласы пенде болып жаратылғаннан кейін жаман, жағымсыз, келеңсіз, қайырымсыз қылықтар жасамай тұрмайды. Бірақ әдепке бой алдырған жан өзінің бұл жаман қасиеттерін жеңе білуі тиіс. Сонда ғана ол жамандық атаулыға аяқ аттап баспайтын болады.

Адамның қандай да болмасын жасаған іс-әрекеті ылғи нәтижелі аяқтала бермесі анық. Ол ісін жақсы ойлап, жаман тәмамдауы, не болмаса байқамай қателік жіберіп алып, ісін жаманшылықпен бітіруі де мүмкін. Олай болса, ең әуелі адамның ниеті маңызды. Ниеті түзу адам қиындыққа еш мойымайды. Ниеті дұрыс болғандықтан, бұдан кейінгі істерін де түзу көңілмен жалғастырады.

Ендеше, «Мен не іс істесем жаманшылық шығады?»,-деп, жаманшылықтың себебіне сақ, оған қарсы тұра білуі керек. Яғни жаманшылықты әдетке айналдырмау – басты міндет.

Әдет – адамның қандай да бір қасиетті өзіне үйреншікті етіп алуы. Бұл егер жаман қасиет болса, онда оның жазылуы қиын дертке шалдыққаны. Сондықтан бір нәрсені әдетке айналдырған кезде оның жақсы-жаман екеніне нақты көз жеткізген дұрыс.

Темекіні әдетке айналдыру – сондай жаман қасиеттердің бірі. Ең алғаш сол темекіні ауызға алған кезде неге ойланбасқа? Оның зиянын ұққан жандар одан ат басын аулақ ұстайды.

Темекі сияқты жаман кеселдердің бірі – ішімдік. Бұл да адамның басына үлкен қасірет әкеледі. Бұдан жалғыз адам ғана емес, бүкіл қоғам қасірет шегеді. Отбасының шырқын бұзатын да осы ішімдік. Ішімдік адам баласына нендей жақсылық әкеліпті? Жоқ, ол жамандықтан басқа еш нәрсе әкелмек емес. Олай болса, адам өзіне жамандық әкелушімен күресуге тиіс. Оны өзінің қас жауы екенін ұғуы керек.

Данышпанның бірі былай депті: «Ішімдік адамды төрт күйге түсіреді. Ә дегенде адам тотыға ұқсайды да, жұрт көзіне түсуге тырысады. Содан соң ол маймылдың қылығын шығарады да, елдің бәрімен қалжындасып, қылжақтай береді. Одан кейін арыстан кейпіне кіреді де, тәкаппар, паң, өз күшіне сенген өркөкірекке айналады. Ақыр

аяғында ол шошқаға ұқсайды да, батпаққа аунап кете барады». Олай болса, адамның мұндай күйге түсуден сақ болуы керек-ақ.

Бүгінгі таңда етек алып келе жатқан тағы бір дерт бар. Ол – нашақорлық. Ол – темекі мен ішімдіктен де өткен адамның қас жауы. Қазіргі жастардың көпшілігі осы үш дұшпанмен бетпе-бет кездесетіні шындық. Әрбір жас оны жеңуге әбден қабілетті. Өйткені жас адамның бойында ғаламат күш бар. Иә, осындай күшке ие адам баласы өзінің өмірін кеміріп бітірушімен неге күреспеске? Ендеше, адам өз өміріне балта шабушыға міндетті түрде қарсы шығуға тиіс. Денсаулық зор байлық емес пе? Ал, бұл байлыққа немқұрайды қарау, оның қадірін түсінбеу жетесіздік болса керек. Жетесіз болмас үшін өзіміздегі бар байлықты көзіміздің қарашығындай сақтауға мүдделіміз.

Сүйген жары үйленгеннен кейін жолдасының ішімдікке салынғанын көріп, өмірін өксітсе, балалар әкесінің немесе шешесінің бұл күйіне намыстанып, жұрт бетіне қарағысыз күй кешеді. Ал, ата-ана ұрпағының ішімдікке, темекіге үйір болғанын көріп өмірден жылап өтеді. Яғни бала, әке, шеше, жар қасіретке толы ғұмыр кешеді.

Сонымен қатар, бұл үш дұшпан адамды ақыл-естен айырады, қан тамырларын тез тоздырып, оны өкпе, жүрек және басқа да ауруларға шалдықтырады. Яғни, адамды жан мен тән жағынан бірдей азғындатады. Жалпы адамның өмірі қысқарады. Олай болса, адам өз ажалына өзі жетпес үшін бұл үшеуінен аулақ болуы керек.

Тепсе темір үзетін азаматтардың немесе сүп-сүйкімді қаракөз қыздардың қор болып, ел көзіне түсуі, ақылы бола тұра ессіз кейіпке түсуі кімді де болса қынжылтары хақ. Азаматтың азамат атына лайық, қыздың қыз атына лайық болуы керек емес пе? Әркім бұны жете түсініп, өзінің табиғи қалпын сақтағаны жөн.

Әрбір адам темекінің де, арақтың да, есірткінің де адам өміріне қауіпті және зиянды екенін жақсы біледі. Бұлардың адамды ешқандай жақсылыққа, бақытқа жетелемейтінін де ұғады. Адамды адамдық қасиеттен жұрдай ететінін де түсінеді.

Ендеше, біліп және түсініп қана қоймай, оны күнделікті өмірде көрсете білу керек. Ал, ол тек әдептілік арқылы ғана жүзеге аспақ.

Кісі елге сыйлы болуы үшін ең әуелі әдеп-ибамен сусындауы қажет. Онсыз ел арасында қадірлі бола алмайды. Ол тек қана әдептілігімен жұртқа жағымды, елге сүйкімді, халыққа қастерлі келеді. Ағайын-туыс, көрші-қолаң, дос-жаран және құрбы-құрдастар да кісіні тек әдептілігіне қарай сыйлайды, инабаттылығымен

күрметтейді, ибалылығымен жоғары тұтады, ізеттілігімен бағалайды. Ал, кісінің ел алдындағы абыройын төгетін келеңсіз жайт – әдепсіздік. Кісіні жұртқа сүйкімсіз ететін, оның жаман атын жалпақ жұртшылыққа шығаратын, бүкіл таныстарымен ара-қатынасын бұзатын да – адамның әдепсіздікке бой алдыруы.

Адам өсек айту, біреуді сыртынан жамандау, балағаттау, жек көру, көре алмау, қызғану немесе біреуге жала жабу, кек сақтау, жалған сөйлеу, өтірік айту не болмаса екіжүзділік таныту, менменсу, өзімшіл болу және сол сияқты қылықтар арқылы өзін әдепсіздікке бейімдеп алады.

Кісі өзінің өсекке таңылып, жамандалуын қаламайды, өзін біреудің қызғанғанын, көре алмағанын ұнатпайды. Сондықтан бұл айтылған барлық жаман қылықтарды ешбір адам өз бойына дарытпағаны дұрыс. Өйткені, «Өзіңе тілемегенінді өзгеге де тілеме» қағидасы бойынша әрбір адам өз басына да, басқаға да еш қиянат жасамауы керек.

Жалған сөйлеу, жалған ант ішу және өтірік айту – бұлар екіжүзділіктің нәтижесі. Адамның бұл қылығы жексұрындық, сұмпайылық болып табылады. Өмірде алдағаннан жаман нәрсе жоқ – мұндай адамдарды халқымыз: «Тіліп жіберсе бетінен қан шықпайтын тірі өлексе», - деп атаған. Осындай ауыр сөз естігенше қара жер жамылып жатқан артық емес пе? Намыс деген адамның ажырамас серігі болуы тиіс. Олай болса, намысы бар адам мұндай оқыс қылықтарға аяқ баспауы қажет.

Кісі ертең ел бетіне қарай алатындай болуы керек. Егер оның айтқан сөздері өтірік, жалған, өсек болып әшкереленіп жататын болса, ол жұрт алдында қандай күй кешпек? Оның абыройы айрандай төгіліп, масқарасы шығады емес пе?

Осыдан кейін ол елге сенімсіз болады және бұған қоса оған өсекші, суайт, бетсіз деген сияқты басқа да айыптаулар тағылады.

Мұндай келеңсіз жайттарға тап болмас үшін осындай кеселді қылықтардан аулақ болу керек. Демек, қоғамда абыройлы, беделді, қадірлі және сыйлы бола алудың жолы – кісінің бүгін істеген өз ісіне ертең халық алдында жауап бере алуында жатыр. Мұндай адам текті де тәрбиелі, инабатты да мейірімді, қайырымды да сезімтал келеді.

Жандос ЕСІРКЕПОВ,

педагогика ғылымының кандидаты,

ҚМУ-дың доценті

№11 (108) 1-15маусым

MEMLEKETTİK TİL MƏCELESİ



ҚАЛТАЙ МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Қоғам дамуының қай саласына болса да қалам тартқан Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай (Калиолла) Мұхамеджановтың назарынан тіл мен дін мәселесі тыс қалмаған. Кез келген ұлттық мемлекеттің мызғымас тұғыры - тіл мен дін деп санаған Қалағанның әр кездерде айтқан, жазған оралымды ойлары уақыт көлеңкесінде қалмауы керек. Келеңсіз дүниелердің келуінен кетуі ұзақ процесс болатындықтан, Қалағанның ертеде айтқан кейбір тартымды пікірлері мен ұғымды ұсыныстары ширек ғасырды артқа тастаған тәуелсіз еліміздің қазіргі нарық жағдайындағы дамуында да маңызын жойған жоқ. Бұған Қалағанның жарты ғасырдан бұрын (1959 ж.) жазылған «Бөлтірік бөрік астыңда» пьесасындағы Марфуға мен Арыстан сияқты «шала қазақтардан» әлі құтыла алмай келе жатқанымызды қосыңыз.

Оның өмір шындығына негіздеп айтқан тіліміз жайлы кейбір ұсыныстары кезінде іс жүзіне асырылып отырғандығын да айтпай кетуге болмас. Мысалы, 1995 жылы 30 тамызда өткізілген республикалық референдумда қабылданған Конституцияның 7-бабының 2-тармағы өзгеріссіз Қалағанның редакциясымен бекітілді.

«Тіл сақшысы» кезінде ана тіліміз жайлы Қ.Мұхамеджановтың академик С.Кенесбаевқа жазған ашық хатын, оның бұрын жарияланбаған Қалағаңа жауап хатының толық мәтінін оқырмандарымызға жеткізген болатын. Араға уақыт салып, Қалғанның руханани қазынасын қайта ақтарып, тапқан біраз деректерді ұсынып жатқанымыздың еш артықтығы болмас деген ойдамыз.

Қазбай Құдайбергенов,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры

Тіл құдайыңнан да, дініңнен де дүниеге бұрын келді. Мекен-тұрағынан ауғанда да халықтың арқалап кетер жалғыз байлығы,

жалғыз қазынасы – тілі. Тілінен айрылған халық адамзат тарихының кемесінен, уақыт назарынан тыс қалады. Оның рухани қазынасы да, тарихы да ешкімге керек болмайды. (3-том, 198-б. 1989 ж.).

Тіл білмей тұрып, баға беріп, іс білмей тұрып, өнер басқару мәдениеттің көсегесін қалай көгерткенін жеке адамға табыну мен тоқырау жылдары көрсетті ғой. Ендеше бүгінде баяғы әкіреңге басу – ойлайтын суреткерлікке де, іс қамын ойлайтын басшылыққа да сыймайтын сөлекеттік. (3-том, 85-б. 1989 ж.)

Министрлер Кеңесінің басшысы қарауындағы отырған орынбасырынан бастап, баршасы орысша баяндамалар, справкалар жазып отырады. Сол сияқты Президент аппаратында да осы «науқас» байқалады. Астанадағы қазақ министрлері облыс, аудан әкімдеріне орысша хат жазып, орысша нұсқау беріп отырады. Мемлекеттік тіліміздің мүддесін осылар бұзып отырғанда, басқалардан не сұрайсыз? Мына жағдайда Абайдың тіліне, Жамбылдың тіліне, Мұхтардың тіліне кім ие болады? Сізге айтайын деген арызымның бір саласы осы еді, Жәкем. Ел басқарып отырған балаларыңызға әруақты қызыл жолбарысыңызды бір-бір жіберіп алсаңыз жақсы болар еді. Дін мен тіл бірлігі болмай, ешбір халық, ешбір мемлекет өмір сүріп, ірге бекітіп көрмеген, балаларыңызға мықтап ескерткенізді қалар едім. (3-том, 95-б. 1996 ж.)

Осы отырғандардың ішінде ет пен майды жек көреміз деген бір пенде табылмас. Сондықтан Қазақстанда «Ауыл шаруашылығы» газеті ашылу керек. Оған кететін екі мың тонна қағазды ет пен май орайтын қағазды сәл қысқартса табуға болады. Екінші: «Автомобилист Казахстана», «Народное хозяйство Казахстана», «Кооператор Казахстана», «На страже», тағы осындай тек қана орыс тілінде шығатын басылымдардың қазақ тіліндегі серігін шығара бастаудың мезгілі жеткен сияқты. Оның басқа игілігін былай қойғанда тілдің дамуына да, экономикалық техникалық

терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына да ықпалы зор боларына дау жоқ. (3-том, 86-б. 1989 ж.)

Ресейдей ұлы елдің мемлекеттік тілін, Біріккен Ұлттар Ұйымының тіліне айналған әлемдік тілді «...ресми түрде қазақ тілімен бірдей қолданылады» деп жазу онсыз да мүшкіл халдегі ана тіліміздің еңсесін басып тастамай ма? Меніңше, 7-баптың 2-тармағын «Мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі қазақ тілімен қатар қолданылады» деп редакциялаған жөн. Бұған қоса тағы айтарым 4-тармақтың күллі мән-мағынасы, шынына келсек, «мемлекеттік тілді үйренбеуге болады» деген ұғымды білдіреді. Демек 7-бапқа: «мемлекеттік тілді құрметтеп, үйрену республиканың әрбір азаматының ізгілікті борышы» деген маңызды қосымша енгізу сұранып тұр. Тіл туралы бап тек сонда ғана қисынды жүйесін табатын тәрізді. (3-том, 114-б. 1995 ж.)

... Тіл демекші, мысалы, орыс халқы өзінің ұлы перзенттері Пушкинді, Достоевскийді, Толстойды ұлттық тілінің піріне санаса, біз Абайды Сізді, (Жамбылды) Мұхтарды пір тұтатынымыз белгілі. Олай болса тіл тағдыры мен дін тағдыры болашақ мемлекеттің өсер-өнер берік қазығы. Менің бір ғажап қалатыным, екі мың жылдан аса дүние жүзін кезіп кеткен Еврей халқының 50 жылдың ішінде әр тараптан, әр түрлі тәрбие көріп, әр тілде сөйлеп кеткен ұрпақтарының бас қосып ежелгі Таурет тілі ивритті қайтадан тірілткені. Біз өз мемлекетемізден табанымыз аумай отырып, дінімізге, тілімізге ие бола алмайтын дәрежеге жеткенімізге қатты қыңжылам. (3-том, 94-б. 1996 ж.)

Төле би мен Қаз дауысты Қазыбектен, Әйтекеден, Қожамберді мен Махамбеттен, Абайдан, Ахмет пен Мұхтардан киелі мұра болып қалған ана тіліміз қайраңға шығып қалған балықтай тынысы тарылып, аузын ашып-жұмып жатқандай. Тіліміздің ділімізге, дінімізге айналып кеткенін кейбір тоғышар қайдан білсін! Кешегі Ұлы Отан соғысының солдатты, бүгінгі академик Әбдуәлі Қайдаров ғалым серіктерімен түн ұйқысын төрт бөліп, ана тілінің мұңын

мұндап, жоғын жоқтап, кем кетігін толтыру мақсатымен, Қазақстанның ауылы мен ауданын кезіп шапқылап жүрсе – ол Академиядағы, институттағы ғылыми жұмыстарының аздығынан емес. Мезгілдің ең зәру, ең ынтызар мәселесін – тіліне тап қазір, тап бүгін көмек көрсету аса қажет екенін жанымен, арымен түсінгендіктен. (3-том, 273-б. 1992 ж.)

Сыр мен Қаратау өңірі – қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың берекелі құт мекені. Ана тіліміз, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың да құнар-шырайын жоғалтпай, жақсы сақталған жері осы аймақ. Қазақ тілін сөз еткенде бұл екі облысты еске алмай кетуге болмайды. Өйткені біздің туған тіліміз бен әдебиетіміздің дамып-қалыптасуына белгілі бір дәрежеде Сыр топырағының да қатысы бар. Сол себепті де республиканың басшылығы мен әдеби-ғылыми жұртшылығы осынау облыстарды қазақ тілін оқып үйренудің іргелі орталығына айналдыруды көздеп отырғаны тегін емес. (3-том, 272-б. 1992 ж.)

...қазақ тілін дамыту ісін тек қана ғалымдар мен жазушылар, белгілі бір жауапты қызметтегі кісілер емес, барлық жұртшылық болып қолға алып, жұмыла кіріскенде ғана нәтижелі іс тыңдыра аламыз. (3-том, 274-б. 1992 ж.)

№9(106) 1-15 мамыр

ӨСИЕТКЕ АХМЕТТЕЙ АДАЛ БОЛСАҚ...

Өткен ғасырдағы ұлт қайраткерлерінің ішінде ағартушы, қазақтың тіл білімін, төл жазуын қалыптастырған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы өте күрделі де тағылымды тағдыр иесі.

Әкесі Байтұрсын ояз бастығы, полковник Яковлевтің елге салған ылаңына шыдамай басын жарғаны үшін екі інісімен бірге 1885 жылы жиырма бес жылға Сібірге айдалады. Сотта тіл білмегендіктерінен қорғана алмайды. Кетіп бара жатып баласы Ахметке: «Балам, аш болсаң да, жалаңаш қалсаң да оқы» деп әрі өкінішін, әрі өсиетін айтады.

Ахмет әуелі Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде, одан Орынборда оқиды. Сол кездегі заман ағымынан орысшылдық пен отаршылдықтың белең алып бара жатқанына көз жеткізеді. Өзімен қатар оқығандар тілмаш болып, болыс болып, қалай да пайда табуға, билікке жетуге ұмтылады. Ахмет олармен бітіспейді. Талан-таражға түскен жер мәселесін, ұлттық таным негізінде жүргізілмейтін білім мәселесін қозғап, Ресей министрлігіне петиция жазады. Осы жолда жүріп 1907 жылы алғаш рет сотталады. Мұнан кейін де бірнеше рет қуғындалып, 1929-1931-жылдары Мәскеу бутырқасында отырады. Кейін ол жерден Горькийдің зайыбы Е.П.Пешкованың көмегімен шығып, 1937-жылы ақыры ату жазасына кесіледі.

Оны қуғынға салғандар өз жанында жүргендер еді. Ахметтің бұл жайында:

«Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес, дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен,

Өз аулымның иттерінің қапқаны» – дейтін өлеңі бар. Ахметтің көптеген өлеңдері ол ақталмай тұрғанда-ақ елдің аузынан түспей, айтылып жүреді екен. Соның бірі – мынау.

Ахметтің зайыбы Александра Ивановна дейтін орыс қызы болған. Бірде ауыл молдалары: «Ахмет, орыс келіннің аты кім?» – деген кекесін сұрақ қойса керек. Сонда Ахаң:

*«Зайыбым Александра Ивановна,
Ризамын құдайдың қизанына.
Бір кәпірді мұсылман қылған ісім,
Тұрмай ма, он молданың иманына»* – деп жауап беріпті.

Әрине, біздің негізгі сөз етпегіміз бұл емес еді, бірақ Ахаңның әруағы разы болсын деп, ойға түскен бұл жайттардан да аттап кете алмадық.

Бүгінгі күні менің көп әріптестерім – теледидар, газет журналистері өздерінің негізгі міндетін ақпарат беру деп есептеп, сөз бен сөйлемнің құрылымына, оқылымына, айтылымына аса мән бермейтін болып бара жатыр. Наубайшының негізгі шикізаты ұн мен су, құрылысшының негізгі құралы кірпіш пен балшық екені анық, сол сияқты журналистің негізгі қаруы ақпарат емес, сол ақпаратты жеткізетін сөз екенін ұмытып кетеміз.

Мәселен, **«Жиын үстінде бұл жайлы ол өз ойын бөлісті»**. Осы жерде біріншіден сөйлем, екіншіден ой жүйесі дұрыс емес. Дұрысы – **«Пәленше бұл жайындағы ойын жиын үстінде айтып берді»**. Кейінгі жас әріптестеріміз осы бір «бөлісу» деген сөзге үйір болып алған. Олардың кейіпкерлері тәжірибесін, ойын, әсерін әмісе бөлісіп жүрген бір мырзалар. Тағы бір мысал: **«Өздерінің ибалы қазақтың келіндері екенін көрсетті»** деген сөйлем дұрыс түзіліп тұрған жоқ. Дұрыс қиюласпаған кірпіш пен балшық, дұрыс бірікпеген су мен қамыр сияқты. Дұрысы – **«қазақтың ибалы келіндері...»**

Егер біз Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін оқысақ, онда – әсірелеудің, бейнелеудің, бүкпелеудің, кескіндеу, меззеу, тенеудің не екенін біршама біліп, танып қалар едік.

Осыдан екі-үш жыл бұрын аға буын әріптесім Ж.Ақсақалұлы «Тіл сақшысы» газетінде «Қайта оралшы, Ликбез» деген ойтүрткі жазып, баспасөз беттеріндегі сауатсыз мақалаларды сынға алып еді. Айтса айтқандай-ақ, көбіміз ресми хабарламалардағы цифрды дөңгелектей алмаймыз. Оқырман үшін нақпа-нақ цифр дерегі қажет емес. Мысалы: **«29998,0 млн.»** деп жазған тілші осыны **«отыз миллиардқа жуық»** деп жазса, ештеңеден қателеспейді. Сондай-ақ, қысқарған сөзге қосымша жалғау да кейінгілерге біраз басқатырғыш болған сияқты. **«ҚМУ-нің студенті»** деген немесе

«ЖШС-гі» дейтін тіркестерге ұшырасқанда біреу көріп қалмады ма дегендей бетімізді басатынымыз рас. Біріншіден, қосымша қысқарған сөздің сол кездегі тұлғасына жалғанады, яғни, «**ҚМУ-дың**» деп оқылады. Демек, қысқарған сөзді тарқатып оқудың қажеті жоқ. Егер қосымша сөздің тарқатылған тұлғасына жалғанса, «ЖШС-гі» деген сияқты жағымсыздық туады.

Осылар сияқты «қор» жалғауының да түбірдің жуан, жіңішкелігіне қарамастан жағымсыз кейіптегі сөздерге ғана жалғанатынын жақсы түсінуіміз керек. Мысалы «**өсімқор**», «**бәлекор**», «**парақор**» деген сияқты. Ал, біз «**еңбекқор кісі**» дейміз», дұрысы – «**еңбеккер кісі**».

Бәрімізге мектептен белгілі сан есімге көптік жалғауы жалғанбайды деген ережені де ұмытып кеткенбіз. «**Жиынға жүзден аса мұғалімдер қатысты**», осы сөйлем дұрыс жазылғанда «**жиынға жүзден аса мұғалім қатысты**» болуы керек. Осы сияқты сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне жалғанған көптік жалғау да сөз мағынасын бұзады.

Азғантай сөзбен сабақ үйретуді ойлап отырған жоқпыз, Ахметтің өсиетке адалдығына таңғалып отырмыз. Әкесі «аш болсаң да, жалаңаш қалсаң да оқы» деп еді, ол бүгінгі бізге де, келер ұрпаққа да азық болар таудай ілім үйіп кетті. Ал, бізге сол қазынаның рахатын көру міндеті ғана қалды. Сіз осы мол қазынаның жауһарына жақыннан көз тоқтаттыңыз ба?

Д.АЯШҰЛЫ

№12 (109) 16-30 маусым

«ТІЛДІ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЙМЫЗ» ДЕГЕН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ НИЕТІ ТҮЗУ ЕКЕН

Аймаққа жаңа басшы келген сайын жақсы жаңалық, оң өзгерістер күтеді ел. Әсіресе, туған тіліміз бен рухани санамыз мешеулеу қалған солтүстік өңір үшін бір сілкініс керек-ақ. Бірақ турасын айтайық, «осыны қолға алайын, дұрыс жолға қояйын» деген басшыны әлі көзіміз көрген жоқ еді. Бұл туралы әңгіме қозғай қалсаң, жергілікті атқарушы билік: «Қазақ тіліндегі облыстық газет бар, «Найзатас» әдеби журналы екі тілде шығады, қаламгер қауым жыл сайын азды-көпті әкімнің қолдау грантын аласыңдар, енді сендерге не керек?» деген уәж айтады. Ал қазақ тіліндегі бір журнал, бір газетпен бұл жақтағы руханияттың жағдайы түзеліп кетпесі белгілі.

Қазір Павлодар қаласында орыстілді 4-5 газет шығады. Одан басқа аудандарда шығатын орыстілді ондаған басылым өз алдына. Облыс халқының 70-80 пайызы сол газеттерді оқиды. Өңірдегі ақпараттық саясатты жасап отырғандар да солар. Бұл туралы талай мәрте жазылып жүр, бірақ құлаққа ілер адам жоқ. «Қазақ тілінде аймақтық бір дұрыс газет неге ашпайсыздар?» деп Ерлан Арынның да, Қанат Бозымбаевтың да тұсында айтқанбыз. Ешбірі селт етпеді.

Мұның бәрін қозғап отырған себебіміз, өткен жылдың аяғында, аймақтың жаңа басшысы Болат Бақауов қаламгер қауыммен кездесу өткізіп, жылдағы дәстүрлі грантты тапсырып, екіжақты пікір алмасу ұйымдастырған. Жасыратыны жоқ, облыстағы орыстілді ауданның бірі саналатын Железинкада туып-өскесін, «бұл азамат та ұлттық руханият мәселесіне салқындау шығар» деп жүретінбіз. Бірақ өзімен кездесіп, көзқарасын байқаған соң, бұл пікірімізді өзгертуге тура келді.

Ең бастысы әкімнің әңгімені қазақ тілі мәселесінен бастағаны. Бұрынғы басшылар бұл тақырыпты шамалары келсе айналып өтуге тырысатын.

– Қазір кеңес мектебінде орысша сыныпта оқығандарды қазақ тілін шала біледі деп айыптап жатады. Шынын айтайын, сол кезде мектебімізде қазақ тілі деген пән тіптен оқытылмайтын. Сосын ұмытпағанда қайтесің? Бірақ заман солай болды екен деп, барлығын саясатқа жаба бермей, өзіміз үйренуіміз керек. Себебі тіл өзіміздікі, ол бізден басқа кімге қажет? Ал енді тілді дамытамыз десек, ең әуелі балабақшаларды қазақтілді етуіміз керек. Баланың сәби шағынан санасына сіңген тіл ешқашан да ұмытылмайды. Мен осы ойымды үкімет басшыларына да білдірдім. Әрине, бұл бүгін-ертең шешіле салатын шаруа емес. Бұл – менің жеке ұсынысым, осыған байланысты сіздердің де көзқарастарыңызды білгім келеді. Қазақ тілі балабақшадан бастап оқытылса, басқа ұлттың балалары да үйреніп шығар еді. Ал қазақ тілін меңгерген басқа ұлт өкілдері қашанда сый-құрметке ие екенін көріп жүрсіздер. Өткенде Павлодарда президентпен болған кездесуде Алексей Лодочников деген бозбала домбырамен ән салып, әп-сәтте жұлдыз болып шыға келді,-деді Болат Жұмабекұлы.

Аймақ басшысының екінші ұсынысы Наурыз мерекесіне байланысты болды. 22 наурыз – мемлекетіміз үшін үлкен мереке, жылдың басы. Бірақ наурыз айында бұл жақта күн әлі де салқын болып тұрады. Тіпті кейде алай-түлей боран соғатын кездері де бар. Дегенмен, мереке болғасын киіз үйлер тігіледі, маңында сауда-саттық жүріп жатады. Әр ұйым, мекеменің тіккен киіз үйлерінде халық жайылған дастарқаннан дәм татып, наурыз көже ішіседі. Мұндайда ішімдік ілесе жүреді. Сырттағы тон-тымақ киіп қорбандасқан ел амалсыздан арақ-шараппен бой жылытады. Тонның сыртынан ұлттық шапан киген өнерпаздар жарым сағаттай ән салған болады. Міне, бірер сағаттың ішінде зыр етіп өте шығатын бұл жақтағы наурыз мейрамының көрінісі осындай. Аты Наурыз болғанымен, мерекелік нышаны шамалылау. Кездесу үстінде Болат Бақауов осы мәселені сөз етті.

– Наурыз келгенде, біздің жақта күн әлі жылына қоймайды, халық дұрыстап мерекелей алмайды. Сондықтан жоғары жаққа тағы да бір ұсыныс айтсам деп жүрмін. 22 наурыз күні жабық ғимараттарда спорттық, басқадай мәдени шаралар өткізіп, ал

мерекені сәл кешіректеу, күн жылынғасын өткізсе, жарасып кетер еді,-деді әкім.

Егер жоғарғы жақ мұны қолдай қалса, орынды-ақ ұсыныс екен. Көк шығып, күн жылынғасын тойланса, халық та жадырап қалар еді. Өткен жылы облыс әкімдігі қаражат бөліп, жергілікті он шақты қаламгердің қазақ-орыс тілдерінде кітаптарын шығарып берген. «Қажет болса, енді он емес, жиырма жазушының кітабын шығарамыз. Оған мүмкіншілік бар, жергілікті қаламгерлерді қолдау – біздің міндетіміз. Жыл аяғына дейін әлі де талай кездесеміз, ой-пікірлеріңізді тыңдаймыз. Биылғы жылы Екібастұз қаласында Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың үлкен ескерткішін орнатып, өзінің кесенесіне дейінгі 80 шақырымдық жолды жасатамыз», -деді әкім.

Сайлау БАЙБОСЫН,
Павлодар облысы
www.anatili.kz
№2(99) 16-31 қаңтар

ЖЕР АТТАРЫ ОРЫСШАҒА АУДАРЫЛМАУЫ КЕРЕК

Менің досымның азан шақырып қойған есімі – Ғалым. Осыны кейбір орыстілділердің ыңғайына бақсақ, “Ученый” деп ныспылаудан, не болмаса осылайша аударудан жүзі жанбайды. Олай дейтінім: Алматыда Абай мен Төлебаев көшелерінің қиылысында жер жаннаты Жетісуды орысшаға аударып жазып қойған. Жер атын аударғандарға адам аты деген не тәйірі?! Телеарналардың бірінен “Жетісу-Семиречье” сауда комплексі” деген жарнаманы көзім шалып қалды. Осы таяу күндері ғана.

Егер әділетіне, адамгершілікке, парасатқа жүгінсек, жер-су, өзен-көл, тау-тас, теңіз-аймақ, адам аттары аударылмайды, бұрмаланбайды. Міндетті түрде ең алғашқы нұсқада тұруға тиіс. Мәселен, ақпарат құралдарында, басқа да дерек көздерінде Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстан аталатын аймақтар “Южный”, “Западный”, “Центральный”, “Восточный”, “Северный” деп орыс тіліне аударылып жазылады, солай айтылып жүр. Аймақ аттары тек қазақ тілінде айтылуға тиіс қой.

Шығыстағы – бір, солтүстіктегі – екі облыстың табиғи, төл атын әлі күнге дейін қалпына келтіре алмай бүгежектейміз. Диктор Мұхамедәлі Болатұлы өзінің орыстілді әріптестеріне “Жаңалықтарды, ауа райын айтқанда, неге Орал деп айта бермейсің. Орал десең де түсінікті ғой, “Уральск” деп неге бұрмалайсың?!” депті. Біреуі де құлағына қыстырмаған.

Орал секілді атауларды тек қазақ тіліндегі нұсқасы бойынша жазуымыз керек. Елдің есінде ғой, Медеу-Медео, Көкшетау-Кокчетав, Қызылорда –Қзыл-орда, Шымкент – Чимкент болып жүрді. Осылардың өз атын қалпына келтірдік қой. Яғни, қалпына келтіруге болады екен. Бұл арада тек Орал ғана емес, басқа да атауларды меңзеп отырмын. Мәселен, Бурабай. Осыны “Боровое” деп айтады. Жазады. Осылай кете берсе не болмақ? Қарағанды – Караганда болып бұрмаланды. Ақмола облысындағы “Қатаркөл” атауының жосықсыздықпен жат тілге аударылып, одан қайта қазақ

тіліне аударылғанда “Қотыркөл” атанып кеткеніне күлесің бе, жылайсың ба?

“Қазақ мектептері ашылып жатыр, қазақ мектептеріндегі оқушылардың саны көбейіп келеді” деп шүкіршілік қылып жүргендеріміз де бар. Егер түбіне үңілсек, осының бәрі сырт көзге ғана сияқты. Олай дейтінім, сол өскіндердің көпшілігі көшеде, үйінде жат тілінде сөйлейді. “Әй, ана тілің қайда?” десең, ренжиді, не беті шылып етпей тұра береді. Он қазақ жиналып жаттың тілінде шүлдірлеседі. “Жігіттер, қыздар, бұларың не?” десең, кейбіреулері “Өзіміз білеміз” деп қарап тұрады. “Өзің білмейсің. Халықты бұзасың. Сені көріп басқалар да, әсіресе, балалар сол тілде сөйлеуге әдеттенеді. Бұл – індет!” дегенді түсіндіре алмай қор боласың. Басқа жерді білмеймін, жақсы үлгі таратып, қалың елге өнеге болады деп жүрген Астанада дәл осылай. Індет, дерт тарататын мұндай сорлылықты қашан тыямыз?

“Қонаевадан түсесің бе?”, “Сейфуллинаға бара ма?” деу бүгіндері кәдімгі дағдымызға айналды. Індеттің бір парасы – осы. Бұл жағына мүлдем мән бермейтін болып алдық. Былайғы жұртты айтпағанда, кейбір журналистеріміз бен жазушыларымыз да “өкінішке орай” деп соқтырта береді. Жазса да, айтса да. “Өкініштің” мағынасы басқа, “орайдың” мағынасы басқа екені ешкімнің де қаперінде жоқ.

Жоғарыда айтылған жағдаяттар – менің де, сіздің де, оның да – бәріміздің де жүрегіміздегі сыздаулы жара. Бұл індетті жараның жазылу жолын қарастырсақ, ел болып ақылдассақ, септессек, ықпал етсек қайтеді? Бас-басымызға би болған, біріміз сайға, біріміз айға тартқан күйімізбен, барлығына да “заман солай ғой” деп бұға берсек, ыға берсек, құрдымға кеткенімізді байқамай қап жүрмейміз бе?!

Темірхан МОМБЕКҰЛЫ,

жазушы

№2(99) 16-31 қаңтар

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, ҚР Парламент сенатының депутаты:

«БИЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕЙ, ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨЗ ДӘРЕЖЕСІНДЕ ЖҰМЫС ЖАСАМАЙДЫ»

Республика аумағына 10 мың данамен тарайтын «Тіл сақшысы» газеті 2017 жылы Парламент депутаттарымен сұхбат жариялауды жоспарлаған болатын. Осы орайда саяси деңгейін жоғары бағалай отырып, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлынан бастауды жөн көрдік.

– Қазір біз жаһандану кезеңінде өмір сүріп отырмыз, бұндай уақытта ешбір ұлт не мемлекет жеке-дара өмір сүре алмайды. Әлемдік өркеніет бізге не беруде, біз оған қандай құндылықтарды ұсына аламыз?

– Әлемде 200-ге жуық мемлекет бар болса, Қазақстан сол қоғамдық қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде әлемге танылуда. Жаһандану дәуірінде біз өзге мемлекеттермен қарым-қатынас жасамай тұра алмаймыз. Өйткені ол әлемдік үрдіс, экономикалық, мәдени-әлеуметтік байланыстағы ынтымақтастық. Сондықтан да Қазақстан жаһандану дәуірінде бірінші кезекте Азия мемлекеті ретінде көршілес мемлекеттермен дұрыс қарым-қатынас жасауда көш алда. Біз көршілес Қырғызтан, Өзбекстан, Тәжікстанмен, шығысымыздағы ең үлкен Қытаймен, территориясы жағынан 6 мың шақырым шекарасы бар Ресеймен байланысты бірінші орынға қоямыз. Қазіргі таңдағы ең үлкен мәселе Қытайдың экономикасын бізге енуі, Ресеймен қарым-қатынас, оның ішінде Ресей ақпарат құралдарының Қазақстанда үстемдік етуі. Бұл бірінші жағдай. Біз Еуропа елдерімен, алыстағы жатқан АҚШ бар және Оңтүстік Корея мемлекеті, шығыс елдерінің ішіндегі және бауырлас түркі тілдес мемлекеттермен бірінші кезекте экономикалық, екінші кезекте мәдени қарым-қатынастарды сақтауымыз керек.

Көрші жатқан Ресей мемлекетіне келетін болсақ, соңғы екі жылда кедендік одақ және Еуразиялық экономикалық одақ, осы екі одақтың белсенді мүшелерінің біріміз. Енді оған Ресей, Қазақстан, Беларуссия, соңғы кездері Армения мен Қырғызстан тартылып жатыр. Оның көптеген жағымды және жағымсыз жақтары да бар. Жағымды жақтары экономикалық одақ дұрыс, біздің тауарларымыздың кеденсіз жүруі, тауарларымызға қосымша құн салығы салынбайтыны және тауар айналымының көбеюі жақсы. Жағымсыз жағы осы Еуразиялық одаққа біз тепе-теңдігіміз сақталмай кірдік. Мысалы, Қазақстанның нарығы тар. Ресейдің нарығы үлкен және жалпы экономикалық ағым белсенділігі Қазақстанға қарағанда бірнеше есе көп.

Соңғы 1-2 жылдық статистиканы алатын болсақ, сыртқа шығатын экспорт кеміп кетті. Ол біздің экономикамызға біршама нұқсан келтіруде. Сол сияқты Ресейдің ақпараттық құралдары біздің елімізге көптеп енуде. Енді ғана аяғымыздан тіктеп тұрып келе жатқан ұлттық ақпарат құралдарына, ұлттық мәселелерге үлкен зиян келтіруде. Сондықтан бір топ зиялы қауым өкілдері осы ұлттық Еуразиялық экономикалық одақ жайлы өзінің пікірін айтқан болатын. Осыған байланысты жақында Беларуссия президенті Лукашенко мәлімдеме жасады. Жалпы Қазақстан үшін ойланатын жақтары өте көп. Ресейдің тауар ағымының көптеп келуі бізге кері әсерін тигізуде. Жаһандану дәуіріндегі екінші бір ойланатын нәрсе Қазақстан әлемдегі озық елдерден олардың технологиясын алып қалу керек. Әсіресе Батыстың технологиясы біздер үшін өте маңызды. Біз оны экономикамызға ендіргенімізбен, әлі өз дәрежесінде қолдана алмай келеміз. Елбасы кешегі Жолдауда осы мәселені көп айтты.

IT технология, цифрлы технология жағынан кейін қалып қойды. Оған қоса Батыстың ғылымы өте жақсы дамыған. Сондықтан ғылымды дамытып, олардың жақсыларын алуымыз керек. Осындай серпін кезінде бізге мықты болу шарт. Тілімізді, дінімізді қорғауымыз керек. Мысалы, Балтық өңіріндегі үш шағын мемлекеттердің екеуінде болдым. Литваның халқы аз, территориясы Оңтүстік Қазақстандай ғана болғанымен, бар ұлттық болмысын сақтаған.

Озық технологиясы, өндірістері, порт жағынан жақсы дамыған. Тілін де, дінін де өз дәрежесінде шешкен мемлекеттердің бірі. Ол жақта да өзге ұлттар өмір сүреді бірақ олардың литва тілін білмейінше ол елде тұруы мүмкін емес. Міне, біз осындай мемлекет құруға ұмтылуымыз керек. Көп ұлтты, көп этносты мемлекетпіз, дегенмен де санымыз 70 пайызға жетті ғой. Сондықтан да бірінші кезекте қазақ ұлты елімізде өмір сүріп жатқан этностардың ұйытқысы ретінде, солардың арқа сүйері ретінде, өзімізді көрсете білуіміз керек.

– Ұлттық идеологияға мән бермей отырған жағдайымызда Қазақстанның, қазақ ұлтының келешегін көз алдыңызға қалай елестетесіз? Мәдени, рухани тұрғыда біздің жоғалтатынымыз болмай ма?

– Тәуелсіздігімізге 25 жыл толса да идеологияда кемістік болуы, әрине, өкінішті-ақ. Дегенмен, көптеген нәрселерді жасадық. Мәдени мұраларымызды түгендедік, тарихымызды түгендеп жатырмыз, бұрын жоқ болып кеткен құндылықтардың барлығын қайтадан қалпына келтірдік, соның ішінде кезінде халық жауы ретінде атылып кетті. Алаш зиялыларын қайтадан көтеріп дәріптеп жатырмыз. Былтыр Әлихан Бөкейхановты ұлықтадық, биыл Алаш партиясының 100 жылдығына байланысты үлкен шара өткізілмекші. Көптеген ұлы адамдардың аттарын мектептерге бердік, ескерткіштер тұрғызып, шаруашылықтардың, көшелердің аттарын беріп жатырмыз, мұның барлығы дұрыс нәрсе. Біздің ұлтымыздың қаймағын қайтадан қалпына келтіру, оны түгендеу – бұл ұлттық рухани құндылықтарымыздың бірі.

Сонымен қатар тіл саласында да көптеген мәселе бар. Конституция бойынша біз тілімізді мемлекеттік тілге айналдырдық. Сонымен қатар қазақ мектептерінің саны көбейді, ЖОО-да оқитын қазақ бөлімдеріндегі студенттердің саны өзге орыс тілінен оқитын студенттердің санынан көп, бұл жақсы. Қазақ тілінде шығарылатын хабарлар, газет-журналдардың саны Кеңес кезіне карағанда әлдеқайда көп. Дегенмен де орыс тілінде таралатын ақпараттар бізді басып тастап отыр. Қазақ тілінде шығарылатын ақпарат құралдарындағы материалдардың ақпараттық талдау материалдары өкінішке орай аздау. Біздің

журналистикамызға үлкен сын, ақпарат материалдарын қараған кезде экономикалық, саяси талдау бола ма, соны көп жағдайда біз қазақ тіліндегі ақпарат құралдарынан іздейміз. Себебі онда тұшымды мәселе емес, жалпылама мәселе қозғалады. Ал орыс тілінде берілетін материалдар әсіресе экономикалық, саяси материалдар өте нанымды, дұрыс. Сондықтан қазақ тіліндегі журналистикаға біз көңіл аударуымыз керек. Екінші бір мәселе діни ахуалымыз. Бір ғана ислам дінінің өзі бірнеше тарауларға бөлініп кетуде. Соңғы кездері өзге ағымдағы әсіресе салафилік, уахабилік бағыттағы идеологияның еніп кетуі бізді алаңдатады. Бұған байланысты да шаралар қолданылып жатыр. Ақпараттық, насихаттық шаралар жасалғанымен, өз деңгейінде емес. Сондықтан бұл мәселеге мемлекеттік деңгейде назар аударуымыз керек. Бұл мәселені парламентте көтергенбіз, салафилік бағыттағы ағымдарды тұсаулау үшін міндетті түрде заңға өзгерістер мен толықтырулар жасау керек. Өзбекстан, Тәжікстан елдеріндегі кәметтік жасқа толмаған жасөспірімдерді мешітке кіргізбеу үрдісі шынында да біз үшін үлгі. Мектеп жасындағы балалар, әлі кәметтік жасқа жетпеген жастар мешітте емес, мектепте, сабақта отырудың орнына жұма намазда отырады. Біз осы жағдайға мұқият қарауымыз керек сияқты.

– Қандай жағдайда да тіл мәселесін айналып өте алмаймыз. Үштілділікке 10-13 жасқа толмаған сәбилерімізді оқытудың зияндылығын кезінде Алаш зиялылары айтқан, қазіргі ғалымдар да айтып жатыр. Бірақ, өкінішке орай, осыған билік мән беріп отырған жоқ. Сіз қандай ойдасыз?

– Жалпы ұлттық мәселені айтқан кезде тіл мәселесіне бөлек қарай алмаймыз. Өйткені ұлт болудың негізгі бір атрибуттарының, белгілерінің бірі – тіл. Ағылшын тілі әлемдік тіл деп саналатындықтан, оны жастардың білгені дұрыс. Біз іссапарларда көп болатындықтан, Азия, Еуропа елдерінде олардың барлығында өзінің ана тілін бірінші кезекте білуімен қатар, басқа мемлекеттің адамдарымен сөйлесуі үшін оларға ағылшын тілін де оқытады. Біздің жастарымыз сол ағылшын тілін меңгерсе, орта деңгейде, мейлі жоғары деңгейде меңгерсін, сонда ол басқа елге барғанда міндетті түрде сол тілмен басқа ұлттармен қарым-қатынаста бола

алады. Тілді білген өте жақсы. Бірақ «Осы тілді оқыту үрдісі қандай болмақ?» деген мәселе жөнінде түрлі пікірлер бар. Білім және ғылым министрінің ұстанымы жөнінде 19-ға жуық сенатор болып депутаттық сауал жібердік. Тілді оқыту дұрыс, бұл өте қажет нәрсе, бірақ «Оны қай кезеңде, қай уақытта, қай жаста оқыту керек?» бұл жөнінде пікірлесу керек деп есептеймін. Мысалы, министрлік ағылшын тілін оқытуда бірнеше пәндерді физика, химия, математика, биология сияқты пәндерді жоғарғы сыныптардан бастап ағылшын тілінде оқытуымыз керек дейді. Тілді білу дұрыс та шығар, бірақ біз соған керекті мамандарды даярлау жөнінде оның материалдық-техникалық базаларын жасамай, қалай, кімдер оқытады? Оған триллондаған қаржы талап етіп отыр. Не деген асығыстық, қандай қажеттілік бар? Сондықтан біз оның шешу жолдарын айттық. Оны мектептерде зорлап оқытып қажеті жоқ. Білемін деген адам былайша да біліп алады. Оқитын адамға толып жатқан үйірмелер, бағдарламалар бар, мүмкіндігі бар адамдар шетелге 6 ай, 1 жылға барып оқуда. Онда ешқандай проблема жоқ. Мектепте де оқытып жатыр. Бірақ балаға балабақшадан бастап оқыту дұрыс емес, ол жастағыларды ана тілінде оқыту керек. Иманғали Тасмағанбетовтың идеясын қолдаймын. Біз айтып та жүрміз, барлық Қазақстандағы мектепке дейінгі балабақшаларда оқытылу тек қана мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Сонда ол ұлтына қарамай мемлекеттік тілді үйренсе, кейін оны ешуақытта ұмытпайды. Икекең осыны айтты, бізді қолдады. Біздің үштілге байланысты көтерген мәселеміз, біз әуелі сол тілдегі пәндерді білетін мұғалімдерді дайындайық, оған ондаған жыл уақыт керек. Қазір Қазақстанның облыс орталықтарында толып жатқан лицейлер, гимназиялар, қазақ-түрік лицейі, Назарбаев зияткерлік мектептері бар, міне, осы мектептердің негізінде қазір ағылшын тілі жақсы жүріп жатыр. Ата-аналар балаларын соған беріп, дарынды балалар оны игеріп жатыр. Енді осы үрдісті аудан орталықтарына енгізуіміз керек. Мысалы, Қызылорда облысында жеті аудан болса, оларда керемет мектептер бар. Солардың қасынан 300-400 орындық интернат салса, алыстағы ауылдағы, елдегі дарынды балаларды сол мектепке даярлау керек. Республикада көп болса 270 ауданға 270 мектеп

салынса, оқытуға болар еді. Қазіргі таңда оны оқытудың қажеті де, керегі де жоқ. Қазіргі жоспарға ата-аналардың көбі қарсы, сондықтан физика, химия сияқты пәндерге икемі бар балаларды алып ағылшын тілін оқытуға болады. Мүмкін солар ғалым, инженер болып шығар. Ал енді ағылшын тілін жаппай оқыту миллиардтаған ақшаны құмға шашқанмен бірдей. Бұл бір жағынан біз бен сіздің салыққа берген ақшамызды тиімді жұмсауды, екіншіден, тілді үйрену мәселесін шешеді. Сондықтан менің жеке азамат, парламент мүшесі ретінде айтатыным біздің Қазақстандағы бірінші тіліміз заң бойынша мемлекеттік қазақ тілі. Өйткені оның бізден басқа мемлекетке түкке де қажеті жоқ. Ол тек біздің мемлекеттік тіл бола алады. Ресейде, Қытайда, Өзбекстанда қаншама мыңдаған, миллиондаған қазақтарымыз бар, олардың тілге басы ауырмайды. Өйткені олар үшін мемлекеттік тіл – сол тұрған мемлекетінің тілі. Сондықтан қазақ тілі біздің мемлекетте қоныстанған бүкіл ұлтқа ортақ үстемдік жағдайдағы тіл болуы керек.

– Заң шығарушы және атқарушы билік бүкіл жұмысын қазақшालандырмай, Үкіметтегілер мен әкімдіктер де мемлекеттік тілге көшпейді. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің (пленарлық, комитеттік) жиындары толықтай мемлекеттік тілде өтуіне, заң жобаларын қазақша дайындауға не кедергі болып отыр? Бұл үрдіс қашанға дейін созылмақшы?

– Әрине, тілдің тағдыры – билікте. Қоғамда билік мемлекеттік тілде сөйлемей, басқалар да сөйлемейді, қазақ тілі өз дәрежесінде жұмыс істей алмайды деген пікір бар. Мен өз басым оны мойындаймын. Мемлекеттің үлкен лауазым иелері, болмаса толып жатқан тармақтарында мемлекеттік тіл көп қолданыла бермейді. Ресми тіл – орыс тілінде жүреді. Бұны күнделікті көріп жүрміз. Ол лауазым иесіне байланысты.

Бір өкініштісі 25 жылдың ішінде біздегі шыққан заңдардың екеуі ғана мемлекеттік тілде жазылған екен. Осы мәселені де қарастырып жатырмыз. Бізде мықты заңды білетін азаматтар бар, сондықтан заңдарды мемлекеттік тілде дайындауымыз керек. Кейде соны өзге тілде дайындап әкеліп, талқылаймыз, қазақшаға аударғанда оның мәні өзгеріп кетеді. Сондықтан заңды

мемлекеттік тілде дайындау керек. Әр үкімет мүшесі өз тілінде жиналыс жасаса оған ешкім қой деп айтпайды. Посткеңестік мемлекеттердің ішінде екі тілде қалып қойған тек біз. Қырғыздар да өз тіліне көшуде. Біздің елде де сең жүретін шығар деп ойлаймын.

– *Сырттан, Астанадан қарағанда Сыр елінің жетістіктерін басқа өңірлермен салыстырғанда қалай бағалар едіңіз?*

– Қызылордада ауылшаруашылығының ішінде күріш, мал шаруашылығы, мұнай саласы дамыған. Өзге облыстарға қарағанда Қызылордада ауылдар мен ауылдық округтердің дамуы жоғары, олардағы мәдениет үйлерінің, мектептерінің сақталуы, халықтың шоғырлануы жоғары деңгейде. Ауылдарда Сырдарияның, теміржолдың, Батыс Европа-Батыс Қытай жолдарының бойында орналасқандықтан, қарым-қатынас жағдайы оңай шешілген. Жалпы даму деңгейінің табиғи жағына қарайтын болсақ, бізде үш үлкен проблема бар: бірі – Арал теңізінің тартылуы, жерлердің тұздануы, екіншісі – Байқоңырдағы «Пратонның» ұшуына байланысты ауаның ластануы, халықтың денсаулығына әсер етуі, үшіншісі – уран мәселесі халықтың алаңдаушылығын туғызады. Сондықтан экологиялық жағынан келгенде басқа облыстарға қарағанда кемшін тұстарымыз көп. Өйткені біздегі бала туу жасындағы әйелдерде қан аздық, бүйрек, онкологиялық аурулар көп кездеседі. Ашық айтуымыз керек, бұл – тікелей экологияға байланысты. Протон – көкейтесті мәселелердің бірі. Байқоңыр космодромы адамзат дамуының жетістіктерінің бірі, ол жағына ешқандай сөз жоқ. Бұл – керек дүние. Бірақ сол жерде тұратын халыққа зияны тимеуі керек. Кішкене бір зияны тиетін болса, халық содан өтемақы, емдік, санаторийге бару жағынан көмек алуы керек. Бұндай полигондар көп, мысалы Америка, Франция, Жапония, Қытайда бар, олардың біздің Байқоңыр сияқты ракета ұшыратын аумағында, жергілікті жерлерінде тұратын халыққа әрбір ракета ұшырылған сайын белгілі бір дәрежеде өтемақы беріледі. Ресей бізге 115 миллион көлемінде береді. Бірақ сол 115 миллионның бір тиынын Байқоңыр, Ақай, Төретам, ана жағы Қазалыға, бер жағы Қармақшыға дейінгі халық көрмейді. Ол ортақ қазанға түседі, бұл – әділетсіздік жағдай. Осы мәселені де біз

көтеріп жүрміз, оның бір бөлігі өтем ретінде сол жердегі халықтың денсаулығына бір реттік санаторийге баруға мүмкіндік жасауымыз керек. Сол жерде тұрып жатқан халықтың кінәсі жоқ. Аралға байланысты 50,30 пайыздық жеңілдік коэффициент беріледі. Ал уранға байланысты ештеңе берілмейді. Уранды алсын, өндірсін, ол экономика үшін керек, бірақ жергілікті халыққа оның зияны болмауы керек.

Сыр өңірінің тағы бір артықшылығы ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз, ауызбіршілігі, ынтымағы, сыйластығы өте ерекше. Ұлттық менталитетімізді генофонд ретінде сақтайтын ел десек болады.

«Тіл сақшысы» газетінің таралымы 10000-ға жетіп отыр. Бұл газетті ұлтжанды, мемлекетшіл Сәдуақас ағамыз қолға алды. Ол кісіні көптен бері білемін. «Қазақ тілі» қоғамына жетекшілік жасауға осында жүрген кезімде өзім ұсыныс білдіргенмін. Ол жерге барып әрекетсіз отыруға да болады, дегенмен де ол кісі өте белсенді, кез-келген нәрсеге бей-жай қарамайтын азамат. Азғантай уақыттың ішінде газетті республикалық дәрежеге жеткізуі осы кісінің еңбегі деп санаймын. Мен өзім осы газеттегі көкейтесті мәселелерді оқып отырамын. Газет қоғамдағы келеңсіздіктерді, ұлттық, мемлекеттік мәселелерді жиі-жиі басып отырады. Сондықтан газеттің аяқ алысына шын жүректен қатты қуанамын. Мен «Тіл сақшысы» газетін мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне, оның таза болуына, дамуына үлкен үлес қосатын басылым деп қараймын. Газет ұжымына толағай табыстар тілеймін!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ
№4(101) 16-28 ақпан

«ҚАМШЫ» ҰСЫНЫСЫ: КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ОРЫС ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН!

Осыдан 3 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бүгінде біздің тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды» деген еді. Тағы бір сөзінде Мемлекет басшысы «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет», - деп үндеген еді қазақстандықтарға. Өкінішке орай, Тіл туралы заңда «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі мен қатар қолданылады» деп көрсетілген орыс тілі қолданыс аясы тарылғанына қарамастан әлі де қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылып келеді.

26 ақпанға дейінгі бүкіл халықтық талқылауға орай, Атазаңнан мынадай өзгеріс көргіміз келеді. Биліктің өзі ұсынып отырған бүкілхалықтық талқылауды пайдалана отырып, Ата заңымыздағы 7-інші баптың 2-інші «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», - деп аталатын тармағын алып тастауды талап етеміз. Атап айтар болсақ, Тіл туралы заң қабылданған 1989 жылы халық санағы бойынша республикада қазақтар – 39,7%, орыстар – 37,8%, украиндар – 5,4%, беларулар – 1,1%, немістер – 5,8%, татарлар – 2,0%, өзбектер – 2,7%, ұйғырлар – 1,1%, кәрістер – 0,6%, эзирбайжандар – 0,6%, басқа ұлт өкілдері – 3,8% еді. Яғни, Қазақтар мен орыс диаспорасы өкілдерінің үлес салмағы қарайлас еді. Ол кезде екі тілдің бірдей заңдық мәртебе алуы қисынға келеді. 2009 жылғы халық санағында ресми түрде Қазақстандағы жалпы халық

санында қазақтардың үлесі 63,9 пайызды құрады. Егер, Қазақстан халқының 1999 жылы 53,4 пайызы Қазақтар екенін есепке алар болсақ, арада он жылда 10% үлестік өсімді көруге болады. Ал, орыс диаспорасы 1989 жылғыдан айтарлықтай азайып, 1999 жылы 30,0%-ға төмендеген. 2005 жылдың басында Қазақстан халқының саны 15 миллионнан асып, ұлттық құрамы: қазақтардың үлесі 57,9%-ға көтерілді. Сол санақ болған 2009 жылдан бері де он жылға жуықтап қалды. Шеттен келген оралмандар мен жергілікті демографияның өсімін және үлестік басымдылықты есепке алар болсақ, қазір Қазақстандағы халықтың 75%-і қазақтар деп еркін түрде топшылауға болады. Сонымен қоса, қазақстандық орыс диаспорасы өкілдерінің 25,3 пайызы қазақ тілін түсінеді, 8,8 пайызы оқи алады, 6,3 пайызы жазады. Еліміздегі диаспоралардың өкілдері әлі де өздерінің, не ұрпақтарының тарихи отандарына қоныс аударғанын қалайды. Мәселен, «Сіз, өз балаларыңыздың болашағын қазақ елімен байланыстырасыз ба?»,-деген сауалға, қазақтардың 96,9 пайызы, орыстардың 53,5 пайызы, басқа диаспора өкілдерінің 78,5 пайызы «иә» деп жауап берген. Ертең елімізде қазақтар 75-80 пайызды құрап, бірақ орысша сөйлеп, іс қағаздарын орысша толтырсақ, ел ішінен ши шығып кетуі мүмкін. Қазақстанда орыс тілінің үстемдік құрып тұруы БАҚ пен мемлекеттік құжаттамаға айтарлықтай кедергі жасап жатыр деуге болады. Бұл жалғыз біздің ғана емес, қоғамдағы ашық пікір. Зиялы қауым мен ғалымдар да көптен бері тіл мәселесін жиі күнтізбегіне шығарады. Кедергі келтіріп тұрған тек Конституциядағы 7 баптың екінші тармағы. Әрине, мемлекетте үлес салмағы екінші тұрған орыс диаспорасының әдебиеті мен мәдениетін насихаттауға, ұлттық дәстүрін жалғастыруға мемлекет әрқашан қолдау жасайды. Қолдау жасап келді, жасай береді де. Тек орыс диаспорасы емес, бір шаңырақтың баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатқан 130-ға жақын диаспораға да мемлекет барша мүмкіндікті беріп отыр. Қазақстан халықтар ассамблеясы соның жарқын дәлелі. Екінші фактор: 2012 жылы Республикада қазақ тілінде білім беретін мектептер саны – 3838 болса, орыс мектептерінің саны – 1442, деп хабарланған Статистика агенттігінің баспасөз қызметінен. Одан бері 5 жыл ішінде де жыл сайын көптеген қазақ мектептері

ашылып, керісінше орыс тілді мектептер көптеп жабылып жатыр. 1991-1992 оқу жылында қазақ тілінде барлық оқушылардың 28 пайызы оқыса, қазір бұл көрсеткіш 70 пайызға жетті. 2016 жылы 1 сыныпқа барған оқушылардың 89 пайызы қазақ мектебін таңдапты. («Ана тілі», №40, 6-12 қазан, 2016 жыл.) Әрине, біз қазақ тілінің қолданыс аясының әлдеқайда кеңейгендігі турасында мыңдаған мысалдар келтіре аламыз. «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясы барысында ҚР Президенті, Ассамблея Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев: «ЕЛ ТАҒДЫРЫ МЕМЛЕКЕТҚҰРУШЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҒАНА ҚОЛЫНДА БОЛАДЫ! МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗЕГІ – ОНЫҢ БІРЕГЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ!»- деп мәлімдеген болатын. Ендеше, Мемлекеттің жалғыз құжаттық һәм қарым-қатынас тілі – Қазақ тілі болатын уақыт жетті. Ұсынысымыз ескерусіз қалмайды деп үміт артамыз. Аталған ұсыныс 010000, Астана қаласы Есіл ауданы Үкімет үйі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік құқық бөліміне бағытталып, электрондық пошта арқылы – ar2017@akorda.kz адресіне жіберілді.

№4(101) 16-28 ақпан

ӨЗГЕ ТІЛ МЕМЛЕКЕТІМІЗГЕ ТҰҒЫР БОЛА АЛМАЙДЫ

Мемлекеттік тілдің өз мәртебесінде жұмыс жасай алмай отырғаны, оның үстіне үш тұғырлы тіл идеясы өскелең ұрпақты ана тілінен алшақтататыны жайлы, тындар құлақ, байыптар ақыл болса, қазақтың зиялылары айтуын айтып-ақ жүр. «Егемен Қазақстан» газетінде Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ президенті, академик Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫНЫҢ тіл мен ділге байланысты сұхбаты жарияланды. Сұхбаттың қысқа нұсқасын, ондағы құнды пікірлерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– *Өткен жылы сексеннің сеңгіріне шығып, ел ағасынан ел абызына айналдыңыз. «Ағада – ақыл, ініден – ілтипат» деп, қазақ үшін қасиетті де киелі ұғым не деп ойлайсыз?*

– Сөз қадірін ұққан жұрттың ұрпағымыз ғой. Абыз сөзін айтып қалдың. Осы киелі сөз біраздан бері оңды-солды қолданысқа түсе бастағаны рас. Анда-санда мен жайында жазылған мақалалар да көрініп қалады. Өзің де тілге тиек етіп отырсың. Алғаш сұрақ мәтінін оқығанда бетім дуылдап, жүрегім дір ете қалды. Ішімнен Алладан, замандастарымнан кешірім өтіндім. Сөйте тұра, осы сөздің түп-төркіні нені білдіреді деген оймен «Қазақ Совет энциклопедиясын», түсіндірме сөздіктерді, т.б. қайтадан қарап, іздендім. Мәліметтер бойынша «Абыз» сөзі қазақ ұғымында білгір, дана, көреген адам дегенді ұқтырады екен. Қалай дегенде де, терең киелі ұғым арқалап тұрған мұндай текті сөздерді абайлап, саралап қолдану керек деп есептеймін. Өзімді абыздар қатарына қосудан сақтанамын. Қазақ тарихында ел жадында қалып қойған абыз атанған адамдар болған. Мәселен, ел жадында өшпестей із қалдырған жыраулар, билер мен шешендер, ел бастаған көсемдер, дана Абай, тіпті кешегі ұстаз М.Әуезов сынды кемеңгерлердің жөні бөлек қой.

– *Тәуелсіздік тұсында рухани салада неге қол жеткіздік, неден ұтылдық?*

– Жетістік бар. Ол ұлт құндылығына айналуда. Біз бардан гөрі жоғымызды түгендесек, ұтылмас едік. Мен әңгімені осы тұрғыда қозғасам деймін. Себебі, кеткен есемізді қайтару жолында келеміз. Ең алдымен «Осы ТӘУЕЛСІЗДІК деген ғажайып сөздің парқын біздің қазақ түгел танып білді ме?» деген ойға қаламын. Өмір бақи есігіне құлып салып көрмеген ел едік. Барған сайын адамдар өзін өзі қоршап, темір қақпалы қорғандар салып, жекешеленіп бітті. Онымен ұрлық-қарлық, коррупция, алдау-арбаудың тоқтайтын түрі жоқ. Әлденеше ғасырды артқа салып барып әрең қол жеткен тәуелсіздігімізді бірлесе баянды етудің орнына әркім өз қорасының қамын жеумен әлек. Бұл бұл ма, тәуелсіздік таңы атқан алғашқы жылдарда бостандық, еркіндік дегеніміздің мәні осылай екен дегендей ел ортасынан шыққан пысықайлар кеңсе, мекеме, ғимарат, жер атаулының бәрін біртіндеп меншіктене, жекешелендіре бастады. Байлықтың адам естімеген түрлеріне кенелгендер бар. Олар Қазақстанның негізгі байлығының тұтқасын ұстап отыр. Сол мықтылардың бірде-бірінің Қазақстанда мектеп, кітапхана, мәдени орталықтар салып, халық үшін игілікті іс-шара жасағандарын естіген емеспіз. Тіпті, осындайда жүрек сыздай отырып, ширек ғасырдан аса уақыт бойы мемлекеттік тілдің жырын жырлап келе жатқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшкіл халін амалсыз тілге тиек етуге тура келеді. Сонау өткен ғасырдың 90-жылдарына таяу «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы құрылтайында Алматыда ел мен тілдің мерейін асқақтататын «Тіл сарайын» саламыз деген уәденің құны бір тиын болды. Мұндай сарай түгілі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бас ұйымы көшпелі қазақтың күйін кешіп, әлі күнге көрінген есікті ашып паналап келеді. Тәуелсіз дәуіріміздің бір жетістігі әзірге осы болып тұр. Осындай болмашы мысалдардан «Тәуелсіздік тұсында рухани салада неге қол жеткізіп, неден ұтылдық?» деген сауалдың жауабын қадірменді оқырман өзі-ақ іштей түйіндей түсер.

– Шынында тіл туралы көп айтамыз. Заң да, қаулы да, қаражат та бар секілді. Сонда не кедергі? Әлде жоғарыда бір кілтпан бар ма? Бұлай деуге себеп, бұрын тілге келгенде тілін тістейтіндер жаңа Үкімет басшысы қазақша сөйлеп еді, әлгіндей

азаматтар көсіліп кетпесе де шешіле бастады. Бұған не деуге болады?

– Рас, билік басындағының біразы, тіпті кейбір министрлер де қазақша тәп-тәуір сөйлей бастады. Бұған көңіл жібігенмен, жалпы жұртшылықтың заңдарды іске асыруға міндетті басшыларға деген сенімі шамалы. Өйткені, әлі күнге облыстық, қалалық билік ауқымында қазақ тілінен гөрі орыс тілінің беделі жоғары. Содан қарапайым қазақ баласын қазақша оқытқаннан гөрі орысша оқытуға бейім болып барады. Ол үшін оны кінәлауға хақың жоқ. Қазір қалыптасып қалған жағдай жалпы тектес.

Біртіндеп сатылап, кезең-кезеңімен атқарылуға тиісті игі шаралар да әсіресе, әйтеуір реформа жасау ауанымен ондаған, жүздеген жылдар бойы сыннан, тәжірибеден өтіп, қалыптасып қалған жүйені (оқу жүйесін) бұзып «жаңалық ашу» ақылға сия бермейтін іс. Өңгіме «үш тұғырлы тіл жобасы» туралы болып отыр. Бұл негізінде қолдауға татитын жоба. Алайда, оны ұсынбас бұрын, тіпті ұсынғаннан кейін де жалпы жұртшылық алқасына салып, мамандармен кеңесіп алу керек еді. «Кеңесіп кескен тон келте болмас» деп бабаларымыз тегін айтты дейсіз бе? Өткен тарихымыздағы жақсы үлгілерді жадымыздан шығара аламыз ба? Бабалар қалдырған аманатты іске асыра алдық па? Мәселен, ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы ұрпаққа тіл үйретуде қандай бағыт ұстанып еді? Ол жапон халқы іспетті балаларды 12 жасқа дейін өз ана тілінде тәрбиелеп алған жөн деп еді ғой. Өйткені, буыны қатпаған жас ұрпақ, әуелі өз ұлтының бар асыл қасиеттерін өз тілінде бойына сіңіріп алуы қажет. Сонда ғана ол өз ұлтының қамын жейтін азамат болып қалыптаса алады.

Кешегі кеңес дәуірінде қазақ мектептерінде жаратылыс пәндерінің бәрі қазақ тілінде оқылып, талай ұлт баласы ғылым шыңына өрлеген жоқ па еді? Ал енді соның бәрін ағылшынша оқыту деген сөз, ең алдымен, аяғын әлтек-тәлтек басып келе жатқан қазақ тілін құрдымға әкеп тіреу болып шықпай ма? Ағылшын тілін қазақ тілімен тайталастырмай-ақ өз алдына бөлек пән ретінде неге оқытыла бермейді? Оған кім қарсы болмақ. «Үш тұғырлы тіл» атты идеяның көлеңкесінде қазақ тілі осылайша өзінің мәртебелі белесіне жетпей тұншығуы әбден мүмкін. Тіпті,

осы тұғыр сөзінің мағынасы бұл жерде дұрыс қолданысқа түсіп тұрған жоқ. Өйткені, ешқандай тіл қазақ тілінің тұғыры бола алмайды. Мемлекеттілігіміздің негізгі тірегі (тұғыры) – қазақ тілі.

– Ешнәрсеге таңданудан таңғалудан, әй бұл қалай, деп тәйт деуден, алақарға болмайын, бәрекелдімен жүрейін, Абай айтпақшы, «Енді жұбанышы: жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр зой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ, болды-дағы деген сөзді жұбаныш қылады» болып жатқан жоқ па? Сыпыра мақтау, сыдырта сөйлеуге қалай қарайсыз?

– Рас, бүгінгі қазақты ешнәрсемен таңғалдыра алмаймыз. Радио сөйлеп тұр, телеарна неше алуан оқиғаны күнделікті көрсетіп тұр. Баспасөзде де неше алуан материалдар жарияланады. Қоғам да өзгерді, соған орай адам да өзгере бастады. Ал жақсылы-жаманды іс-әрекеттен тағылым, тәрбие алу жағы солғын. Біреу жығылып жатса, оны демеп тұрғызудың орнына «менің шаруам қанша» дейтін жаман әдет пайда болды. Тіпті, өмірдің неше алуан сәтінде адамның сынға түсер сәті көп қой. Күнделікті тірлікте қоғамдық өмірде адал пікірінді қосып, ағынан жарылар сәттер аз ба? Осының бәрінде көрінер қазақтың кесек мінезі ұсақтап бара ма деген ойға қаласың. Кейде мақтау мен даттау сөзінің мағынасы жарысқа түсіп жатқандай. Екеуінде де асыра сілтеп артығымен кету басым. Жоғарыдан төмен қарай, төменнен жоғарыға қарай тоқтаусыз айтылып жататын мақтангершіліктің шегі-шеті көрінер емес. Осыған кереғар бәзбіреулерге даттап бер десен, алдына жан салмайтын сөзуарлар тағы да жетерлік. Мұның бәрі біздің адамдық, адамгершілік тәрбиені қолдан шығарып алғандығымыздан емес пе екен деген ойға жетелейді.

№5(102) 1-15 наурыз

«АЗАМАТША», «МУҒАЛИМА» Т.Б АТАУЛАР ОРЫС ТІЛІНІҢ ЕРЕЖЕСІНЕ САЙ ҚҰРЫЛҒАН

Өткен ғасырлардағы қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты орыс тіліне зор мәртебе беріліп, соған сәйкес оның рөлі де, Кеңес одағы халықтарының тілдеріне ықпалы да күшті болғаны баршамызға белгілі. Одақ ыдырағаннан кейін тәуелсіздігін жариялаған елдердің көпшілігі сол ықпалдан арыла бастады. Арылу деңгейі барлық тілдерде бірдей емес, әр тілде әркелкі. Бізде де бұл үдеріс басталғанымен, орыс тілінің әсері бүгін де айтарлықтай әлсірей қойған жоқ. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, лексикалық қорымызға, сөйлем құрылысымызға, мәтін деңгейіне дейін орыс тілінің ықпалы әлі де өте күшті. Оны сөйлеу тілімізден де, жазба тілімізден де анық байқауға болады. Қазақша ойлай да, сөйлей де алмайтын орыстілді қандастарымызды айтпағанда, қазақша оқығандардың едәуір бөлігінің сөйлеген сөзі мен жазған-сызғанынан көршіміздің тіліне тән ерекшеліктер көзге ұрып тұрады. Оны қазақтың дыбыстарын орысша дыбыстайтын, орфоэпиялық заңдылықтарымызды ескермейтін сөйлеушіден де, ұзынды-қысқалы мәтін түзушілердің жазғандарынан да сәт сайын естіп-оқитын дәрежеге жеттік. «Жана жыл», «сонғы сабақ», «женіс күні» деп, қазақтың дыбысын қолданысынан шығарып тастағандар көбеймесе, азаятын түрі байқалмайды. Сиректеу қолданылатын сөздерді айтпағанда, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттар мен ұғымдардың қазақша атауларын айтпай, орысшасын айтатындар да көптеп кездеседі. Мәселен, *дүкен, монша, аялдама, қалам, мектеп, емхана, кітапхана сөздерінің орнына «магазиннен келемін», «банядан шықтым», «остановкада тұрмын», «ручкаңды берші», «школга кетті», «поликлиникаға барамыз», «библиотекада отыр»* деген сияқты қолданыстарды қадам басқан сайын естіп жатамыз. Ал тіліміздегі өсімдіктер атаулары мен жан-жануарлардың, жабайы аңдардың, құстар мен балықтардың қазақша аттарын айтпайтындар, ұмытып қалғандар, тіпті олардың бар екенін білмейтіндер қаншама? Сіз *құлтынай, таңқурай, қалампыр* деген өсімдік атауларын, *егеуқұйрық, мүйізтұмсық, дуадақ* сынды аң-құс атауларын немесе

көксерке, табан, жайын деген балық атауларын қазақша айтатындарды (әсіресе жас буын өкілдерін) жиі ұшыратасыз ба? Ал біз *клубника, малина, гвоздика, крыса, носорог, дрофа, судак, лещ, сом* деп сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Бұл тізімді әлі жалғастыра беруге болады. Баласына: «Магазиннен бір келі морковь, екі келі груша әкел» дейтін «мамалар» аз емес екенін әрқайсымыз да байқап жүрген болармыз. Осындайды жиі көргенде, осы біз біреудің мәдениетін сыйлаймыз деп жүріп, өз мәдениетімізден қол үзіп, өзгелердің тілін үйреніп, екітілді, үштілді, көптілді боламыз деп жүріп, ең бастысы өз тілімізді дұрыс білмейтін жұртқа айналып бара жатқан жоқпыз ба деген ойға келесіз.

Ауызекі тілімізде сөйлеу мәдениетіміз мұндай болғанда, «Жазба тілдегі сауатымыз, жазу мәдениетіміз қандай?» деген мәселеге қарай ойыссақ, онда да кемшіліктерден ада емеспіз. Оны әр түрлі стильге тән жазба мәтіндеріміздегі сөз қолданыста, сөйлем құрауда көрініс беріп жүрген кемшіліктерден көруге болады.

Қазақ тілінде род жоқ. Алайда роды бар орыс тілінің бізге әсері едәуір. Осы род категориясын қазақ тіліне де көшіргісі, бізге де енгізгісі келетіндер табылады. Қазіргі тіліміздегі **азаматша, мұғалима, мейірбике, медбике, төрайым** сияқты сөздердің қолданысы соның көрінісі. Қазақ газеттерінен алынған мына төмендегі мысалдарға назар аударып көрелік: «Өкінішке орай, аға-көкесінің арқасында, таныс-тамырлықпен қызметке келген көптеген азаматтар мен азаматшалар қолынан іс келетін білікті адамдардың жолын кесіп, алға жылжуымызға кедергі болуда». («Жемісу», 18 қыркүйек 2010 жыл. №108); «Сол облыста соңғы он жылда жаңылыспасақ әйел мұғалималар үлесі 80 пайыздан түспей отыр». («Жас қазақ үні», 10-17 шілде 2012 жыл. №27-28). «Осы секілді сан түрлі сауалдарға бүгін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрайымы Ләззат Еркінқызы Ибрагимова жауап береді». («Айқын», 12 тамыз 2011 жыл. №148).

Мұны орыс тіліндегі *гражданин// гражданка, учитель// учительница, медсестра// медбрат, председатель// председательница* үлгісімен сөз тудырудың нәтижесі деуге болады. Бұл қисынға салсақ, енді бізге алдағы уақытта *он//она үлгісімен – ол//ола, русский//русская – орыс//орыска, казах//казашка* үлгісімен – *қазақ//қазақа* түрінде сөз өрбіту міндетін қоюға тура келер.

Әскери қызметкер бір қарындасымыз, бізге мені «аға лейтенант» дейді, мен әйел адам емеспін бе, неліктен «аға» болуым керек деген сұрақ бергені бар. Міне, бұл да қазақша ойлаудан қалып, орыс тілінің санамызға сіңіп, соның шырмауынан шыға алмай жүргеніміздің тағы бір мысалы. Егер осы дәстүр жалғаса берсе, онда *дошкольник// дошкольница, ученик// ученица, отличник// отличница, доставщик// доставщица, земляк// землячка, работник// работница, сотрудник// сотрудница* тәрізді орыстың жүздеген сөздерінің «женский родта» тұрған нұсқаларын қазақшалауды талап ететін ханымдарымыз бен бикелеріміз, қарындастарымыз бен әпкелеріміз, қыз-келіншектеріміз бен апа-әжелеріміз көбейе беретін түрі бар.

«Төрағалық ету» [председательствовать] деген ұғым бар. Енді жиналысқа әйел адам төрағалық етсе, «председательница»-ны «төрайым» деп жүргендіктен «жиналысқа бәленше бике [ханым] «төрайымдық етті» немесе «төрапалық етті» деуіміз керек пе?

Орыс тіліне еліктеудің, орынсыз жүгінудің мысалдарын сөз қолданудан да көруге болады. Тілді тәуір біледі дейтін кәсіби журналистер жұмыс істейтін БАҚ-тардан да осындай олқылықтардың ұшырасып жататындығы өкінішті-ақ.

Сонымен қатар орыс басылымдары мен қала жастарының тілінде қолданылатын «*крыша*», «*крутой*», «*шестерка*» сияқты сленг сөздері де қазақ басылымдарында аудармай сол қалпында қолдануға әуестенушілік байқалады. Мәселен, «Крутой» нөмірлердің бағасы қымбатырақ болады» немесе «Шестерка» «жырта» алады деген мақала тақырыбы соның бір дәлелі. Бұл сөйлемдегі қазақшаланған «жырту» да орыс тіліндегі «порву», «порвать» түрінде жиі жұмсалатын жаргон сөздің көшірмесі.

Кейде орыс тіліндегі тіркестерді тікелей көшіріп аудару сәтті бола бермейді. Мәселен, төмендегі «Бюджет мөлдірлігі туралы сөз» деген мақала тақырыбындағы асты сызылған тіркес орыс тіліндегі «прозрачность бюджета» деген терминнің тікелей аудармасы. Келесі мысалдан да соны көруге болады. «Сондықтан да көптеген несиелік бағдарламалар қатырылып тасталды. Бұл сөйлемдегі қатырылып тасталды» деген тіркес орыс тіліндегі «заморозить» (заморожены) сөзінің аудармасы.

Осы секілді баспасөз беттерінде жиі ұшырасатын «ойларымен бөлісті» деген тіркес те орыс тілінен калькалап аудару әсерімен қалыптасып келе жатқан сәтсіздеу қолданыс. Белгілі басылымдарда

тәп-тәуір тәжірибелері бар журналистердің осы бір тіркесті қолданып жататындығы ойлантады. Қазақ газеттерінен алынған мысалдарға назар аударалық: «Клинтонның мәлімдемесінен кейін отандық блогшылар мен сөз бостандығын қорғайтын ұйым өкілдері де өз ойларымен бөлісті»; «Осы мәселеге орай ойымен бөлісуін өтінген едік»; «Қазақстандағы мәдениет саясатына байланысты мәдениеттанушы Әуезхан Қодар, «Ақсарай» театрының бас режиссері Болат Атабаев, Мәдениет министрлігінің басқарма бастығы Базарбай Алтаев, «Лингва» әлемдік тілдер институтының басшысы Нұрсұлу Бөкетова, белгілі сазгер Мұхтар Құраловтар тұщымды ой-пікірлерімен бөлісті» және т.б.

Орыс тіліндегі *«поделились мыслями», «поделились своими мыслями»* деген тіркесті жоғарыдағы мысалдардағыдай тікелей аударып жатпай, оның орнына тіліміздегі «ойларын ортаға салды», «ойларын айтты», «пікірін білдірді» деген тіркестер қолданылғанда қалпы бұзылмаған қазақ сөйлемдерін оқыған болар едік.

«Қазіргі кезде бұл жол апаты құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» деген сөйлемде «құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» (В настоящее время данное дорожное происшествие расследуется компетентными органами) сөйлеміндегідей «компетентными органами» тіркесін, ал «Нобель сыйлығымен атап өтілген қазақ перзенті бар» сөйлемі (отмечен Нобелевской премией) дегендегідей «отмечен» етістігіне сәйкес дәлме-дәл көшіріп аударудан туындаған. Дұрысы, бұл сөйлемдерді «Қазіргі кезде бұл жол апатын құзырлы органдар тексеріп жатыр», «Нобель сыйлығы берілген қазақ перзенті бар» деп құрағанда, аударма шырмауына түсіп сіреспей, жатық айтылған, жеңіл оқылған болар еді.

Тізе берсек, мысал көп. Мәселен, баспасөз беттерінен жиналған мына сөйлемдерді қазақша құрылған деп қалай айтуға болады. *«Итке қабылған балалары жұқпалы ауруға ұшырай ма деп қорқады»*. *«Заңсыз салынған үйлер бұзылуға жатады»*. *«22 маусым күні таңғы сағат 09:00 шамасында Алматы облысының Қаскелең қаласы бағытында «Апорт» супермаркеті маңындағы бағдаршам алдында «ТОЙОТА Прадо» мен «Мицубиси Паджеро» көліктерінің қатысуымен жол апаты болды»*. *«Найзағай соққысынан қалай сақтану керек?» Асты сызылған тіркестерге назар аударсақ, орыс тілі сөйлемін сәтсіз қазақшалаудың нәтижесін көреміз.*

Терминдерді жасау мен қолдануда да осындай олқылықтар аз ұшыраспайды. Мысалы, «Сондай-ақ ұйқысыздық пен ұйқысы қанбайтындардың бас миының жұмысы нашарлап, ашуланшақ болады дейді» деген сөйлемге назар аударып көрелік. Бұл сөйлемдегі «бас миы» деген орыс тіліндегі «головной мозг» дегенді калька жолымен тікелей аудару барысында пайда болған жасанды атау. Орыс тілінің медициналық терминологиясында «*головной мозг*», «*костный мозг*», «*спинной мозг*» деген атаулар бар. Олардың қазақшасы – «ми», «сүйек кемігі», «жұлын». Орыстың «мозг» дегенінің бәрін қазақ «ми» демейді. Олардың бізде «кемік», «жұлын» және «жілік май» (желтый костный мозг) деген өз атаулары бар. Қазақ ұғымында «ми» баста ғана болады. Өз тілімізде бар атауды қолданбай, сөзбе-сөз көшіріп аударсақ немесе орыс ұғымына сай жасанды атауларды жасауды бұлай жалғастыратын болсақ, онда «бас миы»-мен ғана шектелмей, жұлынды – «омыртқа миы», кемікті – «сүйек миы», жілік майды – «жілік миы» деуіміз керек қой. Мұнымыз барымызды бағаламау ғана емес, қолымыздағымызды жоғалту, жоқтан бар жасап әурелену болар еді.

Орыс тілінің үлгісімен көптік жалғауын орынсыз жалғау да көптеп кездесетін кемшіліктің біріне айналып барады. Оған да мысал жетіп артылады. Солардың біреуін ғана келтірелік. «Ақтөбеде 5 интернационалист жауынгерлерге пәтер берілді» [Қазақ радиосынан]. Қазақ тілінде есептік сан есім анық жазылып тұрғаннан кейін көптік жалғауының жалғанбайтыны белгілі.

Біздегі қысқарған сөздердің де басым көпшілігі олардың орыс тіліндегі нұсқасын үлгі ете отырып жасалып жататындығын қадам басқан сайын көруге болады. Кейінгі жылдары қазақ баспасөзінде де кісі есімдерін, көбінесе елге белгілі лауазымды тұлғалардың, саясаткерлердің аты-жөнін немесе есімдерін қысқартып қолдану құбылысы да көрініс бере бастады. Мәселен, «Нұр Астана» (29 сәуір 2012 жыл. №13) газетінің бірінші бетінде «ГТГ-лер кімнің мүддесін көздейді?» деген мақала басылды. Бұл ГТГ-лер – бас банкир Григорий Марченко, мәжіліс депутаты Гүлжан Қарақұсова және сол кезде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған Гүлшара Әбдіхалықова есімдерінің бірінші әріптерін алу арқылы жасалған қысқарған сөз. Қазақ баспасөзіндегі қысқарған сөздің бұл түрінің жасалуына да, қолданысына да орыс тілінің әсері бар. Ресей баспасөзінде де, бізде шығатын орыстілді басылымдарда да Владимир

Владимирович Путинді – ВВП деп қысқартып өте жиі қолданады. Біздің «Время» газеті (21.04.2012. №59) де «ВВП вычеркнули из списка» деген және «ВВП: год с правом передачи» (5.03.2013г. №33) деген тақырыппен мақалалар жариялады. Жалқы есімдердің, оның ішінде кісі есімдерінің, белгілі тұлғалардың аты-жөні қысқартылып алынуы кейінгі жылдары жиі көрініс бере бастады.

«Тәуелсіз мемлекеттің тіліне орыс тілінің ықпалы неге соншалықты күшті?» деген сұраққа жауап іздесеңіз, себептері жетіп артылады. Көптеген ата-аналар мен ата-әжелер отбасында баланың тілін қазақша шығаруға жеткілікті мән бермейді. Тілі жаңа шығып жатқан балаларымызды әлі де баяғыдағыдай орыстілді балабақшаларға апарамыз. Тәуелсіздігімізге жиырма жылдан асса да, ұл-қыздарымыздың көбі орысша сөйлеседі. Заңдарымыз әлі орысша жазылып, кейіннен қазақшаға аударылады. Ақпараттық кеңістігімізде орыстілді басылымдар мен телеарналар, радиолар басым. Жоғары білімді мамандар мен ғылыми кадрларды даярлауда да орыс тілінен алысқа кете алмай жүрміз. Осылай тізбектей беруге болады. Осындай жағдайды өзгертпесек, қазақтілді ортаны, қазақ тілі үстемдік ететін кеңістікті, қазақша жатық сөйлеп, сауатты жазатын қауымды қалай қалыптастырамыз.

Мәдениеттер, тілдер арасындағы қарым-қатынастың, байланыстың болғаны дұрыс. Бұл табиғи құбылыс. Оған қарсы шығып жатқан ешкім жоқ. Мәдениеті озық, тілдері дамыған тілдердің жақсы тәжірибелерін қабылдаған, үйренген жөн. Алайда бір мәдениеттің екінші мәдениетке, бір тілдің екінші тілге біржақты әсері сол екінші тілдің төл сипатының әсіреуіне, ұлт тілінің өзіне тән ішкі заңдылықтарының бұзылуына апарып соғатынын ескермеу – үлкен қателік. Қателіктерге бой алдыра берсек, құнарлы да бай тіліміздің табиғатына елеулі нұқсан келтіретінімізді ұмытпағанымыз абзал.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА
корреспондент-мүшесі,
№5(102) 1-15 наурыз

ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ МЕН ТІЛІН ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМҒА ӨТКІЗУ КЕРЕК

Алматыдағы «Солақайлар» әдеби клубының кезекті отырысында басқосудың спикері – философия ғылымының кандидаты Қанағат Жукешев қоғамдағы біраз өзекті мәселелердің ұшығын тарқатып, қызықты ой-пікірлерін ортаға салды. «Бүгінде сөз болып жатқан жаңғыру мәселесі қазақтың тілі мен рухы арқылы жүзеге асуы керек», - дейді ғалым.

Сол кездесуде айтылған қызғылықты деген мәселелерді ықшамдап, газет оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз. Ескерте кетейік, ғалымның сөзіне желеу болған сұрақтар-сұхбаттасуға қатысушылар тарапынан қойылған еді.

– Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанымен, неге ол қоғамда өз орнын таба алмай келеді? Оның себебі неде?

– Неше жыл өтсе де биліктегі лауазымды адамдар қазақша сөйлеп кеткен жоқ. Мемлекеттік құжаттар екі тілде дайындалады, бірақ орысшасы пайдаланылады, ал қазақшасын ысырып тастайды. Оқулықтардың сапасы да жақсармады. Көркем әдебиетіміз тығырыққа тіреліп тұр. Бұның түпкілікті себебі – тіл мәселесі шешімінің ғылыми тұжырымдамасы жоқтығында.

Қазақ тілін нормалау мәселесі шалағай болып тұр. Біздер Ахмет Байтұрсыновтың кезінде жасалып, негізі қаланған грамматикамен келе жатырмыз. Ал қазір қазақ тілін стандарттау қажеттілігі туып отыр. Тіліміз индустриалды қоғамның талаптарына сай болу керек. Біз болсақ, аграрлы қоғамның грамматикасымен жүріп келе жатырмыз. Ал индустриалды қоғамның нормаланған әдеби тілі жасалған жоқ. Қиындықтың көбі осыдан туындауда.

Қазіргі қазақ тілінде қоғамға қандай материалды жеткізе аламыз, ал қандайын жеткізе алмаймыз? Қазақша ойды жеткізу үшін, тілдің белгілі бір деңгейі болу қажет. Қарапайым ғана мысал:

тілдегі жазылудың әр түрлілігі – әкім-хәкім немесе өмір-ғұмыр деген сияқты. Ал әдеби тіл болу үшін, осы нұсқалардың біреуі таңдалып алынып, әдеби норма ретінде бекітілуі керек. Ал бізде ол жоқ біреу – «көкейтесті» деп, екіншілері «көкейкесті» деп жаза салады.

Мен көптеген оқулықтарды қарап, зерттеп жүрмін. Біздің қазақ тіліндегі философиялық оқулықтардың ішіндегі терминдерді алып қарасаңыз, толып тұрған түсінбеушіліктерге тап боласыз. Біздің адамдар көзқарас пен дүниетанымның арасын ажырата алмайды. Мысалы, «ой-сана» дейді: «ой» не деген сөз ол? Орысшадан алғанда – «мысль», «сана» деген – «сознание». Ал «ой-сана» дегенде не болады?

«Қадір-қасиет» дейді: «қадір» – «достоинство», «қасиет» – «свойство». Ал екеуін қосып, «қадір-қасиет» деп жазғанда не болады? Міне, біздің терминология осындай былықпайларға толып тұр. Тілді стандарттау жұмысы әлі күнге дейін жүргізілмеген.

Бізде тағы мынандай жағдай бар: қазақ тілі бай дейміз. Иә, қазақ тілінің бай екендігі рас. Өткен ғасырда Тіл институты қазақ тілінің сөздік қорын жасады. Бірнеше жылдың ішінде тілдік бірліктердің саны 2 млн. 500 мыңнан асыпты. Содан кейінгі жұмыс тоқтап қалған. Өйткені Кеңес Одағының кезінде ол тілді ары қарай дамыту керек болмаған. «Тілдер кейін бірігіп кетеді, қосылып кетеді», «қазақ тілінде жоқ терминдерді, аббревиатураларды орысша жазыңдар» деп, жалпы тіл білімінің бағытын тоқтатып қойған.

Ал соның салдары айналып келгенде қазақ тілі ғылымда пайдаланылмағаннан кейін, жалпы ресми іс қазақ тілінде жүргізілмегеннен кейін, қазақ тілі кең қолданысқа ие болмады. Негізгі мәселе қазақтың тілінде емес, қазақ тілінің аграрлық қоғамда қалып қойып, индустрияланған әдеби тіліне стандарттап, нормалап енгізу жұмысының жоқтығында.

– Егер қазақтың кейбір сөздерін тек әдеби тілде қолданатын болсақ, болашақта жастарымыз біраз сөздерді түсінбей қалуы әбден мүмкін ғой?

– Заманауи зиялы адамға қойылатын талап мөлшері 10-12 мың сөздің лексикалық бірлігінен тұрады. Оны мен ойлап шығарған

жоқпын, ол – ғалымдардың тұжырымы. Демек, қазақ тілі сөздігіндегі 92 мың сөздің ішінен 10-12 мың сөзді іріктеп, оларды қолданыстағы тілдік норма ретінде белгілеу керек. Сол нормаланған 10-12 мың сөз – жиналыста, экономика мен саясат саласында, жалпы айтқанда, ресми іс жүргізуге қажетті сөздер.

...Қазақ тілін неге үйренбейді? Қазақ тілінде басқалар оқуға татитын әдебиет болу керек. «Ауылым», «ауылдағы туған бауырым», «құда балам» деген тақырыптардың оларға керегі шамалы. Смартфонды басып қалсаң, туысқандар туралы 99 ән шығады. Шетелге барып, «сват мой» деп әндетіп көр – қалай болар екен: жатып алып күледі. Мысалы, оларға «балдызым» деген сөзді жеткізіп көр – «сестра моей жены» деп. Енді корпустық лингвистикаға келейік. Ең жиі кездесетін үш мың сөзді білген адам кез келген мәтіннің 85 пайызын түсінетін болады. 25 жылдың ішінде қазақ тілін аптасына 4-5 рет оқытып, осы үш мың сөзді қолдандық па? ... Сөйтіп, үш мың сөзден тұратын әдеби корпус жасап алып, содан кейін оны 10 мыңға, одан 12 мыңға жеткізуге болар еді. Осыны жасап алғаннан кейін, қазақ тілінің сөздігіндегі 98 мыңын емес, 50 мың сөзін толық нормаға түсірген кезде тіл үйренушінің бәрі тез арада қазақ тілінде сайрап кетер еді. Нормаланған 10 мың сөздің өзі қазақ тілінде іс жүргізуге мүмкіндік берер еді. Ал осы 10-12 мың сөздің сыртындағы сөздер – жалпы халықтық тіл болар еді.

...Мен қаншама оқулықтарды қарап шықтым – түгел қате. Оқулықтардың авторлары терминологияны ажырата алмайды. Мысалы, «стиль» деген сөздің материалын зерттейді дейді. Сөздің материалы деген – сөздің өзі. Ол – лексика!

...Ғылымда «стадиальная теория развития» деген ұғым бар. Ол – қоғамдардың бөлінуін білдіретін ұғым. Бұндай жағдай тарихта талай рет болған. Қоғамда индустрия пайда болғаннан кейін, «цивилизационный разлом», «өркениеттік жарылыс», «өркениетті екіұдайлық» дейтін түсінік орын алды. Ол халықтардың ішкі рухани екіұдайлылығына алып келді.

...Қазақтарда да осы жағдай қалыптасып отыр. Қазақтардың екіұдайлылығының ерекшелігі – біріншілері ауылда тұрып, мал шаруашылығымен айналысады, екіншілері – қалада тұрып,

өндіріспен айналысады. Ауылда тұрғандар – қазақ тілді болады да, қалада тұрып, өндіріспен айналысқандар – орыс тілді. Осы түйсіктердің орнығуы «өркениеттің екіұдайлығына» алып келді. Әрине, бұл жерде Кеңес Одағы саясатының сарқыны да жатыр.

...Қазақтың дамуы ең алдымен сол қазақтың қолындағы шикізатқа бағытталу керек. Қазақтың қолында тері бар ма: ендеше, мысалы үшін, былғарыдан аяқ киім, сөмке, елтірі өнеркәсібін жасауы керек. Қазақтың қолында жүн бар ма: онда тоқыма өнеркәсібіне; сүт бар ма: демек, сүт өндірісіне тарту керек. Осының бәрін Алматы, Астана, Қарағандыда емес, сол ауылдардың аудан орталықтарында, моноқалаларда жүзеге асыруға тиіспіз. Мінеки, осы арқылы біртіндеп, сала мен сананы индустрияландырамыз. Қазақ мына «өркениетке, жаһандануға қарсы», «Батыс елдері жаман» деген сөз бен идеологиядан арылуы керек.

... Бізде поэзия бар дейміз. Иә, поэзия бар, бірақ тағы да сол – оттың басы, ошақтың қасы, адамның жеке сезімі, «туған жер», «табиғатты сүйемін» дегеннен аспаймыз.

... Бізге керегі – қазақ ақындары халықтың әлеуметтік жағдайын жазуы, осы тақырыпты көтеруі.

... Кез келген іс, кез келген адам, кез келген әрекет саясаттан тыс қала алмайды. Ол мүмкін емес. Әдебиет – ол барып тұрған саясат. Саясат әдебиетке байланысты. Әдебиет халықты өсіреді, әдебиет халықтың дүниетанымын кеңейтеді және әдебиет кенде қалса, дүниетанымы тарылтады.

... Сондықтан мен жас әдебиетшілерге үлкен үміт артамын. Қазір олар азаматтық поэзия жасауы керек. Әлеуметтік тақырыптарды көтеріп, «өйттім-бүйттім», «өлдім-күйдім», «сағындым», «өлдім-талдым» дегенді шектеу керек. Оның орнына «қайда жүрсің, қазақ», «ел қайда кетіп барады», «еңсеңді көтер», «біз қайдамыз» деген тақырыптарды жазу керек. Қазақи сарындағы бардты, джазды, саксафонды оркестрге қосу керек. Бүгінгі өркениетте «туысқандар» тақырыбы көркем әдебиеттің объектісі бола алмайды. Көркем әдебиеттің объектісі – қоғам.

... Қазақ тілі әлі аграрлы қоғамда өмір сүріп отыр, ал Қазақстан болса – индустриалды қоғамға өтіп кетті. Осы екі нәрсе қатар жүруі керек еді. Қазақ өзі индустриалды қоғамға

өтіп, өзімен қоса тілін де, рухын да сол қоғамға өткізуі керек. Егер қазақтың өзі өтпей, ауылдан шыға алмаса, орыстар келіп, қазақ тілін жасап бере ма?!

... Абайға кір келтіру – күнә. Бірақ Абайдың заманы – қазақтың аграрлы қоғамының заманы. Абайдың тұсында үйір-үйір жылқы, мыңғырған жайлау болды. Бірақ қазір заман мүлде басқа. Сол заманды аңғару керек. Оны сезіну керек. Алтынбек Сарсенбаев айтқандай, қазақ тілі – қалалық тіл болған заманда ғана мемлекеттік деңгейге көтеріледі. Сол сияқты қазақ әдебиеті де қалалық болғанда ғана дәрежесі өседі.

Ол не деген сөз? Ол қалада жүрген адамның жан дүниесін қазіргі заманның деңгейінде аша білу керек деген сөз. Әдебиет осымен айналысуы керек. Басқа жол жоқ.

dalanews.kz
№10 (107) 16-31 мамыр

76 ЖАСТАҒЫ ЕЛБАСЫ АҒЫЛШЫНША ҮЙРЕНГЕНДЕ, 40 ЖАСТАҒЫ МИНИСТРЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕУІ – ҰЯТ

Елбасы Назарбаев Университетінің басшысы Шигео Катсуды Ақордада қабылдады.

76 жастағы Елбасы шетел азаматымен (Университет басшысы Шигео Катсуды айтамыз) ағылшын тілінде әңгімелесті. Университет жұмыстары жайлы сұрап, Катсудың баяндамасын тыңдады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ тілінде (ана тілінде) том-том еңбектері жарық көрген.

Кешегі кеңестер одағы тұсында үлкен саясаттың алаңына кірген Назарбаевтың орысшаға да тілі жетік екені белгілі. Енді міне, жасы егде тартқанда ағылшын тілі үшін аудармашыны керек етпей отыр.

Елбасының «Please, your report» деп басталған кездесуінен түйгеніміз, тіл үйренбек адамға жас та, басқа да кедергі емес екен.

Нұрсұлтан Назарбаев 76 жасында ағылшын тілін үйреніп алғанын көрген кезде Тәуелсіздіктің 26 жылында қазақ тіліне тілдері сынбаған министрлердің жайы еске түсті.

Мемлекеттік тілден мақұрым министрлерге Елбасы үлгі болар. Сазарған бетім сазарған деп отырған министрлер мұны түсінеді ме? Әй, қайдам...

Түсінсе, Тимур Сүлейменов «ана тілімді ұмытып қалдым» демес еді ғой. Ұлттық экономика министрлігіне тағайындалған Тимурды тілден бездірген – Мәскеу. Сол жақта бес жыл жүріп, қазақшаны ұмытып қалғанын өзі айтты. Айтпақшы, «6 айда қазақша сайрап шығамын» деп ант су ішкен еді. Мамырда 4 ай толады. Әзірге Тимур қазақша жақ ашқан жоқ.

Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев та тіл үйренуге түп-тура 1 жыл уақыт сұраған. Уәдесінде тұрды ма? Ал Ерлан Ыдырысов,

Владимир Божко секілді кей шенділер «басымды кесіп алсаңдар да қазақ тілін үйренбеймін» деп ашық айтқан.

Бұлардың ізімен, Әділет Министрі Марат Бекетаев та мемлекеттік тілді білмейтін болып шықты. Заңға жауапты министр Занды өрескел бұзып отырғанына бас ауыртпайтын болса керек. Бұл да 1 жыл уақыт сұрады.

Айта кету керек, Сүлейменов (39 жас) те, Бекетаев (39 жас) та, Ақышев(40 жас) та – қылшылдап тұрған жастар. Біліктің жас кадрлары қазақ тілін білмей-ақ құзырлы орындары мен пәрменді қызметтерге қонжығаны күдікті ойларға жетелейді. 40-тағы үшеу 76-дағы Назарбаевтан үлгі алып, ана тілінде (қазақ тілі) сөйлеп шықса, хош... Бұл бір жыл да өтер. Қалған әңгімені сонда тағы да айта жатармыз.

Нүргелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ

Abai.kz

№10 (107) 16-31 мамыр

АНА ТІЛІМ – ТҰҒЫРЫМ

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз Қазақстан атанып, төрткүл дүние қазақты танып, тіліміз, дініміз бен діліміз – қайта түлегелі еңсеміз биіктеп, тұғырлы мінберлерден даусымыз жарқын шығатын дәрежеге жеттік. Сарыарқаның төсіне қазақтың қара шаңырағындай болып – елдің еңселі астанасы ақордасы – Астана бой көтерді. Әрине мұның бәрі «мың өліп, мың тірілген» бабаларымыздың қаны мен жанының қайтарымы еді.

Қазақтың қара өлеңі мен мақал-мәтелдерінің мәйегіне айналған асыл сөздердің жаны мен нәрін кіргізетін, әрине – тіл. Тіл болғанда да ананың ақ сүтімен дарыған – Ана тілің. Сондықтан да ана тілің – қазақ тілі жүрегі ұлт деп соққан ұлтжанды пенденің қазақ баласының жатқанда түсінде, ояғанда ойында жүретін алтынға бергісіз асыл заты болуға тиісті. Бойында қазақтың қаны бар, ойында елжанды қуаты бар кез-келген ұрпақтың ұғатыны да, сезетіні де осы болса керек.

Бақытты ұрпақтардың қай-қайсысы болмасын бүгінгі тәуелсіздіктің негізі әріде жатқынын сезуі керек. Тәуелсіздікке дейін ана тіліміздің де жетімсірегені рас. Бұл жолда талай арыстарымыздың кеңестік ордаға батыл сөз айтып, қара жамылғаны да жасырын емес. Құдайға шүкір сол кемшін жағымыздың кетігі енді бүтінділуге айналды. Кешегі керітартпа заманның қамытын киген қазағым жанындай сүйген Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаевтың тілі бүгінде қайта тірілді. Одан бұрынғы арыстандай айбатты, сөзімен қылышын қатар сермеген Маханбеттің алдаспан тілі, жүзге дейін талмай жырлаған Жамбылдың төкпе тілі терең ой мен оқушы жүрегіне жұп-жұмар жыр сыйлаған Абайдың тілі кеңестік дәуірдің өзінде-ақ әлемге танылған ойшыл Мұхтар Әуезовтің тілдері қазағымның бар асылы мен маржаны ана тілінде екендігін жазбай таныды.

Ендеше қазақ тілінің дүниедегі көп тілдердің көш басында екендігіне мақтанбасқа амал жоқ. Қазағымның тілінің қасиетін «тас жармаса бас жаратын» күдіретін Сырдың сүлейлері Бұдабай Қабылұлы, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Базар Оңдасынұлы, Қарасақал Ерімбет, Құлан Алдабергенұлы, Ұлбике, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Нартай Бекежанов, Қуаныш Баймағанбетов, Манап

Көкеновтер жырларына өзек етіп, тілдің туын биіктетіп, шашасына шаң жұқтырған емес.

Тілдің киесі, сөздің жүйесі болатынын ескерсек егемендік алғалы тілге қатысты қаншама міндеттер жүктелді. Өкінішке орай, құзырлы заңдардың жоғарыдан бері қарай орындалу жағы кемшін жатыр. Әлі де жоғарыдан келетін құжаттардың көпшілігі орыс тілінде. Телехабарлардың дені де, басым бөлігі орысша. Әрісін айтпай-ақ облыстан келетін кейбір қатынас мәліметтердің орыс тілінде келуі бұдан бірнеше жыл бұрын іс-қағаздарын ана тілінде қазақша жүргіземіз деген бізде жалпы ұранға айналып кеткен сияқты. Бұл турасында баспасөз жазудан, телехабарларда айтудан кенде емес. Бірақ, бірақ демекші нәтижесі шамалы.

Жаны күйіп, ақ тер-көк тер болып қазақтың ұлтжанды ақынының бірі Мұхтар Шаханов балапанын қорыған қарлығаштай шыр-шыр еткенімен, негізгі мақсаттың тізгініне әлі де толық қол жеткізе алған жоқпыз. Тілі сынбаған қазақтар үлкен қалаларда өз тілінен өзі жеріп жүр. Кейбір ауылда өскен ағайындар да кейде орысша оқыдық деп тіліне жүре қарайтыны тағы бар.

Соңғы уақытта «үш тұғырлы тіл» деген сөз қашты. Білген жақсы, көп білгенің одан да жақсы дер болсақ үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) білгеннің зияны жоқ. Бірақ екі өзге тілдің тасасында, көлеңкесінде өзінің Ана тілің – қазақ тілі қалмауы керек. Бұл орайда Қадырдың «өзге тілдің бәрін біл», ана тілің арың бұл» деген қағидатты естен бір елі шығаруға болмайды. Ұлтым қазақ деген ұлтжанды азаматтың кез келген кәрі-жасы өзінің тілінің шырайын шығарып, өзінің тілінің мәртебесін биікке көтеріп, ана сүтімен дарыған ана тіліне адал болғаны жөн. Өз тілін қадірлемегеннің де өзге тілдің көсегесін көгертіп, пұшпағына жетуі екіталай. Бұл орайда тағы да қазақтың от ауызды, адуын ақындары Қадыр мен Мұқағалидың төмендегі шумақтарына жүгінелік:

Батар, кетер келмеске күнім менің,
Қалар бірақ киелі тілім менің,
Қасіретті шақтарда түңілгенде,
Қасіетті тілімнен түңілмедім (Мұқағали).
Тілсіз келген білімнің,
Түбі шатақ қиғалақ.
Абыройын тілімнің
Көтеремін ту қылып. (Қадыр)

Ғалымдардың айтуынша қазақ тілінің сөздік қоры, көп мағыналылығы, ойлылығы, өткірлігі мен тереңдігі дүние жүзіндегі тілдердің алдыңғы қатарында көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды өзге ұлттың тіліне бас ұрмай, ана тілінің абыройын ойлап, мерейін өсіріп, туын жықпау.

Атам қазақ ғұмырында мақал мен мәтелдің мәйегін ағызып, сөздің құдіретін безбендеген. Сөзге тұрып, тілдің сағын сындырмаған. Даудамайда шешендеріміз тілдің балын тамызып, қас дұшпанын да сөзге тұрғызған. Тілдің мәнін, сөздің сәнін келтіріп, от ауызды тілмен сөздің шәйірі танылған. Содан болар бүгінгі ұрпақтың жадында «Өнер алды – қызыл тіл», «Қызыл тілден ашынғанда у тамар», «Шешеннің тілі – семсердің жүзі», «Шешілмеген шиені, Тырнақ шешпес тіл шешер»,-деген мақал мен мәтелдің көңілде берік ұялап қалуы.

«Туған ел – тұғырын, туған тіл – қыдырын» деп бекер айтылмаған. Ендеше ана тіліміздің жетім баланың күйін кешпеуі жолында ел болып жұмылып, қазақ тілінің мәртебесін биіктетуге атсалысайық! Осы мақсатта республика, облыс, аудан көлеміндегі озат істерді өмір тәжірибесіне айналдыра білейік. Мұның ізашары аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, бүкіл зиялы қауым өкілі болған жөн. «Кенесіп пішкен тон келте болмас» деген. Қадірлі оқушы қауым, елжанды болсақ осы жағын да ойланайық.

Қазақпысың сөйле ана тіліңде,
Қастерлей біл қасиетін де, дінін де.
Егеменді ел болдық қой ағайын,
Биік көтер Ана тілін тіріңде.

Тілдің туы биік болып, сөздің қуаты мен мәні қазағымның рухын аспандата бергей.

Файзулла САХИЕВ,

Халықаралық жазушылар,
журналистер одағының мүшесі, ақын.

Жаңақорған ауданы
№11 (108) 1-15 маусым

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ ІС ҮСТІНДЕ



ТӨРАЛҚАДА ӨТКЕННІҢ ЕСЕБІ, КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ МЕЖЕСІ ҚАРАЛДЫ

2016 жылғы желтоқсан айының аяғында Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ Қызылорда облыстық ұйымы Төралқасының мәжілісі болып өтті. Онда филиал төрағасының 2016 жылы атқарған жұмыс есебі тыңдалып, басқа да мәселелермен бірге келер жылдың іс-шаралары бекітілді. Бірінші мәселе бойынша филиал төрағасы Сәдуақас Әбдіқадырұлы АҢСАТ хабарлама жасады.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Құрметті Төралқа мүшелері! Жалпы қоғамның, оның ішінде басқа да құрылымдар сияқты қоғамдық ұйымның міндеті – өткен жылдары атқарылған жақсы істерден тәжірибе жинап, алдағы атқарылар істерімізді онан сайын жетілдіре түсу. Ол үшін бүгінгі күннің актуальды мәселелерін дөп таба біліп, оған белсенді түрде араласа алуымыз керек.

Осындай мақсатта біз Қоғамның бастауыш ұйымдарын, аудандық филиалдардың жұмысын онан сайын нығайта түсу мақсатында әр ауданда екі жылда бір рет облыстық семинар-кеңес өткізіп тұрдық. 2016 жылы 31 наурызда Сырдария ауданында «Тіл – тірегім, ұлт – жүрегім», осы жылдың 26 сәуірінде Қармақшы ауданында «Қазақ елі, қазақ тілі мәңгілік», қараша айында Шиелі ауданында «Мемлекеттік тіл – қазақ халқын біріктіретін тіл» атты облыстық семинар-кеңес, Қазалы, Жаңақорған және Жалағаш ауданында (Сырдария ауданын қатыстыра отырып) «Тіл сақшысы» газетінің оқырмандар конференциясын өткіздік. Сондай-ақ, Қазалыда аудандық филиалының «Ғасырлар аманаты – Тәуелсіздік» атты конференциясына қатыстық. Бұл шаралардың бәріне дерлік аудан әкімдіктері мен мәслихаттарының және «Нұр Отан» партиясының басшылары қатысып, бастауыш ұйымдарының жетекшілері мен аудан активі өздерінің көкейкейіндегі пікірлерімен бөлісті.

22 қыркүйек – тілдер мерекесіне орай «Қызылорда облысының Азаматтық альянсы» қауымдастығының қаржысына Астана қаласынан саяси ғылым докторы, профессор Әбдіжәлел БӘКІР мен филология ғылымы докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫН шақырып, **«Жеті жүрттың тілін біл, өз тіліңде өмір сүр!»** атты конференция өткіздік. Ондағы ойымыз реформашыл Білім және ғылым министрлігінің көптің келісімін алмастан мектептің І-сыныбы мен балабақшаға енгізе бастаған «Үш тұғырлы тіл бағдарламасын» жан-жақты талқылау болатын. Талқылауға Облыстық ішкі саясат басқармасының қатысуы мемлекет қазір атқарушы билікті үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін арттырып, практикалық жұмысында олардың пікірімен санасуға шақырып отырған саясатына бет бұра бастағаны деп бағаладық. Дегенмен біздің үштілділіктің кейбір қателіктерін ғылыми негізде көрсетуге тырысқан жиынымызды өткізуге кедергі жасағандар да болды. Жиынға оқу орындары мен мектептердің мұғалімдері мен студенттерін қатыстырмауға, бізді үш тілді білуге қарсы етіп көрсетуге тырысқандыққа және алыстан ат арытып келіп, дәлелді тұжырымдарын ортаға салған тілші-ғалымға әдеп шеңберінен шығып сөз айтқандарға да куә болдық.

Біздің жұмысымызда үгіт-насихаттың рөлі зор, ал оның тәсілі түрлі екені даусыз. Жыл ішінде мен өзім Жетікөл, Айдарлы, Абай, Қызылжарма ауылдарында болып, тұрғындармен кездестім. Міне, осындай жұмыстарды аудандық филиал төрағалары да жүргізіп отыр.

Үгіт-насихаттың белсенді түрі – БАҚ-ты пайдалану. «Қазақстан-Қызылорда», «Қоғам» телеарналарында дөңгелек үстелдердің ұйымдастырылуына мұрындық болып жүрміз. Қалың аудиторияны қамтыған бұл хабарлардың ішінде елімізге белгілі ғалымдар қатысқан «Өз тіліңе қанып ал, өзге тілді сосын біл», «Тәуелсіздік және қазақ тілі» дөңгелек үстел отырыстарын бөліп айтуға болар еді.

Бұдан әрі облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы республикалық «Тіл сақшысы» газетінің таралымы биыл 10000 данадан асқанымен, 2017 жылдың 1 жартыжылдығына жазылу кейбір (Жалағаш, Сырдария, Шиелі) аудан басшыларының осы басылымның рөлін өз дәрежесінде бағаламағандықтарынан, сол межеден кемдеу болғанына тоқталды.

Жыл ішінде Қызылорда қаласындағы атаулар мен көшедегі көрнекі ақпараттағы тілбұзарлыққа «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасын қатыстыра отырып 16 рет рейд жасап, 30-дан аса нысандағы кемшілік жөнделгенін, «Тіл сақшысы-Намыс қамшысы» таңдаулы мақалалар топтамасының 2016 жылғы бірінші кітабының жарық көргенін, екінші кітабының қаңтар айында шығатынын айтты.

Мұнан басқа жыл ішінде «Мемлекеттік тілдің қазіргі жайы және оның қолданысын арттырудағы міндеттері», «Жеті жұрттың тілін біл, өз тілінде өмір сүр» атты кітапшалары шығарылған.

Қоғамдық ұйым еліміздегі және жергілікті жердегі өзекті мәселелерге халықтың атынан араласып, жер реформасына және үш тілділіктің қателіктерін талқылау шараларының бел ортасында болған. Бұл ретте филиал басшылығы алқалы жиындарға қатысумен қатар «Тіл сақшысы» газетін өз дәрежесінде пайдалана білген. Газет сынына орай 125 жылдық мерейтойы қарсаңында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ы.Жақаевтың ескерткіш – бюсті орналасқан «Еңбек аллеясы» қалпына келтіріліп, жөндеу жұмыстары жүргізілген. Газет сынына облыстық департамент, басқарма басшылары ғана емес, вице-министр, Республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары жауап берген.

Камаладин НАУРЫЗБАЕВ, төралқа мүшесі:

– *Филиал төрағасы жыл ішінде жасалған жұмыстарды жақсы айтты, айту үшін, әрине, жұмыс болуы керек. Өткізілген семинарлардың бір-екеуіне мен де қатыстым. Өте жоғары дәрежеде өтті. Менің айтайын дегенім аудандық филиалдардың, бастауыш ұйымдардың рейтингісін шығару керек. Кім, қалай жұмыс істейді? Қайсысының ісін үлгі етіп аламыз? «Ана тілі» газетінің тілшісін шақырып, аудандағы жұмыстарды жазу керек. Ал енді «Тіл сақшысы» газеті қоғамның көкейтесті мәселелерін көтеріп жүр, әлі де оны дамыта түсу қажет. Газетте сын болғаны, сынға жауап бергені өте дұрыс. Ауылшаруашылығы вице-министрі газет сынына нақты, білікті басыы екенін таныта жауап берген. Елде арыз-шағым көп, соны да зерттеу керек.*

Жақсыбек ЕГІЗБАЕВ, төралқа мүшесі:

– *Қоғамдық ұйымның жұмысын жалпы жұртшылық газет арқылы біледі. Газетті насихаттауды жақсартып, таралымын көбейте түсу және газет әр ауылға баруы керек. Аудан әкімдері*

жылда есеп береді. Бәрі жақсы дейді, бірақ кемшілік бар ғой, соны зерттеп жазыңыздар.

Бақытжан АХУНОВ, төралқа мүшесі:

– Газет редакциясы оқырманмен тығыз байланыста болу керек, олар біздің қоғамдық ұйымның мүшесі. Жылына бірнеше ауданда семинар, газет оқырмандары конференциясын өткізу оңай шаруа емес, бірақ ол керек.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Оқырмандар конференциясын мекемелерде, кітапханаларда өткізсек деген жоспар да бар.

Төралқа мәжілісінде «Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының қаржы шығындарын бекіту жайлы», «Облыстық филиалдың 2017 жылғы іс-шараларын бекіту жайлы» мәселелер талқыланып, қаулы қабылданды.

* * *

Төралқа мәжілісінен кейін облыстық ұйымда аудандық филиал жетекшілерінің жиыны өтті. «Төралқа мәжілісінің қаулысын басшылыққа ала отырып, сіздермен бірге жылды қорытып, алдағы жылға бағыт-бағдар белгілейік», - деп сөзін бастаған төраға жасалған жұмыстарға кеңінен тоқталып, төралқада айтылған бастауыш ұйымдарын түгендеу, оның іс-қағаздарын, сол арқылы бүкіл жұмысын жолға қою, облыстық семинар, газет оқырмандары конференциясын өткізу, «Тіл сақшысы» газетіне жазылу жайын айтты.

Әбдірахман ҚҮЛДҮЙСЕНОВ, Қармақшы аудандық филиал төрағасы:

– Бастауыш ұйымдармен жұмысты жақсарту керек. Өнеркәсіп орындары жоқ ауданда мектептен, балабақшадан қол үзе алмаймыз. Мұғалімдер күні мерекесінде мектептерге, балаларды қорғау күні - 1 маусымда балабақшаларына барып, құттықтап, тиісті сый-сияпат жасаймыз. Кәсіптік мерекелерде де ұжымдарға барып, екіжақты байланысты нығайтып келеміз.

Семинарды өткізу мәселесінде де ойланатын жайлар бар. Ауданға барғанда 4-5 жерге барудың керегі жоқ шығар. Бір үлгілі ұжымды көрсек те болар еді. Оған халықты көбірек қатыстырып, сөзіміз жұртшылыққа жете беру үшін жұмыс жасауымыз керек.

Жұманазар ҚОНЫСБАЕВ, Сырдария аудандық филиал төрағасы:

– Семинардың бізге берері көп, біз де жинақталып қаламыз, аудан басшылары да көңіл бөледі. Кемшілігімізді көреміз. Бұдан бөлек мекеме басшыларына, адамдарға әсері тағы бар.

Жұмабай ЖАҚЫП, Арал аудандық филиал төрағасы:

– Жалпы жұмысымызда болсын, газетке жазылуда болсын, білім, денсаулық саласына көбірек көңіл бөлеміз де, өндіріс саласын қамту ақсап қалып жүр. Өндіріс орындарымен жұмыс тәжірибелеріңізді білгіміз келеді.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Сіздерде өндіріс орны аз екені де, өндірістің ірі емес екені де рас. Бірақ жоқ деуге болмайды, оның үстіне кіші кәсіпкерлік те бар. Мекеме, кәсіпорынға барып, басшыларымен, ұжыммен кездесіп, адамдарға мәселені түсіндіре білу керек, намысын ояту керек. Біз облыс орталығындағы «Промсервистрой», «Абзал и К», «Механизатор» ЖШС, «Темірхан» фирмасы, «Бақ-береке» ЖШС, «Жолаушылар вагон жөндеу» мекемесімен тығыз жұмыс жасаудамыз.

Ауылдық жердегі шаруашылықтармен де жұмыс жасауға болады. Мениік түріне қарамай ірілі-уақты мекемелермен, ондағы адамдармен тығыз байланыста болу керек. Енді семинарға келсек, ол тек тәжірибе алмасу ғана емес, біріншіден, біз онда маңызды мәселелерді көтереміз, соған жұртшылықтың назарын аударамыз. Көпшілік те «Қазақ тілі» қоғамының не жасап отырғанын біледі.

«Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиал жетекшілерімен болған жиында бастауыш ұйымға баса назар аударып, жұмысын жақсарту, ұйым мүшелерінің ортақ іске ынтасын арттыру, көпшілікке әсер ету жайлары талқыланды.

Жалғасбек АМАНОВ
№1(98) 1-15 қаңтар

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ МАРАПАТТАЛДЫ

Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ Жаңақорған аудандық филиалының төрағасы Ізәтілла Нәзілдаевқа Жаңақорған аудандық мәслихатының шешімімен «Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Ауданның қоғамдық өміріне белсене араласатын Ізәтілла Нәзілдаев тіл жанашырларының жетекшісі болумен қатар аудандық ата-аналар кеңесінің төрағасы, аудан бойынша қоғамдық бірлестіктердің спикері, «Нұр Отан» партиясының сарапшысы қызметтерін қоғамдық негізде атқаруда. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі «Еңбек ардагері» медалінің иегері, бірнеше рет Елбасының «Алғыс хатын» алған.

«Қазақ тілі» қоғамы Қармақшы аудандық филиалының төрағасы Әбдірахман Құлдүйсенов ел егемендігінің ширек ғасырлық мерекесі кезеңінде «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен және Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Әбдірахман Құлдүйсенов «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы».

«Қазақ тілі» қоғамы Арал аудандық филиалының төрағасы облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Жұмабай Жақып – «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы «Ой сарасы» пікір талас клубының жетекшісі, аудандық Қоғамдық келісім комиссиясы төрағасының орынбасары.

Ж.Жақып екі жыл қатарынан Арал ауданының «Үздік журналисі» атанып, екі мәрте облыстың «Құрмет грамотасымен», «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен марапатталған. Қазақстанның Құрметті журналисі. Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі. Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты.

Әріптестерімізді елге сіңірген еңбегіне сай алған марапатымен құттықтай отырып, еңбекте табыс, жанұяда бақ-береке тілейміз!

**Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы
№1(98) 1-15 қаңтар**

*28 маусым – байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесіне орай республикалық «Тіл сақшысы» газетінің тілшісі **Жанар Тұрдыбекқызы** облыс әкімінің «Тіл жанашыры» номинациясымен, тілші-менеджер **Бақыт Бектібайқызы** Қызылорда қаласы әкімінің кәсіптік біліктілігі үшін «Ұшқыр қалам» номинациясымен марапатталды. Әріптестерімізді шығармашылық еңбегінің бағалануымен құттықтай отырып, журналистік кәсібіне жеміс тілейміз!*

№12(109) 16-30 маусым

ШИЕЛІДЕГІ БАСҚОСУ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ҚҰЗІРЕТІН КҮШЕЙТЕДІ

Қызылорда облыстық «Қазақ тілі қоғамы» мен «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы үстіміздегі жылдың ақпан айында өзара бірлесіп, партиялық, қоғамдық жобаларды жүзеге асыру бойынша әріптестік қызмет сапасын арттыру және қоғамдық-саяси шаралар маңыздылығын күшейту туралы меморандумға қол қойған болатын. Соған байланысты Шиелі ауданында «Рухани жаңғыру: «Нұр Отан» партиясы мен «Қазақ тілі» қоғамы бастауыш ұйымдарының бірлескен іс-қимылы» атты семинар болып, оған аудандағы колледж, мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері қатысты. Жиында облыстық «Қазақ тілі қоғамының төралқа мүшесі ретінде мен өзім осы қоғамдық бірлестіктің және оның үні «Тіл сақшысы» газетінің үнемі көтеріп жүрген ұлттық құндылықты сақтау, оның ішінде тіл, тәрбие, руханият пен мәдениет мәселелеріне тоқталдым.

Өркен ИСМАИЛ, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Шиелі аудандық филиалының төрағасы:

– Партия мен қоғамдық ұйымның бірлесе атқарар жұмысы біздің жарғымызға және мақсатымызға сай көбіне руханият, тәрбие жайында болады. Сондықтан алғашқы бірлесіп өткізіп отырған жиынға мектеп директорларын шақырып отырмыз. Кент пен ауылдарда мектеп директоры – үлкен тұлға, мұғалімдер – үлкен күш.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы сіздер мен бізді жаңа іс-қимылға жұмылуға бастайды. Мақаланы оқып, таныстық. Қазақ басылымдарында сәуір айында жарияланған мақалалардың ең тәуірі, шоқтығы биік, мәндісі деп бағаладық. Көпшіліктің көкейінде жүрген, өскелең заман талабынан туындаған, қордаланған өзекті мәселелерді дөп басып, қарапайым қазақ тілімен, ашық айқын пайымдауларымен жұртты қатықтай ұйымты деп айта аламын.

Алдағы мақсатымыз анық, оған жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруға тиіс

екенбіз. Сонда рухани жаңғыру саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналатын болады. Тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық сананы, ұлттық бірегейлікті сақтау қағидаларын жадымызға жалау етті.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмейтінін, олар басқа халықтарға жаппай еріксіз таңылғаны айтылады. Өйткені әр ұлттың ұлттық коды болады. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды екен. Мемлекет басшысы «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетіне байланысты» дей келе тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты болу керек, ол үшін компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық факторларын қажетті алғышарт санатына жатқызады.

Елбасы: «2025 жылға қарай іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиісіз. Ол кезеңде таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек» деп атап көрсетті.

Қай қоғамда, қай елде болмасын әліпби жасау немесе оны ауыстыру – бұл жалпыхалықтық оның ішінде алдымен ұлттық мәселе. Оның саяси-мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік, экономикалық жақтары бар. Бірақ қанша ойлансақ та, толғансақ та мен Ел Президентінің тұжырымдамасын қолдаймын. Себебі, латын графикасы тілімізге жат емес. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылған.

Латын әліпбиіне көшу бір жағынан мемлекеттік тіл саясатының бағытын көрсетсе, екінші жағынан төл әліпби, төл жазу қандай да бір ұлттың мәдени құндылығын, бет бейнесін білдіреді. Сондай-ақ тілдің табиғатына, даму заңдарына, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысына лайықталып таңдалған, яғни тілімізге икемді әліпби жасау лингвистикалық біліктілікті байқатады. Сонымен қатар таңдалып алынған әліпбиді қоғам санасы қабылдап, тілдің қоғамдағы қызмет етуін толыққанды ақтай алуы тиіс. Латыншаға көшудің терең логикасы бар екеніне тоқталған мемлекет басшысы бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылым мен білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланыстылығын айтады.

Сонымен әліпбиіміз ауысып, тілдік реформа жасалатын болды. Өзге тілдің дыбысы, өзге тілдің сөзі, өзге тілдің ережесі өз тілімізді өгейсітіп, айтқанымыз жазғанымызға сәйкес келмей, өз сөзіміз өзіміздікі болмай қалды. Міне, мұны дер шағында аңғарған Елбасы өз шешімін жасады.

Мақаланы оқи отырып, жаңғырудың жаңа жобалары мен үлгісін, бағдарламаларын ой тереңінен өткіздік. Қоғам алға жылжып, адамдар алаңсыз өмір сүру үшін санамыз да өзгеріп, жаңғырып тұрғаны дұрыс шығар.

Елбасының айтқандары жедел іске асса, бізден бақытты, бізден бай халық болмас еді жер шарында. Уақыт жылдам, өтеді де шығады. Жақсылыққа толы ол күндер де алыс емес. Тәңір соған жазсын. Халқымыз бейбіт өмір кешіп, еліміз тыныш болсын. Рухани сөзінің түбірі – Рух. Олай болса, ұлттық рухымыздың жалындай желбіреуіне бәріміз бір кісідей атсалысайық!

Патыма МАХАНБЕТ, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары:

– Елбасымыз мақаланың кіріспе сөзінде былай дейді: «Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады».

Бұл сөздер – саяси реформа мен экономикалық жаңғыру еліміз үшін қанишалықты маңызды екендігін көрсететін жол. Расында, алға ұмтылған қадамымыздың нық болуы үшін де рухани жаңғыру әрдайым жүріп отырғанын айту керек. Ол тәуелсіздік жылдары ішіне іске асырылып келеді. Ендігі ретте мемлекет басшысы мықты да жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басып, бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз жөнінде өз көзқарасын халқымен бөлісіп отыр. Әрине, Елбасы айтқандай, біз ұлттық құндылығымызды сақтап, замана сынына төтеп бере алған озық дәстүрлерімізді табысты жаңғырта отырып, өркениет көшіне ілесуіміз керек. Бұл ретте Сыр өңірі тарихын тереңнен тартқан, қаймағы бұзылмаған ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді бүгінге

жеткізіп, жаңғыртып, жас ұрпаққа насихаттап отырған бірден-бір өлке деуге негіз бар.

Елбасы өз мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деді. Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, мен рухани мәдениетіміздің дамуы үшін, ел экономикасының өсуі үшін қазіргі кезде адам құндылықтарының кемелденуі мен өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы, сонымен бірге, жеке тұлғаның ұлттық байлықты ескере отырып өздігінен кемелденіп дамуы әсер етуші ең маңызды факторы деп білемін.

Бүгінгі бас қосу себебімізде мемлекеттік тіліміз - қазақ тілін дамыту және оны қолдау аясын кеңейту жұмыстарын жаңғырту мақсатында білім беру ұйымдары мен басқа да мекеме басшыларының басын қосып, алдағы уақытқа арналған жұмыс бағытымен таныстырып, онымен қоса қазақ тілін жан-жақты дамыту барысында өзара байланыс құрып, бірігіп жұмыс жасау болып отыр. Сондықтан да бүгінгі жиынға қатысушылар қазақ тілі төңірегінде туындап жатқан мәселелер бойынша сұрақтар қойып, ұсыныстар білдірсеңіздер болады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Мұны Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев сөз бен тілдің қадірін, оның маңыздылығын білгендіктен айтқан, әрбір қазақстандық ана тіліміз – қазақ тілін білуге міндетті, сондықтан аудандық партия филиалы мен аудандық «Қазақ тілі» қоғамының игі бастамасына сәттілік тілей отырып, алдағы уақытта «Қазақ тілі» қоғамы қазақ тілі мәселелерін көтеріп қана қоймай, олардың нақты шешімдері табылатындығына сенім білдіремін.

Әмина Тәжиева, аудандық білім бөлімінің әдіскері:

– «Қазақ тілі» қоғамы – жақсы жұмыс жасап келе жатқан қоғамдық ұйым, енді «Нұр Отан» партиясымен бірлесе іс-қимыл жасағаны дұрыс болды. «Тіл сақшысы» газетін мен үш жылдан бері аламын, ондағы көтеріліп отырған мәселелер бізге керек. Осы газетке жазылуды мұғалімдер арасында насихаттау керек.

Ендігі айтылатын тағы бір мәселе партия мен қоғамның бастауыш ұйымдары бірлесіп жұмыс жасауы керек. Мақсат бір, мүдде бір, оны атқаратын адамдар да өзіміздің мұғалімдер.

Болат Сейілханов, №48 мектеп директоры:

– Бір сілкіністің болатынын көптен күтіп жүр едік. Рухани жаңғыру, ұлттық кодты сақтау, басқа да тәрбиеге, дәстүрге байланысты жайлар Елбасының мақаласында жақсы айтылды.

Латын әліпбиіне көшу де бұрыннан көтеріліп келе жатыр. Әліпби ауысқанда көп дүниелер қалып қоюы, содан тарих үзіліп қалуы мүмкін. Осыған абай болу керек. Тағы бір айтайын дегенім мұғалімнің мәртебесін көтеру қажет, онсыз біздің еңбегіміздің нәтижесі аз болады. Мұғалім сыйлы болмаса, оның айтқанын ешкім тыңдамайды. Қазіргі күні «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледінің» кері келіп отыр. Рухани жаңғыру жайлы Елбасы айтты, енді осыны іске асыру керек. Бұны сырттан біреу келіп жасап бермейді, бәрі де елдің ішінде, біздің қолымызбен жасалады.

Болат Сыздықов, №127 мектептің директоры:

– Тіл мәселесіне енді қатты көңіл бөлу қажет. Мекеменің аты жазылған, басқа да көшедегі көрнекілікте неге екі тілде жазады? Бізде 96% қазақ тұрады, бұл жерде атаудың орысша жазылуының не керегі бар? Енді үш тілде жазып жатыр, бұл тіпті сорақы. Осыны заңдастыру керек, ол үшін белсенді топ әрекет ету, жоғарыға жазу, талап ету қажет деп білемін.

Алқалы жиында мектеп директорлары, білім, мәдениет саласының қызметкерлері Елбасының мақаласында көтерілген жайды толық қолдайтындарын айтты. Ендігі мәселе оның жүзеге асырылуында. «Ігілікті іс жарты жолда қалып қоймай ма?» деген де күдік бар. Ол үшін қоғам, оның әрбір мүшесі белсенділік танытуы қажет. Ендігі енжарлықты, сөзбұйдылықты уақыт та, өркениетке көш түзеген заман да көтермейді. Абай айтпақшы «Сөз түзелді, тындаушым, сен де түзел».

Жалғасбек АМАНОВ
№9(106) 1-15 мамыр

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ: БЕЛСЕНЕ ҚИМЫЛДАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ

Елімізде азаматтық институттар жұмысына қатты мән беріліп отырған бүгінгі күні қоғамдық ұйымдар өз белсенділігін онан сайын арттыра түсуі керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бұл ретте біріге қимылдаудың да орны ерекше. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының өзара бірлесіп жұмыс жасау жайлы меморандумының аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ Қызылорда жол бөлімшесі филиалында партияның теміржол филиалы мен қоғамның біріккен жиыны болып, оған «Қазақстан темір жолының» жергілікті мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Базара Таңбаева, «Нұр Отан» партиясы теміржол филиалы төрағасының орынбасары:

- Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының негізінде ұлттың өз бет-бейнесін сақтау, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, оны дамыту жатыр.

Мақала елімізде кеңінен талқылануда, енді оны жүзеге асыруға ат салысуымыз керек. Бұл ретте «Нұр Отан» партиясының жергілікті филиалдары мен «Қазақ тілі» қоғамы біршама жұмыс жасап жатыр. Рухани құндылық дегенде ең бірінші туған тілімізді айтамыз. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесінде жұмыс жасамай басқа ұлттық құндылықтар өміршең болады деп тағы айта алмаймыз. Бүгінгі бірлесе ұйымдастырып отырған жиынның мән-жайын, рухани жаңғырудағы міндеттері мен азаматтық парыз жайлы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы АҢСАТ Сәдуақас аганы тыңдайық.

Қоғамдық ұйым жетекшісі қазақ тілінің дара мемлекеттік мәртебе алуындағы жекелеген азаматтардың және оны орнықтырудағы елжандылық еңбекті, осы уақыт аралығында атқарылған жұмыстар мен шешімін таппаған мәселелерді айта келіп, бүгінгі күні бұған мемлекет басшысының аса зор мән беріп отырғанына тоқталды.

Сәдуақас АҢСАТ:

- «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы көтерілген мәселелер біздің көптен күтіп жүрген ұлт ретіндегі рухани қажеттілігіміз еді. Қоғамдық-саяси мәселелерге, ішкі тұрақтылықты сақтауға байланысты көп нәрсені кезінде батыл айтуға болмады. Қазір еліміздегі мемлекетті құраушы қазақ ұлтының саны 70%-дан асты. БҰҰ-ның шешімі бойынша 67-68%-ға жетсе, заң сол ұлттың мүддесіне қызмет етуі керек.

Қалай дегенде көп нәрсе адамдардың өздеріне, оның ішінде қоғамдағы басты күш – қоғамдық ұйымдардың, әрбір азаматтың белсенділігіне байланысты. Елжандылық, отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды қорғау, ұлт мүддесін биік қою елдің өркениеттегі орнын көрсетеді. 1944 жылы соғыстың қызып тұрған шағында Алматыға емделуге келген Бауыржан Момышұлы тіл мәселесі жайлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мұхаметжан Әбдіхалықовқа ашына хат жазған. Сол хатта көтерілген түйінді мәселелердің ішінде шешімін таппағаны әлі де бар.

Павлодарда Руза Бейсенбайтегі деген әйел кісі бар. Ол өзіне «Мен ұлтым үшін не істей аламын?» деген сұрақ қойған. Содан тұтасып тұрған орыс тілді қаладағы халыққа қызмет ететін сауда, коммуналдық қызмет, тағы басқа жерлерде мемлекеттік тілде сөйлеп, халыққа қызмет көрсетушілерге тілегін тек қазақша жеткізеді. Сол ісі үшін қысымшылық та көрді, тіпті біреулер сотқа да бермекіші болды, бірақ айтқан бетінен қайтпайды. Себебі ісінің бәрі заңды, мәдениетті. Міне, осылай бірінші өзіңе талап қоюың, содан өзгеден талап етуің керек. Теміржол мекемелерінде кеңес кезіндегіден бері орыс тілі басымдық етіп келеді, әсіресе техникалық құжаттар қиындық туғызады, бірақ адам шындап бет бұрса, алынбайтын қамал жоқ.

Ерлан Айдаров, Қызылорда теміржол бөлімшесі бастығының 1-орынбасары:

- Сәке, сіз ұлттық құндылық, оның ішінде тіл жайлы жақсы айттыңыз. Елбасы өзінің мақаласында тұтас қоғамның, оның ішінде әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудағы басты бағыттары – бәсекеге қабілеттілік, заманға қарай түзелу, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімділік, елдің эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы жайлы «тайга таңба басқандай» етіп айтып берді. Сіз сияқты

өмірден көргені ғана емес, түйгені көп аға ұрпақ өкілдері осындай игі істі қолдап, соны жүзеге асыруға бастап отырса, шынында, сіз айтқандай, көпшіліктің қолынан келмейтін жұмыс, алынбайтын қамал жоқ. Теміржолшылар қауымы осы бағыттағы жұмыстарды қолдайды деп сендіремін.

Ғалия Әбибуллаева, жолаушылар вагон жөндеу депосының қызметкері:

- «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде көп жұмыс жасауда және ол өз нәтижесін де бере бастады. Ең бастысы, Сәдуақас аға айтқандай, бірінші өзің талапқа сай болуың керек, сосын өзгелерден де талап ет. Қандай істе де бір бастамашы болады, көпшілік соның соңына еруі керек.

Теміржол мекемелерінің орысшаға бейім екені де рас. Құжаттар Алматыдан, Астанадан орысша келеді, оған орысша жауап беруді талап етеді. Тілге деген түбегейлі өзгеріс болу үшін жоғарғы жақтағылардан сұрау керек.

Сәдуақас АНСАТ:

- Бүгінгі жиынға шақыруымызды қабыл алып, келгендеріңіз үшін рахмет. Ой түзу, ниет дұрыс, бағыт айқын, енді іске кірісетін уақыт жетті. Кей мекемелерде «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымы жұмысын нашарлатып алған, оны жаңғырту керек, ал бастауыш ұйымы жоқ мекемелерде оны құрған дұрыс. Бұған қажетті құжаттар жаңа таратылып берілді, біз өзіміз де көмектесеміз. Елбасының баяндамасында: «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», - делінген. Болмыс қана емес сана да өзгереді. Ата-бабадан мирас болып қалған, қанымызда бүлкілдеп тұрған қазақы қасиетіміз рухани жаңғырып, өркениетке жете берейік.

Жалғасбек АМАНОВ
№10 (107) 16-31 мамыр

ҰЛТ ТІЛІ – ҰЛЫ ТІЛ

Аралда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі және «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалдарының ұйымдас-тыруымен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» саясатына орай «Үш тілдің ұлысы – ұлт тілі» атты облыстық семинар-кеңес болып өтті. Жиынға Қызылорда қаласы мен аудандардан келген қонақтар №64 мектепте «Қазақ тілі» қоғамы бастауыш ұйымының жұмысымен, «Гүлдер» балабақшасында сәбилерге қазақ тілін үйрету тәжірибесімен, Халыққа қызмет көрсету орталығында іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу барысымен танысып, аудан әкімі ОРАЗБАЙ Мұхтар Әуесұлының қабылдауында болды.

Мәдениет орталығында өткен семинар-кеңесті аудан әкімінің орынбасары Жұмагүл Әлішова құттықтау сөз сөйлеп ашып, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Сәдуақас АҢСАТ жүргізіп отырды.

Сәдуақас АҢСАТ:

– Құрметті Арал тұрғындары! Тіл жанашырлары! Бүгінгі бас қосудың мақсаты мемлекеттік тілдің қолдану аясын, сол арқылы дәрежесін мемлекеттік деңгейге жеткізуге байланысты жергілікті жердегі жұмыстарды тағы бір талдап алу. Осылайша билік өкілдеріне ой салу, жайбасар қазақты қамшылау. Бүгінгі жүздесуіміз Елбасының рухани жаңғыру жайлы мақаласы, «Қазақ тілі» қоғамы мен «Нұр Отан» партиясының біріккен іс-қимыл меморандумының аясында өтіп отыр. Елбасының мақаласына келсек, бұл жай мақала емес, рухты жаңғыртуға нақты тапсырма.

Мақалада айтылғандай, «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу». Бұл дегеніңіз – халқымыздың ғасырлар бойы тіршілік сынынан өткен дәстүрін жаңғырта қолдану, сонымен бірге ұлттық сананың түрлі полюстерінен қиыннан қиыстырып, жарастыру, ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыс біздің ана тілімізден, дүниетанымымыздан ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізден, рухани құндылық-тарымыздан бастау алады.

Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Өйткені әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз.

Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтау ғана емес, басқа да талаптар бар және олардың ұлт өркениеті мен өміріміздегі орны ерекше. Бүгінгі жиында осы жайларды талдап, талқылаймыз. Баяндама жасау үшін сөз «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының төрағасы ЖАҚЫП Жұмабайға беріледі.

ЖАҚЫП Жұмабай:

– Құрметті бүгінгі семинарға қатысушы меймандар!

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының өзара меморандумға отырып, қоғамдық, партиялық-саяси, мәдени, рухани іс-шараларды бірлесіп өткізуді қолға алуы ортақ істі өрге бастырудағы бағалы бастама деуге болады.

Ана тілімізді ардақтауда Елбасымыз бір адамдай-ақ айтып келеді. Бірақ соны тыңдап, тындырып жатқанымыз шамалы. Президенттің «Ұлы дала ұлағаттары» атты кітабының тіл туралы тарауында «Іс басында, әсіресе халықтың көз алдындағы жауапты қызметте отырған қазақтардың өздері мемлекеттік тілді менсінбей, өзге тілде сөйлеуге құштар болса, оған халық та, тіл де кінәлі емес. Кінәлі – ұлттық намыстың аздығы. Ерсі әрекеттерге еліктеушілік. Ұлт дәстүріне енжарлық»,-деген болатын. Біздің бойымызда көбіне сол ұлттық намыс жетпей жатады. Қарапайым ғана мысал, біз жаңадан дүкен, кафе немесе халыққа қызмет көрсету орындарын ашсақ та оған қазақша атау берудің орнына шетелше жазуға құмармыз. Өзіміздің санамыздағы алтын сөздерімізді аяқасты етеміз. Осы жылғы мамыр айында да аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі, «Толқын» газеті, «Қазақ тілі» қоғамы болып осы атау, жарнамаларға біріккен тексеру жүргіздік. Байқағанымыз сол кемшіліктер биыл да қайталанып отыр.

Мұнымен бірге төл тіліміздің жанашыры – республикалық «Тіл сақшысы» газетіне өткен жылы ауданымыздағы таралымы мың дананың үстінде болса, қазіргі науқанда күрт төмендеп кетті. Осының өзі де біздің бойымызда тілге деген құрметтің, ұлттық намыстың әлі де төмендігі демеске амал жоқ.

Тіл мәселесінде тағы бір айтарымыз, оқушыларға үш тілде білім беру бастамасы. Бұл үрдіс қазір барлық мектептерде қолға алынып жатыр деуге болады. Тіл білген дұрыс, бірақ соны балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бөліп оқытпай, бірден бірінші сыныптан бастау - оң-солын танымайтын бүлдіршіндер үшін қиянат сияқты. Қазақта «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген аталы сөз бар. Неге бұл жүйені енгізуде әдіскерлердің, оқытушылардың, ата-аналар мен ғалымдардың пікір-пайымдары ескерілмеді?

Біз бүгінге дейін кей реттерде «ұлттық идеологиямыз көтерілмеді, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, дамыту батыл қолға алынбады» дегендей реніштеріміз болды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы сол орынды өкініштеріміздің орнын толтырып тұр деп ойлаймын.

Рухани жаңғыру – бұл тіліміздің, дініміздің, ой-санамыздың жаңғыруы. Әсіресе кезінде алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған латын әліпбиіне көшу бастамасы бүгіндері өз мақсатына жетіп, латын әліпбиі арқылы қазақ тілі үш тілдің ұлысы атанары сөзсіз.

Тіліміздің мәртебесі биік, мерейі үстем, құндылығы жоғары болу үшін баршамыз болып атсалысайық, ағайын!

Жоланов Алдаберген, «Нұр Отан» партиясы Арал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары:

– «Рухани жаңғыру» идеясын қоғамдық талқыға салып, ұлттың, мемлекеттің рухани темірқазығы ету арқылы мемлекет басшысы ХХІ ғасырдың жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Тарихтың белестерінен сүрінбей өткен құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғыртудың алғышарттарына айналдыра білу. Бұл ретте Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан, ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» екенін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық даналықтары, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары,

ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады.

Құрымбаева Ғалия,

№14 орыс орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі:

– Мемлекеттік тілдің құлашын кең жасауға, өрісін кеңейту жолында сүбелі үлес қосып, өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің отанының қадір-қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғатын тұлға қалыптастыру жолында жұмыс жасап келеміз. Мектепшілік «Қазақшаңыз қалай?», «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары», «Менің атым – Қожа» повесінен монолог оқу сайыстары болып тұрады. Мектебімізде аудандық «Тілі басқа, жүрегі бір, түрі басқа, тілегі бір», «Полиглот», «Менің отаным – Қазақстан», «Қазақ тілінің білгірлері», «Тіл – татулық тірегі», «Бірлігіміз жарасқан» атты іс-шаралар өтті.

«Ұлтым орыс болса да, жаным қазақ» деген Анна Данченко – мектебіміздің түлегі. Аудандық, облыстық пән олимпиадаларының жүлдегері. Ол бүгінде орыс, қазақ, ағылшын, неміс тілдерін жетік меңгерген журналист, қоғамда өз орнын тапқан, Қазақстан телеарнасының «31» арнасы бойынша «Сәт сапар», «Жұлдызды шаңырақ» бағдарламасының жүргізушісі. Біз «Қазақ елі – өз жұртым, Қазақстан – менің отаным» деп айтқан Тен Иринаны, Қазақстанның бірнеше телебағдарламасының жүргізушісі, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Тен Александраны, Мәскеу университетінің студенті Калыхалова Кристинаны мақтан тұтамыз.

Сүлейменова Күләйша, №220 мектеп директоры:

– Тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ол ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс.

Белгілі майдангер жазушы Бауыржан Момышұлы ана тілі туралы – «Қазақ тілі сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйеңді жандырып, құлақ құрғышын қандыратын өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей міндет беріп, адам түгіл

жағдайдың өзінің аузына құм құятын гажайып кемел тіл» деп тілдің зор маңызға ие екендігін тағы бір дәлелдеген.

Мемлекеттік тілге құрмет – бұл елге құрмет! Осыны әрбір адам өз ұстанымы етіп алуы керек. Қай ортада болмасын мемлекеттік тілде сөйлесе, сол ортада оны қолдайтын халықта ашық және жанама түрде байланысқа түсіп, оған деген сенім де нығая түсері анық.

Әуезов Әнес, еңбек ардагері:

– Тіл мәселесі – өткір мәселелердің бірі. Ұлттық құндылыққа, оның ішінде тілге немқұрайлы қарауға болмайды. Аудандарда осындай семинар-кеңес өткізіп, «Тіл сақшысы» газетін ашып, ұлт үшін еңбек етіп жүрген Сәкеңе рахмет.

Білім министрлігі «Үш тұғырлы тіл» дегенді шығарды. Ғалымдар, зиялы қауым қате екенін көрсеткенмен, осы ұстанымды билік қолдап отыр. Бірақ айта беру керек, жаза беру керек. Екінші мәселе қазақ тілінің мектепте оқытылуы жайы. Мектепалды даярлық сыныбындағы «Сауат ашу» оқулығы «Әліппенің» қолына су құюға жарамайды. 4-5 ай оқыған мұғалім жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде қалай оқытатыны менің миыма кірмейді. Мұғалімнің өзі оны меңгере алмай отырғанда шәкірт қалай меңгереді?

Құлдүйсенов Әбдірахман, «Қазақ тілі» қоғамы Қармақшы аудандық филиалының төрағасы:

– Ұлттық үш ұстанымының бірі – тіл, тілі жоқ ұлт – өлген ұлт. Ұлттың болашағы үшін жасап жатқан жұмысымыз, ащы даусымыз жоғарыға жеткен-ау деп ойлаймын, ұлттық руханиятқа бетбұрыс басталды, ендігі мәселе осы үдерістің толастап қалмауында.

АНСАТ Сәдуақас:

– Баяндамашылар да, жарыссөзге шыққан азаматтар да маңызды жайларды ортаға сала білді. Тақырып ашылды деп ойлаймын. Ал жалпы жағдайға келсек, бізге сананың серпілісі керек. Ой, сана істен бұрын жүруі, мақалада айтылғандай, жаңғыру, сілкіну керек.

Біз өз кемшілігімізді көре де білуіміз керек. Көп қазақ ана тілін білмейді. Оған ұялу былай тұрсын, мән де бермейді. Бұл – біздің басты кемшілігіміз. Сондай-ақ Елбасы популистік идеологиядан да сақтандырады. Осыдан біраз жыл бұрын «қазақстандық ұлт» деген өмірге, тірлікке, тіпті ұлт ұғымына жанасымсыз тіркес пайда болып, идеология қызметкерлері, БАҚ бастап соны көтеріп әкетті.

Бұл пайымдаудың дұрыс емес екені қанишама рет айтылды, енді ғана қателік болғанын пайымдаған сияқты.

Латын әліпбиіне көшуден бастап мақалада көрсетілген жайлардың бәрі де дұрыс, бірақ біз асығыстыққа, ұранишылдыққа бой алдырмауымыз керек. Бұл ретте басқа елдердің тәжірибесінен үйренуіміз, жаңаны іке асырудың ең ұтымды тұсын пайдалануымыз керек.

Рухани жаңғырудың басында тіл тұрады. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы әлі тар, қазақ тілі кеңсенің тілі болмай, қаланың тілі болмай, дипломатияның тілі болмай, оның көкжиегі кеңеймейді. «Нұр Отан» партиясымен бірге мемлекеттік тілдің өз мәртебесінде жұмыс істеу жолында жұмысты бастадық. Осы игі іске бәріңізді шақырамын. Бұл – бүкілхалықтық жұмыс.

Семинар-кеңес сырттан келген әріптестердің де, тіл жанашырларының да көңілінен шыққандай болды. Қандай істе де мәселе басшының ұстанымында, ой-ниетінде, оны жүзеге асыра алатын қажыр-қайратында. Семинар-кеңес қонақтарын қабылдаған аудан әкімінің ұлттық байлық, руханиятқа байланысты ойлары оның азаматтығы мен елжандылығын көрсетсе, көпшіліктің алдында жүрген зиялылар да биіктік танытты. Елбасы мақаласы оларды серпілтіп тастағаны байқалып тұрды.

Жалғасбек АМАНОВ
№10 (107) 16-31 мамыр

РЕЙДКЕ ҚАЛАЛЫҚТАР АТСАЛЫСУДА

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасымен біріккен «Тіл сақшысы» рейді

-Қызылордада қала көркіне ажар беретін еңселі нысандар саны жиілей түсуде. Халық игілігіне жұмыс жасап отырғандықтан, жеке кәсіп иелері нысан маңдайшаларына, жарнамаларына аса қатты мән бергендері дұрыс деп ойлаймын. Маңдайшаларындағы атауды өзіміздің мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінде емес басқа тілде жазып ілгеніне таңғаламын. Тәуелсіздігіміздің белгісі болып саналатын тілімізді кемсітіп, кәсібінің жемісі болып табылатын ғимаратына мақтанышпен басқаларды шақыратын жарнамасы ұлттығымызға нұқсан келтірсе, кімнің сойылын соққанымыз, сонда? Сондықтан жаңадан кәсіп ашқан азамат пен жарнама агенттігі де намысты болып, әрбір сөзге ден қойып, қадағалағаны дұрыс болар еді. Мұндай атаулар қаламызда көптеп кездеседі. Кей уақыттары «осыларда ұлттық намыс бар ма?» немесе «мынау қате зой» деп өте шығатынымыз рас. Сондайларды көре жүре көзіміз де үйреніп кетеді, бірақ оны түзейік деген ниет жоқтың қасы.

«Осы орайда орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әлжанова Гүлмира апайымның жетекшілігімен «Жарнамадан кететін қателіктердің қоғамға келтіретін залалы» жайлы ғылыми жобаны қолға алдым. Міне, сол жоба аясында бүгін «Тіл сақшысы» рейдіне атсалысудамыз», - дейді дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернатының 7 сынып оқушысы Дилназ Рахманқұлова.

-Рейд мақсатын өзіміз де бірге шығып, көзбен көріп жақсы түсінудеміз. Тіпті жаңа ғана «Пиццерия» қоғамдық тамақтану орнына өзім барып, жарнамаларындағы қателіктері жайында ескерту жасап, орындалуына уәдесін алып шықтым. Қаламызда қазақ, орыс тіліндегі барлық қателерді бірден дұрыстау мүмкін емес екенін білеміз. Бірақ аз да болса өз үлесімізді қосуды азаматтық парыз санаймыз, - деді өз сөзінде Дилназдың ұстазы Гүлмира Әлжанова.

2017 жылдың алғашқы рейдін ақпанның басында бастап кеттік. Жылдағы әдет бойынша қала ішінде орналасқан халыққа қызмет жасайтын қоғамдық орындардың маңдайшасы, жарқағаздарындағы қателіктерді иелеріне ескертіп, екі тілде жазылған заң талаптарын беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Бес жылға жуықтап қалған бұл рейд жұмысында қазіргі уақытқа дейін шамамен 140-тан аса орынға барып, қателіктің орындалуына себепші болдық. Міне, сондай қателіктер қаламызда әлі де бар. Бұл жолы Т.Жүргенов атындағы көшеде орналасқан **«Авто лидер» ТЖО-ның** жарқағазының орыс тілінде жазылғанын, М.Шоқай атындағы көшеде жаңадан ашылған **«Авто аксессуары»** дүкеніне барып рейд мақсатын және талабын түсіндірдік. Нысан иесі жақсы түсіністік танытып, орындайтынын айтты.

Шығыстың алып тұлғаларының бірі Кей-Қабус «Кабуснаме» атты ғылыми-әдеби шығармасының «Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы туралы» бөлімінде: «Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білген жөн. Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың, өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең тіл соны айтады. Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді» деген екен.

Расында, біз ойлау арқылы тіл қатамыз, ойымызды жеткіземіз. Жарнама да адам тәрбиесіне ықпал ететіні сөзсіз, себебі жарнамаға қаншама адамның көзі түседі, оқиды. Сондықтан ұлтымыздың мерейін асыруға тырысып жұмыс жасауымыз керек. Біздің мақсатымыз да осы.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ
№4(101) 16-28 ақпан

ТҮРІ ҚАЗАҚ, ТІЛІ ОРЫС ДҮБӘРА

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасымен біріккен

«Тіл сақшысы» рейді

«Жібек жолы» ойын-сауық орталығында жиендерімді ойнатып жүргенмін. Сәт сайын балаларын, немерелерін жетектеген ата-аналар қатары жиілей бастады. Сәлден соң балалардың ойынын сырттай бақылап, ата-аналар балалардың қандай балабақшаға барып жүргенін, онда не үйренгендерін айтып, әңгімелесіп отырдық. Арасында балақайлардың балабақшада үйренген тақпақ, өлеңдерін айтқызып жарыстыра бастадық. Бір уақытта жанына немересін ерткен жасы 60-тан асыңқырап қалған апай да біздің арамызға қосыла кетті.

– Менің немерем үш жаста. Алғашында қазақ тобына барып еді, алып кете алмады, сонан соң орыс тобына бердім, бірден-ақ орыс тілін меңгеріп кетті. Ертең нан жейтін сол орыс тілі зой. Сендерді түсінбеймін, баланы қалай қазақ балабақшасына беруге болады. Қазақ тілі қиын зой. Қазақ балабақшасы «Аю отыр партаданы» ғана үйрете береді,—деп мысқылдап күліп қойды.

– Сіз неге олай дейсіз,—деп бір ата-ана апайға бұрылды. – Сол «аю отыр партаданы» жаттамай өскен ұрпақ жоқ. Одан жақсы болмаса, жаман болған адамды көрмедім. Нағыз бала тіліне арнап жазылған тақпақ. Ал сіздің немереңіз мықты деп мақтап қоймаған орыс тобынан қандай тақпақ үйреніп жатыр?—деді. Апайымыз қапелімде не айтарын білмей, үнсіз қалды. Расында орыс тілінде не үйреніп жүргенін айта алмай мазасызданып кетті де:

– Біле білсеңіздер қазақ тілі жыл өткен сайын қиындап бара жатыр зой. Сонау ата-бабамыздың заманынан қалған сөздерді айтады, ол тіпті түсініксіз «не ол?», «кім ол?» деп орысшасын сұрап барып түсініп аламыз. Орыс тілі үйренуге оңай. Так что кеш болмай тұрып балаларыңызды орысша тәрбиелеңіздер. Орысша тәрбие алған бала нысық болады, қолындағысын ешкімге бермейді,—деді. Мына сөзіне шыдай алмай кеткен мен қол сөмкемнен алақандай айна алып апайға ұсындым. Ештеңе түсінбеген апайым:

–Бет-ауызым бүлініп қалыпты ма,—деп айнаға үңілді.

– Жақсылап бір қараңызшы, түріңіз қазаққа әбден ұқсайды емес пе?!–дедім. Сасқалақтап қалған апай:

– Иә, таза қазақпын зой!–деді.

– Соны біліп отырсаңыз неге қазақ тіліне мұрын шүйіріп отырсыз. Қай қазақтың баласы пысық емес, қай қазақ қолындағы барына таршылық қылады, ойланып, жасыңызға лайық ақыл айтсаңыз болар еді. Орысша сөйледім екен деп орыс болып кетпейсіз, түріңіз қазақ, тіліңіз орыс дүбәра болып отырсыз. Қатты айтсам кешіріңіз, бірақ өз тіліңізді менсінбегеніңіз ұят болды, бет-ауыздың бүлінгені түк емес, тіліңіздің бүлінгені қиын болды,–дедім.

Тілін менсінбейтін қазақтың кемпіріне ашуым келіп әрі жаным ашып кетті. Ол үндеместен немересін жетектеп кетіп қалды. Өз ортамызда орыс тілінің мәртебесін асқақтатып, қазақ тілін төмендететін дүбәралар жетерлік. Оны рейд жасап жүріп талай көргеніміз бар. Әсіресе жаңадан кәсіп бастаған қазақ азаматтары атауларын басқа тілде іліп, жарнамасын орыс тілінде жазып қояды. Сондай нысандардың қала ішінде 250-ге жуығына ескерту беріп, нәтижесін телеарна арқылы көрсетіп, газет бетіне жазып келеміз. Бұл жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

Кезекті рейдте «Чемпион клуб настольного тенниса», «Газкад», «Medina-avto» секілді қала тұрғындарына қызмет көрсететін нысандарға барып, жарнамаларының қазақша нұсқасын да жазып қоюын талап етіп, 15 күн мерзім беріп кеттік. Кей нысан иесі басқа ұлт өкілі болса да қазақ тілінде айтқан барлық талаптарды түсініп, кемшілікті бірден-ақ орындайтынын айтады.

Жүсіп Баласағұни: «Елділіктің негізгі белгісі – тілінде. Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге тұрткілетпеуіміз керек»,–деген екен. Олай болса әрбір қазақ, тіліне жаны ашитын әрбір адам өз ана тіліне көзінің қарашығындай қараса игі.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

№7(104) 1-15 сәуір

«ТІЛ САҚШЫСЫ» КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙЛАР НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ. БІРАҚ...

Уақыт өткен сайын XX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи оқиғалардың ащы шындығы ашылумен қатар сол кезеңдегі аштық, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы құрбандары болған қазақтың зиялылары мен қарапайым адамдарына деген құрметіміз артып, олардың рухына тағзым ету әдетімізге айналуда.

Қырымбек Көшербаев әкім болып келгелі облыстағы тарихи орындарды қалпына келтіруге, тарихи тұлғаларды ұлықтауға ерекше көңіл бөліп, елді мекендердің тазалығын қатаң бақылауда ұстап келеді. Осы бағыттағы жұмыстарға атсалысу мақсатында «Тіл сақшысы» газеті бұл істе орын алған кейбір кемшіліктерге аймақ, қала басшыларының назарын аударатындай мақалалар жариялап келген болатын.

Соның бірі Қызылорда қаласындағы қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің жылдар бойы қараусыз қалғандығынан маңайының сұрықсызданып кеткендігі еді. Газетіміздің 2016 жылғы 16-31 мамырдағы №10 (83) санындағы «Қызылордаға Елбасы келеді деп...» аталатын мақалада осы мәселемен бірге орталық көшелердің жиі жөнделіп, шет аймақтарға көңіл бөлінбейтіні жайлы жазылған.

Ескерткішке байланысты *«Жыл сайын 31 мамыр қарсаңында саяси қуғын-сүргін құрбандарына деген құрмет оларға арналған ескерткішке баратын жолының тесік-құтығын жөндеумен, оған гүл қоюмен шектеліп, сол шара өтісімен ұмыт қалатынын көріп жүрміз. Ол қаланың ішінде емес, айдалада қалғандай айналасына жыңғыл өсіп, пішен шығып кеткен. Үнемі топырақ суырады да тұрады. Осы ескерткішке де «Тағзым» алаңына жасалғандай көңіл бөлініп, қаладағы мектептерге бекітілсе, әлгі мұғалімдер оны шын ықыласымен көгалдандыруға атсалысып, жазықсыз құрбан болғандардың ұлағатты істерін, ұлттық ұстанымдарын жас ұрпаққа үлгі етіп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра берер еді дейміз. Сонда жазықсыз құрбан болған азаматтардың аруағы да риза болары сөзсіз»,* - делінген еді.

Былыр аталған монументке гүл шоқтарын қою кезінде облыс әкімі алаш үшін аянбай еңбек еткен, парасат пен қайраткерліктің биік үлгісін көрсеткен қуғын-сүргін құрбандары жайлы айта келіп: *«Біз бүгін солақай саясаттың құрбаны болған барлық азаматтарымыздың рухын еске ала тұрып, тарих тағлымына тағзым етуді, одан тиісті сабақ алуды ұрпаққа парыз санаймыз»*, -деп, сөзінің соңында ескерткіш маңайының көңіл құлазытарлық жағдайы жайлы: *«Келер жылдың мамырына дейін бұл жер толықтай күрделі жөндеуден өткізіледі»*, -деп уәде беріп, газет редакторы Сәдуақас АҢСАТтың: *«Тағзым» алаңындай етіп жасалғаны дұрыс*», -дегеніне: *«Сәке, алаңдамаңыз, дәл «Тағзым» алаңындағыдай етеміз. Жобасын жасауға тапсырма берілді»*, -деген еді. Қазір аталмыш ескерткіштің айналасы атына сай жаңғыртылып, көз тоятындай абаттандырылды. Құрбан болғандардың әруағы да, тірілер де риза.

Ал шет аймақ болып саналатын «Саяхат» мөлтек ауданындағы, сондай-ақ қаланың күншығыс бетіндегі көшелер асфальтталып, қазір Қорқыт ата көшесі түгелдей қайта жарақтандырылуда.

Сондай жайдың бірі даңғайыр дихан Ы.Жақаевтың туғанына 125 жыл толу қарсаңында **«Еңбек аллеясы неге қараусыз қалды?»** (№14(87) 16-31 шілде 2016 жыл) атты мақалада: *«Тіпті бірнеше жылдан бері ол кісінің (Ы.Жақаевтың – ред.) мүсінінің жан-жағына гүл тұрмақ түгілі жасыл шөп өсіріп жүрген адамды көрмедік. Еңбек етудің үлгісін көрсеткен ұлы еңбеккерге кеңес кезіндегідей жастарымыздың тағзым етіп, гүл шоқтарын қойып, сол аллеяда түрлі шаралар өткізудің орнына, оның қараусыз қалып, жетім баланың күйін кешкені көңіліңді құлазытады екен»*, -деп жазылған еді. Қазір қараңыз, дихан ата бюсті мен басқа да ескерткіштер маңы абаттандырылып, олар адамдардың жиі барып демалатын орнына айналууда.

Әкімшіліктегілердің газет көтерген құлаққағыстарға лайықты көңіл бөліп, осындай игілікті жұмыстарды қолға алғаны көпшіліктің көңілінен шығатыны белгілі.

Бірақ біздің газеттегі осы сияқты және тіл мәселесіне байланысты жазылған материалдарды ондағы кейбір қызметкерлер «тырнақ астынан кір іздеу», «газет саясиланып барады» деп

бағалап, оның орнына шықпай жатып «Тіл сақшысы» газеті мен оның бас редакторының абыройына нұқсан келтіретін қауесет тарататын «Тіл мерейі» деген газетті шығарғаны белгілі болып отыр. Олар бюджеттік мекемелердегілерге: «Тіл сақшысы» газеті жабылды», «Оған жазылмандар» деп, оларды әлгі жасанды газетке мәжбүрлеп жаздыртып жатқан көрінеді.

Осыдан соң, амал жоқ, облыс әкімінен «Тіл сақшысы» газеті туралы әлгіндей әрекетке жол беріп, есесі кеткен ана тіліміздің еңсесін бірлесіп көтерудің орнына, осы мәселеде елді екіге бөліп жүргендерге тыйым салуын сұрауға мәжбүрміз.

«Тіл сақшысы» газетінің редакциясы
№10 (107) 16-31 мамыр

«АУДАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫ НЕ ҮШІН БЕРІЛЕДІ?

«Құрметті» сөзі мәдениеттілік пен сыпайылықты білдіріп, адамдардың бір-біріне сыйластығы есебінде айтылатын жалпылама сипаттағы түсінік. Адамдар бір-біріне, ортақ құндылықтарға құрметпен қарауы тиіс. Ол сөз жүзінде солай айтылғанымен, нақты жағдайда салыстырмалы түрде болады. Біреуді барлық адамға бірдей құрметті не құрметті емес деуге болмайды. Бұл – күрделі, кесіп-пішіп айтуға келе бермейтін ұғым.

Құрметтілік әрбір адамның қабілетіне, іс-әрекетіне, екіжақты қарым-қатынасына, түсінігіне, талғамына, көзқарасына, қоршаған ортасына байланысты. Оның уақыт пен кеңістіктегі мәні мен мазмұны, өлшемі мен көлемі де әр түрлі. Бір адам екіншісіне немесе бірнеше адам мен бір топқа құрметті болуы мүмкін. Кезінде құрметті болып, уақыт өте келе басқаша болуы немесе біреулерге құрметті болғанымен, басқаларға олай болмауы мүмкін. Қалай дегенде де бір адамның ауданның барлық халқына өмір бойы құрметті болуы мүмкін емес немесе өте сирек кездеседі. Әдетте әулиелер, ұлылар, ерекше талантты, қасиетті адамдар ғана өмір бойы құрметті болуы мүмкін.

Құрметті болу үшін өзінің дарындылығымен, ерекше қасиеттерімен халыққа нақты жақсылықтар, қайырымдылықтар, пайдалы іс-әрекеттер жасауы тиіс. Ондайды жұмыстан тыс кезеңде болмаса, мемлекеттік қызмет арқылы жасай алмайды. Әрине Т.Рысқұлов, Ж.Тәшенов, Е.Әуелбеков сияқты тұлғалар болады. Бірақ оларды халық өзі-ақ құрметтейді. Нақты өмірде адамдар қызметтік міндетті өз жанынан жақсылық жасаумен шатастырады. Осы орайда өткен бір оқиға еске түседі. Москвада оқып жүрген кезімде ауыл шаруашылығын электрлендіру деген сабақтан емтихан тапсыратын едік. Сол сабақтан бірге оқитын якут жігіті жақсы деген баға алыпты. Сол үшін рахмет айтып, шығып бара жатқанда емтихан алушы оны қайта шақырып алып: «Есінде болсын, сенің біліміңді дұрыс бағалау менің міндетім, мен соны ғана орындап отырмын, ол үшін рахмет айтпайды» депті. Демек қызмет бабындағы ең үлкен жақсылық –

мәселені әділ шешу болса, оның өзі қызметтік міндетті орындау болып табылады.

Аудан халқына өмір бойы құрметті болу үшін оларға мемлекеттік қызмет арқылы емес, өз жанынан соған тұрарлық нақты жақсылықтар жасауы тиіс. Оны табиғи талант, ерекше қабілет пен күш-қуат, адамгершілік қасиеттерімен ұштасқан адамдар ғана жасай алады, ол қарапайым адамның қолынан келмейді. Бойына сондай қасиеттер жинақталған адамдар ғана жаңалық ашып, жаңаны ойлап табу, адамды емдеу, қауіпті нәрселерден, жұқпалы ауру, өрт, су тасқыны, ұрлық, зорлық-зомбылықтан құтқару, тағы басқалар жасау арқылы көптің құрметіне ешкім атамай-ақ ие болады. Әдетте адамдар осыған ұқсас нәрселерді өз жақындары мен санаулы адамдарға жасауы мүмкін. Ол үшін ол солардың «құрметтісі» болуы тиіс.

2015 жылдың желтоқсан айында Қазалы аудандық мәслихаты бірден 15 адамға «Ауданның құрметті азаматы» атағын беріпті. Одан бұрын ондай атақ бірнеше ондықтарды құрайтын адамға берілген. Атақ берілгендердің барлығы дерлік 65-70 жастан асқан, Кеңес Одағы кезінде басшылық қызметте болғандар. Олардың басқалардан не артылықшылықтары бар?! Олар көпшілікпен бірдей қызметтік міндеттерін ғана атқарды. Жалпы сол атақтың өзі дұрыс па?! Оның қандай қажеттілігі бар?!

Атақ алушылар жоғарыда айтқан талаптарға сәйкес келмейді. Сондықтан ондай атақ та, оның берілуі де қажеттілік емес. Себебі, біріншіден, атақ қоғамдағы мемлекеттік қызметтік міндеттерді атқарғаны үшін берілген. Ол үшін ол кезінде бағасын алды. Оны екінші рет қайтара бағалау асыра сілтеу болып табылады. Екіншіден, әркім қоғамда өз қызметтік міндеттерін орындайды. Әрі оның игілігі мен пайдасын өздері көреді. Тіпті оны жақсы атқарғанның өзін ешкімге міндет етпеуі керек. Үшіншіден, мемлекеттік меншіктегі өндірілген өнімдердің ауданның әрбір тұрғынына не қатысы бар? Ол мемлекетке тапсырылады. Диқан мен малшы өндірген астық пен ет, сүтті халық сатып алады. Сонда өнімге жанама түрде қатысатын кеңшар, аудан басшыларының еңбегі түгілі, нақты еңбектің иегері болып табылатын диқан мен малшының еңбегі аудан халқына емес, мемлекетке бағытталған. Ал білім беру, денсаулық сақтау, тағы басқа қызметтер мемлекет есебінен атқарылатын міндеттер. Демек барлық адам мемлекетке қызмет жасап, содан еңбекақылары мен марапаттарын алады. Сол үшін неге олар аудан халқына өмір бойы

құрметті болуы керек?! Ал аудан көлемінен тыс жердегі ғылыммен, өнермен айналысатындардың еңбектері де аудан халқына тікелей қатысы жоқ. Олар жүрген жерлерінің құрметтісі болуы мүмкін. Бүкіл Москва қаласында қаланың құрметтісі болған он шақты адам бар көрінеді.

Төртіншіден, ондаған жылғы ортақ мемлекеттік қызмет еткендердің басқалардың еңбегінен табыстырақ болғандығын да өлшеу мүмкін емес. Өнімге тікелей қатысы жоқ кәсіпорын, аудан басшысының абстракты еңбегі түгіл, нақты еңбек адамының, мысалы астық өндірген диқанның жалғыз еңбегі емес. Оған жердің құнарлы болуы, механизаторлардың еңбегі, тыңайтқыш, ауа-райы, тағы басқалар әсер етеді. Егер атақ ауданның, кәсіпорынның бірнеше жыл бойы табысты болғаны үшін берілді дегенде, оған жоғары деңгейдегі басшылардың еңбегі басты себеп бола алмайды.

Өйткені ауданға, кәсіпорынға мемлекет барынша жағдай жасап, барлық мәселелерін шешіп, міндет-мақсаттарын айқындап береді. Жұмыс нәтижесіне көп ықпал ететін жоғары деңгейдегі басшылық емес, нақты еңбек адамдары, жаңа техника, технология, ғылым жаңалықтарын енгізу, қаржыландыру, еңбек ұйымдастыруды жетілдіру, реформалар, өзгерістер жасау болып табылады. Солардың бәрін мемлекет өзі реттеп отырады. Сондықтан ауданды, кәсіпорынды басқаруды басқалар да атқара алады.

Мемлекет меншігіндегі қалыптасқан жұмыс процестері тиісті тетіктер, заңдар, ережелер мен басқарудың төменгі буындары арқылық өз ырғағымен бірқалыпты жүріп отырады. Сондықтан басқарудың жоғары сатысының мазмұны өзгеріп, неғұрлым техникалық прогресс шапшаң дамыған сайын оны кім атқаратындығы маңызды болмайды. Есесіне білікті мамандардың, шеберлердің, іскер еңбек адамдардың рөлі артады. Жұмыс қорытындысына әсер ететін факторлар көп болғандықтан, белгілі бір басшының еңбегін өлшеу мүмкін емес. Әрі ол көп те бола алмайды. Бұл қарапайым еңбек адамдарын ынталандыру орнына әкімшілдік-әміршілдік жүйені көксеу сияқты.

Бесіншіден, атақ алушыға бұл атақ аудан халқына өз жанынан жасаған жақсылығы үшін емес, оның қызметтік міндеттерін орындағаны үшін берілетіндіктен, тиісті марапаттарды мемлекеттен алуы керек. Ал жергілікті жерде әкімнің «Алғыс хатынан» бастап жеңімпаз, озат, іскер немесе ауданға еңбегі сінген ұстаз, дәрігер,

басшы, әкім деген атақтар беріп, іс-тәжірибелерін таратып, кездесулер өткізуге, кітаптар жазып, плакаттар шығаруға болады.

Ең жоғары награданың өзі аса үздік жетістіктері үшін берілетін ерекше белгі болып табылады. Демек олар сондай нақты, жеке жетістіктерге жеткен болса, әр түрлі деңгейдегі марапаттарға ұсынылуы тиіс. Көппен бірдей ортақ қызметтік міндеттерін атқарғаны үшін неге олар аудан халқына өмір бойы құрметті болуы тиіс?!

Ал қазіргі нарықтық заманда кәсіпкерлер қызметті өздері үшін жасап, пайдасын өздері көреді. Оның жеке жұмыстарын жасаушылар атқарған жұмысы үшін еңбекақы алады. Олар тұрған жеріне қаражат бөліп, бір нәрселер жасаған болса, ол бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі үшін солай болуы тиіс. Сол үшін ол аудан халқының өмір бойы құрметтісі бола алмайды.

Сондықтан көпшілік бұл атақтың берілуі нақты өмірге сәйкес келмейтінін айтып, оны аудан халқының бағасы емес, қоғамдық пікірмен санасуы керек деп жүр. Сол себепті халықтың өз құрметтілерін ерікті түрде таңдап алуына мүмкіндік жасалуы тиіс дейміз.

Осы атақ облыстық мәслихаттың 2012 жылғы желтоқсан айындағы шешімімен белгіленген. Ал соған дейін марқұм болған кісілерге ол атақ қалай берілген? Естіген құлақта жазық жоқ, олардың ішінде Қазалы қаласындағы аурухананы бірнеше мың теңгеге сатып алып, мемлекетке ондаған миллионға сатқан адам да бар көрінеді. Екіншіден, ол жөніндегі қағидаларда үміткерге қойылатын нақты талаптар, көрсеткіштер, критерийлер жоқ. Сондықтан аудан әкіміне ұсынғандар іріктелмей, үйдің кезегінде тұрғандай кезекпен міндетті түрде сол атақты алу дағдыға айналған. Жылда мұндай ұсыныстар көбейе бергендіктен, олардан жыл сайын он бес, жиырма, құтылмаса, ол міндетті орындау мүмкін емес.

Ол атақ осылай аудан әкімі мен бұрын басшылық қызметте болғандар арасындағы бәсекеге айналып, субъективті сипат алып отыр. Өйткені оған тек аудан әкімі ұсынады, көбінесе ардагерлер кеңесі оны қолдайды. Әкім құрған комиссия да, мәслихат та оны өзгеріссіз қабылдауы тиіс.

Мәслихат бұл мәселеде өз ұстанымын білдірудің орнына, ол орындаушыға айналып, атқарушы билік тармағына қосылып кеткендей. Шынына келгенде ол атақты белгілеп, оның шарттарын, талаптарын, тәртібін жасап бекітетін мәслихаттың өзі емес пе?!

Мысалы, 1980-1995 жылдар аралығында аудан басшысы болған қатарынан алты адамға сондай атақ берілген. Атақ кейін де әкім болғандарға берілуге тиіс болу үшін солай жасалып отыр. Оның астарында одан да басқа мәніс бар. Демек сондай атақ алу үшін әуелі аудан әкімі, я басқа басшылық қызметте немесе қызметтегі әкіммен тығыз қарым-қатынаста болу керек. Сөйтіп ол атақ «бәке-сәке» мен лауазымға беріліп, ықпалды адамдар арасындағы сыйластықты білдіретін, атына заты сай емес, жасанды атаққа айналып бара жатыр.

Енді осы азаматтардың суреттері Орталық алаңға қойылғаны тағы да лайықсыз. Орталық алаң – саяси маңызы бар орын. Онда тек мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік айбындылығын білдіретін бейнелер тұруы тиіс. Осы пікірімнің дұрыстығына дәлел ретінде бұрын Қызылорда қаласының Орталық алаңы жанындағы Еңбек аллеясында қаланың Құрметті азаматтарының суреттері тұрғанын, соларды облысқа әкім болып Қ.Көшербаев келгеннен соң алдырып тастағанын айтқым келеді. Жалпы адамдардың суреттері мен мүсіндерін, ескерткіш тақталарын қоюдың да тиісті тәртібі мен орны болуы керек. Оларды «Жеңіс» паркіне топырлатып қою осы парктің атына сай келмейді. Бірақ жылдан-жылға онда бейбіт өмірдегілердің мүсіндері мен суреттерін шоғырландыру қазірдің өзінде келбетін өзгертіп, ол сурет көрмесіне айналып барады. Олардың өздері еңбек еткен мекемелерінде тұрғаны дұрыс сияқты.

Қоғамдық кеңестерге мүшелер тарту мәселесі де жұрт көңілінен шығып жатқан жоқ. Егер оларға аудан халқының тыныс-тіршілігіне етене араласып жүрген, соған байланысты өз ұстанымы қалыптасқан, сонысымен көпшілікке танымалдылығы болуы керек деген талап қойылса, қазіргі кеңес мүшелерінің көбісі оған сәйкес келмей қалар еді.

Ә.ЖАНАЕВ,
тыл ардагері, Қазалы ауданы
№2(99) 16-31 қаңтар

АТАҚ АРЗАНДАП КЕТТІ МЕ?

Атақ пен даңқтан, мансап пен шеннен бас тартатын адам бар ма екен? Ай, жоқ-ау! Бар болса да, тым аз. Әрине, атақты айтпағанда, еңбек сіңіріп алған алғыстың бағасының өзі алтыннан қымбат қой. Бірақ, қазіргі кезде адамдардың арзан атақ пен дабыралы даңққа деген құштарлығы еселеп артқандай. Тарихқа тым тереңдемей-ақ, кешегі көзіміз көрген Кеңес кезеңмен салыстырып көрейікші. Жоспарлы экономиканың қағидасы бойынша жоғары лауазымды тұлғалардан бастап, экономиканың барлық саласындағы жұмыскерлер қыл аяғы малшылар мен диқандарға дейін жоғары дәрежелі мемлекеттік марапатқа бірнеше мәрте ие болды. Өйткені істің нәтижесі солардың бір-біріне байланысты болатын. Сондықтан ол кездегі марапаттар лауазымды тұлғалардың ұйымдастыру қабілеті мен тынымсыз еңбегі, сала жұмыскерлері мен жапан далада мал соңында, күні-түні егіс басында ыстыққа күйіп, суыққа тоңып, мал басын аман сақтап және оны көбейтіп, пәлен бас саулықтан түген бас төл алып немесе пәлен гектар жерден түген центнер өнім алып, жоспарды артығымен орындаған еңбек адамдарының жанкешті бейнетіне берілген лайықты баға болатын. Иә, қашанда ел үшін еткен еңбектің еленгені жақсы.

Алайда, бүгінгі нарықтың заманындағы атқарылған істер бұрынғыдай марапатпен емес тапқан табысымен, пайдасымен есептелуге тиіс емес пе? Олай болудың орнына, қайта кейбір жандардың атаққа деген араны ашыла түскен тәрізді.

Жоғарыға бармай-ақ, санамалай бастасақ, «құрметтілер» мен «атақтылар» өзіміздің ауданда да жетіп артылады екен. Көпке топырақ шашудан аулақпын, әрине, олардың көбі осы аталған атаққа лайықты жандар сияқты. Бірақ атын атап, түсін түстемей-ақ қоялық, «Жалағаш ауданының құрметті азаматтарының» ішінде осы ауданға еңбегі сіңбек түгілі, бұл топырақта туылмағандар да бар. Менің білуімше, бұл атақтың берілу тәртібі мен ережесінде бір ауданның жай азаматы емес, «Құрметті азаматы» деген атаққа лайықты болуы үшін сол тұлғаның ұзақ жыл ауданның дамуы мен

өркендеуі жолында тынымсыз еткен еңбегінен бөлек, өзгелер сүйсінердей отбасылық өнегесі, айналасы және артынан ерген жас ұрпақ үлгі алатындай адамдық болмысы, тіпті аудан халқы құрмет тұтардай шынайы азаматтық бейнесі болуы керек емес пе?! Ал бұл жағдай көп ретте арнайы комиссияның тарапынан ескеріле бермейтін секілді. Әлде арзандап кеткен атақ үшін ешкім бас қатырғысы келмейді ме, жоқ, әлде керісінше, құны қымбаттап, саудаға салынып жатыр ма? Әйтпесе, «құрметті» деген сөз осыншалықты дәрежеде төмендемесе керек еді ғой. Айтпақшы, бізге іргелес жатқан халқының саны бізден жоғары Сырдария ауданында 27 ғана «Құрметті азамат» болса, біздің ауданда 107 адам сол атаққа ие болыпты. Аз ба, көп пе? Бір жағынан бізде құрметтілер көп деп қуануға да болады. Алайда, мәселе атақ алғандардың санында емес, сол атаққа лайықтылығында болып тұр ғой...

Тағы бір айта кететін жайт, осы «Құрметті азамат» атағының аудан басшысы болып істегендердің (стажына, артықшылығына карамастан) бәріне берілуі. Аудан басшысы – аты айтып тұрғандай сол жергілікті халықты басқаратын лауазымды тұлға. Оған мемлекет тарапынан барлық тұрмыстық-материалдық жағдайлар жасалады. Бір сөзбен айтқанда ол лауазымдық қызметінің шеңберінде өз міндетін ғана атқарады. Ендеше, ол кісілердің мемлекеттен атақ-мансап дәметуге қандай қақысы бар? Жақсының жақсылығын айтуға тиіспіз, өзінің басшылық міндетінен бөлек, ауданның көркеюіне зор еңбек сіңіріп, осы топырақтың түлегі ретінде азаматтық парызын, перзенттік борышын орындаған бір ғана басшы болды. Ол азаматты аудан халқына таныстырудың қажеті бола қоймас...

Осы сияқты ауданымыз орынды-орынсыз орден-медаль таратуда да алдына қара салмай келеді. Мерекелерде, әр саланың атаулы күндері еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін кеудесі сыңғырлап бір жырғап қалады. Алайда, төсбелгі үлестіргіш «жомарт жандар» осы орайда тағы да марапатқа лайықты деп танылғандардың тізімін екшемейтін тәрізді. Әйтпесе, басқасын айтпағанда, кеше ғана ел болып атап өткен тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейлі мерекесінде Қазақстанның тәуелсіздігі мен

калыптасуы жолында тер төкпек тұрмақ, еліміз егемендік алғанда өмірге де келмеген балаға дейін омырауына таққан төсбелгілердің бірі сол желтоқсан оқиғасында ұлт үшін жанын шүберекке түйіп алаңға шығып, зорлықшыл жүйенің жендеттерінен қорлық көріп, мүгедек болып қалған ауданымыздағы жалғыз «желтоқсаншысы» Гүлнәр қарындасымызға неге бұйырмай қалды?..

Бұл менің ғана емес, аудан халқының көбінің көкейінде жүрген сауал. Ауданға еңбегі сіңген азаматтарымыз ардақталмай жатса, жастар кімге еліктеп өседі, олардан қандай патриоттық ерліктер күтеміз. Әрине, ол кісілердің құны атақпен, орден-медальмен өлшенбейді. Елге істеген еңбектеріне де ақы дәметпейді. Әйтсе де, еткен еңбек еш кетпей, әлгіндей мерекелік шаралар мен айтулы күндері атаққа лайық азаматтарымыз назардан тыс қалмаса екен деген тілек және бұл мәселе тиісті комиссия мүшелері тарапынан ескерілер деп сенемін.

Ә.ӘБЖӘЛЕЛОВ,
Жалағаш кенті
№5(102) 1-15 наурыз

УАҚЫТ БЕЛДЕУІНІҢ ЗАРДАБЫН ҚАШАНҒЫ ШЕГЕ БЕРЕМІЗ?

Қазақстан Республикасы үкіметінің №231 қаулысымен Қазақстан республикасы аумағында «жазғы» және «қысқы» уақытқа көшу рәсімі жойылып, Қызылорда мен Қостанай облыстарынан басқа облыстар бұрынғы уақытына қайтарылды. Қызылорда облысы неге екені белгісіз бұрынғы уақытымызда емес өзгерген «жазғы» уақытта қалдырылып, тұрғындардың құқы шектеліп отыр. Қызылорда облысы дүниежүзі пайдаланып отырған «Гринвич» халықаралық сағаттық белдеулер жүйесі бойынша меридианмен 15 градустық белдеу бойынша Ақтөбе мен Қостанаймен теңбіз (жазғы уақытта UTC+5, қыста UTC+6). Ал ол Астана мен Алматыдан (UTC+6, UTC+7) 1 сағат айырмада. Яғни Алматы мен Астанада 7.00 болып жатқанда біздің сағатымыз 6.00 болуы керек. Бұрын солай болып келген, және ол халыққа қолайлы, әрі тиімді еді.

А.Исекешов ҚР Индустрия және сауда Министрлігінің вице-министрі болып тұрғанда облыс тұрғындары атынан жазылған арызға 2005 жылғы 2 қыркүйектегі 11/4-Ә-73 жауап хатында «Қызылорда облысының әкімдігі 2005 жылы 1 ақпандағы №05/1-16-306 хатпен «Қызылорда облысының сағаттық белдеулердің халықаралық жүйесіне сәйкес қалдырылсын және «жазғы», «қысқы» уақытқа көшірілмесін. Осы ұсыныс ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы №231 қаулысында көрсетілген», -деп жауап берген. Яғни облыстық әкімдік бұрынғы өз уақытымызды қалдыруды сұраған .

ҚР Үкіметінің №231 қаулысына сол кездегі түсіндірмеде «жазғы», «қысқы» уақытқа сағатты ауыстыру адам ағзасына кері әсер етеді» деп «Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ұлттық орталықтың 5500 (1796 жанұя) адамнан сауалнама қорытындылары бойынша тұрғындарды ұйқышылдыққа-50%, тез шаршауға-25%, ашушаңдыққа-42%, бас ауыру-29%, шала ұйқы-28%, қан қысымы көтерілуіне 27% душар болады» деп дәлелдеп одан бас тартты .

Және де сол кезде ҚР Үкіметінің №231 қаулысына түсіндірмеде РФА ғалымдары биология ғылымдары докторы В.Ковальзонның зерттеу еңбектеріне жүгінген. Ғалымдар «Адамдарды өз географиялық уақытымен таңның атуынан бұрын мәжбүрлеп тұрғызу созылмалы (хронический) аурулардың өршуіне, жаңа аурулардың

пайда болуына, обыр (Рак), қантамырлары жүйесі аурулары, суицид, тіпті жол көлік оқиғаларының көбейуіне де себеп болады және де ағзаға әсері әсіресе «күзгі-қысқы» уақыттарда, ең бірінші балалар мен егде кісілер денсаулығына кері әсері қатты болады» деген тұжырымға келген.

Облыс тұрғындары хатына ҚР Үкіметінің Әділет вице-министрі Құсдәулетовтың 2007 жылғы 1 маусымдағы 3-2-3/А-1166 жауабында нақ осы дәлелдер келтіріліп отыр.

«Дания ғалымдары ұйқы бұзылған жағдайда әйелдердің төс обыры (Рак молочной железы) 1,5 есеге артатынын дәлелдеген. Мелатонин рак клеткаларын жайылуын тоқтататыны бұрыннан белгілі, ал ол таң атысынан бұрын тұрған жағдайда адам ағзасынан дұрыс бөлінбейтіні айтылған. Және де ұйқыдан тұрған адамның қан қысымын жоғарылататын норедоналин мен картизол да ұйқыдан таң атысынан бұрын тұрған жағдайда қан құрамына енбейді, ал оның болмауы инфаркттің бас себепкері»-деп дәлелдеген. «Адам баласының қалыптасқан биоритмі бұзылған десинхроз жағдайында адам ағзасынан мелатонинның қан құрамына берілуі бұзылады» дейді С.Рапопорт.

«МЕЛАТОНИН. Адам ағзасынан бөлінетін «ұйқы гормоны». «Ол Күн мен түннің ауысқанына бейімделуге көмек береді, аңдарды қысқы ұйқыға кетуге, бізді қараңғы түсе ұйқымызды келтіреді. Гормон кеш түсе бөлініп сағат 0-ден 4.00-ге дейін ең көп мөлшерде бөлінеді де, таң ата азаяды. Біз ұйқыға кеткенде мелатонин ағзаны қалпына келтіру, жөндеу, бекіту жұмысына кіріседі. Ол табиғи ең күшті иммунномодуляторлардың бірі. Ол бос радикалды, ДНК-ны, тканьдар мен клеткаларды бұза, рак пен жүрек ауруларына апаратын тұрақты емес молекулаларды жұтатын ең күшті сіңіргіш». «Өз сағаттық белдеуінен ауытқып өмір сүру 30-55-ші Параллель аумағында қатты сезіледі деген. Өйткені осы аймақта жазғы және қысқы уақыттағы күннің ұзақтығының айырмасы бірнеше сағат. Экваторға жақындаған сайын күн ұзақтығы қысы-жазы бірдей, ал Солтүстікте жарты жыл Полярлық түн, жарты жыл Полярлық күн болады». Ал біздің облыс осы 30-55 Параллельдер аумағының қақ ортасында 44-48 Параллельде орналасқан. Облысымызда жазда 17 маусымда күннің ең ұзақтығы 15 сағат 36 минут. Ал қыста 18 желтоқсанда күннің ұзақтығы 8 сағат 47 минут. Яғни айырмасы 7 сағат 29 минут! Жылдың кей күндері Жаңақорған мен Аралға дейін арақашық 800 шақырым болатын

облыстың екі шетінде күннің атуының айырмасы 44 минутты құрайды! Бұл – ғалымдар сөзі.

Қазір бізде «осы уақытқа үйренісіп қалдық» деген жаңсақ пікір айтылуда. Біздің облыстағы осы мәселені 12 жылдан бері, Парламент Мәжіліс, Сенат депутаттары С.Әйімбетов, Б.Досманбетов, Қ.Ідірісов, М.Бахтиярұлы, Б.Еламанов, Б.Смағұл, А.Тұртаевтармен, қостанайлық депутат Кликоленкомен де бұл мәселе бірнеше мәрте көтерілген. Және жылдан-жылға аурудың көбейуі де, декреттік сағаттың әсері де қатты байқалуда.

Қазір Қызылорда облысында ата-аналар балаларын таңертең ас ішпек түгіл, мектепке үлгерту үшін мектеп формасын киіндіріп үлгере алмайтынын айтып отыр. Таңертенгі ас пен денешынықтыру, салауатты өмір салтын сақтау, тазалық дегенді бұл жерде сөз қылудың да қажеті жоқ. Осыған дейінгі халыққа жүргізілген сауалнамалар объективті ақпаратты бермеуінің себебі әр жастағы адамдарға толыққанды ұйқы әр түрлі болуында. Жас балалар 9-11 сағат, орта жастар 7-8 сағат, егде кісілерге 9-11 сағат ұйықтайды. Алайда ертең бүгінгі жастардың балалы болып, орта жастағылардың егде тартулары заңдылық және де 12 жылда нақ жоғарыдағы ғалымдар айтып отырған аурулардың өршуі байқалуда. Оның зардаптары Байқоңыр мен Арал апаты зиянынан әлдеқайда зор екенін әлі түсінбей отырған сыңайлымыз. Бұл зардаптан құтқару бұрынғыдай Мәскеуге сілтемейтін, республика мен облыс басшыларының өз қолында тұрғанда оны 12 жыл бойы созып отырғаны қарапайым халыққа түсініксіз.

Б НҮРХОЖАЕВ,
Қызылорда облысы Қоғамдық кеңес мүшесі
№3 (100) 1-15 ақпан

ДЕПУТАТ УАҚЫТ БЕЛДЕУІН БІР САҒАТҚА KEЙІНГЕ ШЕГЕРУДІ CҰРАДЫ

Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевқа Қызылорда облысының уақытын табиғи белдеуге қайтаруды ұсынды: *«Біз депутаттық сауалымызды Премьер-министрге жолдаймыз. Жуырда біз оңтүстік өңірлерде болдық. Онда Арал, Қазалы аудандарының мәслихат депутаттары географиялық уақыттың қолайсыздығын айтып, шағымданды. Естеріңізде болса, 2005 жылдың 15 наурызында Үкімет қаулысына сәйкес Қазақстанда жазғы және қысқы уақытқа көшу тоқтатылған еді. Оған дейін көршілес Ақтөбе облысымен бір сағаттық белдеуде жатқан Қызылорда, Қостанай облыстарында уақытты 1 сағат ілгері жылжыту туралы шешім қабылданған болатын», - деді ол.*

Өз сөзінде депутат биологиялық уақыттың бұзылуы қызылордалықтарға ауыр тиіп жатқанын алға тартып:

«Географиялық белдеуге сәйкес қалыптасып қалған табиғи және үйренішті биологиялық уақытты бұзу өңір халқының тұрмыс-тіршілігіне, көңіл-күйіне, денсаулығына кері әсерін тигізіп жатыр. Осылайша, жылдар бойы қалыптасқан тіршілік заңы бұзылуда. Таңертең 250 мың бүлдіршін мен оқушылардың тым ерте оянып, тас қараңғыда мектепке баруы балалардың денсаулығына, одан қала берді сабақ үлгеріміне әсер ететіндігін мұғалімдер мен дәрігерлер де үнемі айтып жүр», - деді.

Халық қалаулысы егер бұл мәселе шешімін таппаса, жергілікті тұрғындар түбінде ауыр дертке шалдығуы мүмкін екенін ғылыми деректермен дәлелдеуге тырысты. *«Адам эволюциясы, сомнология, физиология және хрономедицина саласын 10 жыл бойы зерттеген Панин, Дорохов, Рапопорт сияқты Ресейдің ірі ғалымдары адамды үнемі географиялық уақыттан бұрын мәжбүрлі түрде ұйқысынан тұрғызу созылмалы аурулардың өршуіне, обыр, қан тамырлары жүйесі аурулары, суицид, тіпті жол-көлік*

оқигасының көбеюіне, жаңа аурулардың пайда болуына себеп болатынын дәлелдеді. Сондай-ақ, оның әсері күзгі және қысқы уақыттарда қатты сезілетіні жөнінде ғылыми тұжырымдама бар», - деп атап өтті ол.

Осыдан кейін депутат қазақстандық ғылыми орталықтар жасаған ғылыми зерттеулерге жүгінді. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орталығы жүргізген сауалнаманың қорытындысына сүйенсек, адамдарда ұйқышылдық, бас ауыруы секілді ауру белгілері жылдан жылға жиі байқалуда. Соңғы 10 жылдың ішінде мектеп жасындағы балалардың арасында аурушаңдық көбейіп кеткен», - деді ол.

Сөз соңында Мұрат Бақтиярұлы Үкімет басшысынан осы мәселені тезірек шешуді өтінді. «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы, уақыт стандартының әртүрлі болуы 2,7 млн. шаршы шақырым, орасан зор жерді алып жатқан еліміз үшін табиғи заңдылық. 11 түрлі уақыт белдеуі бар Ресейдің барлық өңірі Мәскеу уақытымен жүріп жатқан жоқ. Сондықтан Қызылорда облысының аумағы шамамен 53-68 градус меридианда орналасқандықтан, бір сағаттық айырмашылық анық байқалады. Бұл – табиғи уақыт. Сондықтан осындай географиялық табиғи уақытты бұрынғы қалпына келтіру ешқандай қаржылық шығынды қажет етпейді. Өңір халқының талап-тілегін ескеріп, оң шешім қабылдайсыз деген үміттеміз», - деп түйіндеді сөзін депутат.

Дәурен ЕРБОЛАТ
№5(102) 1-15 наурыз

100 ТЕҢГЕ ҚАЛТАҒА АУЫР ТИЕДІ

Қалаішілік автобустың билеті қымбаттайды деген қауесет шыққалы да біраз уақыт болды. Қауесет шықса, ол орындалады деген сөз. Аумағы жағынан басқа үлкен қалалармен салыстыруға келмейтін Сыр өңірінде бағаны қымбаттату не үшін қажет болды? Иә, қарапайым халық кәдімгідей уайымдап қалды. Онсыз да базардағы, дүкендегі заттардың, әр түрлі қызметтердің бағасы үдемелі түрде өсіп, ел қалтасымен қоса жүйкесін де жұқартып жүргенде бұл жығылған үстіне жұдырық болғалы тұр.

Жақында әлгі қауесет шындыққа жақындап, «Қызылорда автобус паркі» басшылығы қалалық әкімдікке қоғамдық көліктерде жүру құнын ересектерге 100, оқушыларға 50 теңгеге көтеру жөнінде ұсыныс жасағанын есіттік. Былтыр серіктестік билет ақысын 50 теңгеден 70 теңгеге көтергенде, тарифті 3 жыл ұстап тұруға уәде берген болатын. Алайда АИ-92 маркалы бензин өткен жылмен салыстырғанда 14 пайызға, газдың бір текшеметрі 30 теңгеден бірден 58 теңгеге көтерілгенімен түсіндірген парк директоры Әнуар НАҚЫП тосолдың литрі 2000-нан 2200, автодоңғалақтың 1 данасы 60 000-нан 84 000, аккумулятор 40 000-нан 54 000 теңгеге қымбаттағанын алға тартып, қазіргі уақытта автобус паркінің қиын жағдайда қалғанын тілге тиек етіп, өз ұсынысын қолдауды сұрап отыр. Әуірімдеп күн көріп жүрген қалалықтар бұл жаңалыққа наразылықтарын білдіруде.

-Мен зейнет жасындамын. Балам уақытша жұмыссыз отыр. Келінімнің табатын табысы шайпұлдан ауыспайды. Екі үлкен немерем студент, кішісі оқушы. Шындығына келгенде менің зейнетақыммен айдан айға әрең жетіп отырмыз. Былтыр 50 теңгеден 70 теңгеге көтергенде де қалтамызға ауыр тигені рас. Енді 100 теңге болса баратын жерімізге 2 сағат бұрын ерте шығып жаяу жүретін шығармыз. Онсыз да азық-түлік қымбат. Қолында билігі барлар не ойлайтынын білмеймін, қарапайым халықтың жағдайын кім олайды? Өмір сүру қиындап барады. Өз отанында қазба байлықтардың үстінде тұрып, бишараның күйін кешіп отырған біз, қазақ қана шығармыз. Зейнетақыға судың тамшысындай тамызған тиындарын, теңселеп қайтарып алып жатыр. Ішіп-жесітін тамағымыздың қымбаттығына алаңсыз көніп, үнсіз алып жүрміз,

бірақ жол ақысы қымбаттаса қиналып қалатынымыз сөзсіз, -дейді қала тұрғыны, өз аты-жөнін атамауды өтініп.

Ботагөз Ахметова есімді қала тұрғыны да өз қарсылығын білдірді. –Жалғызбасты анамын. Қазіргі уақытта үлкенім мектеп оқушысы, кішкентайым үш айлық. Жолдасым қайтыс болған. Қазір үйде бала күтімімен отырмын. Қарайласатын туыстарымның да өз отбасы бар. Бір ғана балаға берілетін жәрдемақымен күн көріп отырмын. Басымда баспанам бар, соған шүкір деймін. Барынша үнемдеуге тырысамын. Алайда жолақысы қымбаттаса қиын болғалы тұр. Емхана мен дүкенге барып келу, балама мектепке бару-келу жолшұлын есептеп көріңіз. Мейлі жолақысы өсті делік, сол қоғамдық көліктің қызмет ету сапасы бір жолға қойыла ма екен? Мен баламды мектепке жіберуге қорқамын. Мектептен келгенше жанымды шүберекке түйіп отырамын. Қыстың күні қиын. Бірде балам мектептен кеш келді. Сөйтсем көлік тоқтамай балам үсіп қалыпты. Бірде балам жылап келді, ол жолы автобус кондукторының адамдарды тығыздап тиіп алатынынан, қысылып қалған. Жыл сайын жолақысын қымбаттата бергенше, ең алдымен көлік мәдениетін жолға қойса деймін.

-Менің үйімнен 3 адам жұмысқа шығады, екі ауысыммен де қатынаймыз. Оған оқушы балаларымның шығыны тағы бар. Жұмыс күніміз 22 күн болса, оқушылар сабаққа 6 күн қатынайды. Есептеп шығынын шығара беріңіз. Айлап жұмыс істеп тапқанымыз жолға кетсе, не киіп, не ішеміз. Жоғарыдағылар ұсынысты қабылдас бұрын, алдымен халықтың пікірімен санассын, жағдайды түсінсін, -дейді Жадыра Жакеева.

Қаладағы қоғамдық көлік қозғалысының тендерін 2013 жылы «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-і ұтып алған болатын. Ол жерде қазіргі уақытта 450 адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың жалақысы қаладағы орташа еңбекақы мөлшері шамасында. Бүгінде қала ішінде барлығы 870 қоғамдық көлік бар, ал халыққа қызмет көрсетіп отырған жаңа әрі үлкен сыйымдылықтағы «ZhongTong» маркалы қытайлық көлік саны - 112. Алайда жаңа көліктің сапасы төмен, себебі кепілдік мерзімі өтпей жатып істен шығып, қазіргі уақытта күрделі және орташа жөндеуді қажет ететін 26 автобус тұрақ алаңында күнге қақталып тұр. Олардың көбісінің 1 млн. км жүрмей-ақ моторы істен шыққан. Оны қайта жөндеу үшін қосалқы бөлшектері шетелден әкелінеді екен, сондықтан оның бағасы сәт сайын өсіп отырғанын

айтқан серіктестік басшылығы күніне 2,5-3 млн. теңге табыс көзі кіріп тұрса-дағыны бұл ақша шығынды өтеуге тіпті де аздық етеді дейді. Иә, бұл қытайлық көліктерге ғана тиесілі жағдай. Себебі қазіргі уақытта көліктердің көбі бензин орнына газ орнатып алған, жаңа автобустардың барлығы арзан метан сұйық отынымен жүреді. Ол өз кезегінде шығынды азайтып отыр. Сондықтан бағаны бірден 100 теңгеге көтеруге негіз де жоқ. Айта кету керек, автобус паркі жеке шаруа серіктестігі болғанымен ол мемлекеттің қамқорында. Өйткені Еуропалық Даму және қайта құру банкінің несиесін жергілікті әкімдік халықтан (яғни бізден) жиналған бюджет есебінен төлеп отыр. Сонда қарапайым халықтың қалтасын екі мәрте қаққалы отыр ғой!

Қалаішілік қоғамдық көліктерде бірыңғай тәртіп жоқтың қасы. Көзіміз көріп жүргендей бір-бірімен жарысып, кез-келген жерде адамдарды жылдам мінгізіп, жылдам түсіріп кетіп жатады. Керек аялдамадан өтіп кетіп, кей жағдайларда уақыт созып адам жинап тұрып алады. Кейбір кондукторлар жолақысын алғаннан соң билет те бермейді. Жол жүру ережесі сақталмайды. Әлдеқашан істен шыққан көліктер де адам тасымалдап, жолаушылар өміріне қатер төндіріп, желдей ұйтқып сайысқа түскен жүргізушілер жол көлік оқиғаларына тап болып, соңы қайғылы жағдайға әкеп соғуда. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2016 жылы қоғамдық көлік жүргізушілерімен 12 жол көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан 21 жолаушы түрлі дене жарақатын алса, 1 адам көз жұмған. 2017 жылдың 5 айында қоғамдық көліктермен 4 жол көлік оқиғасы орын алып, 4 адам түрлі дене жарақатын алған.

Енді тарифтің өсімі жөніндегі мәселе қалалық әкімшіліктің отырысында, қоғамдық кеңесте, қалалық мәслихат депутаттарының талқылауында қаралмақшы. Халық – құдайдың бір аты десек, әзірге ұсыныс түріндегі бұл мәселеге депутаттар қала тұрғындары мен парктің жағдайын ескеріп, оң шешім қабылдайды деп сенеміз.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

№12 (109) 16-30 маусым

ҚЫЗЫЛОРДА БАЗАРЫНДА КАРТОПТЫҢ КЕЛІСІ – 200 ТЕҢГЕ! оның себеп-салдары туралы білесіз бе?

Нарық дегеніңіз қызық қой, ол сіздің қалауыңызға, еркіңізге бағынбайды, өзінің табиғатына сай заңдылықпен өмір сүреді. Үстіміздегі жылдың мамыр айында республикалық «Деловая неделя» газетінің Өзбекстандағы меншікті тілшісі Нигора Юлдашева таңданыс туғызатын мақала жариялады. Таңырқайтыным, биылғы көктемде көкөніс өсірудің нағыз диқандары шоғырланған Өзбекстанда картоптың келісі 1 АҚШ долларына дейін көтеріліпті. Бұл теңгеге шаққанда 300 теңгеден астам қаржыны құрайды. Ал өзбек сумының құны базар бағасымен алғанда теңгеден 10 есе төмен екенін ескерсек, Ташкент пен Бұқарадағы ағайынның жаны қалай шығып кетпей отырғанына қайран қаласың.

Нигора Юлдашева қымбатшылықтың себеп-салдарын түсіндіреді. «Бұл 2016 жылғы ауа райының қолайсыздығынан болған өнімсіздіктің салдары»,- дейді автор. Өзбек диқандары күннің өз мезгіліне карағанда ұзақ уақыт суық болуы салдарынан картоп егістігінен мардымсыз өнім алған көрінеді. «Жоққа жүйрік жетпейді» демекші, өткен мамыр айында тапшылық салдарынан өзбек билігі сол қымбат картоптың өзіне жан басына 5 кг-нан артық бермеуге шектеу қойған. Таңғаларлығы сол, біздің директивалық, жоспарлы экономикамен қош айтысқанымызға ширек ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін мұндай шешімнің күлкіден басқа ештеңе туғызбайтынын қайтерсіз!

Жә, өзбектерді қоя тұралық, енді жоғарыда айтылғандардан туындайтын өзіміз айтқымыз келген мәселеге тоқтайық. Жалпы, біздің өңірімізде айналасы 300-500 шақырым кеңістіктегі нарық бағасына әсер ететін ортақ факторлар көп. Сондықтан бұл келеңсіздік Қызылорда базарына да кері әсерін тигізді. Мамыр айында, маусымның басында Қызылордада ескі картоптың киләсі 180 теңгеге, жаңа маусымның өнімі 280 теңгеге жетті. Осы мақаланы дайындау барысында мен журналист ретінде қызығушылық танытып, көкөніс сататын ескі базарды бір шолып өттім. Жүздерін күн қаққан орта жастағы әйелдердің: «Картоптың бағасы біршама түсті, бірақ тұтынушылар аз»,—деп қынжылыс білдіргенінің куәсі болдым.

Шындығында, баға біршама түскен сынайлы. Маусым айының 20-да жаңа картоптың келісі 200-230 теңге шамасын құрайды. Осы мақала оқырмандар қолына тигенде Қызылордаға Қытайдан, Оңтүстік Қазақстан өңірінен келіп жатқан көкөніс өнімдерінің бағасы бұдан біршама арзандауы да мүмкін. Бірақ, біздің пайымдауымызша, осының барлығы бүгінде қалтасы жұқарған тұтынушының көңілін де, асқазанын да қанағаттандыра алмайды.

Мамандардың пікіріне сүйенсек, Қызылорданың көкөніс рыногындағы мұндай қымбатшылық 20-25 жылдан кейін қайталанып тұрған бірінші жағдай. Жоспарлы жүйе құлаған, жекеменшік әлі өріс алмаған 80-90-шы жылдары Қызылорда базарында картоптың келісі 2 рубльге дейін көтерілген көрінеді. Сол кездегі 2 рубль сатып алу құны жағынан бүгінгі 200 теңгемен шамалас еді. Алайда, ол кезде халықтың барлығы жұмыспен қамтылғанын, яғни табысы барлығын ескерсек, бүгінгі тұтынушыға аяушылық білдіргеннен басқа амалымыз жоқ.

Сонымен бүгінгі қымбатшылықтың сыры неде? Осы сауалға жауап беру үшін біз «Тіл сақшысы» газетінде осыдан тура үш жыл бұрын жариялаған мақалаға қайта оралуды жөн көрдік. Газетіміздің 2014 жылғы қыркүйек айындағы №18 санында «Күдікті дерекке абай болсақ қайтер еді, ағайын» деген тақырыппен жарияланған мақалада былай делінген еді.

«Айталық, Республика Статистика агенттігінің ресми дерегі бойынша Қазақстанда 2013 жылы бесіктегі баладан еңкейген қарияға дейін 48,7 кг. картоп тұтыныпты. 2011, 2012 жылдары да осы шамалас. Бір қарағанда ақылға сыйымды, көңілге қонымды деректер. Статистика органындағылар есепке жүгінгенде аспанға қарап отырып, ойға келгенін шақпақтап жатса не болғаны?»

Өкінішке орай, Қызылорда облысының статистика мамандары туралы бұлай деуге аузымыз бармайды. Неліктен? Статистика дерегіне жүгінейік. Қызылорда облысында 2013 жылы 124000 тонна, бір нәлі байқамай артық жазылып кетіпті десеңіз, жазумен келтірейік – бір жүз жиырма төрт мың тонна картоп өндіріліпті!

Соңғы 2-3 жылдың көлемінде көздің жауын алатындай көлбеңдеп алдыңнан шықпайтын осы цифрға қарап естен танып қала жаздайсың. Енді сол санды облыстағы 700 мың халықтың жан басына шаққанда 177 кг-нан келеді екен. Бұған қалай таңғалмайсың?

Біз жыл сайын сырттан мыңдаған тонна картоп сатып аламыз. Әлгі айта беретін «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы

арқылы сатып алынған өнімдер біздің білуімізде бұл деректерге қосылмайды. Сонда Қызылорда облысы әп-сәтте Голландияға айналып шыға келгені ме? Бірнеше жылдан бері біз осы деректердің қайдан шыққанын білмей күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылған жағдайымыз бар. Бірдеңені түртпектеп білгің келсе, статистикадағы ағайындар «Президенттің шағын бизнесті мазаламаңдар» деген нұсқауы бар. Оларды тексеруге құқымыз жоқ» деп теріс айналады. Республикада жан басына орта есеппен 48 кг. картоп тұтынса, Қызылордада жан басына 177 кг. картоп өндіріледі екен (3,7 есе көп). Бұл қандай өлшемге сияды? Онда сырттан неге картоп тасымалданады?»

Біз осыдан үш жыл бұрын осылардың барлығын не үшін жаздық? Күдіктен арылып, шындыққа жақындау үшін, құрғақ цифрлар біз үшін тамақ болмайтынын дәлелдеу үшін жаздық.

Бүгінгі мақаланы дайындау барысында Қызылорда облысында 2015-2016 жылдары өндірілген картоп өнімінің деректерін сұрап, облыстық статистика департаментіне тағы хат жолдадық. Ресми дерекке сүйенсек, 2015 жылы облыста 4165 га. жерден 56,9 мың тонна, 2016 жылы 4321 га. жерден 61 мың тонна өнім алыныпты. Әлхам шүкір деңіз, 2013 жылдан екі есеге жуық төмен! Біз мұның себебін түсінбедік. Бәлкім, егіс алқаптарынан «алынған» өнімді газеттегі жарияланымнан кейін біршама шындыққа жақындатып көрсету үшін қажет болды ма әлде оның басқалай себептері бар ма, енді бұған облыстық ауыл шаруашылық басқармасы өз дәйектемелерін берер деген үміттеміз.

Бұл орайда тағы бір мәселенің басын ашып алғымыз келеді. Егер 2016 жылы облыста 61 мың тонна картоп өндірілгені (статистика дерегі) рас болса, осының өзі қызылордалықтардың «тақиясына тар келмейтінін» ескерте кетейік. Соның өзінде 750 мың халықтың жаны басына 80 кг-дан келеді. Сонда 2016 жылы «өндірілген» осыншама картопты (сырттан келіп жатқаны қанша!) 2017 жылдың наурыз-сәуіріне дейін «ішіп-жеп тауысқанымызға» жол болсын! Бұлай дейтініміз, өнім жеткілікті болған жерде баға ешқашан шарықтамайды! Бұл нарық заңы. Бұл орайда, біз әлі күмәннан арылмағанымызды тағы еске салғымыз келеді.

Мақаланы дайындау барысында облыстық ауылшаруашылық басқармасына сұрау салып, картоп дақылына бөлінетін субсидияның жай-күйіне қанықтық. Бізге берілген жауапта облыста 2013 жылы 1,6

млн. теңге, 2014-2016 жылдары 33 млн. теңге, бұған қосымша тамшылатып суару әдісімен осы жылдары картоп еккен диқандарға 13 млн. теңгеден астам субсидия төленіпті. Біз қаржы есебін дайындап отырғанымыз жоқ, сондықтан цифрлардың дөңгелектеп алынып отырғанын ескертеміз. Әрине, бұл қаржыны соншалықты жеткілікті деуге болмайтын шығар, бірақ мемлекет тарапынан картопты субсидиялауға қаржы 2012 жылдан бастап төленуде. Қалай болғанда да қолдау бар, ал біздің оған лайықты көрсетіп жатқан жауабымыз қандай екенін жоғарыда айтылған жайлар айқын көрсетіп отыр ғой деп ойлаймыз. Осының барлығы сайып келгенде жергілікті өнім өндірушілердің, фермер шаруашылықтарының, жеке қожалықтардың енжарлығын, селқостығын, немкеттілігінің көрінісі болып табылады. Таңданатын дәнеңесі жоқ, қызылордалық орта және шағын бизнес құрылымдарының өнім көлемі бойынша республикалық көрсеткішінің соңғы сатыларының бірінде жүруінің сыры, бәлкім осы енжарлықтың салдарынан шығар?!

Бұған не дейсіз ағайын?

Еркін ТОЙБАЗАР
№12 (109) 16-30 маусым

АУЫЛЫҢЫЗДА МОНША БАР МА?

Ауыл адамдарының күнделікті ішіп-жемі мен баспанасының болуымен қатар олардың мәдениетті өмір сүруін қамтамасыз ету қазіргі кездің талабы. Ол үшін тазалық мәселесіне, жеке бастың гигиенасына көңіл бөлген жөн, бұл дегеніміз әдебіңізге де, денсаулығыңызға да әсер етеді. «Әлемнің алдыңғы қатарлы 50 еліне қосылдық», «...30 еліне қосыламыз» деп жатырмыз, бірақ кей мәселелерде, атап айтқанда, ауыл мәдениетіне келгенде кешегі кеңестік кезеңдегі жетістігімізден де айырылып қалған сияқтымыз. Қалалықтармен салыстырғанда ауыл адамдарының арасында аурушандық пен өлім-жітімнің көбірек болуының бір себебі осында жатыр-ау деп ойлаймын.

Облыс әкімі соңғы аппарат мәжілісінде кей ауылда әлі монша, шаштараз, кітапхана, т.б. мәдени, әлеуметтік ошақтарының жетіспейтінін айтып, ауыл, аудан әкімдеріне осы кемістікті қалпына келтіру жөнінде қатаң тапсырма беріп, мамыр айының аяғында бұл мәселе бойынша олардың есебін арнайы тыңдайтынын ескертті.

Біз осы объектілердің облыстағы жағдайын білу мақсатында **Арал аудандық** мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен хабарласқанымызда ауылдық жердегі бұрынғы моншалардың қазір жоқ екенін айтты. **Жаңақорған ауданында** баста «бәрінде де монша бар» деген дерек беріп еді, соңында түгелге жуық жоқ боп шықты. Ал «түгел монша бар» деген **Қазалы ауданында** Көларық, Майдакөл, Ақжона, Арықбалық, Алға, Өркендеу, Сарыкөл, Құмжиек, Қарашеңгел, Қызылқұм, Бозкөл, Аранды, Майлыбас, Басықара, Бірлік, Тасарық, Сарыбұлақ, Шәкен ауылдық округтері әкімшілігіне хабарласқанымызда тағы да ақпарат дұрыс болмай, анығын айтқанда монша жоқ болып шықты. Дәл осындай жағдай **Шиелі ауданының** Телікөл ауылдық округінде де кездесті, бірінші деректің өзі нақты болмаған соң әрі қарай қазбаламадық. Моншасы бар ауылдық округтердің өзінде мәселе түгел шешімін тапқан жоқ, себебі, біріншіден, ауылдық округте 2-3 ауыл болуы,

оның әрқайсысында 70-80 үй болуы мүмкін, екіншіден, монша бүгінгі талапқа сай ма? Бұл алдағы уақытта күн тәртібіне қойылатын мәселе. Енді Қармақшы, Жалағаш, Жаңақорған аудандарындағы жағдайды саралап көрейік. **Қармақшы ауданының** Иіркөл (925 тұрғын), Қармақшы (1250), Жосалы (521), Ақтөбе (2015), Ақжар (2274), Қуаңдария (809), Көмекбаев (1388); **Жалағаш ауданының** Аламесек (1942), Аққыр (1094), Ақсу (1714), Бұқарбай батыр (2034), Еңбек (2007), Жаңадария (530), Жаңаталап (842), Қаракеткен (1600), Мәдениет (2132), Мақпалкөл (1859), Мырзабай ахун (1403); **Жаңақорған ауданының** Екпінді (1010), Кейден (1500), Қандөз (1516), Қожакент (3264), Қожамберді (918), Қыраш (915), Манап (1116), Жаңарық (2064), Машбек Нәлібаев (1119), Көктөбе (607), Талап (1281), Қырқеңсе (1964), Сунақата (2474), Төменарық (4455), Бесарық (3556), Жайылма (1480), Өзгент (1810), Қаратөбе (1833), Қосүйеңкі (957), Бәйкенже (1402) ауылдық округтерінде монша жоқ екен. Бұл ауылдық округтердің бірен-саранында болмаса шаштараз та жоқ. **Сырдария ауданынан** алған деректе А.Тоқмағамбетов, Қалжан ахун ауылдық округінен басқасында монша бар делінген. Шындығында Сейфуллин, Іңкәрдария, Қоғалыкөл, Жетікөл ауылдық округтерінде монша болмай шықты. Осы ауылдардың ең азында 500, көбінде 2000-ның үстінде (Ақай ауылында 5490) тұрғын бар. Сонда осынша адам қайда жуынып-шайынады? Рас, жеке моншалар бар, бірақ оның қамту ауқымы тым тар. Сырдария ауданындағы Мәлібаев, Жалағаш ауданындағы Ақсу ауылының тұрғындары бұл қызметті өздеріне жақын аудан орталығында пайдалануы мүмкіндігін жоққа шығармасақ та елде көпшілік монша жоқ есебі. Жаңақорған ауданындағы Шалқия кентінде 2026 адам тұрады, онда да монша жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай, кей ауылдық округтерде 2-3 ауылдан бар. Мысалы, Жаңақорған ауданының Талап ауылдық округіне қарасты Бесарық станциясында (1280), Өзгент ауылдық округінің Ақсуат (546) ауылында, Бәйгенже ауылдық округінің Билібай (294) ауылында монша, шаштараз ғана емес, басқа да тұрмыстық қажетті өтеу орындары жоқ. Қызылорда қаласының іргесіндегі ауылдарда да монша жоқ.

Қалай дегенде де мәселе орынды көтеріліп отыр. Бірақ ауыл, аудан әкіміне қатаң тапсырумен бұл мәселе шешілмейді, өйткені олар онда мәлімет үшін ғана жұмыс жасайды. Монша жоқтықтың салдары белгілі, енді себебін іздейік. Бір кездері осы ауылдардың бәрінде монша болған, оны біреулер жекешелендіріп алып, жұмыс жүргізудің орнына бұзып алған. Ауылда осы іспен айналысатын кәсіпкер жоқ па әлде мүмкіндік жоқ па? Қаржы, кәсіппен айналысуға рұқсат алу, басқа да мәселелерде көмек керек шығар? Су жоқ деп айта алмаймыз, бірақ қалдық суды тарту үшін арнайы көлік керек шығар. Қызылорда қаласына қарасты Қосшыңырау ауылдық округінде монша үшін жер бөлініп, жоба құжаттары жасалып қойылған. Монша құрылысы үшін 15 млн. теңге қаржы керек екен, қорлардың бірінен сол ақшаны алудың ыңғайы да бар сияқты. Бірақ барлық ауылға бірдей қаржы қайда? Мүмкін кішігірім 2-3 монша салу керек шығар? Осы жайды егжей-тегжейлі зерттеп, кәсіпкерлікке ғана емес, жаңадан салынатын монша жобасын жасауға, санитарлық үгіт-насихат жұмыстарына да жәрдем жасаса артық болмас еді.

Осы уақытқа дейін ауыл ақсақалдары, сол жерде тұратын медицина қызметкерлері мен мұғалімдер монша жоқтығын айтып, неге дабыл көтермеген? Дегенмен «ештен кеш жақсы», ауылыңызда не жоғын ойлана жүріңіз. Олай болмаса өркениет көшінен қалып қоямыз?

Жалғасбек АМАНОВ
№10 (107) 16-31 мамыр

МЕКТЕП ТАРЛЫҚ ЕТІП ОТЫР

Қаланың Әл-Фараби шағын ауданында тұратын мектеп оқушыларының ата-аналары №261 мектептегі оқушы балаларының сынып бөлмелерінің мөлшерден тыс тарлығы жайлы бұрындары өзіңізге, облыс әкімдігіне арыз айтып, алаңдаушылық білдірген еді. Оның мәнісі мына төмендегідей.

Шағын ауданда соңғы жылдары жаңадан қоныстаушылардың күрт көбеюіне байланысты мектепте оқитын балалардың саны 1600-1700-ге жетті. Мектеп 624 оқушыға арналып салынған. Әсіресе төменгі сыныптардың саны көбейіп, әр сыныпта оқитын балалардың саны 35 баладан асты. Оқушы балалардың жалпы санына шаққанда мектеп бойынша 8 сынып бөлмесі, екі технологиялық кабинет жетіспейді екен. Мұның үстіне мектеп оқушыларының сабақтан тыс кездерінде бөлмелердің жетіспеушілігінен түрлі үйірмелерді ұйымдастыру мүмкіндігі жоқ. Елбасының халыққа арнаған Жолдауына сәйкес еліміздің Білім министрлігі мектептерде 12 жылдық білім беру жүйесін енгізуді қолға алды. Осындай жағдайда мектеп оқушыларын оқытуға заман талабына сай келетін мектеп ғимаратының болмауы ата-аналарды ойландырады.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында облыстық «Нұр Отан» партиясы филиалының ұйымдастыруымен бұл мәселе бойынша облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемовпен тұрғындардың кездесуі болып, облыстың білім саласының басшыларына тиісті тапсырма берілген еді. Олар нақты жағдаймен танысу үшін мектепке келіп, орын алған жайды ата-аналармен және мектеп басшыларымен талқылады. Талқылауда нормадан артық оқушыларды көршілес екі-үш шақырым жердегі жаңадан салынған мектептерге ауыстыру жайлы сөз болды. Өкінішке орай, екі-үш жылдан бері ата-аналар арасында бұл мәселе жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен оқушыларды басқа мектепке ауыстыру мәселесі өз нәтижесін бермегені айтылды. Осы талқылау кезінде ата-аналардың айтқан ұсыныстарын сізге жеткізуді парызым деп санаймын.

Бірінші, мектеп оқушыларының сыныптардағы тығыздығын азайтып, сабақтан тыс кездерінде мектеп жанындағы үйірмелерде (спорттық, өнер, тәрбиелік, рухани) тәлім-тәрбие алуды жолға қою үшін мектеп жанынан бастауыш сыныптарға арналған 300 орындық шағын мектеп құрылысын үстіміздегі жылы салу.

Екінші, аталған мәселе шешілгеннен кейін қосымша мектеп құрылысын салудың жобалық-сметалық құжаттарын жасауды тиісті өкілетті мекемелерге тапсыру.

Құрметті Нұрлыбек МАШБЕКҰЛЫ!

Көп жылдардан бері шешімін таппай келе жатқан мектеп оқушыларының ата-аналарын алаңдатып отырған осы мәселеге байланысты оң шешім қабылдауыңызды сұраймыз.

Мектеп оқушылары ата-аналарының атынан

Тобаш ЕМБЕРГЕНҰЛЫ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

№7(104) 1-15 сәуір

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

Газетіміздің 2016 жылғы №23(96) санында «Теміржол билетін қайтармау кімге пайдалы?» атты мақала жарияланып, көптің көкейінде жүрген мәселеге жауап беруін сұрап «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ «Жолаушылар тасымалдау» ЖШС және «ҚР ҰЭМ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитетінің Қызылорда облыстық департаментіне» қатынас қағаз жіберген болатынбыз.

«Тіл сақшысы» газетінің Бас редакторы С.АҢСАТқа

*Сіздің №09-15/6461 2016 жылғы
20 желтоқсандағы хатыңызға*

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы Сіздің хатыңызбен қоса жолданған «Теміржол билетін қайтармау кімге пайдалы?» мақаласын қарап, келесіні мәлімдейді.

Теміржол көлігінде пайдаланылмаған жол жүру билеттердің төлемдерін қайтару тәртібі ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген «Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» қағидасымен реттеледі.

Аталған Қағиданың 254 тармағына сәйкес жолаушы қажет болған жағдайда пайдаланылмаған жол жүру билеттердің төлем ақысын қайтарып алуға құқылы екендігі белгіленген. Сонымен бірге, төлемдер жол жүру құжаты ресімделген құжат бойынша жолаушы құжаттарының бірінің түпнұсқасы ұсынылған жағдайда қайтарылуы тиіс. Жол жүру билет төлем ақысын қайтару жол жүру құжатын сатып алу тәсілі және қайтару тәртібіне байланысты қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады. Ал төлем картасы арқылы сатып алынған жол жүру билет төлем ақысы төлем жүргізілген банк шот картасына қайтарылады.

Қағиданың 256 тармағында тасымалдаушы пайдаланылмаған жол жүру билеттері және тасымалданбаған багаж үшін жолаушыға ақшаны қайтару жағдайлары белгіленген, атап айтқанда:

- жолаушы пайдаланбаған жол жүру билеттерді қайтарған кезде поездың жөнелтілуіне дейін 24 сағаттан кешіктірмей қайтарса толық жол жүру құнын қайтарып алады;

- поезд жөнелтілгенге дейін 24 сағаттан аз, бірақ 6 сағаттан кешіктірмей қайтарса, билеттің құнын және плацкорттың 50% құнын қайтарып алады;

- поездың жөнелтілуіне 6 сағаттан кем уақыт қалғанда және поезд жөнелтілгеннен кейін 1 сағаттан асырмай тапсырса, билеттің құнын қайтарады, бұл ретте плацкорттың толық құны ұстап қалады.

Ескеру қажет, Қағидада көзделмеген басқа жағдайларда ақшаны қайтару тек талап ету тәртібімен қаралады. Бұндай жағдайда ақшаны қайтару туралы өтінішке пайдаланылмаған жол жүру және тасымалдау билеттер және қажеттілігіне қарай басқа да құжаттар мен анықтамалар қоса беріледі.

Жалға алынған вагондармен жүрілмеген жол үшін ақшаны қайтару туралы шағымдарды вагондарды жалға алу шартын жасасқан тасымалдаушы қарайды.

Жоғарыдағының негізінде, Инспекция мақала авторы көрсеткен дерек бойынша кінәлі мамандардың жауапкершілігін қарауға мүмкіндік жоқтығын мәлімдейді. Себебі орын алған дерек қай мерзімде, қандай поезда, жол құжаты қашан алынғаны және қашан тапсырылғаны туралы мәлімет қамтылмаған.

Сонымен қатар, Инспекция Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, қабылданған шешім бойынша шағымдану құқықтарыңыздың бар екендігін ескертеді.

Инспекция басшысының орынбасары Г. Прназарова

«Тіл сақшысы» газетінің редакциясына

2016 жылғы 21 желтоқсандағы №ЮЛ-Ж-2499,

1 хатқа жауап

«Жолаушылар тасымалы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) азамат Алмат Жаппасбаевтың «Тіл сақшысы» Республикалық газетінің №23(96)

санында жарияланған «Теміржол билетқұнын қайтармау кімге пайдалы?» атты мақаласын қарап, келесіні хабарлайды.

2014 жылы сервисті жақсарту мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бастауымен Электронды жол жүру билеттерді ресімдеу технологиясы енгізілген. Электронды жол жүру билеттерді ресімдеу технологиясына сәйкес пойыз бастапқы стансадан жөнелтілгенге дейін 1 сағат бұрын «Экспресс» АБЖ жүйесінде жолаушылар пойыздарына сатып алынған орындардың электронды ведомосі жасалады.

Жолаушылар тарапынан шағымдарды және жүріс жолы барысында түсінбеушілікті (егіздер, ұқсастардың және т.б. анықталуы) болдырмау мақсатында электронды билетті пойыз жөнелтілгенге дейін кем дегенде бір сағат бұрын қайтарған жағдайда, яғни сатып алынған билеттердің электронды ведомосі жасалғаннан кейін ақшаны қайтаруға берілген өтінімдер жолаушының өтініші бойынша кінәрат-талап тәртібінде қаралады.

Бұдан басқа жағдайларда ақша қаражаты тікелей билет кассасында қайтарылады. Бұл теріс пайдалану жағдайларының жиілеп кетуіне байланысты қамтамсыз етіліп отыр.

Сату жүйесіндегі мұрағат мәліметтеріне сәйкес Қызылорда стансасынан 15.11.2016ж. жөнелтілетін №379 «Алматы-Орал» пойызына «Қызылорда-Арал теңізі» бағыты бойынша сатып алынған А.Жаппасбаевтың №78011200902496 электронды жол жүру билеті Қызылорда стансасының билет кассасына 15.11.2016ж. сағат 11.01-де қайтарылғаны анықталды, яғни №379 пойыз Алматы стансасынан жөнелтілгеннен кейін ақша қаражаты кінәрат-талап тәртібінде қайтарылған.

Пайдаланылмаған жол жүру билеттердің ақша қаражатын қайтаруға берілген өтініш Қоғамда, сондай-ақ Қоғамның аймақтық филиалдарында (Ақтөбе, Астана, Алматы қалаларында) қаралады.

Өтініш үлгісі және филиалдардың мекен-жайлары мен телефондары билет кассаларында беріледі. Осы ақпарат пен өтініш бланкісі «ҚТЖ» ҰК» АҚ erau.railways.kz сайтының «Жолаушыларға арналған ақпарат» бөлімінде де бар.

Сонымен қатар жолаушыларға қолайлы болу үшін өтініштер Қоғамның барлық билет кассаларында қабылданады.

Бұл ретте мақалада көрсетілген барлық деректерді тексеру үшін, бейнебақылау мұрағатын қарау арқылы қызметтік тексеру жүргізілді, нәтижесінде пайдаланылмаған электронды билетті Қызылорда стансасының билет кассасына қайтару кезінде, билет кассирі Г.Даненова жолаушы А.Жаппасбаевқа өтінішті билет кассасына тапсыруға болатынын хабардар етпей, жолаушыны өтінішін өз бетінше жөнелтуге «Қазпошта» бөлімшесіне жіберген.

Өзінің қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін Қызылорда стансасының билет кассирі Г.Даненова ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Өз кезегінде жолаушы А.К.Жаппасбаевтың пайдаланылмаған жол жүру билеті үшін тиесілі ақша қаражатын қайтару туралы өтініші «Батыс» жолаушылар тасымалы жөніндегі аймақтық филиалының атына Ақтөбе қаласына 22.11.2016ж. кіріс №Ж-1231 хатпен түсіп, ҚР Заңнамасында белгіленген мерзімде қаралды. Пайдаланылмаған жол жүру билет ақша қаражаты 20.12.2016ж. пошта аударымы арқылы өтініште көрсетілген мекен-жайға қайтарылған.

Сонымен қатар, Қоғам жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында аталған мақаламен барлық билет кассаларының қызметкерлері таныстырылып, билет кассирлерімен қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындауы туралы нұсқамалар жүргізілгенін хабарлаймыз.

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ Президенті міндетін
атқарушы А.Қанғалиев**

РЕДАКЦИЯДАН:

Жауаптағы сатып алынған билеттердің электронды ведомосі жасалғаннан кейін ақшаны қайтаруға берілген өтінімдер жолаушының өтініші бойынша кінәрат-талап тәртібінде қаралады деген ұстаным тұтынушының құқың бұзу болып табылады деп есептейміз. Тұтынушы пайдаланбаған билет құнын сұрағаны үшін неге кінәлі болуы тиіс? Кез келген ведомствоның бұйрығы өзінен жоғары тұрған органның бекітіп берген Қағидасынан, ал Қағидалар Өкімет бекіткен Заңнан жоғары тұрмауы керек. Біздің мақаладағы мәселе ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30

сәуірдегі №545 бұйрығымен бекітілген «Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» қағидасымен реттелген. Ол Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының бізге берген жауабында аталған Қағиданың 254 және тармағына сәйкес жолаушы қажет болған жағдайда пайдаланылмаған жол жүру билеттердің төлем ақысын қайтарып алуға құқылы екендігі белгіленсе, 256-тармағында тасымалдаушы пайдаланылмаған жол жүру билеттері және тасымалданбаған багаж үшін жолаушыға ақшаны қайтару жағдайлары тәптіштеліп түсіндірілен.

Сондықтан Қоғам басшылығынан қолданып отырған тәртібінің заңсыздығын мойындап, оның күшін жоюын сұраймыз. Басқаша жағдайда құқық қорғау органдарының араласуын талап ететіндігімізді хабарлаймыз.

№1(98) 1-15 қаңтар

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

«Тіл сақшысы» газетінің
Бас редакторы С.АҢСАТҚА

«Тіл сақшысы» газетінің 2017 жылғы 16-28 ақпанындағы №4 (101) санында жарияланған «Облыс әкімінің есеп беру жиынында кезек тимей, айтылмай қалған сөз» атты мақаладағы жылы лебізіңізге алғыс білдіре отырып, келесіні хабарлаймыз.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуінің ашықтығын және барлық тұрғындарға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шаралар қарастырылды.

Атап айтқанда, облыс әкімі Қ.Е.Көшербаев үстіміздегі жылғы 11 ақпанда «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы Саяси Кеңесінің кеңейтілген отырысында және 13 ақпанда облыстық Қоғамдық кеңес мүшелеріне есеп беріп, 2017 жылға арналған Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарының жобасымен таныстырды.

Есепті кездесу қарсаңында облыс әкімінің барлық орынбасарлары облыстық Қоғамдық кеңес алаңында ең өзекті мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізді.

Бұған қоса, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттер басшылары 2016 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындылары және алдағы міндеттер туралы брифинг беріп, облыстық Қоғамдық кеңес алаңында қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырды.

Барлық деңгейдегі әкімдердің халық арасындағы есепті кездесулері барысында түскен ұсыныстар ескеріле отырып, облыс әкімінің 2017 жылға арналған Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары бекітіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Осылайша, жергілікті атқарушы орган өз қызметін қоғамдық бақылауға ұсынып отыр. Бұның барлығы мемлекеттік органдар мен қоғам арасында өзара үйлесімді байланыс орнатуға және мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2017 жылғы 15 ақпанда өткен есепті кездесу бірінші рет «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасы арқылы тікелей эфирден көрсетілді және облыс әкімдігінің ресми интернет-ресурсында,

аудандар мен Байқоңыр қаласында бейнеконференц байланыс арқылы және «Youtube», «Facebook» әлеуметтік желілерінде онлайн жағдайында тікелей трансляцияланды. Бұл шара республикада тұрғындарды ең көп қамтыған есепті кездесу болды.

Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланатын орындарда жәшіктер орналастырылды, арнайы «СаП-орталық» және сайт ашылды.

Облыс әкімінің есепті кездесуінің тең жартысы – бір сағаты «Сұрақ-жауап» берілді. Залда 5 сұрақ, аудандардан бейнеконференц байланыс арқылы 9 сұрақ, интернет ресурстар арқылы 2 сұрақ және «СаП-орталықтан» телефон арқылы 2 сұрақ, жалпы 18 сауал қойылып, жауап берілді.

Есепті кездесуге келген тұрғындар, оның ішінде егде жастағы адамдар тарапынан сұрақ қоюды тоқтату туралы 3 мәрте ұсыныс түсіргеннен кейін, сұрақ қою рәсімі тоқтатылды. Сұрақ қоя алмай қалған бірнеше азамат сауалдарын жазбаша түрде жәшікке салды. Олар қалыптасқан жағдайға түсіністік танытып, наразылық білдірмеді.

Азаматтық қоғам институттарына қолдау көрсетуге келер болсақ, облыс әкімдігі тарапынан үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарына ұдайы және жүйелі түрде қолдау көрсетіліп келеді. Олардың қызметін шектеуге жол берілмейді.

Өйткені, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі, цензураға тиым салынады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзіреті шегінде өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырып келеді. Бүгінгі күнге дейін аталған басқарма тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтарын бұзу орын алмады.

Егер де, облыстық ішкі саясат басқармасы тарапынан «Тіл сақшысы» газетінің қызметіне заңсыз араласу фактілері орын алған болса, құқық қорғау және сот орындарына жүгіне аласыздар.

Құрметпен, Қызылорда облысы әкімінің
орынбасары **Р.ҰСТЕМОВ**

**«Тіл сақшысы» газетінің
Бас редакторы С.АҢСАТҚА**

«Тіл сақшысы» газетінің №5 (102) 1-15 наурыз аралығындағы санында жарық көрген Қазақстан журналистер одағының мүшесі Т.Ембергенұлының «Қызылорда облысының сот, прокуратура органдары қызметкерлердің жалақыларын өндіруде дәрменсіздік танытуда» мақаласына төмендегіні білдіреміз.

Қызылорда қалалық сотының өндірісінде болған талап қоюшы Ембергенова Лиза Базархановнаның жауапкерлер «Миниса-Үміт» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шағын орталығы және Кішкенбаева Урипа Викторовнадан жалақысын және қарызын өндіруді сұраған талап қою арызы 06.10.2016 жылы сот шешімімен қанағаттандырылған.

Азаматтық іс бойынша әзірлік жұмыстары жүргізіліп, алдын-ала сот мәжілісі тағайындалған, ҚР АПК-нің талаптарына сәйкес, құқықтары түсіндірілген.

Істі қарау барысында, Л.Ембергенова жауапкерден жалақы өндіруді және өзіне берешек қарызды өндіруді сұраған. Ал, моральдық шығын және қайта қаржыландыруды сұраған бөлігі түсіндіріліп, ол бөлігі кері қалдырылған.

Сот актілерін, яғни ұйғарымы мен шешімі көшірмелерін алған, сот актілері заңды күшіне енген және атқару парағы талап қоюшы Л.Ембергенова өзі соттан келіп қолхат арқылы қабылдап алған.

Азаматтық іс аяқталған уақытта Л.Ембергенова талап арызы қанағаттандырылғандықтан ризашылығын білдіріп, сот шешімінің күшіне ену уақытын біліп, сол уақытта атқару құжатына өзі келетіндігін білдірген.

22.11.2016 жылы Л.Ембергенова, «Мен Ембергенова Лиза жауапкер Кишкенаева Урипа Викторовнадан қарызымды өндіру туралы және «Миниса-Үміт» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шағын орталығынан жалақы өндіруді сұраған талап арызым бойынша атқару парағын түп нұсқаларын жеке сот орындаушыға тапсыру үшін қабылдап алдым» деп қолхат берген.

Бұл ретте, жеке сот орындаушыға орындау үшін ұсынған жағдайды, жеке сот орындаушы ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес 39-бабының талаптарына сәйкес орындалуы қажет еді.

Сонымен қатар, талап қоюшы Л.Ембергеноваға сот актілеріне шағым беру мерзімдері түсіндірілген.

Егер, сот шешіміне наразылығы болса жоғарғы тұрған саты сотына жүгінуге құқығы шектелмегендігін жеткіземіз.

Қызылорда облыстық сотының төрағасы
Н.ҚАЙЫРБЕКОВ

**«Тіл сақшысы» республикалық
ақпараттық-танымдық басылымының
Бас редакторы С.АҢСАТҚА**

2017 жылғы 16 ақпандағы №29 хатқа

Б.Нұрхожаевтың «Уақыт белдеуінің зардабын қашанғы шеге береміз?» атты мақаласына қатысты төмендегіні хабарлаймыз.

Қазіргі таңда Қостанай және Қызылорда облыстарында өңірлердің табиғи географиялық орналасуына сәйкес келмейтін, яғни белдеулік уақыт қолданылуда.

Осы ретте, Қызылорда облысының әкімдігі арқылы ҚР Премьер-Министрі Б.Ә.Сағынтаевтың атына аймақтағы сағат белдеуін табиғи қалпына келтіру мәселесін қарастыру жөнінде хат жолданғанын хабарлай отырып, мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актісі арқылы шешілетінін хабарлаймыз.

Қызылорда облысы әкімінің
орынбасары **Р.ҮСТЕМОВ**

**«Тіл сақшысы» республикалық
ақпараттық танымдық басылымның
Бас редакторы С.АҢСАТҚА**

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-1-тармағына сәйкес, «Тіл сақшысы» газетінде жарияланған Т.Ембергенұлының «Қызылорда облысының сот, прокуратура органдары қызметкерлердің жалақыларын өтеуге дәрменсіздік танытуда» мақаласына бір ай мерзімнен кешіктірілмей жауап берілетінін хабарлаймын.

Қызылорда облысы
Прокурорының орынбасары
Ж.ЕЛАМАНОВ
№6 (103) 16-31 наурыз

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

Республикалық «Тіл сақшысы» газетінің

Бас редакторы С.АҢСАТҚА

Құрметті Сәдуақас АҢСАТ!

Облыстық прокуратура Т.Ембергенұлының «Тіл сақшысы» газетінде жарияланған **«Қызылорда облысының сот, прокуратура органдары қызметкерлердің жалақыларын өндіруге дәрменсіздік танытуда»** мақаласы бойынша төмендегіні хабарлайды.

Қызылорда қалалық прокуратурасына 15.04.2016ж. «Миниса-Үміт» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шағын орталығы (*бұдан әрі - Орталық*) жұмысшыларының жазған ұжымдық арызы 17.04.2016ж. негізінен қарау үшін Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасына (*бұдан әрі - Басқарма*) жолданған. Басқарманың тексеруімен 2015 жылдың қарашасынан 2016 жылдың сәуір аралығында 28 жұмыскерге барлығы 5381564 теңге көлемінде жалақыдан қарыз қалыптасқандығы анықталған.

Қалалық прокуратурамен жалақы қарыздарды өндіру мақсатында Орталыққа 02.06.2016 ж. заң бұзушылықты жою жөніндегі ұйғарым енгізіліп, оның ерікті түрде орындалмауына орай шығарылған мәжбүрлеп орындату туралы қаулы жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасына жолданған. Осыған орай, жеке сот орындаушымен 15.06.2016 ж. атқарушылық өндіріс қозғалған.

Дегенмен, жеке сот орындаушымен қозғалған атқарушылық құжат бойынша мәжбүрлеп өндіру шаралары нәтиже бермеуіне байланысты қаулы 30.06.2016 ж. қалалық прокуратураға кері қайтарылған.

Атқару әрекеттерін орындау барысында уәкілетті органдардан тиісті мәліметтер алынып, Орталықтың атына тіркелген жылжитын және жылжымайтын мүліктер тіркелмеген.

Одан бөлек, Басқармамен 12.05.2016 ж. жұмыс берушіге заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріліп, оған ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (*бұдан әрі - Кодекс*) 87-

бабының 2-тармағымен 80 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынған. Нұсқама орындалмағаны үшін Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 28.09.2016 ж. қаулысымен Орталықтың қызмет көрсетуін 1 айға тоқтатып, 212 100 теңге айыппұл салынған.

ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабының 3-бөлігіне сәйкес, басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны өзге мақсаттарға пайдалануына байланысты жалақының толық көлемде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідірткені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

ҚР-ның Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер жекеше айыптау істері болып есептеледі.

Осыған орай, Қызылорда қалалық прокуратурасымен 15.08.2016 ж. жеке айыптау тәртібімен айлық жалақының төленуін бірнеше рет кідірткен жұмыс берушіге қатысты қылмыстық іс қозғау туралы арызбен сотқа жүгіну құқығы Л.Ембергеноваға түсіндірілген.

Қазіргі уақытта, экономикалық соттың 24.11.2016 ж. шешімімен Орталық банкрот деп танылған. Қызылорда қаласы әділет басқармасының 28.10.2015 ж. №720 бұйрығымен Орталық мемлекеттік тіркеуден өтіп, оның барысында «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңының талаптары бұзылмаған.

Қ.БӨРІБАЕВ,

Қызылорда облысы прокурорының орынбасары

№7(104) 1-15 сәуір

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

Республикалық «Тіл сақшысы» газетінің
Бас редакторы С.АҢСАТҚА

2017 жылғы 7 наурыздағы №36 хатқа

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы экономика ғылымдарының докторы Мырзагелді КЕМЕЛДІН «Тіл сақшысы» басылымына «Ауыл экономикасы – саясаттың да мәдениеттің де негізі» атты мақаласына орай төмендегіні хабарлайды.

Автор өзінің мақаласын – ауыл экономикасын көтеруге бағыттай отырып, ауыл шаруашылығы саласын дамыту, сол арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің барлық салаларын, атап айтқанда, суармалы жерлерді пайдалану, тамшылатып суару, жылыжайлар арқылы өнімді тұрақты түрде арттыру, ауыл шаруашылығы кооперациясы, несиелендіру, субсидиялауға қатысты мәселелерді қозғаған...

Дегенмен, еліміз тәуелсіздік алғалы бері ел экономикасында үдемелі даму жалғасуда. Өз кезегінде, ауыл шаруашылығы саласы да қарқынды даму үстінде және саланың болашағы зор деп айтуға болады...

Бірінші кезекте жер тегістеу, мелиоративтік жағдайын жақсарту бағытында тиісті шешімдер қабылданып, инвестициялық субсидиялардың қатарына лазерлік жер тегістеу агрегаттарын енгізіп, нәтижесінде жер тегістеу жұмыстары облыста қарқынды түрде жүргізілуде.

Сонымен қатар, жоғары сапалы тұқымдармен қамтамасыз ету, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, жем-шөптің 100 пайызын облыс бюджет есебінен субсидиялау, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін жоғарлату үшін ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізу жұмыстары оң нәтижесін беруде.

Сапалы және жоғары репродукциялы тұқым пайдалану, алдыңғы қатарлы техника және жабдықтар пайдалану, суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту арқылы қарқынды өндірісті ұйымдастыру нәтижесінде облыстың күрішшілері соңғы төрт жыл қатарынан рекордтық өнім алуда.

Былыттығы жылы Иран мемлекетімен Қазақстан арасында ынтымақтастықты арттыру негізінде инвестициялар тарту мақсатында ресми сапар ұйымдастырылып, саяси тұрақтылық пен инвестициялық тартымдылықты дамыту үшін қазақ-иран бизнес өкілділерінің қатысуымен іскерлік кеңес өткізілді. Нәтижесінде облыста күріштің ирандық сорттарын егу бағытындағы жұмыстар жасалуда.

Бүгінгі күні – «Ақтөбе и К» ЖШС егіс алқабында өсірілген ирандық күріш саласының сынамалық көрсеткіштері және бірнеше өңдеу кәсіпорындарының қортындысы бойынша жиналған өнімнің сапасы Иран нарығына шығарылуға болатындығы толығымен айқындалып, биылғы жылдың күріш егістігіне Ираннан «Торем Хошеми» сортының 12 тоннасы облысқа жеткізілетін болып келісілді. Сондай-ақ, Иран Ислам Республикасы Мазандаран провинциясында орналасқан «Арде немунейе Джуйраб» компаниясымен Қызылорда облысында күріштің ирандық сорттарын егуге инвестиция салуға және өндірілген күрішті толық Иранға экспорттауға келісілді.

Мал шаруашылығы саласы да өсу динамикасында. Бүгінгі күні мал басының барлық түрлері ең жоғары 1993 жылғы көрсеткіштен асты. Жыл сайын мал басының санымен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру де артып келеді.

2014 жылдан бастап мемлекеттік бағдарлама аясында ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің жайылымдарды суландыру және инфрақұрылымын қарауға жұмсалған шығындарын инвестициялық субсидиялау арқылы жайылымдарды сумен қамтамасыз етудің инфрақұрылымын дамытып, мал шаруашылығы саласына пайдалану жұмыстары жүргізіліп, оң нәтижесін беріп келеді.

Ет өнімдерінің экспортын ұлғайту үшін Қазалы, Сырдария аудандарында 6 мың басқа арналған мал бордақылау алаңдары іске қосылса, Сырдария ауданында 10 мың бас аналық қой өсіріп, жылына 250 тонна қозы етін өндіретін мал шаруашылығы кешені іске қосылып, Қазалы ауданында халықаралық стандарттарға сәйкес жылына 2 мың тонна ет өндірілетін ет комбинатының құрылысын салынуы жоспарлануда.

Сонымен қатар, биылғы жылы барлық аудандарда мал бордақылау алаңдарымен мал сою пункттерін құру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда облыста өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін Қытай, Ресей, ЕвроОдақ, Түркия елдеріне шығарылу белгіленіп, үстіміздегі жылы шет елдерге экспортқа сиыр еті мен қой етін шығару мақсатында жұмыстар жасалуда.

Елбасының кезекті Жолдауында да «Аграрлық сектор экономия-каның жаңа драйверіне айналуы керек» екендігі айтылып отыр.

Жолдаудағы ауыл шаруашылығы саласына берілген күрделі мәселелердің барлығы инновациялық технологияларды енгізу арқылы бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын өркендететін жаңа аграрлық саясатты дамытудың тетіктері болып табылады және салаға тапсырылған міндеттер түгелімен үстіміздегі жылы қабылданған ҚР-ның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламады қамтылған және кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

Бүгінгі күні барлық мемлекеттік қолдаудың басымдылығы кооперацияны дамытуға бағытталып отыр. Атап айтқанда, үй шаруашылықтарын ірілендіру мақсатына орай бүгінгі күннің өзінде облыс бойынша 343 жеке қосалқы шаруашылықтардың бірігуімен 18 кооператив құрылды. Былтырғы жылы осы кооперативтердің бесеуіне 2 720 бас МІҚ малы бордақылауға және 1 сүт қабылдау бекетін ашуға барлығы 409,8 млн. теңге несие беріліп, 114 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, тұрақты жұмыспен қамтылды.

Биылғы жылы барлығы 700 жеке қосалқы шаруашылықтың бірігуімен 34 ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру жоспары белгіленіп, қазіргі таңда 146 жеке қосалқы шаруашылықтар біріккен 6 кооперативтердің сүт және ет бағытындағы жобалардың қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, 2 сүт бағытындағы кооперативтердің мүшелеріне 632 бас ірі қара және 4 кооперативке мал бордақылау үшін 1647 бас мал сатып алу жобалары қаралуда. Жалпы кооперативтер арқылы ғана облыста ет өндірісі 9,2 пайызға өсуі қамтамасыз етілуі жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, жылыжай шаруашылығын, жеміс-жидек өнімдерін, майлы дақылдар, көкөніс, бақша, кортоп өнімдері өндірісін дамыту бағытында жұмыстар жасалуда.

Атап айтқанда, жылыжай өндірісі көлемін 10 гектарға дейін егуді ұлғайту көзделіп, биылғы жылы Қызылорда қаласында 5 гектарды құрайтын 120 жылыжайды іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде 1 гектар құрайтын жылыжай жұмысы басталып, алғашқы өнімдерін беруде. Сондай-ақ, Жаңақорған ауданында арнайы құрылған «Агрозонада» 1 гектар жылыжайдың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Бұған қоса, бақшалық, ашық топырақтағы көкөністер және жеміс-жидектердің егістік көлемінің кемінде 20% тамшылатып суару әдісімен өсіруге бағыттай отырып, бақшалық дақылдар үшін – гектарынан 50 тонна, көкөністер және жеміс-жидек үшін – 40 тонна өнім алу көзделуде. Бұл бағытта, Жаңақорған ауданында «Тату агро» шаруа қожалығы биыл 200 гектарға тамшылатып суару арқылы томат егуді бастап, «Евразия Агро Холдинг» компаниясы биыл 5 гектарға тамшылатып суару әдісімен томат өндіріп, келесі жылы 1 мың гектарға жеткізіп, қытайлық компаниямен бірігіп 2018 жылы томат пастасын өндіретін зауыт іске қосуды жоспарлап отыр.

Жалпы ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 2017-2020 жылдар аралығында 30 млрд. теңге көлеміндегі 99 жобаны жүзеге асыру көзделіп, жоспарланған жобалар жүзеге асырылғанда 1855 жаңа жұмыс орындары ашылатын болады.

П.СЫЗДЫҚОВ,
Облыстық ауылшаруашылық басқарма
басшысының міндетін атқарушы
№8 (105) 16-30 сәуір

МАЗМҰНЫ

<i>С.АҢСАТ.</i> Жүзінші рет жолығып отырмыз.....	3
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> «Тіл сақшысы» №100.....	6
<i>Ө.Айтбайұлы.</i> Киелі тіліміздің қызметшісі	10
<i>А.АЙТАЛЫ.</i> Оқырманды ойландыратын басылым	10
<i>А.Ералиев.</i> Ұлт рухының ұраншысы	11
<i>С.Иманғалиев.</i> Ұлттық идеология жаршысы	13
<i>Ұ.Мамин.</i> «Тіл сақшысы» үлгі көрсетуде	15
<i>М.БАЙҒАЗИН.</i> Намысты қамшылайтын газет	16
<i>Б.Төлеуғалиев.</i> Газет атына сай.....	17
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАН	
<i>Б.Нұрғожаев.</i> Халық пен билік бір-біріне қарай қадам басқан жыл болды	19
Елбасы қоғам президентін қабылдады. Үкіметте тіл мәселесі қаралды	22
<i>Ж.Аманов.</i> Облыс әкімдігіндегі пікірлесу.....	27
Алаш ардақтыларына – тағзым	29
<i>Б.Көштаев.</i> Жағдай қалай, жұртшылық?.....	31
<i>М.ЖӨНБАЙ.</i> Әкімі бастап, ақсақалы қостаған ауыл өркендейді.....	35
<i>Ж.Аманов.</i> Пікірлердің үндеспеген де жері болды	38
<i>Ж.Аманов, Б.Бектібайқызы.</i> Аудан әкімдері есеп берді.....	41
<i>Ш.ТӘЖЕН.</i> Облыс әкімінің есеп беру жиынында кезек тимей, айтылмай қалған сөз.....	48
<i>Б.Бектібайқызы.</i> Жастардың бүгінгі бет-бейнесі	51
«Бір белдеу, бір жол» жобасы бізге не береді?	53
<i>Ғ.БОҚАШ.</i> 17 миллионды кім және қалай басқарып отыр	57
<i>Ж.Аманов.</i> Арал мәселесі: шешімін таппаған жай жетерлік.....	59
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> Азалы тарих ел жадында сақталады.....	61
<i>С.АҢСАТ.</i> Ғибрат алыңыз.....	64
ТҰЛҒА	
<i>С.Аңсатов.</i> Елдің көркі, жердің көркі – Ер аға	68
<i>Ж.ӘЛМАХАН.</i> Таңғажайып ерлік шежіресі	75
<i>Ә.Жанаев.</i> Қомшекең туралы толғаныс	82
<i>Ж.Есіркепов.</i> Ұстаздың ұлы мұраты	86
<i>Ж.Бодықбаев, Ә.Төрекеев.</i> Отызында орда бұзған Отызбай.....	93
<i>Қ.Құдайбергенов.</i> Тегі тереңде жатқан тұлға.....	97
Тарихшы Дастан Сәтбаймен сұхбат.....	102
<i>Ж.Әбжанов.</i> Ел сыйлаған Бірекең	109
<i>Б.Бектібайқызы.</i> Қазақ келінінің шамшырағы	111

<i>А.Тамашев.</i> Қаламы қуатты, өзі шуақты еді.....	113
Зеңбірекші Шәймерденнің соғыста бастан кешкендері	117

ТІРШІЛІК

<i>Е.ТОЙБАЗАР.</i> Бүгінгі сырқаттың созылмалы сипаты басым.....	125
<i>Е.ТОЙБАЗАР.</i> Субсидия тетіктері тиімді болғанды қалайды	128
<i>Е.ТОЙБАЗАР.</i> Аймақ беделіне көлеңке түсіретін деректер	132
<i>Е.ТОЙБАЗАР.</i> Ахуалың қалай, зейнетақы қоры?.....	134

РУХАНИЯТ

Ұлттық рух	139
<i>Ә.БӨКІР.</i> Рухани жаңғырудың негізі – ұлттық құндылықта	147
<i>Ж.Аманов.</i> Рухани жаңғыру ұлттық құндылықтан басталады	151
<i>С.АҒСАТ.</i> Журналист абыройын сақтай білейік.....	153
Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.....	158
<i>С.ТҮГЕЛ.</i> Қазақтарда ар-намыс бәрінен жоғары тұруы керек.....	166
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> Білім саласында жаңалық көп	170
<i>Б.Бектібайқызы.</i> Қоқыс жәшігіндегі жүздесу	173
<i>Ж.Есіркепов.</i> Жаман әдеттен сақ болайық	177

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қалтай Мұхаметжановтың тіл туралы ойлары.....	181
<i>Д.Аишұлы.</i> Өсиетке Ахметтей адал болсақ	185
<i>С.БАЙБОЛСЫН.</i> «Тілді балабақшадан бастаймыз» деген облыс әкімінің ниеті түзу екен	188
<i>Т.Молбекұлы.</i> Жер аттары орысшаға аударылмауы керек	191
Мұрат Бақтиярұлы, ҚР Парламент сенатының депутаты: «Билік мемлекеттік тілде сөйлемей, қазақ тілі өз дәрежесінде жұмыс жасамайды»	193
«Қамшы» ұсынысы: Конституциядағы орыс тілінің мәртебесі алынып тасталсын!	201
Өзге тіл мемлекетімізге тұғыр бола алмайды	204
<i>Ш.Құрманбайұлы.</i> «Азаматша», «мұғалима» т.б атаулар орыс тілінің ережесіне сай құрылған	208
Қазақтың рухы мен тілін индустриалды қоғамға өткізу керек	214
<i>Н.Әбдіганиұлы.</i> 76 жастағы Елбасы ағылшынша үйренгенде, 40 жастағы министрлердің қазақша білмеуі – ұят	219
<i>Ф.Сахиев.</i> Ана тілім – тұғырым.....	221

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ ІС ҮСТІНДЕ

<i>Ж.Аманов.</i> Төралқада өткеннің есебі, келер жылдың межесі қаралды	225
Өріптестеріміз марапатталды	230
<i>Ж.Аманов.</i> Шиелідегі басқосу қоғамдық ұйымның күзіретін күшейтеді	232
<i>Ж.Аманов.</i> Мемлекеттік тіл мәселесі: белсене қимылдайтын уақыт келді.....	237

<i>Ж.Аманов.</i> Ұлт тілі – ұлы тіл.....	240
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> Рейдке қалалықтар атсалысуда	246
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> Түрі қазақ, тілі орыс дүбәра	248
«ТІЛ САҚШЫСЫ» КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ	
Жазылған жайлар нәтижесін беруде, бірақ...	251
<i>Ә.Жанаев.</i> «Ауданның құрметті азаматы» атағы не үшін беріледі?	254
<i>Ә.Әбжәлелов.</i> Атақ арзандап кетті ме?	259
<i>Б.Нұрхожаев.</i> Уақыт белдеуі зардабын қашанғы шеге береміз?.....	262
<i>Д.ЕРБОЛАТ.</i> Депутат уақыт белдеуін бір сағатқа кейінге шегеруді сұрады	265
<i>Ж.Тұрдыбекқызы.</i> Жүз теңге қалтаға ауыр тиеді	267
<i>Е.ТОЙБАЗАР.</i> Қызылорда базарында картоптың келісі – 200 теңге.....	270
<i>Ж.Аманов.</i> Ауылыңызда монша бар ма?	274
<i>Т.Ембергенұлы.</i> Мектеп тарлық етіп отыр	277
Жазылған жайға орай	279
Жазылған жайға орай	284
Жазылған жайға орай	288
Жазылған жайға орай	290

«Тіл сақшысы» - Намыс қамшысы

Редакторы Жанар Тұрдыбекқызы

Корректоры Бақыт Бектібайқызы

Дизайнері Әлия Абылайқызы

Кітап ЖК “ЛИ-Медиа” баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Ғ.Мұратбаев көшесі 13 “Бабас” бизнес орталығы, 504 бөлме. Теруге 07.06.2017 ж., басуға 12.07.2017 ж. берілді. Көлемі 18,5 баспа табақ. Қаріп түрі «Times New Roman», қағазы офсеттік, басылымы офсеттік.
Тапсырыс 193. Таралымы 500 дана

